Выплаты при получении производственной травмы должны осуществляться после 10-дневного разбирательства по случаю травмы и в течение от 5 до 30 дней от этого момента. Расчет выплат при получении травмы на производстве, как правило, производит финансовый отдел предприятия. Однако некоторые виды компенсационных выплат можно произвести и самому. Порядок расчета страховых выплат при получении производственной травмы осуществляется на основе следующей формулы:

$$Рк = Пм / Дн * Дб,$$

где: Рк – размер компенсационных выплат;

Пм – максимальный размер пособия при травме;

Дн – количество дней нетрудоспособности;

Дб – количество дней по больничному листу, при этом в расчет берутся все надбавки и премии.

Работодатель обязан застраховать работников от несчастных случаев на производстве. Страховой случай - несчастный случай, произошедший с работником при исполнении трудовых обязанностей в результате воздействия вредного или опасного производственного фактора.

Выплаты работнику при несчастном случае на производстве производятся, в основном, либо работодателем (через частные компании), либо государством (через систему социального обеспечения). Работодатель должен оплатить полную стоимость ежегодных страховых премий страховой компании или предоставить льготы непосредственно застрахованным работникам.

При изучении информации о проделанной работе КГУ «Управления инспекции труда акимата Жамбылской области» в сфере безопасности и охраны труда можно сделать вывод, что основными причинами всех несчастных случаев зачастую являются грубая неосторожность пострадавших, неудовлетворительная организация производства, нарушение правил автодорожного движения.

Для этого в целях повышения правовой грамотности работников, и всего населения в целом, в сфере трудовых отношений, а также для обеспечения защиты трудовых прав граждан, предупреждения социально-трудовых конфликтов проверку знаний в 4 квартале 2016 года прошло - 833, в 1 квартале 2017 года – 137 и во 2 квартале 2017 года - 441 ответственных лиц предприятий и организаций. Также была проведена аттестация по условиям труда в 4 квартале 2016 года 194

производственных объектов в 42 организациях области, в 1 квартале 2017 года 13 производственных объектов в 6 организациях области и во 2 квартале 2017 года 717 рабочих мест в 13 производственных объектах.

Весьма прискорбно, когда в современном обществе результатом человеческого труда являются увечья, заболевания и смерть. Еще больнее от мысли о том, что большое количество производственных случаев и профессиональных заболеваний можно было предотвратить.

Работа КГУ «Управления инспекции труда акимата Жамбылской области» за 1 квартал 2017 года в сфере безопасности и охраны труда выглядит следующим образом:

#### Количество нарушений в сфере безопасности и охраны труда за 1 квартал 2017 года




Например в КГП на ПХВ «Центральная районная больница Мойынкумского района» управления здравоохранения акимата Жамбылской области программа проведения инструктажа на рабочем месте для подразделений КГП не соответствует требованиям, отсутствуют ссылки на нормативные правовые акты, что является нарушением пункта 39 Приказа Министра здравоохранения и социального развития РК № 1019 от 25 декабря 2015 года «Правил и сроков проведения обучения, инструктирования и проверок знаний по вопросам безопасности и охраны труда работников».

На 31 марта 2017 года на предприятиях и организациях области имело место 14 несчастных случаев.

Произошел 1 групповой несчастный случай, где пострадало 2 человека.

### Количество пострадавших при несчастных случаях на предприятиях и организациях за 1 квартал 2017 года



За отчетный период было проведено 13 специальных расследований. По всем расследованиям материалы направлены в органы внутренних дел.

Наибольшее количество пострадавших в разрезе отраслей экономики приходится на бюджетные организации - 3, на химическую промышленность – 3 и на горно-металлургическую промышленность – 2 человек.

### Количество пострадавших по видам происшествий на предприятиях и организациях за 1 квартал 2017 года



Работа КГУ «Управления инспекции труда акимата Жамбылской области» за 2 квартал 2017 года в сфере безопасности и охраны труда выглядит следующим образом:

### Количество нарушений в сфере безопасности и охраны труда за 1 квартал 2017 года



Например, в КГП на ПХВ «Центральная районная больница Мойынкумского района» управления здравоохранения акимата Жамбылской области программа проведения инструктажа на рабочем месте для подразделений КГП не соответствует требованиям, отсутствуют ссылки на нормативные правовые акты, что является нарушением пункта 39 Приказа Министра здравоохранения и социального развития РК № 1019 от 25 декабря 2015 года «Правил и сроков проведения обучения, инструктирования и проверок знаний по вопросам безопасности и охраны труда работников».

При проведении выборочной проверки в «Таразский сахарный завод» филиале ТОО «Центральноазиатская Сахарная Корпорация» за счет работодателя не проводится периодический медицинский осмотр работников, что является нарушением подпункта 17 пункта 2 статьи 182 Трудового Кодекса Республики Казахстан, Приказа и.о. Министра национальной экономики Республики Казахстан от 24 февраля 2015 года № 128 «Об утверждении Правил проведения обязательных медицинских осмотров». За допущенные нарушения юридическое лицо привлечено к административной ответственности в виде предупреждения.

На 31 июня 2017 года на предприятиях и организациях области имело место 30 несчастных случаев.

Произошел 1 групповой несчастный случай, где пострадало 2 человека.


## Количество пострадавших при несчастных случаях на предприятиях и организациях за 2 квартал 2017 года



За отчетный период было проведено 33 специальных расследований. По всем расследованиям материалы направлены в органы внутренних дел.

Наибольшее количество пострадавших в разрезе отраслей экономики приходится на бюджетные организации - 5, на химическую промышленность – 5, в сфере железнодорожного транспорта - 4 и на горно-металлургическую промышленность – 3 человека.

## Количество пострадавших по видам происшествий на предприятиях и организациях за 1 квартал 2017 года



### Список литературы:

1. Журнал «Охрана труда в Казахстане», Алматы, № 1-12, 2015-2016 гг.
2. С.Г. Бисакаев «Безопасность труда и законодательство» Методическое пособие по разъяснению основных положений и по расследованию несчастных случаев на производстве. - Астана, 2010 год, 480 с.



3. Учебное пособие «Безопасность, гигиена труда и санитарно-бытовые условия на строительных площадках», МОТ, Международное Бюро Труда, Женева, 2005 год.

4. «Справочник по надежности» – Москва, Издательство «Мир», 1969 год, 1020 с.

5. Аналитические данные Управления инспекции труда по Жамбылской области за 2016 год.

### **3.6. Еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгерімін құқықтық қамтамасыз ету**

#### **Уздук Хамиевна Идресова**

тарих ғылымдарының кандидаты, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

#### **Алия Табылдыевна Султанова**

заң магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еңбек кодексі күшіне енеді. Бұл еңбек заңнамасының басты мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады. Ал, бұл кодекстің негізгі міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылыққа, қоғамдық келісімге бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылады. Еңбек кодексі еңбек нарығын ырықтандыру міндеті жүктелген «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында қабылданған құжат және оны дайындау барысында әлемдік тәжірибелер ескеріліп, әсіресе, жұмысшылардың құқығын қорғау тәжірибелеріне баса назар аударған.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қағидаттары: 1) адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу; 2) еңбек бостандығы; 3) еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу; 4) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету; 5) жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы; 6) еңбегі үшін жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес сыйақы құқығын қамтамасыз ету; 7) тынығу құқығын қамтамасыз ету; 8) жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі; 9) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету;

10) әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттің ықпалы; 11) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу болып табылады. Әркімнің еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және мәжбүрлеусіз еркін келісуге құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне билік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар. Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар және ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды [1]. Еңбек қызметінің тиісті түрлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленетін не әлеуметтік және құқықтық басымдықпен қорғалуға мұқтаж адамдар жөнінде мемлекеттің ерекше қамқорлығынан туындаған өзгешеліктер, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсітушілік болып табылмайды. Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де орындарға жүгінуге құқылы.

Еңбек Кодексі: 1) еңбек қатынастарын; 2) еңбек қатынастарымен тікелей байланысты қатынастарды; 3) әлеуметтік әріптестік; 4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қатынастарды реттейді. Еңбек Кодексінің күші Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жұмыскерлерге және жұмыс берушілерге, оның ішінде есептік тіркеуден өткен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарына және (немесе) өкілдіктеріне қолданылады. Кодекс нормаларында жаһандық экономикалық тәуекелдердің қазақстандықтар үшін барынша жұмсақ болуын қамтамасыз ететін тетіктер бар. Енді еңбек қатынастарына мемлекеттің араласуы барынша қысқарып, жұмыс берушінің жауапкершілігі артады. Жаңа Еңбек кодексіне сай үкімет жұмыс берушінің қызметкер қабылдауына немесе жұмыстан босатуына, қажеттілік бойынша кадрлық өзгерістер жасауына және еңбекақы тағайындауына еркіндік береді. Мемлекет бұлардың ашық, әділ жүруін ғана қадағалайды. Сондай-ақ жаңа кодекс жұмыс берушіге штатты емес, жұмыс күнін қысқарту, қызметкерді уақытша басқа жұмыспен қамтамасыз ету секілді міндеттер жүктейді. Экономикалық қиындықтарға қатысты жұмысшыларды қысқартуға жол беріледі. Бірақ оның өз шарттары бар. Жұмыс беруші келісімдерде, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыскерлер өкілдерінің пікірін ескере отырып ұжымдағы еңбек қатынастарын реттеуге байланысты актілер шығарады. Жұмыс беруші өзінің актісінің жобасын және ол бойынша негіздемені жұмыскерлердің өкілдеріне ұсынады. Жұмыскерлердің бірнеше өкілі болған кезде олар жұмыс берушінің актілері бойынша

пікірді есепке алу үшін сандық құрамы олар мүдделерін білдіретін жұмыскерлердің санына пропорционалды түрде болатын біртұтас өкілді орган құрады. Жұмыскерлердің өкілдері жұмыс беруші актісінің жобасын табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен асырмай талқылайды. Жұмыскерлердің өкілдері шешімді Кодексте белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, жұмыс беруші актіні пікірді ескерместен қабылдауға құқылы. Жұмыскерлер өкілдерінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, онда жұмыскерлер өкілдерінің жұмыс беруші актісінің жобасымен келісетіні (келіспейтіні) көрсетіледі, олардың ұсыныстары болса олар жазылады. Егер жұмыскерлер өкілдерінің пікірінде жұмыс беруші актісінің жобасына келісім болмаған не оны өзгерту жөнінде ұсыныстар болған жағдайда, жұмыс беруші: 1) келіскен жағдайда жұмыскерлер өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып өзгертілген акт шығарады; 2) келіспеген кезде жұмыскерлердің өкілдерімен қосымша консультациялар өткізуге құқылы. Жұмыс беруші актілерін шығару үшін келісімдерге, ұжымдық шартқа сәйкес жұмыскерлер өкілдерінің пікірін есепке алу қажет болатын олардың жобалары бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде, туындаған келіспеушіліктер, жұмыс берушінің және жұмыскерлердің бір өкілі қол қоятын хаттамамен ресімделеді, одан кейін жұмыс беруші актіні қабылдауға құқылы. Егер жұмыс берушінің шығарылған актісінде жұмыскерлердің заңда, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген құқықтары мен кепілдіктерін бұзатын не нашарлататын ережелер қамтылған жағдайда, оған еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға не сотқа шағым жасауға болады. Еңбек кодексі еңбекті нормалаудың тиімді бағыттарын қамтиды және жасалған жұмысқа ақы төлеу жүйесін қарастырады. Еңбек (уақыт, өндірім, еңбек сыйымдылығы, қызмет көрсету, сан) нормалары еңбек шығындарының өлшемі болып табылады және тиісті біліктілігі бар жұмыскер үшін техниканың, технологияның, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейіне сәйкес белгіленеді. Жұмыс беруші еңбек нормаларын әзірлеуді, енгізуді, ауыстыруды және қайта қарауды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүргізеді. Еңбек нормалары жұмыс орындарына аттестаттау мен рационализациялаудың жүргізілуіне, еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ететін жаңа техниканың, технология мен ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың ендірілуіне қарай міндетті түрде ауыстырылуға тиіс. Жекелеген жұмыскерлердің өз бастамасы бойынша жаңа еңбек тәсілдерін қолдануы және жұмыс орындарын жетілдіруі есебінен өнім шығарудың (қызметтер көрсетудің) жоғары деңгейіне қол жеткізу бұрын белгіленген еңбек нормаларын қайта қарау үшін негіз болып табылмайды. Жұмыскерлер жұмыс берушінің жаңа еңбек нормаларын енгізуі туралы кемінде бір ай бұрын хабардар етіледі. Еңбек нормаларын әзірлеу кезінде: 1) еңбек нормаларының сапасы, оларды қажетті еңбек шығындарына оңтайлы

жақындату; 2) ұқсас ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда орындалатын дәл сондай жұмыстарға бірдей еңбек нормаларын белгілеу; 3) еңбек нормаларының ғылым мен техника жетістіктері негізіндегі прогрессивтілігі; 4) еңбек нормаларын белгілеу мүмкін және орынды болатын жұмыс түрлерін еңбекті нормалаумен қамту; 5) еңбек нормаларының техникалық (ғылыми) негізділігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктер: 1) айлық жалақының ең төмен мөлшерін; 2) сағаттық жалақының ең төмен мөлшерін; 3) үстеме жұмысқа ақы төлеуді; 4) мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеуді; 5) түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеуді; 6) жұмыскердің жалақысынан ұстап қалудың мөлшерін шектеуді; 7) жалақы төлеудің тәртібі мен мерзімдерін қамтиды. Жұмыскердің айлық жалақысының мөлшері жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай сараланып белгіленеді. Айлық жалақының мөлшері ең жоғары мөлшермен шектелмейді. Жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді. Еңбекке уақыт бойынша ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) тарифтік мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді. Еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа қосымша ақы төлеу жұмыскердің белгіленген күндік (сағаттық) мөлшерлемесінің елу пайызынан төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі. Тараптардың келісімі бойынша үстеме жұмысқа үстеме жұмыстың бір сағаты үшін тынығуға кемінде бір сағат беру есебімен тынығу сағаттарын ұсынуға жол беріледі. Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі. Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді [2].

Еңбек кодексінде дуалды оқыту жүйесі бойынша еңбек қатынастарын реттеу нормалары енгізілген. 2012 жылы мемлекет басшысы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» тұжырымдамасында «дуальды кәсіби білім беруді дамыту маңызды. Жаппай мамандықтар кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін осы заманғы қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» екендігін атап

көрсетіп, Үкіметке елімізде дуальді оқыту жүйесін енгізуді тапсырған болатын. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты- оқу орындарының жұмыс берушілермен серіктестік ретінде бірлесе отырып, осы нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа заманауи технологияларды, жаңа инновациялық технологиялық бағдарламаларды меңгере алатын дайын мамандар даярлау. Дуальдық оқыту дегеніміз кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының тең жауаптылығы кезінде жұмыс орындарын бере және білім алушыларға өтемақы төлей отырып, білім беру ұйымында оқытуды кәсіпорында оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастырып, кадрлар даярлау нысаны. Дуальдық оқыту дуальдық оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Өндірістік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады. Білім алушы өндірістік оқыту мен практикадан өту уақытында білім алушының еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды және сол уақыт үшін өтемақы төлемі жүргізілуі мүмкін. Өндірістік оқыту мен практикадан өтетін адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады. Бұл студентке жоғары оқу орны оқытушыларының теориялық білімін өндірістік-тәжірибелі мамандардың кәсіби дағдыларымен ұштастырып білім алуына мол мүмкіндік береді. Оқу мен тәжірибені ұштастырып білім алған студент кәсіби білімі терең, еңбек дағдыларын жетік меңгерген білікті дайын маман болып шығады. Жұмыс беруші «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелге оқуға, тағылымдамаға жіберілген жұмыскерлерге жұмыс орнын (лауазымын) сақтай отырып, оқу демалыстарын береді [3].

Тағы бір енгізілген норма бұл жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қатысты нормалар. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша бөліктерге бөлінуі мүмкін. Бұл ретте, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі жұмыскердің еңбек шартында көзделген демалыс ұзақтығының күнтізбелік екі аптасынан кем болмауға тиіс. Пайдаланылмаған жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын не оның бір бөлігін қатарынан екі жыл бойы бермеуге тыйым салынады. Еңбек шарты тоқтатылған кезде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын (жыл сайынғы еңбек демалыстарын) пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалыстарының) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі. Еңбек кодексіне сәйкес, енді жұмысшы 63 жасқа толған күннен бастап бір ай ішінде онымен еңбек қарым-қатынасы тоқтатылуы мүмкін. Бірақ соңғы шешім тағы жұмыс берушінің еркінде. Жаңа еңбек кодексінде еңбек дауларын шешудің екі сатылық жүйесі ескерілген. Біріншісі - келісім комиссиясы, екіншісі - еңбек арбитражы немесе сот.

Еңбек кодексінде мемлекет тарапынан еңбек стандарттары, жұмысшыларға арналған базалық кепілдіктер мен өтемақы мөлшері белгіленді, жұмысшылардың негізгі құқықтар мен міндеттер айқындалды және жұмыс берушілердің тарапынан олардың қатаң сақталуына бақылау жүргізу қамтамасыз етілетіні нақты жазылды.

Еңбек кодексінде еңбек шартына қатысты нормалар енгізілген. Еңбек шартының мазмұнын тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін анықтайтын жағдайлар құрайды. Мұндай жағдайлардың екі тобын атауға болады: а) еңбек туралы заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен алдын- ала белгіленген міндетті жағдайлар; ә) тараптар өздері анықтайтын қосымша жағдайлар. Қажетті жағдайлары көрсетілмесе, еңбек шарты жасалмады деп саналады. Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

- нақты ұйымның еңбек шартын жасасқан күнгі орналасқан жерін көрсете отырып жұмыс орнын атау, яғни, қызметкердің қай ұйымда (не оның бөлімшесінде) жұмыс істейтіні;

- қызметкердің еңбек функциялары, яғни, оның мамандығына, біліктілігіне және лауазымына қатысты жағдайлар. Еңбек шартын жасасу кезіндегі еңбек функциялары туралы келісім қызметкердің жұмыс уақытының ұзақтығымен, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарымен, жалақының мөлшерімен, әр түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтармен байланысты құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын анықтайды. Жұмыс берушінің қызметкерден еңбек шартында көзделмеген жұмысты орындауды талап етуге құқығы жоқ, себебі, бұл еңбек шартының ережелерінің өзгеруіне алып келеді; қызметкердің жалақысының мөлшері. Мемлекет азаматтардың еңбегіне белгіленген жалақы мөлшерінен кем емес ақы төлеуді кепілдеген. Бұл кепілдіктер меншік нысанына, ведомстволық тиістілігіне және қызмет ету саласына қарамастан барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне таралады. Еңбек ақы төлеудің мөлшерін анықтау кезінде тарифтік ставкалар және лауазымдық жалақылар негізге алады, алайда, егер ұйым мұндай жүйені қолдануды дұрыс деп тапса, тарифтік емес жүйе де негізге алынуы мүмкін. Еңбекке ақы төлеудің түрі мен жүйесін, тарифтік ставкалардың, лауазымдық жалақылардың, сыйақылардың, өзге де көтермелеу ақыларының мөлшерін ұйымның өзі дербес анықтай алады, алайда, еңбекке ақы төлеудің мөлшері заңдарда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болмауы тиіс.

- жұмыстың басталу уақыты. Жұмыстың басталуы жеке еңбек шартын жасасқан соң бірден басталады. Алайда, тараптар бұл сәтті кейінге қалдыру туралы өзара келісімге келуі мүмкін, мысалы, отбасын, мүлкін жаңа тұрғылықты орнына жеткізу қажеттігімен байланысты. Іс жүзінде, жұмыстың басталуы жұмысқа алу туралы бұйрықта көрсетілген күннен басталады, ал бұйрықта жұмысқа алудың күні көрсетілмесе, жұмысқа іс жүзінде кіріскен күннен басталады;

- шарттың түрі(белгісіз мерзімдік, белгілі мерзімдік, маусымдық, уақытша жұмыс туралы, толық емес жұмыс уақытындағы жұмыс туралы, жұмыстың икемді кестесіне негізделген жұмыс туралы және т.б. түрлері). Еңбек шартын жасасу кезінде тараптар әр түрлі қосымша жағдайлардыда көздеп өтуі мүмкін, оларға еңбек туралы заңдарда белгіленген міндетті жағдайлардан өзге барлық жағдайлар жатады, мысалы: сынақ мерзімі туралы, жұмыс уақытының режимі туралы, коммерциялық құпияны жарияламау туралы және т.б. жағдайлар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Еңбек Кодексі 1 қаңтар 2016 ж. 4-6 баптар.
2. ҚР Еңбек Кодексі 1 қаңтар 2016 ж. 102-106 баптар.
3. ҚР Еңбек Кодексі 1 қаңтар 2016 ж. 116-119 баптар.
4. Ахметов А. ҚР Еңбек құқығы. - Алматы. 2002.
5. Айымханова Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. - Алматы, 2002.

### **3.7. Охрана труда в системе трудового права Республики Казахстан**

#### **Жангулим Идаятовна Ердешова**

старший преподаватель кафедры «Юриспруденция»  
Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова  
(г. Атырау, Казахстан)

#### **Алия Табылдыевна Султанова**

магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры  
«Юриспруденция» Атырауского государственного  
университета имени Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

В Республике Казахстан за последние несколько лет проделана значительная работа по воссозданию и обеспечению функционирования в новых условиях государственной системы управления охраной труда. Сформирована национальная нормативная правовая база, регулирующая данную сферу социально-трудовых отношений. Определены субъекты и уровни государственного управления охраной труда. Установленные и реализуются организационные схемы управления в этой области. Осуществляются государственный надзор и общественный контроль за соблюдением законодательства о труде.

Вместе с тем, действующая система государственного управления охраной труда требует дальнейшего совершенствования.

Несмотря на тенденцию сокращения числа несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний, остаются

значительными социальными и экономические потери, обусловленные такими происшествными.

Конституция РК в качестве одного из основных прав граждан закрепила право на охрану здоровья [1]. Естественным производным из этого является и право работника на здоровье и безопасные условия труда, которые также в качестве отдельного принципа и в форме субъективного права закреплены в Конституции РК.

Основы законодательства Республики Казахстан об охране труда направлены на обеспечение условий труда, отвечающих требованиям сохранения жизни и здоровья работников в процессе трудовой деятельности. Они содержат ряд важных положений, обеспечивающих для работающих гарантии прав на охрану труда.

Охрана труда как система обеспечения жизни и здоровья работников в процессе применения их труда является одним из условий достойной жизни и свободного развития человека.

Основополагающими принципами деятельности казахстанского государства являются общественное согласие и политическая стабильность, экономическое развитие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами.

Охрана труда, как институт трудового права, включает в себя нормы права, регламентирующие мероприятия. К условиям труда относится любой фактор, воздействующий на работника в процессе трудовой деятельности, который способен оказать влияние на работоспособность и здоровье работника.

Воздействие на работника вредного производственного фактора способно привести к возникновению у него профессионального заболевания. Исследование данных факторов, как юридически значимых обстоятельств, необходимо для установления причинной связи между профессиональным заболеванием и выполнением работником трудовой функции.

Опасный производственный фактор оказывает на работника мгновенное воздействие, которое приводит к производственной травме. Данные факторы также выступают в качестве юридически значимого обстоятельства при проверке причинной связи между травмой работника и выполнением им трудовых обязанностей.

Охрана труда – это система сохранения жизни и здоровья работников в процессе трудовой деятельности. Это широкое понятие охраны труда как обеспечение безопасных и здоровых условий труда всеми средствами, т.е. правовыми, экономическими, медицинскими, организационно-техническими и другими. Поэтому охрану труда изучают в различных вузах: правовую – в юридических, социально-экономическую – в экономических, санитарно-гигиеническую, лечебно-профилактическую и реабилитационные меры – в медицинских, организационно-технические меры, т.е. соблюдение правил охраны



труда при строительстве машин, оборудования, создании технологических процессов, промышленных зданий, сооружений – в технических вузах.

Охрана труда нужна везде, где трудится человек, включая учебный, военный труд, труд в исправительных учреждениях.

Лишь охрана труда способна обеспечивать здоровье и безопасные условия труда. Если оборудование, станки, машины сделаны не безопасно для жизни и здоровья, работающих на них людей, то неизбежен производственный травматизм. Почти треть всех несчастных случаев на производстве вызваны слабой организационно-технической охраной труда, несовершенством оборудования, машин и т.п. Нарушается медицинский аспект охраны труда, на грязных работах отсутствуют душевые, санитарно-гигиенические помещения, а в горячих цехах нет должной подсолённой питьевой воды, захламлены, загазованы производственные помещения и т.д. При нарушении социально-экономических аспектов охраны труда, когда на нее не выделяется должных ассигнований, в результате работники не обеспечиваются предохранительными приспособлениями, не заменяется изношенное оборудование.

Охрана труда в трудовом праве – это система правовых мероприятий и средств обеспечения безопасности жизни и здоровья работников в процессе их трудовой деятельности на производстве, в том числе и правовых норм по оздоровлению и улучшению условий труда.

Охрана труда имеет большое социальное, экономическое и правовое значение. Социальное значение охраны труда в том, что она:

- сохраняет здоровье работника от возможных производственных вредностей;
- направлена на сохранение работоспособности и трудового долголетия человека;
- способствует его культурно-техническому росту, так как лишь не чрезмерно усталый от работы работник способен вечерами учиться, повышать свою квалификацию, читать, заниматься спортом, развивать свою личность;
- способствует гуманизации труда, его облегчению.

Экономическое значение всесторонней охраны труда в том, что она способствует: росту производительности труда работников, а тем самым и росту производства, экономики; экономии фонда обязательного социального страхования и сокращению потерь рабочего времени, т.к. при хорошей охране труда меньше производственного травматизма, профессиональных заболеваний, а, следовательно, меньше больничных листов и возмещения ущерба за вред, причиненный здоровью работника.

Правовое значение охраны труда в том, что:

- она способствует работе по способностям с учетом тяжести условий труда, физиологических особенностей женского организма, его материнской функции и психофизиологических особенностей организма подростков, уровня трудоспособности инвалидов;

- правовой статус гражданина включает основное его право на охрану труда и юридические статусные гарантии этого права не только в процессе трудовой деятельности, но и при приеме на работу лиц, требующих особой защиты. Так, нельзя принимать женщин, подростков на противопоказанные для них по медицинским основаниям работы;

- вопросы охраны труда являются объектом организационно-управленческих отношений трудового коллектива и профкома с администрацией, работодателем, а также социально-партнерских отношений на отраслевом, региональном, профессиональном и территориальном уровнях;

- она является важнейшим элементом трудового правоотношения работника с работодателем, по которому работодатель (администрация) обязан обеспечить охрану труда на рабочем месте работника.

Возлагая на предприятие (учреждение) соответствующую обязанность, законодатель определяет охрану труда как систему обеспечения безопасности жизни и здоровья работников в процессе трудовой деятельности, включающую социально-экономические, организационно-технические, лечебно-профилактические, реабилитационные и иные мероприятия.

Необходимо отметить, что, несмотря на огромное количество легитимной базы в сфере охраны и безопасности труда необходима, в первую очередь практическая реализация норм законодательства, доведения до сознания каждого отдельно взятого работника и работодателя, что знание и соблюдение норм охраны труда является гарантом их конституционных прав на безопасный труд. Ведь, несмотря на совершенствование законодательства и усиление меры государственного контроля и надзора за применением и исполнением норм охраны труда, все еще высок уровень нарушений в данной сфере. Тревожное положение дел с охраной труда обусловлено резким уменьшением финансирования мероприятий по улучшению условий труда, применением устаревшего оборудования, изношенностью основных фондов, ухудшением обеспечения работников специальной одеждой, специальной обувью и другими средствами индивидуальной защиты. На многих предприятиях ослаблен административно-общественный контроль за созданием безопасных условий труда, не эффективна профилактика производственного травматизма по причине сокращения и упразднения служб охраны труда, также высок уровень травматизма и смертности.

Чаще всего основными причинами травматизма явились:

- нарушение требований безопасности при эксплуатации транспорта;
- нарушение технологического процесса, правил и норм по охране труда;
- неудовлетворительная организация производства работ, отсутствие надзора и контроля со стороны ответственных лиц за соблюдением требований законодательных и иных нормативных актов по охране труда;
- недостатки в обучении безопасным приемам работ, отсутствие инструктажа;
- нарушение трудовой и производственной дисциплины;
- неудовлетворительное содержание и недостатки в организации рабочих мест, отсутствие ограждений опасных зон;
- неудовлетворительное состояние территории [2].

Немалую роль в обеспечении охраны труда играет социальное партнерство. Концепция социального партнерства, основанная на переговорах, посредничестве, экспертизе, сотрудничестве, консультациях играет важную роль в решении многих проблем социально трудовой сферы. Социальное партнерство является основой взаимоотношений между работниками (профсоюзами, их объединениями, ассоциациями), работодателями (их объединениями, ассоциациями), органами власти, органами местного самоуправления с целью обсуждения, выработки и принятия решений по социально-трудовым и связанным с ними экономическим вопросам, обеспечения социального мира и общественного развития. Социальное партнерство осуществляется путем взаимных консультаций, переговоров, заключения соглашений, коллективных договоров и принятия совместных решений.

Расширение договорных начал в сфере регулирования трудовых отношений, повышение роли коллективных договоров и соглашений являются результатом реализации новой политики государства в этой области. Осуществляется переход к договорному регулированию отношений, от «единства интересов» работодателей и работников к поиску взаимоприемлемых условий совместной работы, к социальному партнерству.

Новый Трудовой кодекс РК предусматривает много нововведений в области охраны труда, что является наглядным показателем важности данного института трудового права [3].

Государство должно разрабатывать политику, цель которой заключалась бы в предупреждение несчастных случаев и профессиональных заболеваний путем минимизации производственных рисков. По сей день, особенно остро стоит проблема улучшения труда беременных женщин. Практически ликвидирована система трудоустройства беременных женщин на работу с более легкими и безопасными условиями труда.

Обеспечение безопасности труда человека на производстве является одной из актуальных проблем, характерных для общественной жизни Казахстана в современный период. Травмы и несчастные случаи на производстве означают физические страдания и зачастую смерть людей, а также влекут за собой огромные экономические потери.

В условиях рыночной экономики ни призывы, ни увещевания не могут изменить состояние условий и охраны труда. Для изменения ситуации в этой области необходимо общественное осознание абсолютного приоритета жизни человека, как непреходящей ценности, юридическое закрепление прав работника в области обеспечения безопасности его труда, наличие адекватного экономического механизма регулирования взаимоотношений между трудом и капиталом.

Сегодня, к сожалению, в нашей стране процесс создания необходимых предпосылок для обеспечения безопасности труда идет очень медленно. Эта проблема представляет собой сложную задачу, так как для ее решения необходим комплексный подход, о чем было сказано выше. В связи с этим велика роль профсоюзов, которые на всех уровнях должны отстаивать права граждан на охрану труда и здоровье, декларированные в Конституции РК. Сегодня работа профсоюзов по обеспечению охраны труда более чем актуальна, поскольку ее сердцевиной является человек на производстве. Улучшение условий охраны труда, экологической обстановки, укрепление здоровья трудящихся - основополагающие задачи для всех профсоюзов и их объединений, как на ближайший период, так и на долгосрочную перспективу.

#### **Список литературы:**

1. Конституция РК от 30.08.1995 г.
2. Охрана труда в Республике Казахстан. – Национальный обзор. – МОТ, 2008 г.
3. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 01.01.2016 г.

### 3.8. Халықаралық жеке құқықтағы бала еңбегін қорғау негіздері

#### **Райхан Бакытжановна Абдулова**

заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

#### **Шынар Жумабековна Шаменова**

заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

Балалар еңбегі - бүгінгі таңдағы өндірістік жағынан дамыған және даму үстіндегі мемлекеттердің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бала еңбегі кәмелетке толмаған тұлғаның физикалық және әлеуметтік-психологиялық дамуына теріс әсер етеді. Еңбекке қалаларда және ауылдық елді- мекендерде әлеуметтік жағынан аз қамтылған немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар тартылуға мәжбүр болатыны күнделікті өмір тәжірибесінен көріп отырмыз.

Бұл балалар қандай – да бір табыс табу жолында қауіпті және қатерлі ортада еңбек етуге мәжбүрлі болады. Сонымен бірге, олар білім алуға, денсаулығын қалпына келтіруге және тапқан табыстарын толықтай алуға мүмкіндігі болмайды [1]. Яғни, балаларды еңбекке тарта отырып, ата-аналары олардың білім алуына кедергі келтіреді деген тұжырым жасауға болады, ал бұл өз кезегінде олардың болашақтағы қалыптасуына тұсау болатыны баршамызға белгілі.

Бала құқықтарына қатысты кәмелетке толмағандардың еңбегін қанаудан қорғау мақсатында еліміздің заңнамаларын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, «ҚР балалардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңында «баланы экономикалық қанау» ұғымы енгізілген және баланың экономикалық қанаудан қорғалу құқығы бекітілген.

Халықаралық Еңбек Ұйымының 1973 жылғы N 138 "Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы" Конвенциясының және Халықаралық Еңбек Ұйымының N 182 "Бала еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Конвенциясының Ережелері «Кейбір заңнамалық актілерге еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 9 Қазақстан Республикасы Заңында көрініс тапқан. Мысалға алсақ, заңнамалық актінің нормаларына сәйкес: «Еңбек шарты 16 жасқа толған азаматтармен ғана жасасуға рұқсат етіледі.

Ата-анасының біреуінің, қорғаншысының, қамқоршысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімімен еңбек шарты жасасу мүмкін

болады: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайда, 15 жасқа толған азаматтармен; 2) сабақтан бос уақытында, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін 14 жасқа толған оқушылармен; 3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және адамгершілік тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және орындауға қатысу үшін, осы баптың 2 тармағы 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, 14 жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін» деп белгіленген [2].

«Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар деп белгіленген. Аталған баптың 4 тармақшасында баланы ауыр қара жұмысқа, зиянды және (немесе) еңбек жағдайы қауіпті жұмыстарға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады. Жұмыс істеу оқу процесін бұзбауға тиіс.

Қоғамды ақпараттандыру мақсатында республикамыздың аумағында бала еңбегін қанау бойынша жыл сайын «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн күрес» атты Ұлттық ақпараттандыру кампаниясы ұйымдастырылады. Аталған шараның барысында республикада бала еңбегін қанауға қарсы профилактикалық рейдтер, бала еңбегінің ерекшеліктері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кәмелетке толмағандармен әңгімелесу, буклеттер, жадынамалар таратылады, пресс-конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, байқаулар және концерттер ұйымдастырылады. Кампания жұмысы барысында жыл сайын 300 мыңнан астам балалар мен ересектердің қатысуымен төрт мыңнан астам іс шаралар ұйымдастырылады.

Балалар еңбегі Қазақстанда да кеңінен таралып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары еңбектің бұл түрінің аз екендігі туралы мәліметтер берсе де, бала еңбегі аумағының кеңею тенденцияларына куә болып отырмыз. Қалыптасып келе жатқан еркін нарық жағдайында еңбек етіп жүрген балалардың саны күрт көбейіп отыр. Балалар еңбегі экономиканың өндірістік және өндірістік емес салаларында, қаланың формальді емес экономикасында, ауыл шаруашылығында, жергілікті нарықтардағы ұсақ саудада, үй шаруашылығында қолданады. Мысалы, базарларда кәмелетке толмағандардың еңбегі негізінен, көкөністер мен жеміс-жидектерді тасу мен сұрыптау жұмыстарында қолданылады, ал кіші жастағы балалар «қайыр сұраушылар» ретінде жұмысқа тартылады. Сонымен бірге Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтеріне жүгінетін болсақ, балалардың коммерциялық жыныстық сипаттағы қызметке және криминалды топтарға көптеп тартылуы байқалып отыр.

Бала еңбегі зорлық және талапты түрде кездеседі. Бірінші жағдайда балаларды ата-аналары еңбекке пайдаланады. Бұған себеп отбасының тұрмысының төмендігі, табыстың жетпеушілігі. Ерте еңбекке араласқан ата-аналар балаларының мектепке барғанынанда, еңбек етіп табыс тапқанын қалайды. Баланың өз талабымен еңбекке араласу себептері мүлдем басқаша. Бұл еңбектің себептері мынадай:

- ә/ табысы аз отбасында ата-анасына көмек көрсету мақсатында;
- а/ тәуелсіз болуға ұмтылу мәселесі.

Жасөспірімдер өз ақшасы болып, ата-анасынан ақша сұрамай, ата-анасына тәуелсіз болуға ұмтылады. Олар ата-анасынан ақша сұрауды ұят көріп, табыс табу жолын іздейді. Балалардың экономикалық тәуелсіздікке ұмтылуы бай ғана елдерде емес дамушы елдерде де байқалады. Аса басым себептердің бірі отбасында ақшалай тарлық көру болып табылады [3]. Балаларының жұмыс істеуін, ата-аналары тек қана табыс көзі ретінде бағалап қоймай, жұмыс істеген баласының ақыл-есі ерте дамып жетіледі деп ойлайды.

Халықаралық еңбек ұйымының зерттеулерін алып қарасақ, төмендегідей салалар мен нысандарда Қазақстан Республикасында бала еңбегіне жол беріліп отыр:

- ауыл шаруашылығы жұмыстары-мақта, темекі, жүзім және өзге де дақылдарды жинау;
- үй шаруашылығы;
- құрылыс, кіші бизнес;
- вокзалдардағы және базарлардағы жүктерді тасу және тиеу;
- тасымалдау қызметтері;
- жыныстық тұрғыдан бопсалау;
- ұсақ ұрлық;
- наркотрафик және тағы да басқалар.

Кеңес Одағы кезінде балалар еңбегі ауыл шаруашылығында ғана пайдаланылған болатын, ол өмір кезеңінің табиғи циклі ретінде қарастырылды. Ал, өтпелі кезеңнің жаңа экономикалық жағдайларында балалар еңбегінің пайда болуына әсер еткен әлеуметтік факторлар туындады атап айтқанда жұмыссыздық және өмір сүрудің төмен деңгейі.

Бірнеше балалары бар көптеген отбасылар өз балаларын жұмысқа салуға мәжбүр болды. Осының салдарынан келіп отбасылық қатынастар мен экономикалық құрылымның өзгеруі отбасылық ролдердің өзгеруіне әкелгені баршамызға белгілі. Оның мысалдары күнделікті өмірде жетіп артылады. Отбасылық кіріске өз үлесін қосу бала еңбегін пайдаланудың басты мотивациясы болып табылады. Жақсы білім алу кейбір балалар үшін өмірлік құндылық болып саналмайды, олар керісінше, білім алғаннан көрі еңбек еткенді пайдалы деп санайды [4].

Бала еңбегінің туындауының басты себептерінің бірі-кедейшілік. Еңбектің бұл түріне, негізінен, қоғамдағы әлсіз топтардан шыққан

балалар тартылады. Сондықтан да балалар еңбегі бұл біздің өміріміздегі қордаланып қалған әлеуметтік мәселелердің жалғасы болып табылатындығы айқын. Осылайша, қоғамдағы балалар жағдайын жақсарту, оларды қорғау, өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасау, дамыту және тәрбиелеу мемлекеттің әлеуметтік саясатының және қоғамның алға басуының басты шарттары болуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Апарина А.В. Проблемы социально-правовой защиты детей и молодежи в современных условиях. - М., 1998.
2. Павлова Л.В. Международная защита прав ребенка / Права ребенка – законодательство и практика. – М., 1999.
3. Свод нормативных актов ЮНЕСКО: конвенции и соглашения, рекомендации и декларации. - М., 1991.
4. Мартынова Л. В. Методическое пособие по Конвенции о правах ребенка, Омск. 2000.

### **3.9. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылауды жүргізудің негіздері**

#### **Райхан Бакытжановна Абдулова**

заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

#### **Динара Орынбасаровна Ахмурзина**

экономика ғылымдарының магистрі, «Менеджмент» кафедрасының оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

#### **Маия Талашовна Баймуханова**

экономика ғылымдарының магистрі, «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау, Қазақстан)

Қоғамдық қатынастар жүйесінде кәсіпкерлік қызметті реттеу бойынша, бір жағынан, қолданыстағы заңдарға сәйкес, кәсіпкер мәртебесін иеленуші жеке тұлғалар және заңды тұлғалар, екінші жағынан, құзіретті мемлекеттік органдар шығады. Сондай-ақ, аталған субъектілер арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастар тұтастай және толық билікке және бағыныштылыққа құрылған сатылас қатынастар да, ешқандай бағыныштылық жоқ деңгейлес қатынастар да болуы мүмкін. Аталған қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы заң талаптарын коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қадағалауы үшін бақылау және тексеру жүйесі. Мемлекеттік басқару мемлекеттің органдарының



экономикаға тікелей және жанама араласуын білдіреді. Ол әкімшілік әдістерді қолданумен, сол уақытта мемлекеттік реттеу кең аумақты жабдықтар мен құралдарды пайдалануға, соның ішінде нарықты жанама реттеу әдістері мен жабдықтарын қолдануға бағытталған [1].

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау - Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені.

Мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты ретінде қоғамның дамуының нақты сатысындағы кәсіпкерліктің және экономиканың дамуы үшін жақсы шартты құруды білдіреді. Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеудің және қадағалаудың мақсаттары:

1) қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдардың өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтастай алғанда қаржы жүйесіне деген сенімді қолдау;

2) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

3) қаржыдағы адал бәсекені қолдауға бағытталған қаржылық ұйымдардың қызметі үшін тең құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекет кәсіпкерлік қатынастарды реттей отырып, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-құлқына әсер етудің сан алуан түрлері мен тәсілдерін пайдаланады. Нарықтық қатынастарды мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі көпшілік мүдделерді қорғау қажеттілігінен туады, себебі тек мемлекет қана өз органдары атынан қоғамдық мүдделерді қорғай алады және қорғауға тиіс.

Қолданыстағы жеке кәсіпкерлік туралы заңдарда жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары ретінде:

1) жеке кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар туғызу;

2) мемлекеттің мүдделері мен тұтынушылардың құқықтарын жеке кәсіпкерлікті әкімшілік басқаруды енгізу жолымен қорғау шаралары аталған.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік әкімшілік басқару мақсаттарына қатысты айтатын болсақ, онда оларға: жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және сататын адамдардың өмірі мен денсаулығына арналған өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың мүлкін қорғау, қоршаған ортаның қауіпсіздігін және еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қорғау; алдап-арбау тәжірибесін алдын алу; табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу; ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жатқызылады.

Мемлекеттік реттеу түрлерін жіктеу экономиканың әртүрлі салаларында қандай да бір қатынастарға мемлекеттің ықпал ету дәрежесіне негізделеді. Атап айтқанда, саланың ғалымдары экономиканы мемлекеттік реттеудің ең жоғарғы, орташа және ең төменгі деңгейін бөлуге болады. Ең жоғарғы деңгей мемлекеттік реттеудің

барлық немесе көпшілік құралдарын (аспаптарын) пайдалану дегенді білдіреді [2]. Ол, мысалы, табиғи монополияларға қатысты белгіленген. Мемлекеттік реттеудің ең төменгі деңгейі шығармашылық қызметке байланысты кәсіпкерлікті реттеуге бағытталған.

Мемлекеттік реттеу түрлерін аумақтық белгісі бойынша, яғни ықпал ету құралдарының қандай да бір түрлерін қолдану аумағына байланысты жіктеуге болады. Соған байланысты мемлекеттік реттеуді республикалық деңгейде, аймақтық деңгейде, жергілікті деңгейде бөлуге болады. Ықпал етудің қолданылатын тәсілдерінің сипатына қарай, тікелей және тікелей емес мемлекеттік реттеуді бөліп қарауға болады. Тікелей мемлекеттік реттеу реттеудің әкімшілік әдістерін пайдалануға негізделген, ал жанама мемлекеттік реттеу ықпал етудің экономикалық әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Экономика саласында мемлекеттік реттеудің басқа да жіктеу түрлері болуы мүмкін.

Экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу әдістері тікелей және жанама деп бөлінеді. Мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері, негізінен, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мінез-құлқына ықпал етудің әкімшілік құралдарын пайдалануға байланысты. Мемлекеттік реттеудің ондай әдістеріне кәсіпкерлік қызмет субъектілерін мемлекеттік тіркеу, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау және т.б. жатқызуға болады.

Эпоха Просвещения внесла с собой определение понятия правового государства. Первым, кто дал определение тому, что государство возникло на основе общественного договора между людьми, был Т. Гоббс, считавший, что государство появилось на основе общественного договора между людьми, передававшими правителям значительную часть своих прав в целях преодоления взаимной междоусобицы, обеспечения безопасности граждан и соблюдения социального порядка в стране. Таким образом, Гоббс рассматривает государство и общество как два составляющих элемента. Дж. Локк развил идеи Гоббса, изложенные им в «Левиафане». Локк выдвигает один из основополагающих принципов правового государства - концепцию разделения властей на законодательную и исполнительную, дополненную позднее Монтескье судебной властью [3]. Теоретическое обоснование идеи правового государства определено в работах И. Канта. В противоположность бытовавшим в то время в монархической Германии представлениям о безусловном приоритете государства и общества над личностью, он провозглашает идею свободы личности, защищает ее от произвола коллективного, целого. Утверждая, что лишь соединение всех людей, образующих народ, может стать источником законов в государстве, цель которого обеспечить торжество права. Это свидетельствует о том, что Кант близко подошел к идее суверенизации.

Особая заслуга в разработке концепции гражданского общества и его взаимоотношений с государством принадлежит В.Ф. Гегелю. Он считал, что гражданское общество есть связь членов в определенной общности, связь через потребности этих членов, через правовые учреждения, представляющие собой средства обеспечения лиц и собственности, и через внешний порядок, служащий для охраны их интересов. Гражданское общество есть система частного интереса, а соотносительное с ним государство – система всеобщего интереса. В случае столкновения интересов семьи и гражданского общества с интересами государства первые должны уступить интересам государства, ибо они подчинены ему, их существование зависит от существования последнего. Гражданское общество не может оставаться гражданским до тех пор, пока оно не управляется политически под присмотром государства. Лишь признавая и удерживая гражданское общество в подчиненном положении, государство может обеспечить его свободу. Таким образом, у Гегеля гражданское общество ограничено сферой частной жизни [4].

Последовательная трактовка гражданского общества как негосударственной сферы социума стала утверждаться после публикации работы А. де Токвиля «О демократии в Америке», в которой автор совместил идеи демократии и гражданского общества. Он впервые определил демократию как особый тип общественных связей, а не форму правления. Это было связано с развитием капиталистических отношений, усложнением горизонтальных социальных связей, усилением структурированности в обществе, эмансипации личности от государства, появлением общественных организаций и движений, которые и стали по мнению многих западных ученых основным, структурным элементом гражданского общества [5].

Начиная с середины XX века в социальной науке так и не сформировалось общепризнанного определения гражданского общества. Содержание термина не отличалось особой строгостью, системностью и концептуальной обоснованностью. В основном гражданское общество стали определять по «остаточному» принципу, исходя, например, из тезиса - все, что остается за вычетом экономики и государства, следует отнести к сфере гражданского, т.е. противопоставляли его государству, рынку, правящим элитам. Был сделан упор на изучение свободно создаваемых некоммерческих ассоциаций, объединений и альянсов граждан, отстаивающих свои права от посягательств со стороны государства и формирующих законопослушный средний класс. Общественные движения изучались в теориях «коллективного поведения» и «массового общества» (Г. Лебон, Э. Фромм, У. Корнхаузер, Г. Блумер, С. Липсет и др.); теории «относительной депривации» (Т. Герр, Д. Девис, Л. Киллиан, Н. Смелсер), рассматривающей возникновение общественных движений как протестно-ориентированный ответ разобщенных индивидов на растущую неудовлетворенность своих потребностей; в теории «мобилизации ресурсов» (Ч. Тилли, Дж. Маккарти, М. Зальд, М. Асим, К. Вильсон, А. Обершел, К. Дженикс и др.), акцентирующей внимание на развитии среди граждан разного рода форм гражданской активности [6].

С переходом западных капиталистических стран к постиндустриальному обществу наметился и рост общественных движений. Это не могло не отразиться и в теории. Появился и ряд новых концепций, дающих свои оценки общественным движениям как совокупности организаций, для которых характерен «приоритет социального действия над политическим действием». В русле культурологического подхода к общественным гражданским движениям выступила теория «социальных действий» (А. Турен, Д. Лаперони, Ж. де Торсак), в которой нормативная функция приобрела особое значения. Общественные организации и движения – это те структуры, посредством которых гражданское общество организует отношения со своим окружением.

Одним из современных идеологов теории гражданского общества можно назвать британского философа К. Поппера. Выделив две основные модели развития социума – закрытое и открытое общество, он предположил, что в открытом обществе существует плюрализм групп и сил и поэтому возникает необходимость поддержки многообразия. Стремление не допустить монополии предполагает наличие у открытого общества своих собственных институтов, прототипами которых могут стать институты гражданского общества.

Существенное влияние на теорию гражданского общества оказал процесс глобализации. Национальные государства существенно утратили влияние на собственных граждан благодаря появлению международных гражданских институтов (Организация объединенных наций, Европейский суд по правам человека и Международный трибунал в Гааге), выхода на мировую арену негосударственных действующих лиц в качестве автономных участников мировых политических процессов (транснациональные корпорации, неправительственные организации, международные фонды), возникновению социальных движений, подобных антиглобалистским или гринписовским. Все это стало интерпретироваться многими исследователями как социальные истоки и основы международного гражданского общества (Р. Фолк, Р. Кокс, Б. Бузан, Дж. Мэтьюз, К. Браун, В.П. Бодран, Г. Гастейгер, Д. Мессенер и др.) [7].

В то же время существуют теории, которые рассматривают гражданское общество в рамках национальных государств (Ф. Хатчесон, А. Фергюсон, А. Смит, Э. Шилз, Л. Селигман). Сфера ценностей, которые создает гражданское общество, касается ценности национальной культуры. Национальность дает людям общую идентичность, которая позволяет им воспринимать себя как тех, кто сообща формирует свой мир.

Весьма близко по своей направленности стоят концепции, рассматривающие гражданское общество в рамках либеральных традиций, связывая ее с идеями демократии, демократической гражданской культурой. У истоков данной традиции стоят выдающиеся американские ученые А. Верба и Г. Алмонда. Их продолжателями были Л. Пай, У. Розенбаум, Д. Каванаха, Д. Элазар, К. фон Бойме и др.

Проблема гражданского общества является весьма актуальной и востребованной в социально-гуманитарном знании в Казахстане. Такие исследователи, как Ж.М. Абдильдин, К.А. Абишев, А.А. Айталы, Б.Г. Аяган, С.А. Дьяченко, С.Т. Бельгибаев, Ф. Бисенбаев, Ю. Булуктаев, М.С. Ашимбаев, Р.К. Кадыржанов, Н.П. Калашникова, Р.И. Камарова, А.Г. Косиченко, М.С. Машан, К.Ж. Нугманова, А.Н. Нысанбаев, Н.Ш. Саханов, Г.Т. Телебаев, А.Ж. Шоманов и многие другие анализируют развитие понятия гражданского общества в истории социально-философской мысли, а также осмысливают



феномен гражданского общества с точки зрения реалий сегодняшнего дня.

Во множестве исследований по проблематике гражданского общества наблюдается разнообразие его определения, концепции, подходов, порой даже противоречащих друг другу. В связи с этим возникает потребность дальнейшего социально-философского исследования гражданского общества с точки зрения его исторических и сущностных характеристик.

Таковы основные этапы исторической ретроспективы зарождения, формирования и развития гражданского общества.

### **Список использованной литературы:**

1. Аристотель. Политика. Сочинение в 4 т. Т. 4, М., 1983 г., «Мысль» 412 с.
2. Гаджиев К.С. «Концепция гражданского общества: идейные истоки и основные вехи формирования». Вопросы философии, 1991 г., № 7.
3. Локк Дж. Два трактата о правлении. Сочинение в 3 т. Т. 3. М.: Мысль, 1988 г.
4. Гегель Г.В.Ф. Политические произведения. М.: Наука, 1978, 438 с.
5. Токвиль де А. О демократии в Америке. М., 1992, с. 370.
6. Парсонс Т. Общий обзор. Американская социология. Перспективы. Проблемы. Методы. М., 1972. С. 364-365.
7. Современное гражданское общество: основные проблемы и подходы к изучению. Официальный сайт [www.nasledie.ru](http://www.nasledie.ru).

### **3.13. 1905 жылғы құзырхат көтерген жер мәселесі**

#### **Нургуль Елеусизовна Байгелова**

кандидат юридических наук, доцент кафедры «Право».  
АО «Университет Нархоз» (г. Алматы, Казахстан)

Азаттық пен тәуелсіздікті аңсамайтын халық болмайды. Соған жету жолында елдің небір қайсар, ұлтжанды азаматтары ащы тер төгіп, тіпті қажет болған жағдайда өмірін де сарп етеді, өлімге де бастарын тігеді. Себебі азаттық идеясы пәрменді күш, ұлт санасында мәңгі өшпейтін ұғым.

XX ғасырдың басында азаттық, бостандық, теңдік идеялары Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірінен көрініс берді. Атап айтқанда аталмыш идеялар Бірінші Орыс революциясы (1905-1907) жылдары ерекше байқалды, жаңа қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының көзқарастарынан өзінің шешімдерін тапты. Соның айғағы болып Қарқаралы петициясы болып табылады. Бұл құжат осы күнге дейін

құқықтық мағынада толыққанды дәрежеде зерттелген емес. Тек тарихшылар ғана өздерінің зерттеулерінде бір-екі бет көлемінде ғана жазды [1], оның мазмұны саяси-құқықтық мәні осы күнге дейін заңгер ғалымдардың назарынан тыс қалып қойып отыр.

Бұл петицияға 14500, кейбір деректерде 16000 мың адам қол қойып Ресей императорының атына жолдаған [2]. Құжат саяси бостандық адам құқықтарының аяққа тапталмауы, дін бостандығы, қазақ даласында басқаруды жақсарту, сот жүйесін реформалау сияқты көкейтесті мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойды. Сонымен қатар қазақ халқының шекесіне қатты батқан жер мәселесі де өзінің шешімін тапты.

Қарқаралы петициясында атап айтқанда бірнеше баптар қазақ жерін жергілікті халыққа, яғни мәртебелі ұлтқа кайтаруды талап еткен. Сарапқа салып қарасақ, петиция авторлары қазақ жерін бірнеше түрге бөліп қарайды және соған байланысты жердің құқықтық мәртебесін белгілеуді талап етеді. Атап айтқанда қазақтардан тартып алынған жерлер, қазақ мекен еткен жерге жақын бос жатқан жерлер, патша тарапынан сыйға тартылған жерлер. Ертіс жағалауындағы жерлер, қыстық пен жазда пайдаланатын жерлер, тау-кен байлығы бар жерлер, орман, балық, тұз өндіретін жерлер [3] жерді жалпы осындай түрлерге бөліп қарау Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірлерінде тұңғыш рет айтылғанын атап кеткен жөн. Бір сөзбен қортындылап айтып қарағанда тұңғыш жер кадастры деп баға беруге болады. Петицияның 38-ші бабы қазақтардан тартып алынған жерлер туралы мынандай талап қойды: “В последние 20 лет отобранные от киргиз земли, для переселенцев возвратились бы старым владельцам киргизам, а за возведенные постройки переселенцев вознаграждение давалось бы из земского капитала [4]. Шын мәнінде мұндай өткір талап Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірінде тұңғыш рет қойылғанын атап кеткен жөн. Себебі, ХХ ғасырдың басында Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде қазақ жері оның тікелей меншігінен тартып алынып, патша өкіметіне қызмет еткен дворяндар мен офицерлерге, қазақтар мен Орталық Ресейден қоныс аударушыларға үлестіріліп берілді. Кейбір деректерге қарағанда 1917 жылғы Қазақ төңкерісіне дейін патша өкіметі қазақ халқының тікелей пайдалануынан 45 млн. десятина жерін тартып алған [5]. Жерді алуда патша өкіметі үш мақсат көздері: Біріншіден, кең байтақ қазақ жерінде орыс ұлтының санын көбейту арқылы орыстандыру саясатын нақтылы тәжірибеде іс жүзіне асыру. “Олардың, демографиялық агрессияның 250 жылдан астам уақыт ішіндегі, неге жеткізгені бәрімізге айқын. Соңғы кездері жүргізілген ғылыми зерттеулердің мәліметіне сүйенетін болсақ, XVII—XX ғасырлардың аралығында Қазақстанға қоныс аударылғандардың саны 8,5 млн. адамға жеткен. Бұл процестің қазақ халқының дамуына қандай нәтиже бергені жақсы белгілі” [6], — деп атап көрсетті белгілі ғалым Сәкен Өзбекұлы. Екіншіден, жерді алу жергілікті қазақ халқының мәңгі тоналуының айғағы болды. Жерді жеке

меншік еткен келімсектер Ресей империясының саяси билігін құқықтық реформаларын, дінін берік орнатушылар және отарлық саясатты белсенді жүргізетін өкілдері болды. Орыстың ұлы жазушысы осы мәселе туралы былай деп жазды: “отнимите у народа деньги, товары, скот, и ваш грабеж окончится вместе с вашим уходом. Но отнимите у народа землю, и ваш грабеж будет продолжаться вечно...” [7]. Үшіншіден, қазақ жерін талан-таражға салып, аяққа тапталды, теңсіздік пен заңсыздықты күшейтті. Жерге жеке меншік құқы бар келімсектер ендігі уақытта өздерінің тараптарынан “салық” салуды дәстүрге айналдырды. Осы мәселенің мән-жайын өз көзімен көрген ағартушы-демократ, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Ғабдулғазиз Мұсағалиев былай деп атап көрсетеді: “Таудың, етектің егін үшін жарамды жерлерін ойып-ойып қазақ- орыстарға кесіліп берілген ... Россиядан көшіп келген мужиктерге беріліп жатыр ... Қазақтардың таудың етектегі көп қыстаулары, мың азаппен қазып шығарған арықтары, егіндік жерлері бәрі де қолдан кетті” “Қазақтар осы күнде тауға шыққан болады. Шыққанменен не пайда? Жолшыбай орыстың егіні мен пішендігі, жуықтап кетсе қазақтың малын ұстап, өзін сабап, айып тағып, қырып-жойып өлтіре жаздайды” [8].

Осындай ауыр экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан күйзеліске ұшырған қазақ халқы құмды, шөл және шөлейт жерлерге күштеп ығыстырылды. Бұл процесс негізінде жерді қорғауды ұлт мүддесінің ең негізгі өзегі, қағидасы деп таныды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы барлық саяси- құқықтық әлеуметтік және экономикалық шиеленісті мәселелер жер қатынастарынан туындады, соған барлық жағынан тәуелді болды. “Ресей империясының — деп атап көрсетті Сәкен Өзбекұлы, - отарлық саясатының тікелей әрекетінің салдарынан қазақ жерінің оның пайдалануынан тартылып алынуы көшпелі қоғамның барлық қатынастарын шиеленіске ұшыратты, озық-ойлы ұлт зиялыларын монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің тарылуы және одан туындайтын зардаптарды жан дауысымен сезіне білген қазақ зиялылары антиколониалдық ұран көтеріп, саяси-идеялық ахуалды ұлғық мүденің саяси мақсаттарымен ұштастыру да өзінің тарихи борышы деп таныды” [9].

15-ші бапта “Земля при реке Иртыш, которые с давних лет состояло в пользовании киргиз как родовые, а затем перешедшая в пользу войска, а также земля принадлежащая в пользу (войска) ведомства кабинета Его Величества находящаяся в пользовании киргиз оставались бы в вечное владение ранее занимаемы киргиз, как их родовое”, [10] — деген талап бекітілген. Бұл жерде петиция авторлары Ертіс жағалауында орналасқан құнарлы және шұрайлы жерлердің орыс әскерлері мен қазақтардың пайдаланудан алынуын талап етеді. Алынған жерлерді хандық дәуір кезінде әрбір руларға бөлініп берілген жер құқын қалпына келтіруді жөн деп санайды. Ақиқатын айтатын болсақ, Ертіс бойында орналасқан жерлерді патша

өкіметі 1735 жылдан бастап қазақтардың пайдалануынан ала бастады [11] Ондағы мақсат жағалай әскер орналастыру арқылы отарлық саясатты күшейту және Ресей территориясын кеңейту. Сонымен қатар жерді иеленген қазақ-орыстар жергілікті қазақтардан жағалауда отырып, малын бакқаны үшін салық алып, оларды қатты экономикалық күйзеліске ұшыратқан мұндай паразиттік әрекеттер халқының наразылығын тудырған, тіпті қарулы қақтығыстарға да әкеп соқтырып отырған. Қазақ жерінің тарихын молынан зерттеген Т. Шонанов бұл жағдайды былай деп суреттеген: “ Атты қазақ иеленіп отырған (Ертіс шығысындағы)... үкімет Ертіс бойында ... 10 шақырымнан жақын жерге қазақ қыстау салмасын, егін екпесін деп жарлық шығарады ... Іс жүзінде қазақ ... жер ішінде коныстанып отыра берді, бірақ казак, орысқа шөпауыз төлейтін болды... қазаққа малайлыққа жалданып тұра берді. Атты қазақтар енді 10 шақырым алқап үшін рента алып, рентнер болып жата берді... Алғашында арендаға 100 қарадан бір қара, 100 қойдан бір қой алған. Соңында аренда ақшаға айналған ... бері келе аренда ауырлай берді, қазақ шаруасын күйзелтті, аренда бұрынғыдан әлденеше рет өсті... Бір табан жерге жылына арендаға 1864 жылға шейін 65 сом, ал 1889 жылға шейін 20 сом (бес жылда аренда 38,5 % артқан), 1896 жылға шейін 150 сом (соңғы 7 жылда 66,6%' артқан), 1887 жылы 300 сом ақша, 1200 көбе (сол кездегі бағамен бұл 60 сом тұрады) жинап берген. Сонда ақшалай 1897 жылы аренда 360 сомға жеткені, яғни 140% артқаны болады. 13 жыл ішінде аренда 65 сомнан жылына 360 сомға өскені, яғни 500,5% артқаны болады...Аренда осылайша арта берген, қазақ шаруасы күйзеле берген. Неге десеңіз, базар дамыған сайын жері барлар жерсізді сороды күшейтеді. Атты қазақ өз иеліндегі жерді сатып отырған жок, жерге алған монополиясын сатып отыр“ [12].

Петицияның талаптары Т. Шонанұлы дәлме-дәл суреттеген жағдайларды норма арқылы енгізіп, Ертіс жағалауларындағы жерлердің бәрін қазақтардың ру құқымен пайдалануына беруді талап етеді.

Байқап қарасақ, петицияда жерді қазақтарға жеке меншікке емес, бүкіл руға беру идеясы бар. Бұл петиция авторларының жалпы жердің жеке меншікте болуына үзілді-кесілді қарсы болғанын айқын аңғартады.

Петицияның 17-ші бабы Қазақстанның бүгінгі күнгі жердің кенін пайдалану мәселелерімен тікелей ұштасып жатқанын аңғарамыз. Аталмыш баб мындай ережені бекітеді: “Открытие в горных степях на землях, принадлежащие киргизскому населению, горнопромышленное дело было бы предложено самим владельцам земли киргизам открыть заводы, производить окопы и. т. д. Если они откажутся от такого предприятия, то тогда лишь предоставить право пользование таковыми рудами другим лицам с тем, чтобы последний платил бы аренды по десятины“. Шын мәнінде отандық өнеркәсіп пен тау-кен қазба жұмыстарын жүзеге асыру ісін жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазияға беруді талап етеді. Себебі, сырттан келген орыс

буржуазиясы арзан жұмысшы күшін пайдалана отырып, метрополияға мыңдаған тонналап алтын, күміс, мыс, сыяқты түсті металдарды жіберіп жатты. Бұл Қазақстанды тек ғана шикізат ретінде пайдаланудың, қанаудың жолы болды. Орыс зерттеушісі М. Красовкий былай деп атап көрсетті: “Выполняющие те же самые работы русские получают вдвое и втрое больше, чем киргизы [13]. Кейбір мәліметтерге жүгінетін болсақ, Қазақстанда XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап 1917 жылға дейін 2034.338.574 пуд құм тазаланып, 1371 пуд таза алтын алынып, Ресейге жөнелтілген [14]. Ұсақ буржуазия тобының өкілі В. Мясников деген Қазақстанға келіп, қазақ халқын өлімше қанаудан нәтижесінде “28 жыл ішінде 8 мың мұжықгы сатып алды, бірнеше, зауыт ашты, барлық бұрынғы борышын өтеді, һәм екі жарым миллион сом таза капитал жинап алды”, [15] — деп атап көрсетіледі зерттеулерде.

Қорыта айтқанда “Патша әкімшілігі алдында петиция түрінде қойылған бұл талаптар қазақ қоғамының сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси деңгейінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы талаптар болатын. Егер де оларды тарихи тұрғыдан қарар болсақ, басқа дәрежеден көрінуі тіпті де мүмкін емес еді. Басқаша айтқанда, бұл тарихи кезеңдегі қазақ қоғамындағы азаттық қозғалысы Шығыстағы революциялық өрлеуге байланысты ... “адамның ең қарапайым праволары жолындағы, демократия жолындағы” күрес еді. Қарқаралы петицияның тарихи маңызы сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының негізі талап-тілектерінен тұңғыш рет тұжырымдап ... патшалық биліктің алдына қойып, сол арада қазақ елінің өз еркіндігі үшін жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді” [16].

#### **Пайдаланылған өдебиеттер:**

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995. 97-98 бет.
2. К. Нурпейісов. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 39-бет.
3. ҚР ОМА 64 қор, 5658 іс, 17-20 беттер.
4. Сонда.
5. Сонда.
6. Зиманов С.З. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане, Алматы, 1970. с. 18.
7. С. Өзбекұлы. Арыстары алаштың. Алматы, 1998. 85 бет.
8. Лев Толстой. О частной собственности на землю // Казахская правда, 1995, № 2.
9. Ә. Мұса. Жетісу қазақтары жайынан // Қазақ 1914, № 60.
10. С. Өзбекұлы. XVII-ғасырдың соңы - XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихы жоне кәйрат - керлері. Док. дисс. авторефераты. Алматы, 1999, 28 бет.
11. ҚР ОМА, 64 қор, 1 тізім, 5658 іс - 28 бет.
12. Телжан Шонанұлы. Жер тағдыры ел тағдыры. Алматы, 1995, 35 б.
13. Сонда.

14. М. Красовский Область сибирских киргизов. СПб., 1868, ч. 2, с. 147.
15. Е. Дильмухамедов. Из истории горной промышленности Казахстана. Алма-Ата. 1976. с. 108.
16. Витебский В., Неплюев Н.И. Оренбургский край в прежнем его составе до 1759 года. Казань, 1897, с. 656.
17. Әлихан Бокейханов. Шығармалар. 1994, 13 бет.

### **3.14. Қазақстанның демографиялық даму жағдайы**

#### **Солтанбек Капасович Касенов**

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты  
(Атырау қ., Қазақстан)

#### **Мағыпар Саламатович Куанов**

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты  
(Атырау қ., Қазақстан)

#### **Роза Жанасыловна Альжанова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау қ., Қазақстан)

#### **Гүлшат Жалгабаева Нургалиева**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау қ., Қазақстан)

#### **Тойган Бахтыбаевна Жалелова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау қ., Қазақстан)

Әр елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің басты көрсеткіші ретінде адами фактор саналып, өркениетті елдерде адамның рухани және материалдық тұрғыда дамуы қоғамның басты маңызды басымдылықтары болып табылады. Себебі, адам қоғамның материалдық және рухани байлықтарының тек тұтынушысы ғана емес, сол байлықтарды өндіріп-өңдеуші, инновациялық идеялар мен жаңа технологиялардың негізін қалап, оны жүзеге асырушы болып саналады. ХХІ ғасырда адамның қоғамдағы орны, оның атқаратын қызметі сапалық жаңа деңгейге көтеріліп, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің интеллектуалды адам капиталына тәуелділігі онан ары артуда. Осыдан болар, бүгінде әлемнің дамыған елдерінде адами капитал жалпы қоғамның, оның ішінде, мемлекет пен экономиканың негізгі тұғыры деп саналады. «Адами капитал» терминін алғаш рет өткен ғасырдың 70-жылдарында Нобель сыйлығының лауреаты, атақты экономист Теодор Шульц қолданысқа енгізген болатын [1].

«Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымдық ерекшеліктеріне

байланысты туа біткен қабілеттері болады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы өмірде жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді біз «адами капитал» деп атаймыз», дейді Т. Шульц.

Белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы – демография (грекше демос – халық) деп аталады [2].

Демография – халық туралы ғылым болса, сындарлы демографиялық саясат кез-келген елдің өсіп-өркендеуі жолындағы басты стратегиялық тренд болып саналады. Ел аумағын халықтың қоныстанып, игеруі тарихи-географиялық жағдаймен байланысты болса, халық саны мен ұлттық құрамының өзгеруі әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ демографиялық факторлардың ықпалымен жүретіні белгілі.

Еліміздің тәуелсіздігі әлемдік геосаяси кеңістікте кеңінен танылып, дүниежүзінің саяси картасынан егемен мемлекет ретінде өзінің лайықты орнын алды. Қазақстан жер көлемі жөнінен (2724,9 мың км<sup>2</sup>) әлемдегі аса ірі елдердің ондығына кіргенімен, халқының саны жөнінен 63 орын алып, шағын елдер санатына жатады.

Ресми дерек бойынша 2017 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасының халқы саны 18 096,6 мың адамға жетіп, оның ішінде қала халқы – 10 383,3 мың (57,4%), ауыл халқы – 7 713,6 мың адамды (42,6%) құрады. 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда халық саны 232,5 мың адамға немесе 1,3% өскен [3].

Біріккен Ұлттар Ұйымы әлем елдері халқының қартаю дәрежесін анықтайтын критерийлерін белгіленген. Классификация бойынша мемлекет халқының 65 және одан жоғарғы жастағы адамдардың үлесі 4% немесе одан төмен болса ол халық жас, 4-7% болса қартаю алдындағы халық, 7% және одан жоғары болса қартайған халық болып саналады. Еліміз бойынша бұл көрсеткіш 6,6% деңгейінде болса, жекелеген аймақтары, атап айтқанда, солтүстік, шығыс және орталық бөліктерінде жастарға қарағанда қарт адамдар санының аруына байланысты бұл межеге жетті. Ал, оңтүстік пен батыс және Астана қаласында дүниеге келген сәбилер санының артуынан халықтың қартаю көрсеткіші төмендеуде.

Жалпы, ҚР статистика агенттігінің болжамы бойынша, 2020 жылы бұл көрсеткіш еліміз бойынша 7,4% жетеді деп күтілуде. Басқа елдермен салыстырсақ, қазір Германияда – 24%, Ұлыбританияда – 20%, Украинада – 18%, АҚШ-та – 16%, Ресейде – 15%. Әрине біздегі көрсеткіш жоғарыда көрсетілген мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Республика халқы ел аумағы бойынша біркелкі қоныстанбаған, халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup> 6,6 адамнан келіп, Қазақстан халқы аумағы бойынша сирек қоныстанған (әлемде 184 орын) елге жатады.

Жалпы халықтың ел аумағына қоныстануына тарихи жағдайларға қоса, табиғат жағдайларының ерекшелігі мен өнеркәсіп орындарының шоғырлануы сияқты факторлар да әсер ететіні белгілі. Табиғат жағдайы анағұрлым қолайлы өңірлер деп – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса алғанда) саналады. Мұнда республика халқының 43,2%-ы тіршілік етіп, орташа тығыздық тиісінше, 1 км<sup>2</sup>-ге 16,9; 6,9 және 7 адамнан келеді. Келесі – Солтүстік Қазақстан аймағы: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарының аумағы. Мұнда ел тұрғындарының 16,25%-ы орналасып, орташа тығыздық 1 км<sup>2</sup>-ге 5,2; 7,4; 5,7 және 6,5 адамнан келеді. Шығыс Қазақстанда республика халқының 7,68%-ы тұрып, орташа тығыздық 1 км<sup>2</sup>-ге 5,4 адамнан. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) республика халқының 7,66%-ы орналасып, 1 км<sup>2</sup>-ге 3,3 адамнан келеді. Халықтың сирек қоныстанған өңірлеріне батыс – Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Қызылорда облысы саналады. Мұнда бүкіл республика халқының 19,61%-ы мекендеп, 1 км<sup>2</sup>-ге келетін орташа тығыздық, тиісінше, 1,9; 3,7; 4,1; 2,3 және 2,6 адамнан келеді.

Республиканың солтүстік - шығысы мен Оңтүстік Алтайдың етегіндегі пайдалы қазбаларды игеруге байланысты мұнда өнеркәсіп орындары шоғырланған. Оңтүстік пен оңтүстік – шығыстағы егіншілікті Сырдария, Талас, Асы өзендерінің маңындағы аудандарда, Транс-Қазақстан, Түркісіб теміржолдарының бойында халық жиі қоныстанған. Өнеркәсібі дамыған аудандарда мамандардың қоныстануы нәтижесінде халықтың тығыздығы артты.

Орталық, батыс және оңтүстік-батыстағы мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда халық сирек қоныстанған. Республиканың бұл бөліктерінде табиғат жағдайлары мен жол қатынастарының нашар дамуы халықтың сирек қоныстануына өз әсерін тигізеді.

Ірі суару жүйелерінің салынуына байланысты халықтың біраз бөлігі оңтүстіктегі шөлейт және шөлді аудандарға қоныстанған.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары өнеркәсіпті индустрияландыру және ауыл шаруашылығын қайта құру нәтижесінде халықтың қоныстануы мен тығыздығында елеулі өзгерістер болды. Өнеркәсіп орталықтары мен қалалық елді мекендерде халық саны мен тығыздығы артты. Батыс және Орталық Қазақстандағы жаңадан пайда болған мұнай, металлургия және химия өнеркәсіп орталықтарына республиканың басқа аудандарынан халық көптеп қоныс аударды.

Қазір қазақтар республика халқының 71%-ын құрап, негізінен, республиканың оңтүстігі мен батысында қоныстанған. Қазақ халқының саны басым облыстар: Қызылорда (94,2%), Атырау (89%), Маңғыстау (78,7%), Ақтөбе (70,7%), ең азы — Солтүстік Қазақстан (29,6%), Қостанай (30,9%), Ақмола (37,5%), Қарағанды (37,6%) облыстары.

Қала тұрғындары ең көп облыстар: Қарағанды (қала тұрғындарының үлесі 79,53%), Маңғыстау (41,70%), Павлодар (70,72%),



Қызылорда (44,16%), Атырау (47,92%), Ақтөбе (56,2%), Қостанай (53,72%).

Облыс, сондай-ақ республикалық маңызы бар қала тұрғындарының жалпы санынан жастардың ең қомақты үлес салмағы Астана және Алматы қалаларына, сондай-ақ Ақтөбе облысына тиесілі, мұнда 14 – 29 жас аралығындағы жастар 29 %-ды құрайды.

Тұрғындардың жалпы санынан жастардың ең аз үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысына – 22 %, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарына – 24 % келеді.

Еліміздің демографиялық көрсеткішінде 2017 жылдың мамыр айында маңызды жаңалық болды. Республика халқы саны 18 миллионға жетіп, 11 мамырда 18 миллионыншы адам дүниеге келді. Бұл бақыт Алматы облысы Талдықорған қаласының тұрғыны – Мүслима Саматқызына бұйырды. [4].

Қазақстанда Алматы (1 772 779) мен Астана (1 006 570) республикалық маңызы бар қалалар санатына жатып, «миллионер» қалалар аталады. Екі қаланың миллионыншы тұрғындары кімдер десек? Алматының миллионыншы тұрғыны Бауыржан Қадырсызов 1981 жылдың 19 желтоқсаны күні дүниеге келсе, Астананың миллионыншы тұрғыны Саида Мұхамедияр 2016 жылдың 4 шілдесі күні дүниеге келді.

Еліміздегі 19 қала халқының саны 100 мыңнан асып, онда республика халқының 45,4% тұрады. Халық саны бойынша олардың реті төмендегідей (1 кесте).

1 кесте. Халқының саны 100 мыңнан асатын қалалар

	Қала	Облыс	Халық саны
1.	Шымкент	Оңтүстік Қазақстан	932 415
2.	Қарағанды	Қарағанды	501 129
3.	Ақтөбе	Ақтөбе	414 511
4.	Тараз	Жамбыл	359 972
5.	Павлодар	Павлодар	335 989
6.	Өскемен	Шығыс Қазақстан	327 039
7.	Семей	Шығыс Қазақстан	320 725
8.	Қостанай	Қостанай	237 962
9.	Орал	Батыс Қазақстан	233 932
10.	Атырау	Атырау	235 171
11.	Қызылорда	Қызылорда	234 719
12.	Петропавл	Солтүстік Қазақстан	216 608
13.	Ақтау	Маңғыстау	183 348
14.	Теміртау	Қарағанды	178 553
15.	Түркістан	Оңтүстік Қазақстан	159 914
16.	Көкшетау	Ақмола	145 763
17.	Талдықорған	Алматы	145 474
18.	Екібастұз	Павлодар	133 786
19.	Рудный	Қостанай	115 443

Бұл қалалардың 14-і облыс орталықтары болып, қалғандары облыстық бағыныстағы қалалар болып саналады, олар: Шығыс Қазақстан облысында Семей, Оңтүстік Қазақстан облысында Түркістан мен Кентау, Павлодар облысында Екібастұз, Қостанай облысында Рудный мен Арқалық, Маңғыстау облысында Жаңаөзен, Қарағанды облысында Теміртау, Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев, Шахтинск қалалары. Алматы облысындағы Қаскелең және Атырау облысында Құлсары қалалары аудандық бағыныстағы қалалар санатында.

Қазақстанда 87 елдімекен қала мәртебесіне ие болса, оның 27-сі моноқалалар. Моноқала – бұл өнеркәсіп өндірісінің және еңбекке жарамды халықтың негізгі бөлігі (20 % және одан астамы) бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы (мономамандандырылу) әрі қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорындарда шоғырланған қала [5].

Халық санының өсуі негізгі екі факторға: табиғи (туылғандар мен қайтыс болғандар санының айырмашылығы) және механикалық өсуге (келушілер мен кетушілер санының айырмашылығы) байланысты болса, кемуіне халықтың сыртқа кетуі мен туу көрсеткішінің кемуі сияқты факторлар әсер етеді. 2017 жылдың тоғыз айында елімізге 759 252 адам келсе, 775 457 адам кеткен. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, 363 829 адам артық келсе, ел аумағынан кетушілер саны 362 822 адамға артқан. (2 кесте).

2 кесте. Қазақстан халқының көші-қоны

	2016 жылғы қаңтар-қыркүйек	2017 жылғы қаңтар-қыркүйек
<b>Көші-қон - барлығы</b>		
Келгендер	395 423	759 252
Кеткендер	412 635	775 457
Көші-қон айырымы	- 17 212	- 16 205
Оның ішінде:		
<b>Ішкі көші-қон</b>		
Келгендер	386 142	747 307
Кеткендер	386 142	747 307
Көші-қон айырымы	–	–
<b>Сыртқы көші-қон</b>		
Келгендер	9 281	11 945
Кеткендер	26 493	28 150
Көші-қон айырымы	- 17 212	- 16 205
Оның ішінде:		
<b>ТМД елдері</b>		
Келгендер	7 077	8 429
Кеткендер	23 820	25 290
Көші-қон айырымы	- 16 743	- 16 861
<b>Басқа елдер</b>		
Келгендер	2 204	3 516

	2016 жылғы қаңтар-қыркүйек	2017 жылғы қаңтар-қыркүйек
Кеткендер	2 673	2 860
Көші-қон айырымы	- 469	656

Еліміздегі қазіргі кезек күттірмей шешуге тиіс демографиялық басты проблеманың бірі – солтүстік, солтүстік-шығыс өңірлердегі халық санының күрт азаюы және соған байланысты еңбек күшінің жетіспеуі болып табылады. Қазақ жеріне түрлі әлеуметтік және саяси жағдайлармен келген басқа ұлт өкілдері өздерінің тарихи отанына кетіп жатса, елімізге қоныс аударушылардың негізгі бөлігі – этникалық қазақтар (оралмандар) болып табылады. Оралмандарды орналастырып, оларды қоныстанған жерлерінде жергілікті ортаға бейімдеу мемлекеттік репатриациялық саясат болып табылады. Еліміздің тәуелсіздігін алған кезеңінен бастап, әр бес жыл сайынғы оралмандар ағымының динамикасы төмендегідей:

1991 жылдан 1996 жылға дейін – 11% (104,009 адам);

1997 жылдан 2001 жылға дейін – 8.2% (82,335 адам);

2002 жылдан 2006 жылға дейін – 40.3% (384,106 адам);

2007 жылдан 2011 жылға дейін – 32.2% (308,832 адам);

2012 жылдан 2016 жылғы 1 қазанға дейін – 11.2% (110,453 адам).

Репатриациялық саясатты жүзеге асырған жылдар ішінде оралмандарды еліміздің әкімшілік-аумақтық аймақтары бойынша қоныстандыру өңірлердің әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін ескермей жүзеге асырылды. Мәселен, оралмандардың көбі Оңтүстік Қазақстан 21.3% (212,652 адам), Алматы – 16.8% (167,150 адам), Маңғыстау – 13% (129,436 адам), Жамбыл – 9.3% (93,635 адам), Қарағанды – 6% (59,357 адам), Шығыс Қазақстан облыстарына – 5,8% (58 041 адам) қоныстанды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 83 қаулысымен Оралмандарды республика бойынша ұтымды қоныстандыру мақсатында басым өңірлер (Ақмола облысы, Атырау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы) айқындалды. 2016 жылы келген оралмандар саны Ақмола облысында – 342 отбасын, квота – 123 отбасын, Атырау облысында – 154 отбасын, квота – 28 отбасын, Шығыс Қазақстан облысында – 562 отбасын, квота – 260 отбасын, Қостанай облысында – 234 отбасын, квота – 21 отбасын, Батыс Қазақстан облысында – 15 отбасын, квота – 29 отбасын, Павлодар облысында – 150 отбасын, квота 690 отбасын, Солтүстік Қазақстан облысында – 75 отбасын, квота – 108 отбасын құрады. Сонымен қатар репатрианттардың негізгі бөлігі Қазақстанның оңтүстік өңірінде тұрады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ключков В.В. Человеческий капитал и его развитие. В книге: Экономическая теория. Трансформирующая экономика. / Под ред. Николаевой И.П. -- М.: Юнити, 2004.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.
4. Айқын газеті, 4 шілде, 2017 жыл.
5. Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы.

### **3.15. Қазақстандағы көші-қон саясаты және оралмандар мәселесі**

#### **Роза Төкенқызы Хасенова,**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

#### **Айгүл Қадысқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

#### **Жанна Ташқызы Құлахметова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

Бір мемлекет үшін көші-қон мәселесі күрделі әлеуметтік-демографиялық үдеріс болып табылады. Оны болжау және басқару демократиялық мемлекеттің қалыптасуына және оның дамуына елеулі үлес қосатыны анық. Ал бұл үдерісті бақылай алмау елеулі әлеуметтік экономикалық, демографиялық және басқа да салдарларға әкелуі мүмкін. Осылайша, бүгінгі күні Германия, Израиль және Ресеймен қатар этникалық иммигранттарға ие төрт елдің біріне айналған Қазақстан Республикасы иммиграциялық жағдайды ғылыми тұрғыдан қарастыруы тиіс. Сонымен қатар бейімделу үдерісі көшіп келуші, оралмандар деп аталатын этникалық қазақтар үшін де, олардың кейіннен жергілікті қоғамға кірігуі де өте маңызды. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңында оралмандардың келесі анықтамасы берілген. «Оралмандар - Қазақстан Республикасының егемендігін алған кезінде шетелде тұрған, Қазақстанға тұрақтау мақсатымен келген қазақ азаматтары - шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар». «Оралман» термині қазақ тілінде оралмандарды білдіреді және әдетте оралмандар өздерінің этникалық отанына оралатынын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің баспасөз қызметі мәліметтері бойынша, 1991 жылдан 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін 259159 отбасы немесе 952 882 этникалық қазақ тарихи отанына оралған және оралман мәртебесін алған. 2014 жылы 3792 отбасы немесе 8247 этникалық қазақ, елдің жалпы 5,5% құраған. Бұл көрсеткіштер еліміздегі иммиграция үрдісінің өте белсенді жүріп жатқанын айқын дәлелдейді.

29 қаңтардан 2 ақпанға дейін Қытайдағы отандастарымыздың арасында өткізілген Wechat әлеуметтік сайтының сауалнамасында қазақтардың 90% Қазақстанға оралуға ниет білдірген. Сауалнамаға 6071 адам қатысып, «Қазақстанға оралу керек пе?» деген сұраққа жауап берген. Олардың 79% көшіп-қонуға ниет білдірген, 671 адам теріс жауап берген, 8% қайтуға дайын болмай шыққан. Оралмандарды Қазақстан Республикасына айтарлықтай ауқымда қайтару заманауи кезеңге тән, сондықтан қазақстандық қоғамда оралмандардың интеграциясы мәселесін шешу өте өзекті.

Сонымен бірге еліміздегі көші-қон саясаты саласында нақты мемлекеттік стратегияның болмауы осы процестерді ұйымдастыру және басқару барысында кері әсерін тигізеді, олар бүгінгі күнге дейін ғылыми-зерттеу материалдарында жеткілікті түрде көрсетілмеген. Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі оралмандарды қазақстандық қоғамға интеграциялау үшін жан-жақты институционалдық зерттеудің қажеттілігінен туындайды.

Миграциялық процестердің экономикалық мәселелерін зерттеуде А.И. Рогачев, А.Д. Дауренбеков, Б.С. Досманбетов, Н.С. Есипов, У.М. Искаков, Р.Б. Жалимбетова, С.М. Сүндетов, Г.М. Муралимова, Б.Т. Тітібеков сияқты ғалымдар өз үлестерін қосуда. Бірақ бұл мәселені демографтар, тарихшылар, әлеуметтанушылардың да қарастыруы, бұл мәселенің маңыздылығын көрсетеді.

Тәуелсіздікті алғаннан кейін 1992 жылы Қазақстанда «Көші-қон туралы» заң қабылданды. Қазақстаннан тыс жүрген этникалық қазақтарға «тарихи отанына» оралу құқығы берілді. Экономикалық және тарихи көзқарастан этникалық қазақтардың оралуы мемлекеттің ұлттық болмысын сақтап қалуға, ішкі тұрақтылықты нығайтуға және халықты көбейтуге бағытталған мемлекеттік көші-қон саясатының негізгі мәселелерінің бірі болды [1, 10-бет].

Этникалық қазақтардың Қазақстанға оралуы көп жақты және күрделі мәселе. Шамамен бес миллион этникалық қазақ Қазақстаннан тыс жерлерде, 40-тан астам елдерде тұрады [2,17-бет]. Шетелдегі этникалық қазақтардың көпшілігі 1920 және 1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннен, зорлық-зомбылықтан және аштықтан құтылу үшін Кеңес Одағын тастап кеткен отандастарымыздың ұрпақтары [3, 8-бет].

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон саясаты жөніндегі комитетінің ресми статистикасына сәйкес, тәуелсіздік жылдарынан бері бір миллионға жуық этникалық қазақ Қазақстанға

алыс және жақын шетелдерден оралған, мысалы, Қытай, Моңғолия, Үндістан, Ауғанстан, Иран, Түркия, т.б.

Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясын, сондай-ақ мәдени бейімделуін білу мақсатында біз зерттеу жүргіздік. Зерттеу барысында сапалы және сандық әдістер пайдаланылды. Сапалы зерттеулер жеке сұхбат және бақылау әдістеріне негізделген. Сауалнама 2017 жылдың қыркүйек айының ортасынан қараша айына дейін жүргізілді. Сауалнамаға Қытай, Өзбекстан, Түркия және Моңғолиядан 59 этникалық қазақ (оралмандар) қатысты. Бұл оралмандардың басым бөлігі 1920-1930 жылдардағы Кеңес Одағында саяси қуғын-сүргіннен, қайғы-қасіреттен, мәжбүрлеп ұжымдастырудан және аштықтан құтылғандардың ұрпақтары.

Сандық әдіс көбінесе сауалнамаға негізделген. Сынамалық тәсіл пайдаланылды. Қытай, Өзбекстан, Түркия және Моңғолиядан келген оралмандар 200 анкета толтырды. Олардың ішінде студенттер 140 данасын толтырды. Жастар - еліміздің болашағы, сондықтан студенттерге аса назар аударған жөн деп есептейміз. Астанадағы ЖОО-да оқитын студенттер еліміздің әр түрлі географиялық аймақтарынан келген және оралмандардың қоныс аудару үлгісін ұстануы мүмкін. Ал қалған 60 данасын такси жүргізушілері, мұғалімдер, жұмысшылар, бизнесмендер және дәрігерлер толтырды.

Статистикаға сәйкес, сауалнаманы толтырғандардың орташа жасы - 26 жас, ең үлкені – 69 жаста, ең кішісі - 19 жаста.

Зерттеу барысында негізінен оралмандардың этникалық және ұлттық сәйкестігін, сондай-ақ интеграция деңгейін зерттеу мақсатымен келесі көрсеткіштерге назар аударылды.

Тіл халықтың сипаттамасын көрсетеді; ол тек мемлекеттің тарихи және мәдени негізін ғана емес, сонымен қатар өмірге, өмір салты мен ойлау тәсіліне деген көзқарасын қамтиды. Сауалнамаға сәйкес, барлық сұхбат берушілер Қазақстанға көшіп келуді таңдаған негізгі мақсаттарының бірі ретінде қазақ болмысын, тілін, салт-дәстүрін сақтап қалу екенін айтты. Көптеген оралмандар Қытай, Моңғолия және Өзбекстан сияқты екі тілде сөйлейтін елдерден келгендіктен бірнеше тілде жұмыс істей алады. Олар қазақ тілін де, мемлекеттік тілді де жоғары деңгейде меңгерген азаматтар. Мәдени айырмашылықтар да маңызды рөл атқарады.

**Тілдік интеграция** маңызды болып табылады және қабылдаушы елдің тілінде оралмандардың біліктілігі интеграцияның ең маңызды көрсеткіші. Мұны тілдік курстарға қатысу, тілдік кедергілер және жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау қабілетіне қарай өлшеуге болады.

Зерттеудің сұрақтары келесідей болды:

Сіз қай тілде сөйлейсіз? / Сіз орыс немесе қазақ тілін үйренуге арналған тіл курстарына бардыңыз ба? / Сіз орыс және / немесе қазақ тілдерін үйренуге дайынсыз ба?

Осы сұраққа алынған жауаптарға сәйкес оралмандардың тілдік біліктілігі:

- |                                      |     |
|--------------------------------------|-----|
| а) қазақ және орыс тілдері           | 15% |
| б) қазақ тілі                        | 71% |
| с) орыс тілі                         | 9%  |
| д) қазақша да, орысша да сөйлемейтін | 5%  |

Олардың басым бөлігі, атап айтқанда, 71%, қазақ тілін жете меңгергенімен, Қытайдан шыққан оралмандар арасында оқу және жазу мәселелері кириллица алфавитін білмегендіктен пайда болады. Өзбекстаннан келген оралмандар қазақ және орыс тілдерінде сөйлейді, ал Қытайдан келген оралмандар орыс тілінде аз ғана сөйлейтіндігі анықталды.

4-сұраққа сәйкес тіл курстарына бару жайында:

- |  |     |
|--|-----|
| а) Иә  | 65% |
| б) жоқ   | 33% |
| в) Оралмандарға арнайы тілдік курстарын таппаған | 2%  |

Оралман студенттері әртүрлі тілдік курстарға қатысудың жоғары пайызын көрсетті.

Оралмандар, әсіресе алыс шетелдерден келетіндер көбінесе басқа оралмандарға қарағанда орыс және / немесе қазақ тілдерін үйренуге аса қызығушылық танытады.

Жазбаша тілдегі айырмашылықтар да негізгі кедергі болуы мүмкін. Қазіргі уақытта әлемде үш қазақ алфавиті қолданылуда: Қазақстанда, Ресейде және ТМД басқа елдерінде кириллица; Түркия мен Батыс Еуропада латын тілі; Қытай, Иран және Пәкістанда ежелгі қазақ (араб әліпбиіне негізделген). Нәтижесінде Қытай, Иран, Пәкістан, Ауғанстан және Түркиядан шыққан оралмандар Қазақстанға келгенде қазақ тілінде оқи немесе жаза алмайды [4, 23-бет].

Әлеуметтік-экономикалық интеграция, оралмандардың еңбек нарығына және экономикалық өмірге қатысуы, жұмыссыздықтың ұзақтығы, негізгі табыс көздеріне және тұрғын үй меншік түріне қатысты.

Сұрақ: Негізгі табыс көздері қандай?

- |                      |     |
|----------------------|-----|
| а) уақытша жұмыс     | 55% |
| б) Жалақы            | 5%  |
| в) Зейнетақы         | 4%  |
| г) туыстарынан көмек | 6%  |
| е) стипендия         | 30% |

Біздің 200 сауалдамамыздың 70% жас оралмандар мен студенттер толтырды; нәтижесінде 30% негізгі табыс көзі шәкіртақы құрайды.

Сұрақ: Қазақстанға келгенде қанша уақыт жұмыс іздедіңіз - келесідей нәтижелерді көрсетті:

Жұмыссыздықтың ұзақтығы: 34% 1 жылға дейін және 36% 1-2 жыл.

6-сұрақ. Тұрғын үйдің меншік түрі:

- |                           |     |
|---------------------------|-----|
| а) меншікке сатып алынған | 38% |
|---------------------------|-----|

б) құрылған	16%
в) жалға алынған	14%
г) туыстарының үйі	18%
е) мемлекеттік (қызметтік тұрғын үй)	5%
ф) квота бойынша алынған	9%

Тұрғын үй алу Қазақстанға келгенде оралмандардың басты мәселесі. Оралмандардың 38% үйлерін өздері сатып алған, 5% қызметтік тұрғын үйге ие болған, ал 9% үй мәселесін квота алу арқылы шешкен.

**Мәдениетаралық интеграция** мәдени бейімделуге жатады. Мәселен, мәдени сілкіністер және жергілікті тұрғындармен түсініспеушілік жағдайлары, тілдік дағдылар оралмандардың мәдени айырмашылықтарға бейімделуіне кедергі келтіретін немесе керісінше маңызды болып табылады.

Сұрақ: Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынаста қиындықтар бар ма?

Оралмандар мен жергілікті тұрғындар арасында мәдени айырмашылықтар аз кездесетіндігі анықталды.

Сұрақ: Сізге жергілікті тұрғындардың көзқарасы қандай болды?

Оралманға жергілікті тұрғындардың қатынасы әрдайым жақсы және толерантты болғандығы тілге тиек етілді. Зерттеулерге сәйкес, аз ғана пайыздық үлес (1%) оралмандарға қатысты өздерінің бейтараптығын көрсеткен.

2008 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №12126 қаулысымен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы еңгізілді. [4, 15-бет]. Бұл бағдарламаға сәйкес оралмандарға үкіметтік көмек қарастырылған, оның ішінде зейнетақы төлемдері, орта және орта білімнен кейінгі оқу орындарында оқуға арналған гранттар, қажетті виза алу барысында консулдық төлемдерден босату, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, қазақ және орыс тілдерін үйренуге көмектесу, кедендік төлемдерден босату. Дегенмен, жоғарыда айтылғандай, үкімет тілге қатысты қиындықтарға тап болғандар үшін орыс тілінде кеңейтілген тілдік курстарын енгізбеген. Мұндай курстар жұмысқа орналасуға және басқа жергілікті тұрғындармен көбірек әлеуметтік байланыстар орнатуға мүмкіндік туғызып, соның нәтижесінде оралмандардың қоғамдық өмірге деген бейімделуін арттырады. Қазіргі уақытта қазақстандық репатрианттардың тарихи отанына оралуы халық санының өсуіне және елдегі демографиялық жағдайды жақсартуға әсер етеді, сондықтан этникалық қазақтардың қазақ қоғамына бейімделу және интеграциялау үдерістерін жетілдіру жұмысын әрі қарай жалғастыруы қажет. Нақты айтқанда:

- нақты заңдар мен құқықтық сауаттылықты дамыту;
- тиімді тілдік білім беру бағдарламаларын еңгізу;
- Қазақстан азаматтығын алу үдерісін жеңілдету;
- оралмандарды жұмыспен қамту агенттігін құру;



- этникалық көшіп келушілерді бейімдеу мәселесінде шет елдердің тәжірибесін зерттеу;

- оралмандарды тарту және орналастыру механизмін дамыту.

Зерттеу көрсеткендей, осы бағытта көп жұмыс атқарылған. Мемлекеттік және әлеуметтік мекемелер, этникалық қазақтарды қайтару үшін әзірленген арнайы қысқа және ұзақ мерзімді бағдарламалар бар. Алайда, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген мәселелерге қол жеткізілгеніне қарамастан, оралмандарды қазақстандық қоғамға интеграциялау мен бейімдеуді реттеуге және іске асыруға кедергі келтіріп отырған мәселелер әлі де жеткілікті, және олар таяу уақытта отанымызға қайтып оралғысы келетін қандастарымызға тиісті қолдау көрсету үшін өз шешімін табады деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Law of the Republic of Kazakhstan “On Immigration”, 1992 / Law portal of Kazakhstan / [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz).

2. B. Bokayev, «Language, Ethnic identity, and Adaptation of ethnic migrants in post-soviet Kazakhstan» // 1st Annual International Interdisciplinary Conference, AIIC 2013, 24-26 April, Azores, Portugal.

3. Status of Oralmans in Kazakhstan / Overview Almaty, 2006, P. 8. <http://www.undp.kz>

4. The Law of the Republic of Kazakhstan “On Migration of Population”, 13 December 1997. <http://www.zakon.kz/>.

### 3.16. Didactic possibilities of means of information and communication technologies in education

#### Iliyas Zh. Yessengabylov

Candidate of Pedagogy, Associate Professor, Zhetysu State University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan)

#### Fariza N. Turarova

Undergraduate of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan)

#### Nazira E. Zhexenbi

Undergraduate of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan)

**Key words:** informatization, information and communication technologies, didactic possibilities, organizational and action computer games, computer system.

**Introduction.** As the President of our state N.A. Nazarbayev said in his message: “Kazakhstan is a young, multinational, confident in its future and intensively developing country! We have honorably passed 25-year

phase of development of Kazakhstan. And in the next forthcoming 25 years we are looking forward to even high achievements. Having obtained great and unique experience in the way of the state formation, we are going to transfer to the new stage. We believe that we can deal with any challenges that will be faced in the future. Our main power is in our solidarity. We will turn Kazakhstan into more advanced nation for our future generation!". He assigned the Government to prepare the strategic plan of third modernization of our country till the year 2025 called as "National Technological Initiative". For us it is a great obligation to implement his task by means of improving information technology.

The first requirement of raising Kazakhstani education up to the qualitative level is thought to be informatization of education, implementation information technology in all fields of education as well as formation the national model. [1]

Nowadays a pupil is an all-round person armed with information. For development his knowledge capacities we, teachers should be well prepared. As Magzhan Zhumabayev mentioned, "During teaching a child it is necessary to attach new knowledge to the old one by transferring from usual accustomed approaches to new ones", it is necessary to consider educational process from new point of view. That is why by introducing new technologies the level of the process of study will reach the new level and a person correspond with modern requirements will be educated.

A teacher, who organizes his work on the basis of information technologies, provides the opportunity to build up a socially active, able for competition and competent personality. [2, p. 584]

"Successful implementation of any educational program depends on a teacher. His professional skills can encourage to execute the intended program and the curriculum at a high level, but professional incapacity of the teacher will damage and degrade the work". In this connection we would like to notice that in order to achieve successful implementation of the educational program, to fulfil the curriculum at a high level, the pedagogic staff should have professional skills and creative search.

Teaching and education of the growing generation in new educational institutions of Kazakhstan in the new world are heavily tied with rounded formation of individual personal characteristics. This issue is thought to be the main factor of social and economic, cultural and intellectual development in the world community. [3]

**Results analysis.** Information and communication technologies present the following didactic possibilities:

- they are improved information and programming supply of the educational technologies in application (for example, video classes, computer workshops, virtual seminars, theme online forums, conference technologies, electronic tests, etc.);

- they provide movement of the educational technologies in use to the qualitative level and encourage appearance of new forms (for instance, integrated electronic courses, distant learning);

- the students understand the importance of learning new information technologies for their future professional activity and it will increase the emotional value in the educational field. [4, p. 288]

Use of information technologies and implementation their didactic possibilities provide the opportunity to organize the following new types of educational activities:

- mutual interactive cooperation with a computer in comparison with intensive dialogue that realizes exchange of conversations, texts, orders (requirements) and replies (invitations) of the consumer;

- control of real objects (robots, simulated information systems, etc.);

- control of the models of various objects, phenomena as well as tendencies which are shown in the screen;

- organization of learning new materials by taking into account the level of preparation of students, their striving and perception speed and use of possibilities of new information technologies in the educational process;

- improvement of classical methods by using new methods and forms of study (problem, organizational and action computer games, etc.); problem, research, analytical and modeling methods;

- improvement of material and technical resources by using means of new information technologies (new version computers and telecommunication, virtual and multimedia technologies);

- automated control the results of academic activity (self-control), correction under the results of control, testing. [5, p. 303]

Studying the significance of using new information technologies we can see that it is possible to achieve the following results:

- to increase the quality of knowledge by using new information technologies;

- to renew the content of education by implementing new information and telecommunication technologies;

- to generate the mechanism of training pupils to the specialty of the field of using new information technology;

- to implement immediately information resources collected in our country and abroad;

- to make and supply multimedia electronic books, virtual laboratories as well as control programs;

- connection of the domestic systems of education to the uniform world information and education system, etc. [6]

In the 20-30s of the XIX century B.E. Raikov, K.P. Yagodovskiy improved such methods as explanation, experience, research as well as laboratory.

Pupils learn from words, visual aids and practical work too. In 20-30s N.M. Verzilin, E.Ya. Golant suggested word, practical and visual aids

methods. Nowadays it is possible to obtain education by means of computer systems. M.A. Danilov (1899-1973), B.P. Yessipov (1899-1967) classified the methods used for reaching didactic goals. They are: study, working capacity and skills formation, use of knowledge, creative activity, improvement, check knowledge, capacity and skills.

**Conclusion.** The state and the nation are not the things which are made from steel and kept without changes, they are like living creatures that always develop. In order to survive they should be able to adopt to the directions of the time in various ways. New global tendencies have moved ahead from the old ones without asking anyone. Thus, obligation to modernize according to the time is urgent for all countries. If we develop our educational process correspond with the requirements of the modern time by means of new information technologies application, we will get lots of achievements. The time waits for no one, so renovation is also the process, which always continues. The main principle of development of our country is striving to renew in accordance with new conditions. In order to live we should learn to change. If we use properly and beneficially didactic possibilities of information and communication technologies, we are sure that we can develop up to date and achieve the top of education.

#### **List of Used Literature:**

1. Nazarbayev N.A. Innovations and development of teaching – economics of education // Lecture of President at Eurasian National University named after L.N. Gumilyov. Astana, 2006.
2. Yessengabylov I.Zh. Problems of using computer software in educational process. // «Europe and modern Russia. Integrative function of pedagogical science in the united educational space»: Materials of the IX International Scientific Conference, August 18-19, 2012, Madrid.: - M.: MANPO, 2012.- p 584.
3. Law “About Education” of the Republic of Kazakhstan. - Almaty, 2000.
4. Open education — objective paradigm of XXI century / Edited by V.P. Tikhonova. — M.: MESI — 288 p.
5. Romanov A.N. Technology of distance learning in the system of correspondence economic education. — M.: YUNITI-DANA, 2000. — p. 303.
6. Zh.S. Kazhiakparova, Karagandy, «Pedagogics» textbook.

### 3.17. The Development of Creative Thinking in Students

**Zh.A. Kasymbekov**

International Kazakh-Turkish University named H.A. Yassavi  
(Turkestan, Kazakhstan)

**M.K. Kekilbekova**

International Kazakh-Turkish University named H.A. Yassavi  
(Turkestan, Kazakhstan)

**S.B. Aknazarov**

International Kazakh-Turkish University named H.A. Yassavi  
(Turkestan, Kazakhstan)

Creativity is the process, which we use when we come up with a new idea. It is the merging of ideas, which has not been merged before. Brainstorming is one form of creative thinking: it works by merging someone else's ideas with your own to create a new one. You are using the ideas of others as a stimulus for your own.

Creativity is generally understood to be the creation of something that did not exist before. Creative thinking is often thought about as the process used to come up with something new although as discussed below creative thinking can in fact be defined from several different aspects.

One cannot teach you creative skills, but you can improve them by following the ideas on this page. This process does not require intelligence or even experience, although these qualities help put creative ideas into practice. There are several techniques which can help bring new and innovative ideas, approaches and information to the table and help build consensus. A lot of attention within the schooling years is focused on critical thinking but not so much on creative thinking.

Creative thinking is a way of looking at problems or situations from a fresh perspective that suggests unorthodox solutions. Creative thinking can be stimulated both by an unstructured process such as brainstorming, and by a structured process such as lateral thinking.

Creative thinking is a large concept in different areas of human life: psychology, methodology, business and management, public relationships. Creative thinking development is a really sharp and up-to-date question for teachers because we deal with young generation representatives, students. It is really important to incorporate elements of critical and creative thinking in ELT as in modern fast – developing world we have to change the mind and ways of thinking, we should teach our students to be called-for specialists and creative people.

Empowering the learning process in the formation of future professionals in the creative person requires a restructuring of all its components, and, above all, educational purposes. As part of the learning objectives must be designed mastery of knowledge, skills, and mastery of creative solutions to the problem of educational and professional activities,

in unity with the creative development of the individual, its values, motivation, skills and motivation of other properties. System of such purposes we have identified as an aspect of creative readiness of students for professional work [1].

More than 800 characteristics of the students, the separate fortune of the personality come into as a result of studying; their manifestations in educational and extracurricular activities were analyzed. The obtained data show that nature of assimilation by students of the same concrete section of pedagogical disciplines can actualize various properties of the personality and qualitative distinctions of their manifestation.

Special significance in experimental work was given during the analysis of various professional atypical situations. At this stage, the students studied the scheme of analysis of psychological and educational and occupational situations. The students were offered two types of situations: it is necessary to choose a professional and pedagogical decision or evaluate proposed.

An important characteristic of reflective regulation is applied stability test means and methods of realization. This follows from the definition of reflection, according to which the reflexive system is characterized by not only the formation process, but also its subsequent application in solving similar problems. Making the final compilation of the results obtained, it should first of all be noted that the figures obtained levels of creativity change under the influence of a reflexive mechanism. In the process of organizing relations between the specific situation of communication and personal worldview, which include a presentation about human relationships and the idea of the self, the subject chooses a particular principle, which gives a general plan for solving any problem situation and cognitive. There is a self-mobilization and self-organization of the subject in a problem situation in its resolution. The mechanism associated with the re-interpretation of reflection, change of personal relation of the subject to his or her own way he assumes to be successful in solving non-standard tasks [2].

Formation of abilities and skills of effective social behavior, optimizing communications capabilities determine the development of strategic, prioritized properties competitiveness.

To solve the problems, we used the following diagnostic methods: the «unfinished sentences », individual advice, tests - questionnaires.

Analysis of the results of training activities carried out "experimental" and "control» groups showed that the subjects revealed a significant difference. For students of the experimental group is characterized by taking the initiative, self-reliance, the use of a large number of sources, attention to controversial issues, the desire to present the main points of view. At classes of students from both groups were asked to compile a report, from their point of view, an interesting and relevant topic in psychology. Students from the experimental group took interest in the problem and asked questions. Students in the control group showed no special interest. In other words, in

the initial phase difference between the observed motivation. Therefore, the report prepared by the student in the experimental group, caused a lively discussion of the dispute. The student in this case, too, was very active, even in the discussion expressed original ideas. The characteristic features of the control group included: the desire to avoid work, passivity, lack of autonomy, the use of the preparation of the report or a textbook, at best, 1-2 additional literature, short and dry discussion, no problems, discussion of findings and proposals. The reaction to remarks of fellow students depended on individual and psychological features, the positions were not defended and proved, sometimes even under the influence of statements of fellow students they were refused.

Creative tasks have been developed on the basis of tests Torrance-Gilford. For students of the experimental group is characterized by the use of a large number of classes of phenomena (flexibility), wide associative relationships, the desire to go beyond the instructions, originality of answers, the creative direction of the work. The results of this group for all parameters were significantly higher than the results of the opposing control group [3].

In solving the psychological and pedagogical problems the students of the experimental group formed different types of productive thinking steps: forming the goal, planning, evaluation, etc. The analysis, comparison, and selection were carried out mainly on their new, original criteria.

Solutions differed with novelty, surprise and originality. Students of the control group suggested, usual, template, stereotyped, easily predictable solutions. These results emphasize the focus on the implementation of productive mental actions in the subjects of the experimental group.

The study found that the experimental group leading motives are cognitive. Manifestation of the strongest links between the motives was the motives of the dyad: cognitive - professional, informative - personally prestigious. The students of the control group leading motives: social identity - professional, social identification - cognitive. Students of the experimental group showed the desire not only to learn something new, but also to learn it independently, focus on the transformation of their own activity, that is, the manifestation of creative motivation. Also revealed levels of creative motivation: stable and unstable. For students with a sustainable level of motivation is characterized by the pursuit of creative activity and in terms of academic work, and in the conditions of the experiment. For students with unsustainable levels of creative motivation manifestation of creative possibilities took place in fixed when solving some complex tasks, or the introduction of a strong external stimulus. The development of a certain level of creative motivation is the result of peculiarities of the relationship between the motifs in the structure of motivation [4].

The content of pedagogy objectively the role of culture- opening functions of school and education, humanist aspects of the profession of the future specialist. The idea of a modern course in pedagogy for teaching - the identity of the modern student.

Thus, to replace non-personal, sexless, abstract pedagogy, which until recently was taught in high school, come personality- oriented discipline in which the central place is occupied by the personality of the student, teacher personality, the personality of the scientist - teacher. This allows stimulating the leading teacher for identification of the problem in the new conditions the knowledge and the development of individual tendencies and characteristics of students, creating favorable conditions for the development of all essential for individuals and their self-development.

We may define creativity as “the ability to produce something new through imaginative skill, whether a new solution to a problem, a new method or device, or a new artistic object or form. The term generally refers to a richness of ideas and originality of thinking”. As applied to education, we may see this broadly as the developing of creativity in teachers, and the developing of their skills in developing the creativity of learners.

Creativity has been identified as a key skill for the 21st century. Education systems are being encouraged to find ways of developing learners’ creative thinking, collaboration and ability to implement new ideas. Teachers need the skills to develop their learners’ creativity and to employ creativity in their own professional development.

#### **References:**

1. Jones T.P. Creative learning in perspective. – London Press, 2008. - 443 p.
2. Barron F. Putting creativity to work // R. Sternberg, T. Tardif (Eds.). The nature of creativity – Cambridge Press, 1998. – P. 76- 98.
3. Torrance E.P. The Torrance Test of creative thinking: Technical-norm manual. III, 1994. – 315 p.
4. Sternberg, Robert J. (ed.) Handbook of Creativity. – Cambridge: Cambridge University Press, 1999. – p. 301.



### **3.18. Рухани жаңғыру аясында өлкетану жұмыстары арқылы патриотизмге тәрбиелеу**

#### **Айгүл Жапарбекқызы Қасаболат**

педагогика ғылымдарының магистрі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, әлеуметтік және гуманитарлық факультетінің аға оқытушысы  
(Қостанай қ., Қазақстан)

#### **Шолпан Жұмағалиқызы Оспанова**

Қостанай гуманитарлық колледжі, жалпы қоғамдық пәндер мұғалімі  
(Қостанай қ., Қазақстан)

#### **Сайлау Жеңісұлы Досмағанбетов**

Қостанай гуманитарлық колледжі, жалпы қоғамдық пәндер мұғалімі  
(Қостанай қ., Қазақстан)

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бет бұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету арқылы жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру басты міндетіміз болып қала бермек. Отаншылық, Отансүйгіштік, Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Патриоттық тәрбиенің күре тамыры Күлтегін, Тоныкөк, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. батырлар ісінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда негізгі орын алады.

Сонымен қатар, ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда Аймауытов Ж., Әл-Фараби, Байтұрсынов А., Баласағұн Ж., Бөкейханов Ә., Гумилев Л.Н., Диваев Ә., Досмұхамедов Х., Дулатов М., Қашқари М., Құдайбердиев Ш., Левшин А., Потанин Г.Н., Радлов В.В., т.б. мәдени мұралары шешуші рөл атқарады.

Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің даму мәселелері, патриоттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық қырлары Әлмұхамбетов Б.А., Бержанов Қ.Б., Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ., Құнантаева К.Қ., Сейдахметова Л., Сембаев Ә.І., Сытдықов Ә., Тәжібаев Т., Нұрахметов Н.Н., еңбектерінде баяндалған.

Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі екені Ілиясова А.Н., Байсерке Л.А., Бейсенбаева А.А., Жампейсова Х.Қ., Ким А., Көшербаева А.Н., Майғаранова Ш., Нұрғалиева Г.Қ., Орынбасарова Э.А., Төлеубекова Р.К., т.б. еңбектерінде зерттелген.

Патриоттық тәрбие берудің этникалық және ұлттық негіздері Бейсембаева А., Ғаббасов С., Джаңабаева Р.А., Ешімханов С.,

Жұмаханов Ә., Измайлов Ә., Қалиев Ж.Қ., Қожахметова К.Ж., Құсайынов А.Қ., Наурызбай Ж., Рождественская Р.Я., Сухомлинский В.А., Таубаева Ш., Ұзақбаева С.А., т.б. зерттеу еңбектерінде жүйеленіп берілген.

Бүгінде тәуелсіз елге тән барлық құндылықтарымыз бар. Сол құндылықтарға сай патриотизмнің де бар екені анық. Қазақ елі қазір өркениетті елдерімен иық теңестіруге, дамудың жаңа сатысына көтерілуге талпынуда. Дегенмен, жаһандық өзгерістерге сай болу үшін алдымен ұлттық ерекшелігімізді сақтай білуіміз керек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық құжатының түйіні – осыда. Енді рухани жаңғыруға да баса назар аударылуы керек. Бұл жаһандану дәуірінде тек өзімізге ғана тән ұлттық кодымыздың болуы керектігін білдіреді. Яғни, дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық болмысымыз бен құндылығымыз, тарихымыз бен мәдениетіміз сақталуы керек. Рухани жаңғыру тұсында «Туған жер» бағдарламасының да маңыздылығы арта түседі. Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертеді. Ал, ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс. Себебі, өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі. Осы кезекте ұлттық код өлкетәу жұмыстары арқылы жүйелі жүргізу тиімді. Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына деген сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл ұғымның мағынасы терең, ауқымы кең. Өз Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір – қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындықтарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде оған деген мақтаныш сезімі оянады. Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипатына келер болсақ, ол ең алдымен, тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесі арқылы айқындалады. Патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады. Біріншіден, ол өзара байланысты құндылықтардың белгілі бір құрылымын иеленеді. Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның міндеттерінен көрінетін өзіндік белсенділік тән. Үшіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – өзіне тән басқару тетігі, субъектісі мен объектісі, басшылық құралдары мен әдістері бар, өзін-өзі басқаратын жүйе. Төртіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – уақыт пен кеңістікте дамып отыратын жүйе. Бесіншіден, патриоттық тәрбие жүйесі оқшау емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда да, табиғи жағынан келгенде де басқа жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің

ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың санасында табиғатты сүйюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады. Өлкетану мектеп пен өмірді өзара байланыстырады. Мектептегі өлкетану жұмысының даму тарихы төмендегідей:

1. XIX-ғасырдың екінші жартысынан бастап табиғат пен өлкетануды тарихи-экологиялық ұстаныммен бірге байланыстырды. Сонымен бірге оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс пайдалану қажеттілігі туындады.

2. Табиғат пен өлкетануды, тарихты байланыстыра оқыту (білімді жетілдіру, икемділікті қалыптастыру) және тәрбиелеу (табиғатқа деген қарым-қатынасты қалыптастыру) жұмыстары негізгі орынға қойылды.

3. Натуралистік өлкетануды оқытуда сабақтан тыс жұмыстарда өлкетану жұмысының түрлері: саяхат, жорық, экспедиция, фенологиялық бақылау, өлкетану бұрыштарын ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатты.

4. XX-ғасырдың басында өлкетану жұмыстары биология, география, табиғаттану пәндерімен байланысып, айнала қоршаған табиғи ортаны танып-білуге кешенді әдістемелер ұсынылды.

5. XX-ғасырдың аяғында жалпы педагогикалық зерттеулерде өлкетану жұмыстары әдістемелік жүйеде жүргізіліп, оқушыларды тәжірибелік жұмыстарға, яғни табиғатты қорғау істеріне жұмылдыру жұмыстары жүргізілді.

Елінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу қажет. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдары көп.

**Өлкетану** – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың туған өлкесінің (мектеп маңын, ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, Қазақстан) табиғи, тарихи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын жан-жақты зерттеуі. Осы арқылы оқу мен тәрбиені өмірмен, қоршаған ортамен тығыз байланыста қарастыруға болады.


**Өлкетану негіздері дегеніміз** – өз өлкеңді (ауыл, аудан, қала, облыс, республика) жан-жақты тану, оның қоғамдық өмірін, географиялық, экологиялық, экономикалық, демографиялық және табиғи, мәдени ресурстарын есепке алып зерттеу. Өлкетанудың білім беру сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану жұмыстары оқушылардың оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, оған қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан өлкетану жұмысының ерекшелігі – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ететіні. Бүгінгі таңда жас

ұрпақты өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін білетін тұлға етіп тәрбиелеуде және оқытудың сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Қазір Республика мектептерінде өлкетану жұмысы жақсы жолға қойылған және жан-жақты өркендеп келумен қатар теориялық, әрі практикалық маңызы зор. Бұл балалар ұжымын құру мен оқу-тәрбие жүйесін жақсартуға мүмкіндік беретін жұмыстың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Өйткені ғылым мен техниканың барынша қарыштап дамыған қазіргі кезеңінде жан-жақты білімнің керектігін өмірдің өзі көрсетуде. Сондықтанда оқушыларға тек қоршаған орта мен туған өлкенің табиғатын өз көздерімен көріп, оның шежіресін өз қолдарымен жазу, оның қиыншылықтарын ұжым болып жеңе білу зор қуаныш әкеледі.

Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Өлкетану жұмыстарымен айналысқан мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, экологиялық білім мен тәрбие беруде нақтылық пен сенімділікті енгізеді. Өлкетану – бұл білім жетілдерудің ең тиімді жолы.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс қабылдауға, оның заңдылықтарын сақтауға, тікелей бақылау жасауға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады.

Тәжірибе барысында дәлелденгендей біз тақырып аясында зерттеу жұмыстарын жүргізгенде облысымызда орналасқан «Өлкетану» мұражайына зерттеу жұмысын өткіздік сол бойынша дүниетанымдық көзқарас өлкетанудың атқаратын қызметін былайша топтастырдық.



1. Мәдениетті қалыптастырады. Өлкетану жас ұрпақтың адамзаттың тарихи ескерткішін, әсіресе тәрбиелі адам жанының өзегін оятатын рулық, аймақтық ескерткіштерді сақтау және игеру міндетін шешеді. Олай болса, өлкетанусыз адамзаттың тіршілік етуі мүмкін емес. Адамның адам болып қалыптасуы үшін әр адам үнемі әлеуметтік-

мәдени дамудың үрдісіне ілесіп, адамзат қоғамы жасаған мәдени үлгілерді өз бетімен меңгеруі қажет.

2. Мәдениетті біріктіреді. Өлкетану өлке тұрғындарын тірі әлеуметтік ағзаға біріктіруді қамтамасыз етеді. Өлкетанумен айналысатын адам ата-бабаларымыздың еңбегін жалғастырады және ұрпағының рухани ой-өрісін қалыптастырады. Олай болса, өлкетану адамның өмірге белсенді, саналы көзқарасын қалыптастыру тәсілі, бір жерде тұратын адамдарды жаппай өзіндік ұйымдастыру тәсілі болып саналады.

3. Тәрбиелей. Өлкетану әр дәуірдегі ұрпақ өкілдерінің рухани байланысын қамтамасыз етеді. Ол ата-баба мұрасына сыйлы көзқарасты қалыптастырады. Өлкетану әрбір ұрпаққа тарихи келешектегі өз орнын және алдында тұрған міндеттерді саналы түсінуге мүмкіндік береді.

4. Білім беру Ағарту. Өлкетану ғылым мен ағартуды, мәдениетті байланыстыра отырып, үнемі әртүрлі формада насихаттау, таныту іс-әрекетін атқарады. Және бұл іс-әрекет өлкетануда ғылыми-зерттеумен қатар емес, онымен тығыз байланыста жүзеге асырылады, яғни өлкетану сабақтары жай ғылыми зерттеу емес, ол адам сол арқылы өзінің халық тағдырымен байланысын сезінгенде ғана табысты болады. Сондықтан нағыз өлкетанушыда әрқашан алдыңғы ұрпақтың мәдени мұрасын игертуге көп адамдарды тарту қажеттілігі артып отырады. Осындай мектепте тәрбиеленген адам шынымен білімді болады. Ол өз елінің мәдениетін білетін және дамытатын болады, сонымен бірге басқа мәдениет өкілдеріне аса құрметпен қарап, ешқашан басқа мәдени ескерткіштерді жоймайтын болады. Осы мектептен өте отырып, адам мәдениеттің тарихи қалыптасуына өзінің үлесін қосады, сол арқылы сый-құрметке, беделге, шынайы зиялылыққа ие болады.

5. Адамгершілік. Адамгершілік борыш сезімін қалыптастыру – өлкетану іс-әрекетін маңызды ынталандырушы күш. Адам өзінің кәсіби қызметінің туған жердің тарихымен, тағдырымен байланысын сезінгенде және тарихи ескерткіштерді сақтаудың жауапкершілікті іс екендігін мойындағанда ғана өлкетанумен айналысады. Өлкетану арқылы туған жердің тарихи ескерткіштерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы адамдар бір топқа бірігетін болса, ол қозғалысшылардың ағартушылық және ұйымдастырушылық жұмысының арқасында мүмкін болады, мұның өзі басқалар үшін адамгершіліктің үлгісі болып табылады. Өлкетануды оқу қажет емес, өлкетанушы болу керек. Ол үшін рухани дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізу қажет, сонда өлкетанумен айналысу адамгершілік қажеттілікке айналады. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың санасында табиғатты сүйюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады. Өлкетану мектеп пен өмірді өзара байланыстырады.

**Өлкетану** – жергілікті белгілі бір шектелген өңірді немесе еліміздің шағын бөлігін зерттеу. Оқушылар өз өлкесінің өлкетану жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастайды. Оқушыларға өлкетану негізінде білім беру олардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру оқушыларға отаншылдық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық тәрбиелерді берумен үнемі жүріп жатады. Бұл аталған тәрбиелер біріншіден, оқушыларға өлкетану, атамекен, халық педагогикасы жайында түсінік бере отырып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін оятады.

Екіншіден, оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын педагогикалық шарттарды анықтайды және оны жаратылыстану пәндерін оқытуда жүзеге асырылады.

Кез келген мектеп пәнін туған өлке, туған қаладағы белгілі адамдар, ғалымдар, жазушылар, өнеркәсіп, өнер, табиғат, деректі мысалдармен түсіндіруге болатынын білеміз. Себебі, оқытуда нақты фактілерді ұғынудан оқушы санасында белгілі түсінік қалыптасады, ойлау логикасы күшейеді, танымдық қызығушылығы артады.

Өлкетану қай кезде де мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып қала береді. Ол оқу материалын нақты фактілермен толықтыру арқылы оқу процесін қызықтыруға әсер етеді, теориялық білімнің түйсікті қабылдауына әсер етеді, мектепті өмірмен байланыстырады. Бүгінгі күні өлкетану негізінде экологиялық білім берудің орны жоғары дегенмен, өлкетану материалдарын оқу процесінде пайдалану әрбір мұғалімнің міндеті болып табылады. Бұл жұмысқа көптеген педагогтар әлі де дайын емес.

Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Туған жерінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу керек. Тек халықтың еңбек әрекетін, қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, таулы, далалы жерлерінде не болып жатқанын білу қажет.

Туған өлке туралы нақты білімге негізделе отырып, оқушылар өскен жерінің табиғат құбылыстарын бақылауға төселіп, оның ғажайып сырларын ашады, еңбекке деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді, қоғамына, еліне кішкене болса да пайда келтіруге деген ынтасын оятып,

қоршаған орта заңдылықтары мен құбылыстары жайлы түсінігін кеңейтеді. Өлкетану мектеп пен өмірді байланыстырады. Өлкетанудың тағы бір жетістігі – мұғалімдер мен оқушылардың ізденіс, шығармашылық жұмыстарға тікелей қатысуы болып табылады. Сабақта өлкетану материалдарын пайдалану оқушылардың ерік-жігерін, тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын артыра түседі; берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойылған мақсатқа жетудегі табандылық, тапқырлық, шыдамдылық, батырлық, ұқыптылық, байқағыштық сияқты мінездердің құнды сапаларына дағдыландырады. Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс қабылдауға, оның заңдылықтарын сақтауға, тікелей бақылау жасауға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады.

Ғасырлар бойы адамзаттың озық ойлы өкілдерін ойландырған дүниетаным мәселесі бүгінгі таңда да көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Сол себептен де жас ұрпақтың дүниеге көзқарасын жас кезінен қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселе.

Зерттеліп отырған мәселе күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын терең қамтып шығу мүмкін емес. Бірақ бұл мәселенің айқындалған жағдайлары болашаққа өлкетану негізінде ұлттық тәлім-тәрбиеге баулу, патриотизмге баулу арқылы орта мектеп, педагогикалық колледж, оқушыларының, жоғары оқу орны студенттерінің дүниетанымын қалыптастыру мәселесін зерттеуге негіз бола алады деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Толығырақ <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.
2. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан. 1999. 116 б.
3. Курманов М.К. Краеведческая работа учителя. – Алматы. 2005. – 91 б.

4. Иванов П.В. Краеведческая работа учителя. – М.: Дарина, 2005.  
56 б.

### **3.19. Тұлға теориясы мен зерттелу бағыттары**

**Анар Шынболатқызы Танирбергенова**

п.ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Клара Конаровна Базарбаева**

п.ғ.к., доцент. Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Даурен Бурибаев**

«Тұран-Астана» университетінің магистранты  
(Астана, Қазақстан)

Қазіргі заманда тұлға проблемасымен тек қана психологтар ғана емес, сонымен қатар философтар, педагогтар, биологтар, социологтар да айналысады. Сондай-ақ, қазіргі заман тұлға теориясы, оның қалыптасуын дамуын қаншалықты зерттегенімен “Тұлға” деген түсінікке нақты барлығы бірдей қабылдаған түсінік әлі де қалыптаспаған. Берілген тұлға теориясының әрқайсысы бір-бірімен методологиялық құрылымы жағынан өзгешеліктері бар.

Тұлға теорияларының ең біріншісі психоаналитикалық теория. Оны құрған австриялық психолог Зигмунд Шломо Фрейд (1856-1934) көптеген психологтар Зигмунд Фрейдтің теориясын қолдау немесе сынау арқылы тұлға, адам жөнінде өз түсінігін қалыптастырады. Фрейдтің теориясы ең бірінші шетел психологиясында тұлға экспериментальдық және теориялық зеттеулер жүргізуге түрткі болды. Фрейдтің тұжырымдауындауынша тұлғаның құрылымында белгілі–бір күш бар. Ол күш адаммен анықталады. Онымен екі қажеттілікті анықтайды. Олар адамның психологиялық әрекетін анықтайды. Оның екі түрі бар; бірі құмарлық, екіншісі агрессия. Құмарлыққа байланысты қажеттіліктер сырқы ортаның әсерінен санасыз түрде қалып қояды. Сонда да ол симпатикалық түрде келіп отырады. Фрейд тұлғаның құрылымында үш компоненті бөліп көрсеткен. Олар мыналар:

1. Ол – санасыз түрде болады (инстинкт түрткі және қажеттілік). Бұл өнім жануарлардан келген биологиялық тәжірбие.

2. Мен (Оның) - бұл адамды қоғам талаптарын орындауға және норманы орындауға бағындырады.

3. Супер оның (Ең жоғарғы мен)-Бұл саналы және санасыз деңгейде көрсетілуі, яғни ата-ананың, мұғалімнің жалпы қоршаған ортаның бала психикасына әсер етуі



“Оның” үнемі жан-жал күйінде болады. “Ол” және “Супер оның” талаптары бір-біріне сәйкес келмейді. Сондақтан оған мына жағдай тән; қанағаттанбау, алаңдаушылық, уайым – қайғы және т.б.

Адамда “Ол” және “Супер оның” үресі үнемі болып тұрады. Соған байланысты “Мен” өзіне айтулы қорғаныс механизмдерін қалыптастырады. Олар: 1. Келіспеушілік – мына жағдайдан туады; шындық адамға ұнамаса, мәселен, өзіне келіп түскен сынды мойындамау немесе адам ауырғанда ауруын сезінсе де айтпайды, яғни мойындамайды. 2. Үстем күш – “оның” ішкі импульсы жағынан қорғалған және “Супер оның” (Ең жоғарғы мен) жағынан келетін қатер.

4. Қорғаныс механизмі – бұл рационалдық, яғни қандай да бір іс-әрекет істеген (қалып нормасына әсер ететін), бірақ оларды анықтауға тырысатын адам.

5. Қалыптасатын реакция - кейбір кезде адамдардың мінез-құлығының түрлеріне болады.

6. Проекция - әр адамда өзіне ұнамайтын қылығы болады және ол оны басқа бір адамдарға санасыз түрде асыра суреттейді.

7. Интеллектуализациялық – интеллектуалдық терминдер арқылы эмоциональдық күш көрсету жағдайынан құтылуға әрекет жасау.

А.К. Юнгтің анықтауы бойынша адам психологиясында үш деңгей бар:

- 1 деңгей - ес,
- 2 деңгей - өздік санасыздық,
- 3 деңгей – ұжымдық санасыздық.

А.К. Юнгтің мұндағы еңбегі – ол типологиялық тұлғаның негізін құрды (интроверт пен экстравертті бөлді) және ол бұлардың туа пайда болатынын анықтады.

XX–шы ғасырдың I-ші жартысында жана тұлға концепциясы шыға бастады. Онымен бірге персоналдық деген атпен белгілі болды. Бұл бағыттың негізін қалаған: Карл Роджерс, Абрахам Маслоу, Тердон Алпорт. Онда тұлғаның феноменіне анықтама берді, яғни тұлғаның өткенімен болашағына болжау емес, қазіргі кездегі деңгейін зерттеуді ұсынған. Гуманистік теорияның басты негізі өмір түсінігі, тұлға құндылықтары. К. Роджерстің пікірі бойынша әрбір адамның өзіндік ішкі ұмтылыстары болады.

Ең алғаш құндылықтар бала ағазының ішінде болады, ал өсе келе күрт өзгеріп кетеді. Роджерс ұсынған тұлғаның өзін-өзі белсендендіру критерийлері:

1. Шындықты батыл қабылдау және оған өзін-өзі дайындау қабілеті
2. Өзін немесе өзгелерде қандай болмасын сол қалпында қабылдау
3. Ойы мен сезімінің жылдам болуы
4. Әділ сезімнің болуы
5. Жағайдың жайсыздығы

6. Қоршаған ортаның адамдарымен мейлі барлығымен болмасада, достық қарым-қатынаста болуы

7. Өмірге ашық көзқарасымен қарау және дүниені өз көзқарасымен бағалай алу.

А. Маслоу осы критерийлерді қозғайды оның пікірі бойынша өзін-өзі бағалай білетін адамдар осы критерийлерге берік болып келеді. Олар үшін осы критерийлер ең құнды. Бұл тұлғалардың құндылықтары: сұлулық, шындық, қарапайымдылық.

Г. Олпорт адамды қиын, күрделі ашық жүйе ретінде қарастырады. Адамның дамуы басқа адамдармен қарым қатынасына байланысты. Оның түсінігі бойынша адамның белгілері . Бұл осы шаққа әсер ететін іс-әрекет түртікісі.

Когнитивтік тұлға теориясы 50-60-шы жылдары пайда болды осы теорияны жақтаушылардың пікірі бойынша адамның іс-әрекеті психикалық көріністерін ішкі құрылымына байланыстырды. Когнитивтік тұлға теориясының негізгі өкілдері: М. Аизинг, Д. Келпи, М. Махони, У. Найссер. Бұл теорияның негізгі анализдік пәні – жеке дара адам.

XX ғасырда бихевиористік бағыт пайда болды. Оның өкілдері психологияның негізгі пәні психика емес қарапайым мінез – құлық деп түсінді.

Э. Торндайк адамның іскерлігін жануарлармен салыстыра суреттеуіне қарсы шықты. Ол үш сандылықты бөліп көрсетті

1) Жаттығу заңы - орындалған іс-әрекет қаншалықты ұзақ болса, соншалықты берік бола бастайды.

2) Эффект заңы – марапаттау мен мадақтаудың ролы.

3) Дайындық заңы - қандайда бір іс-әрекетке адамның дайын болуы.

Е. Торндайктың негізгі еңбегінің жемісі мынада Ол ең алғаш іс-әрекет мәселерінің мотивациясын қойды. Бихевиористік бағыттың негізгі өкілі американдық психолог Д. Уотсон. Оның ойынша кез-келген тірі ағзаның басқа бір ортаға қалыптаса бастауында ең алғаш оның мінез-құлқының өзгешелігін зерттеу қажет. Д. Уотсонның негізгі тезисі – анықталатын мінез-құлық тек қана сырқы жағдайлармен стимулдармен анықталады. Ол ешқашанда ес пен психиканы бір тұтас деп қарастырмаған. мінез-құлықтың барлық формасы психикалық көріністер генмен берілмейді, ол бағытталған сыртқы іс-әрекеттер арқылы пайда болады.

Тұлға психологиясы сыртқы елдерде аса маңызды орынға ие.

Тұлға деген не? Тұлға латын тілінен аударғанда “persona” маска деген мағынаны береді. Көп мағаналы мәні бар тұлға психологиясын түсіу үшін осы саланы зерттеушілердің көзқарасына көңіл бөлейік. Мәселен К. Роджерс тұлғаны – ұйымдасқан ұзақ уқтылы шындықты субъект түрінде қабылдайтын организмнің ең жоғарғы даму шегі ретінде анықтаған.

Эриксонның түсінігінде, жеке дара өзінің өмір жолында бір қатар психиоәлеуметтік дағдарыстан өтеді және оның тұлға ретінде дамуындағы әртүрлі дағдарыс функцияларының әсерінен болады.

Осы анықталған тұлға теорияларының ортақ тұжырымы:

Көп анықтамаларда жеке дара сөзінің мағанасы мен жеке дара ерекшеліктері көрсетілген әр тұлғаның өзіндік қасиеттері болады. Сол қасиетінің арқасында адам басқа адамдардан ерекшеленіп тұрады.

Жеке тұлға тұқым қуалаудың, ортаның және тәрбиенің әсерінен дамып, қалыптасатын индивид екені ғылымда аталған. Бұл тұста даму деп отырғанымыз адам ағзасында зат алмасу процесіне байланысты өз бетімен жүретін заңды құбылыс. Басқаша айтқанда табиғи берілген қасиеттердің ішкі қуат әсерінен өз бетімен қайталану процесі. Адам ағзасындағы даму менқалыптасу процесі де орын алады. Ол ағзаның даму кезінде сыртқы күштердің әсеріне жауап беру, ыңғайына көну, бейімделу мүмкіндігінен болатын құбылыс.

Демек, даму жеке тұлғада өз бетімен ата тек белгілерін қайталай жүретін табиғи құбылыс болса қалыптасу орта, тәрбиелерің әсерінен өзгеріске түсетін, жанаратын күрделі құбылыс.

Идеологиялық жүйе тұлғаға өте қатты әсер етеді. Оның психологиясына, дүниетанымына, жеке тұлға және адамның қоғамдық орнының қалыптасуына әсер ете алады. Сонынымен қатар тұлғаның қалыптасуына қоғамдағы топтардағы қатынастарда әсер етеді. Тұлға – бұл жеке дара адам, нақты қызмет түрімен айналысатын, қоршаған ортамен қарым –қатынас орнататын қоғамның мүшесі.

Қоғам тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Қоғамсыз, қоғамдық топсыз адам жеке тұлға бола аламайды. Адамды табиғат жаратады, Қоғам қалыптастырады. Адамның тұлға болып қалыптасуынан ішкі және сыртқы күштер әсер етеді. Сыртқы күштің әсерінен тұлғаның мінезі қалыптасады. Сыртқы факторлардың әсерінен адам тұлғаға айналады. Ішкі күштің әсерінен тұлғаның қалыптасуы сыртқы күштің әсерінен дамып қана қоймайды оған ішкі жағдайлар да әсер етіп отырады. Оның түрлері:

1) Тұрақсыздық – тұлғаның дамуындағы мынаны білдіреді: Адамның дамуы индивидуалдық және психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, бір адам екінші бір адамға қарағанда жылдам дамуы мүмкін.

2) Интеграция – тұлғаның дамуында мынаны білдіреді: адамның ішкі мүшелерінің мүмкіншіліктері, яғни олар тұлғаның қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Адамның анықталған гинетикалық немесе психофизикалық жетіспеушіліктері не ерекшеліктерінің болуына қарамай тұлғаның қалыптасуы мен дамуында нақты немесе бағытталған мобилизация және ағзасына көмектесу, жағдай жасау арқылы адам кеш те болса да жеке тұлға болып қалыптасады. Адамның тұлға ретінде дамуын бір жағынан оның ерекшелігін қадағалап отыруға болады, екінші жағынан, адамның оқу және тәрбиелену процестеріне

белсенді түрде әсер етуге болады. Тұлға психологиясының даму факторы – тұлға дамуының психологиялық дамуы да ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Сыртқы факторларға қоршаған орта, қоғам әсер етсе, ал ішкі факторға адам дамуының биогенетикалық және физиологиялық ерекшеліктері кіреді. Тұлғаның дамуындағы алғашқы физиологиялық ішкі және сыртқы қалыптар нақты әсер етеді.

Сыртқы қалып – тұлғаның психологиялық дамуына қатысады, яғни адамды тәрбиелеу және оның құндылықтары.

Ішкі қалып – тұлғаның психологиялық дамуына қатысады және оның белсенділігі мен қалауы, сонымен қатар тұлға болып қалыптасуындағы түрткі мен мақсат.

Осы жағдайда адамның анатомды-физиологиялық талаптары тек қана ашылмай, дами түседі, нақты функционалды механизмдер және нейродинамикалық ұйымдар құрылады, адамның адамның психикалық дамуына әрекетін қамтамасыз етеді және сол жүйедегі тұрақты физикалық қасиеттер тұлғаны саналы әрекет субъектісі және әлеуметтік үдерістердің белсенді қайраткері ретінде құрастырылады.

И.П. Павлов адамның мінез бітістерін жоғары нерв қызметінің тұрақ қасиеттері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша нерв байланыстарының өзіндік «құйындысы» деп түсіндіреді.

Адам психикасы ең жоғары ұйымдасқан жануарлар психикасынан ерекшеленеді ол өзі сана болып табылады. Ал адам мен жануарларға тән қасиеттерге келсек, олар адам санасының құрама бөлігі болып, бағынышты сипатта болады. Адамның рефлекторлы актісі де саналы іс-қимылдың жүзеге асуының өзіндік механизмі және тәсілі ретінде болады. Жануардың дәл акті күрделі инстинктивті іс-қимылдың құрамына ғана кіріп, тек қызмет етеді. Сана - адамның тұлға ретіндегі мінездер, жағдайлар, барлық психикалық процестердің біркелкілігі. Санаға анықтама бергенде біз оның адамның айналадағы ортаны психикалық көрінісінің жоғары деңгейі екенін, оның белгілі бір түсініктемелер мен бейнелер арқылы көрініс табуын ескереміз. Сана-адам танымының барлық формаларының біркелкілігі мен оның қарым-қатынасы болып табылады. Сезім, жад, ойлау, көңіл, арман, қызығушылық, принциптілік және басқа да психикалық процестер, адамның қасиеттері - сананың көріну формалары.

Сана - адам танымының барлық формаларының біркелкілігі мен оның қарым-қатынасы болып табылады. Сананың көріну формалары қарым-қатынас кезінде барлық психикалық функциялардың дамуы адамға сыртқы әлемнің ішкі көрінісінің, моделінің деуге де болады, қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл моделінің бағыттауыш әсері адамның өзін ұстауында сана боп көрініс табады. Объективті әлем адамға әсер еткенде оның санасында идеалды болып, ал сана идеал күйінен реалды іс-әрекетке айналады. Отандық психологияның негізгі принциптерінің бірі- сана мен іс-әрекеттің біркелкілік принципі, олардың

өзара қарым-қатынаста болуын тұжырымдайды: адам іс-әрекеті оның сананың құруын анықтайды, ал сана адам іс-әрекетін реттеп, оның сыртқы әлемге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Сана іс-әрекеттің ішкі жоспарын, оның бағдарламасын құрады. Санамызда болмыстың динамикалық моделі синтезделіп, оның көмегімен адам қоршаған физикалық және әлеуметтік ортада бағыт тауып, өмір сүреді. Сана – алдын ала ойлау, іс-әрекеттерді құру, олардың салдарын көру, адамның өзін ұстау, бақылау және басқару, адамның ішкі дүниесінде және айналадағы ортада ие болып жатқанын есеп беру қабілетін анықтайды. Адамның сананы қолдануы еңбек процесі аяғында адамның елесінде болған нәтижені алуға мүмкіндік береді. Жануарларға қарағанда адам тек түрге тән өзін ұстау, бағдарламаны жүзеге асырып қоймай биологиялық қажетіліктерімен анықталатын жаңа мақсаттар мен тапсырмаларды өткізу арқылы өз бағдарламасын ұсынады. Саналы, мақсатталған адамның өзін ұстауы сыртқы әлемнің ішкі моделі арқылы мүмкін. Осы моделдің шеңберінде ойлау басымдылық іске асады, ол болып жатқан жағдайды өткенмен салыстырып және болашақ өзін ұстау мақсаттарын айқындайды.

Осылай алдын – ала ойлау – іс-әрекеттің нәтижесі, оның болғанына дейін елестету – реалды және болуы мүмкін жағдайлар арасындағы айырмашылықтарының минимизация арқылы мақсатқа жетудегі сатылы бақылау жүзеге асады. Барлық белгіленген әрекеттерді реалды жүзеге асыру қажеттіліктің алдында ішкі моделінің артықшылығы, ол адамның бұрын тәжірибесі жоқ, белгісіз салада жаңа тапсырманы шешу үшін оқытудың тасымалдануына мүмкіндік береді, егер жаңа тапсырма бұрын болған тапсырмамен қандай да болсын ұқсастықтар болған жағдайда. Осындай оң тасымалдау адамның әр текті салаларда өз тәжірибесінің болуын қамтамасыз етпейді, және адамның айналасындағы ортаға бейімделуін жақсартады. Бірақ моделмен динамикалық процестерді талдау негіздегі ойлау экспериментке сүйену жақсы нәтижелі болады, тек сол жағдайда, егер сыртқы орта тез өзгермейтін болса, себебі кез-келген модел инерционды, ал егер сыртқы орта өте өзгермелі болса, онда модельге сүйене отырып жасалған болжам қателіктерге алып келуі мүмкін.

Тұлғаның психологиялық даму деңгейі – адамның даму кезеңінің әрбір қалыптасу процестерінің деңгейі мен көрсеткіші.

Тұлғаның белсенді даму кезеңі бұл адамның әртүрлі шешімдері. Мәселен, өз бетінше шеше алу деңгейінің көрсеткіші, яғни оның ұйымдастыра алушылық қабілетін және іскерлік деңгейінің қаншалықты екенін, тұлғаның құндылықтары және қаншалықты дамығанын анықтайды. Қазіргі заманғы қолданбалы тәжірибелік зерттеулер адамның психологиялық даму жағдайын оның маңызды мінездері туралы нақты ақпараттардың көмегін бере алады. Адамның даму деңгейі сонымен қатар бір шешімді өз бетінше шеше алмауын да

қарастырады. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері белгілі бір анықталған бағыттарда және заңдылықтарға байланысты дамиды.

1. Тұлғаның танымдық және эмоционалды дамуы. Бұл сфера тұлғаның даму процесіндегі оқыған немесе жинақталған тәжірибелерінің интеллектуалдық эмоционалды қылығымен анықталады. Бұл үдеріс мына бағытпен жүреді. Ойлау қызметінің күрделенуіне қоршаған дүние және әлеуметтік орта жалпы интеллектуалдық құрылымының қалыптасуына: эмоция, сезім және жігер тұлғалық дамуға әсер етеді.

2. Тұлғаның мінезі мен іскерлігінің бағытының дамуы. Тұлғаның пайда болуын, құрылымын және мотивациялық қажеттіліктерін қиындауын оның бағыттылығын сонымен қатар адамның мінезі және іскерлігінің даму барысындағы ерекшеліктері мен доминанттағы даму белгіліріне зерттеу және мінездеме беруге болады.

3. Тұлғаның психологиялық даму құрылымының қызметі түрткі мен мақсаты арасындағы өзгерісі, опереционалды жағынан адам қызыметінің қиындығынан дамиды.

Тұлға қоғамда белгілі-бір орын алады, белгілі – бір қоғамдағы пайдалы қызмет атқаратын және өзіне тән индивидуалдық және қоғамдық психологиялық ерекшеліктерімен ерекшеленетін индивид.

Индивид - адам түсінігінде екі ұғымда бейнеленеді:

1. Адам басқа тірі дүниенің өзіне тән өкілі, фило және онтогенездік дамудың өнімі.

2. Адам - қоғамның нақты өкілі.

Қазіргі заманғы тұлға теориясы 1930 жылдардың соңында тұлға психологиясын белсенді түрде зерттей бастады. Соған байланысты ғасырдың жартысында көптеген әртүрлі тұлға теориялары қалыптасты.

Әлеуметтік теория-мұнда тұлғаның сыртқы жағдайы қарастырылады, ал оның психологиялық қасиеті қарастырылмайды.

Әлумипсихологиялық теория- мұнда адамның қалыптасқан сырқы және ішкі факторлардың қатынас принципін басқаратын өзекті бөлім

Эксперименталдық теория – бұл тұлға теориясы анализге және тәжірбиелік жолда жинақталған қатынастар нәтижесінен құралған.

Динамикалық теория – мұнда негізгі тема тұлға дамуының өзгерісі, оның динамикасы. Мынадай бірқатар тұлға теориялары бар. Мәселен, баланың дүниеге келгеннен мектепке дейінгі жалпы өсуіне мінездеме беру. Кейбір авторлар адамның өмір жолында тұлға болып қалыптасуын Бақылауға шешім қояды. Негізгі тұлға теориясын бөлуде мынаған көңіл бөледі: ішкі қасиеттұндылықтарына немесе оның ішкі қасиеттері Мысалы: қылықтары.

Тұлғаның бағыты – бұл оның психологиялық қасиетіндегі қажеттілік, түрткі, дүниетаным, тұлғаның өмірлік мақсаты мен қызметі.

Әдебиеттерде кездесетін тұлғаны зерттеу әдістемелерінен Д. Келли және оның ізбасарлары ұсынған әдістемесі мазмұны жағынан ерекшелінеді. Оның басты ерекшелігі бұл тұлғаның басқа концепциясын, яғни жүйелі-стильдік тұжырымдамасы түрде жүзеге

асыруда. Онда тұлға өмір сүру стилінің ішкі жүйесі ретінде қарастырылады. Біздің концепциямызға сай, тұлғаны жүйе-стильдік әдіс бойынша зерттеу өзін-өзі бағалаудың екі жақты карталар ретінде жүзеге асады. Оның бірінші өлшемі - тұлғалық қасиеттер (құндылықтар, ұстанымдар, бейімділіктер және т.б.), ал екіншісі - өмір сүру әрекетінің түрлері (тұлға қалыптасатын жағдайлар). Біздің жеткілікті дәрежедегі кең психодиагностикалық тәжірибеміз көрсеткендей, сол не басқа тұлғалық ерекшеліктері көрінетін индивидтің өзінің өмірлік мәселелері мен жұмысының түрлерін белгілі бір түрде реттеу (жіктеу, ранжирлеу және т.б.) бұл индивидтің тұлғасы жөнінде пікірлерді білдіруге жоғары ақпараттық және оның өмірлік жолын және кәсіби дамуын болжауға жоғары дәрежелі валидті болып табылады.

Сонымен қорыта келе, тұлғаның құрылымға келтірілуі – адамгершіліктің, мотивациясының, танымдық стилінің, эмоцияналдылығы, әрекеттерді еріктік басқару және т.б. сол не басқа параметрлері бойынша жалпылаудың қалыптасқандығына байланысты. Жалпылаудың қандай да бір «аумағына» болсын кез-келген субъектілікке негізделген түрлі объектілер кіруі мүмкін: адам өміріндегі жеке жағдайлар, сыртқы объектілер немесе олардың көріністері (мысалы, түстердің түрлері, олардың қанықтығы немесе ашықтығы және т.б.), субъективті жағдайлар мен көңіл-күйлер және т.б. Жалпылаудың ерекшелігіне байланысты, қандай да бір индивид бір жағдайда мысалға, адал (еңбекқор, қарым-қатынасқа оңай түсетін және т.б.) болса, басқа бір жағдайда басқа, тіпті қарама-қайшы қасиеттерін көрсетуі мүмкін.

Демек, тұлға – дамушы және динамикалық (өзгергіш) жүйе. Оның дамуы тек сыртқы өлшемдермен, үлгілермен ғана анықталмайды. Мұнда мәселе қандай да болмасын тұлғалық қасиеттердің қалыптасуындағы жалпылаудың кең көлемін қамтуда емес, нақтырақ айтсақ, бірдей қасиеттердің түрлі жағдайларда индивид үшін жағымды әсер беретін жағдайлардың едәуір ажыратылуында. Көптеген практикалық мақсаттар үшін тұлғалардың типтерін ажырату өте маңызды. Тұлға тұтастай өмір сүру әрекетінде толық және бара-бар түрде көрініс табатындығын ескере отырып, өмір сүру әрекетінің стилінің типологиясын құруға мақсатты түрде ұмтылады. Абстракты тұлғалық қасиеттерді диагностикалауға қарағанда стильдердің диагностикасы түзетушілік мүмкіндіктерге ие болады. Өйткені, ол белгілі индивидтің (студенттің, талапкердің, маманның) тұлға потенциалының көрінуінің жағымды және жағымсыз жағдайлар жайлы ақпарат бере алады.

Әрине, біз тұлға түсінігінің басқа түрлі психодиагностикалық құралдарды құрастыру мен қолдануға байланысты басқа да теориялық тұрғыларды жоққа шығармаймыз. Жаңа әлеуметтік-экономикалық, соның ішінде нарықтық жағдайларда психодиагностикалық құралдарды ғылыми тұрғыдан талдаушы-теоретиктер мен практик-психологтар,

педагогтар арасында ашық бәсекелестік пен серіктестік қатынастарға мүмкіндік туғызады. Жеке тұлға – өмірлік толық құрылымдық психологиялық білім, нақты әлеуметтік адам, саналы таным иесі қоршаған әлемді өзгере алатын тұлға.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Карвасарский Б.Д. Психотерапия. Учебник. – СПб., 2008. – 672 с.
2. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М., 2011.
3. Франкл В. Человек в поисках смысла. – М., 1990.
4. Фрейд З. Очерки психологии бессознательного. – М., 2007.
5. Ялом И. Групповая психотерапия. Теория и практика. – М., 2010. – 576 с.
6. Малкина-Пых И. Г. Психологическая помощь в кризисных ситуациях. – М.: Изд-во Эксмо, 2005. – 960 с.

### **Ғаламтор көздері:**

1. [Psychology.ru](http://Psychology.ru)
2. [BOOKAP - Booksofthepsychology - психологическая библиотека](http://BOOKAP - Booksofthepsychology - психологическая библиотека)
3. [PSYHO.RU](http://PSYHO.RU)
4. [www.Koob.ru](http://www.Koob.ru)

### **3.20. Тұлға ұғымының отандық және шетелдік еңбектерде зерттелу деңгейі**

#### **Анар Шынболатқызы Танирбергенова**

п.ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

#### **Каракат Мукашевна Нагымжанова**

п.ғ.д., профессор. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

#### **Анар Журкеева**

«Тұран-Астана» университетінің магистранты  
(Астана, Қазақстан)

XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамының ашық және мәнді айқындылығы, оның өміріндегі өте қарқынды жүріп жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы өзгерістер болып табылады. Бұл өзгерістердің қарқындылығы соншалықты, жаһанданудың қазіргі вакуумында қалған студент жастардың әлеуметтік мәнділіктері, құндылықтары өзгеше болып келеді. Қалыптасқан күрделі жағдайлар жастар арасында өзіндік анықталу, өзіндік көріну және өзіндік жүзеге асу мәселелерімен байланысты тұлғалық дағдарыстардың ұлғайуымен ерекшеленеді.



Соңғы кездері әртүрлі психологиялық және әлеуметтік орталықтарға көптеген жастар өздерінің өмірлерінің мәнсіздіктеріне, қызығушылықтарының төмендегеніне, өмірлік мақсаттардың мәнділігін жоғалтуына байланысты жиі шағымданады. Орын алған жағдайдың ұшқырлығы мен өзектілігі психологтардың назарын аударып, психологиядағы басымдылық танытқан бағыт бойынша оның шешілу жолдарын қарастыруға бағытталуы керек. Бірақ қазіргі психологиялық әдебиеттерге жасалған талдау жұмыстары, бұл мәселенің әлі де болса отандық психологияда көп қарастырыла қоймағанын көрсетеді.

Тұлға өзінің тұрақтылығына қарамастан, үздіксіз дамып отыратын психикалық құрылым. Даму тұлғаның ең маңызды атрибуты болғандықтан, оны «өмір сүруінің негізгі нысаны» деп санайды. Тұлға уақыт ағысында үдеріс ретінде дамып отырады.

А.Н. Леонтьевтің [1] пікірінше, мәдени-тарихи даму барысында, белсенділік, субъектілік, құмарлық, сапалылық қасиеттерін игеріп оны қалыптастыратын жүйе, деген.

А.Н. Леонтьевтің [2] тұлғалық тұжырымдамасы бойынша, басқа тұлға тұжырымдамаларынан айырмашылығы жоғарғы абстракциялық деңгейлермен салыстырады. Олардың айырмашылықтарына қарамастан жалпы ұқсас қасиеттері мен даму жолдарын көрсетеді. Тұжырымдама бойынша, «адам тұлғасы қоғамдық қатынастармен жасалады». Берілген анықтама қосымша «тұлға қоғамдық қатынастар жүйесінде қалыптасады да индивидтің заттық әрекетін қарастырады».

Адам психологиясы – оның өздігінен дамып қана қоймай, сонымен қатар сыртқы қоршаған орта да әсер етеді. Адам психологиясының бай болуы басқа адамдармен қарым қатынасына, сондай-ақ өмірге белсене араласуына да байланысты.

Тұлға – адам қоршаған ортаның бір мүшесі ретінде әртүрлі қатынастарға әсер етеді. Тұлға идеялогиялық қатынастар қызметінің аймағына тәуелді. Идеологиялық жүйе тұлғаға өте қатты әсер етеді. Сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына қоғамдық қатынастарда әсер етеді.

Тұлға-бұл [3] жеке дара адам, нақты қызмет түрімен айналысатын, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнататын қоғамның мүшесі. Қоғам тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Қоғамсыз, қоғамдық топсыздам жеке тұлға бола алмайды. Адамды табиғат жаратады, қоғам қалыптастырады. Адамның тұлға болып қалыптасуының ішкі және сыртқы күштер әсер етеді.

Сыртқы күштер әсерінен тұлғаның мінезі қалыптасады. Сыртқы күштер әсерінен адам тұлғаға айналады.

Тұлғаның қалыптасуы сыртқы күштің әсерінен дамып қана қоймайды оған ішкі күштер де әсерін тигізеді. Оның түрлері бар [4]:

3. Дүниетаным – бұл ойда қалыптасқан сезім жүйесі, яғни табиғатқа ғылыми көзқарасы, қоғамдық, адамдық қатынастар, оның ішкі

құндылықтары және санасында нақты бір өмірінің мақсат және қызығушылықтар түрінде қалыптасады.

4. Құрылымы – бұл оның белгілі бір қызметті орындауға ішкі немесе өздік белсенділігінің тежелуі.

5. Мақсат – бұл тұлғаға қажет, ол тұлғаның қажеттіліктерін іске асырады.

Мотивациялық физиологиялық негіз. Қажеттіліктер мотивацияға айналады. Орталық нерв жүйесінің және басқа да мүшелердің белсенділігін арттырады. Мотивация функционалдық жүйеге ерекше жағдай туғызады. Ағзаның белгілі бір қызметін істеуге дайындығын қамтамасыз етеді. Осы жағдайдың әсер етуіне байланысты симпатикалық нерв жүйесінің толысуының жоғарлауы байқалады.

Әрбір жеке дараның өзіндік ерекшелігінің шкаласы бар. Жеке дара арасындағы көптеген айырмашылықтар ген және қоршаған орта арқылы келеді. Бұл мынаны білдіреді. Кез келген сыртқы фактор тұлғаның қалыптасуына жан-жақты әсер етеді. Мысалы, үйдегі шыққан симфоникалық әуеннің саны мен сапасы баланың музыкалық дыбыстарды жақсы айыра және түсіне білуіне көп әсер етеді. Бірақ, саңырау балаларға әсер етпейді. Адамдар бір-бірінен жеке дара туа біткен ерекшеліктерімен ғана ерекшелене қоймайды, сондай-ақ адамның дамуындағы сырттан келетін әртүрлі түрткілер де әсер етеді.

Адамның мінез-құлқының қалыптасуының өзі өскен жанұясы, мұғалімі оның мамандығы араласқан ортасы да әсер етеді. Екі бір-біріне ұқсас адам даму барысында мінез-құлқында көптеген айырмашылықтары болады, ал өмір жолы бір-біріне ұқсас әр жақтағы адамның мінездері ұқсас болып келуі мүмкін. Жеке дара адамға оның мамандығы көп әсер етеді. Мәселен, мұғалімдер өз-өзіне сенімді болады, себебі ол үнемі бала ортасында болады. Сондай-ақ мұғалімдерге сенімділікпен қатар қарапайымдылық тән. Ал офицерлерге ұқыптылық тән. Мамандық адамның өзіндік ішкі қасиеттеріне әсер етпейді.

Жеке дараның жүзіндегі ерекшеліктері сияқты, психикасында да айырмашылықтар болады. Адамды түсіну үшін ең алдымен оның өзіндік психикалық ерекшелігін анықтап алу керек. Бұл өмірде екі бірдей адам жоқ. Әрбір адам психикалық ерекшеліктеріне байланысты өзіне тән қасиеттері болады. Ерте заманғы ғалымдар адам мен адамның, яғни тұлғаның арасындағы ерекшеліктердің не себепті, ненің әсерінен болатынына көп көңіл бөлетін болған. Соңғы екі мың жыл бұрын Гиппократ мінездің төрт классикалық темперамент түрін ашты. Олар: сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик. Бұлар әлі күнге дейін психология ғылымында мінезді анықтауда үлкен роль атқарады, ал Платон өзінің “Металдар териясы” деп аталатын еңбегінде үш түрлі тұлғаның мінезі анықтады және әр тұлғаға өзіне тән металл (философтар алтын, жауынгерлер күміс, қарапайым қолөнер адамдарына мыс), сондай-ақ тұқым қуалаушылықпен тұлға арасындағы

айырмашылықтарға өз көзқарасын ұсынған. Гиппократтың тапқан ерекшеліктерінен біз қазіргі заманда ағза ерекшеліктерін анықтайтын болсақ, ал Платон берген мінездемеден қазіргі заманғы адамның құндылықтарын анықтаймыз. Мәселен, философтардың алтын ұсынуы олар ақыл мен білімге ұмдылады, жауынгерлерге күміс бергені олар арға, төзімге, батылдыққа ұмтылады, қарапайымдарға мыс ұсынуы олар тек қана өзіне керегін қанағаттандыруға ұмтылады және тұлғаның қалыптасуында әртүрлі өзгешеліктер психология ғылымының бұрыннан келе жатқан басты мәселесі болған және болып қала береді. Жеке дара арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктерді дифференциалдық психология зерттейді. Дифференциалдық психология жеке ғылым ретінде ХІХ ғасырда қалыптаса бастады. Тұлғаның өмір жолы бұл оның жеке дара адам болып қалыптасуы [5].

Тұлға - қоғамдық дамудағы феномен, саналы нақты тірі адам. Жеке тұлғаның санасының әрқашан да қоғамдық тарихи мінезі бар: сана адамның қай топқа жататынына қарай, сол қоғамның саясатымен, назарымен, келісімімен байланысты.

Сана-сезім-адам санасының дамуының ең жоғарғы деңгейі, белсенді ақыл-ойының құрылу негізі және іс-әрекеттерде тұлғаның өз бетінше болуы. Осыдан тұлғаның құрылымы, әлеуметтік психикалық қасиеттері, индивидтің қарым-қатынасы, іс-әрекеті онтогенезді үдеріс барында қалыптасқан мінез-құлық іс-әрекетін анықтайды.

Дидактикалық жоспарда барлық қасиеттер, тұлғаның қатынас іс-әрекеті шартты түрде бір-бірімен байланысты, төрт бірдей функционалды құрылымдармен бірігеді. Оның әр қайсысы тұлғаның тіршілік әрекетінде нақты рөл атқарады.

1. Регуляция (қалыпқа келтіру, түзету) жүйесі;
2. Стимулдау жүйесі;
3. Тұрақтандыру жүйесі;
4. Индикация жүйесі;

Адамның дамуындағы негізгі қозғаушы күш-ол қажеттілік. Бірақ адамның қажеттілігі оның жалпы мәдениетіне, оның жан-жақты білім жүйесіне байланысты ауысып отырады.

Адамдарға іс-әрекетте қатынас – шындықтың субъективті жағы адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының қорытындысы. Тұлғаның өз қорытындысын ұғыну тереңдігі моральды – саяси сезім және эмоцияны тудырады.

Дербестік-өзінің іс-әрекетіне тәртібіне жауапкершілік сезімімен, сыншылдық ынта кездерінде көрінетін тұлғаның генералистік қасиет деп қарастыруға болады. Тұлғаның дербестігі ой, сезімнің белсенді жұмысымен қатысты. Бұл қатынастың екі жақты мінезі бар: I жағынан-ойлардың эмоционалды дамуы тұлғаның дербес іс-әрекетіне әсер етсе;

II жағынан - дербес іс-әрекет процесінде қалыптасқан ойлар мен әрекеттер, саналы түрде шешімдер қабылдау қиындықтарда қарамастан табысқа жетуі.

Қабілет құрылымында ең бастысы орындалатын әрекетке тұлғаның шығармашылық қатынасы, өзі таңдаған ортада оқып, еңбек етуге психологиялық дайындығы.

Мінез-адамдардың жүріс-тұрысы мен әрекеттерін анықтайтын тұрақты индивидуалды–психологиялық модификациялардан құрылған жүйе. Мінездің қоғамдық маңызды жақтары басқа адамдармен өндірістік қарым-қатынас процесінде дұрыс өзара қатынас орнатуға, өмірлік қиын сұрақтарды шешуде өзін-өзі бақылау мен ұстамдылық танытуда, қоғамда және ұжымда өз әрекетіне жауап беруге көмектеседі. Мінез-тұлғаның даму өкілі және оның тұтас құрылым ретінде қалыптасуының бірден-бір шарты болып табылады.

Рухани дүниесі бай қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» (Әл-Фараби) Мінез сапаларының бірі- оның бірқалыптылығы. Мұндай адам құйындай ұйытқып тұрмайды, оның қастерлейтіні ылғи да сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бірқалыпты да келеді.

Жалпы теориялық материалдарға сүйене отырып, адамның тұлғасы – бұл оның өмір сүру әрекеті тәжірибесінің едәуір жалпыланған және дамушы жүйе деп қорытуға болады. Сондықтан да тұлғалық ерекшеліктерінің адамның жекелік тәжірибесін жоғарылататын білімдермен, ептіліктермен, дағдылармен бірлігін көруге болмайды. Тәжірибелердің аталған әртүрлі формаларының арасындағы принципалды айырмашылық – жалпылау процестерінің мазмұны мен бағыттылығында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
2. Абульханова К.А. О субъекте психической деятельности. – М., 2003. – 288 с.
3. Аверин В.А. Психология личности: Учебное пособие. – СПб., 2009. – 89 с.
4. Психология личности / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, А.А. Пузырея. - М., 1982. - 66-95 б.
5. Фрейд З. «Я и Оно». - Тб., 1991. - 125-145 б.
6. Нұрмұхаметова Ж. Тәжірибелік психология. – Шымкент, 2012. – 212 б.
7. Адамзат ақыл-ой қазынасы. 10 томдық. – А., 2010.

#### **Ғаламтор көздері:**

1. [Psychology.ru](http://Psychology.ru)
2. [Аудиториум](#)
3. [Психпортал - столица сетевой психологии.](#)
4. [BOOKAP – Books of the psychology - психологическая библиотека](#)

5. [PSYHO.RU](http://PSYHO.RU)
6. [www.Koob.ru](http://www.Koob.ru)

### 3.21. Психологиялық кеңес берудің зерттеу мәселелері

**Анар Шынболатқызы Танирбергенова**

п.ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Каракат Мукашевна Нагымжанова**

п.ғ.д., профессор. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Айым Нагашыбай**

«Тұран-Астана» университетінің магистранты  
(Астана, Қазақстан)

Психологиялық кеңес беру – қазіргі психологияның қолданбалы саласы. Психологиялық ғылымдар жүйесінде психологиялық кеңес берудің негізгі міндеті психикалық және соматикалық дені сау адамдарға түрлі өмір жағдаяттарына кез болғанда психологиялық көмек көрсетудің теориялық негіздері мен қолданбалы бағдарламасын жобалау болып табылады. Теориялық негіздер мен қолданбалы бағдарлама бір жағынан эмпирикалық және теориялық зерттеулер нәтижесінде алынған қазіргі психологиялық білімдерді талдау негізінде, ал, екінші жағынан түрлі бағытта психологиялық көмек көрсететін мамандардың тәжірибелеріне талдау жасау нәтижесінде құрылады.

Психологиялық кеңес берудің ерекшелігі оның диагностик-форматта құрылуында, яғни психолог мен кеңес алушы адамдар арасындағы ақпарат айналымының болуында. Әлеуметтік-психологиялық тренингтер психикалық және соматикалық дені сау адамдарға психологиялық көмек көрсетудің қолданбалы бағдарламасын дайындауға негіз болады. Бірақта әлеуметтік-психологиялық тренингтің негізгі әсер ету факторы психологтың берген ақпараты емес, топтың, топтық динамика үдерісі мен кері байланыс айналымында болып табылады. Психолог-тренер бұл үдерістің дұрыс жүруіне, яғни, топтың ашылуына, топта адамдардың өзара байланысының дұрыс ұйымдастырылуына негіз болады. Әлеуметтік-психологиялық тренингте топтық талқылау мен рөлдік ойындар кеңес алушының мәселесі мен қиындықтарын шешудің ерекше әдістерінің бірі.

Психологиялық кеңес беруде кеңес алушымен топтық жұмыс – топтық психологиялық кеңес беру әдісін қолдануға болады, дегенменде бұл әлеуметтік-психологиялық тренингке қарағанда өзгешелігі бар. Біріншіден, экономикалық мәні бар, себебі бір мезетте қиындықтары ұқсас біршама адамдар тобына психологиялық көмек көрсету мүмкіндігі

бар. Екіншіден, топ психолог-кеңесшінің әсер ету құралы ретінде қолданылады. Топтық психологиялық кеңес беру мәселесі В.В. Шабалина (1998), ал әлеуметтік психологиялық тренинг мәселелерінің бастамалары Л.А. Петровскаяның (1982, 1989) еңбектерінде кеңінен талқыланған. Беннис Уоррен және Шепард Герберт (1984) еңбектерінде топтық динамика үдерісі мәселелеріне ерекше мән берген.

Психологиялық кеңес беру мәселесі психотерапиядан, Батыста бастау алған психотерапиялық бағыттар негізінде дамыды. Психологиялық кеңес берудің тарихын 1951 жылы Ю.В. Меновщиков АҚШ өткен конференцияда «Кеңестік психология» терминін енгізуімен тығыз байланысты. Ю.В. Меновщиков клиникалық психологиядан психологиялық кеңес беруді бөліп, соматикалық ауруы бар немесе психологиялық қиындықтарға кез болған адамдарға көмек көрсетуге бағытталған психологияның саласы ретінде анықтап көрсетті. Дегенмен психотерапияның психологиялық кеңес берудің дамуына қосқан үлесі зор.

Ұзақ мерзімді психологиялық жарақаттардың салдарынан ауыр психикалық бұзылулар орын ала бастағандықтан, психологияда оңтайлы қарым-қатынас параметрлерін нақты зерттеу және білім беру мен еңбек қызметін ұтымды ұйымдастыру мәселелері туындады, кейінірек жинақталған білімдер негізінде психикалық және сау адамдарға психологиялық көмек көрсету үшін қолданылды. Осылайша психологиялық кеңес беру міндеті психикалық ауытқушылықтарды емдеу емес, психологиялық жарақатқа, күйзеліске душар ететін түрлі жағдайлардың алдын-алуды көздейді.

«Психотерапия» сөзі грек тілінен алғанда психо-жан, терапия – ем, қамқорлық, күтім дегенді білдіреді. Дәстүрлі ғылыми еңбектерде психотерапия психикалық бұзылуларды емдеу дегенді меңзейді. Дегенменде Е.А. Спирькинаның (1994) ғылыми еңбектерінде психотерапия кемелденіп дамып келе жатқан ғылым ретінде қарастырылады. Психикалық және психосоматикалық бұзылушылықтарды емдеу үдерісіне бағытталған білім мен әдістер жиынтығы психотерапияның ауқымын кеңейтіп, қазіргі уақытта психотерапияны тұлғалық даму мен жетілу жетістігі, адамға философиялық және экзистенциалдық мәселелерді шешуге көмек көрсету, мінез-құлықтың өзгеруіне қол жеткізу құралы ретінде қолданылады. Ал Батыста психотерапия тұлғааралық қатынас динамикасы мен ішкі психикалық динамиканы зерттеу әдісі ретінде қолданылуы З. Фрейд еңбектерінен бастау алды. Сондықтанда Батыстағы психотерапиялық бағытта жинақталған түрлі материалдарды сындарлы талдаулардан кейін емдік мақсатта емес, психологиялық кеңес беру мақсатында қолдануға болады. Дегенменде батыстық психотерапиялық әдістерді психологиялық кеңес беруде толығымен қолдану үшін толықтай меңгеру қажет.

Психотерапия психологиялық кеңес берудің ең негізгі әдісі емес. Мұндай әдістердің бірі ретінде эксперименттік жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, эмпирикалық зерттеулер нәтижесіне негізделген, математикалық статистикалық әдістермен өңделіп анықталған маңызды заңдылықтарды атауға болады. Н.Н. Обозов (1993) психологиялық кеңес беру барысындағы психологтың негізгі мақсаты психологиялық көмекке жүгінген адамның өмірлік жағдаяттарының себептері мен салдарларын түсінуге жол көрсету деп анықтаған. Ғалымның пікірі бойынша психологиялық кеңес беру, шын мәнінде, клиентке оның өмірлік туындаған мәселелеріне байланысты психологиялық ақпарат беруі болып табылады. Әрине, психолог алынған ақпарат негізінде психологиялық көмекке келген клиентке өмір сүру салтын, бағытын өзгертуге ұсыныстар бере алады, мысалы, қызмет аясына қатысты, демалу мен еңбек тәртібін дұрыс әрі ұтымды ұйымдастыруға қатысты, отбасында, еңбек ұжымында, қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасау әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетіне байланысты.

Психологиялық кеңес беру ұғымын ғалымдар өздерінің зерттеу бағыттарына байланысты әртүрлі талдайды. Ю.Е. Алешин (1994, 1993) әлеуметтік психолог ретінде клиенттің тұлғааралық қатынастарының өзгеруіне талдау жасауға ерекше мән береді. Ал, Н.Н. Обозов (1993) клиентпен психологиялық көмек көрсетуді тұлғалық тестілеуді бастау жөн болатындығын айтады. Ол өз зерттеулерінде клиенттің мінез бен темперамент ерекшеліктерін талдап алып, оның қарым-қатынас барысындағы қиындықтарымен жұмыс жасау дұрыс болатындығына ерекше мән берді. Жалпы екі ғалымның да ұсынған жолдары мәнді әрі тиімді екендігін айта кетуге болады. Демек, психологиялық кеңес беру жалпы психология, әлеуметтік психология, даму психологиясымен байланысты.

Біз психотерапия мәнінің Батыста талқылануын қарастырдық. Клиентпен жұмыс жүргізудің әдіснамалық негізі психотерапияның түрлі бағыттарының қолданылуы болып табылады, яғни психоанализ, бихевиористтік, когнитивтік және гуманистік тұғырларға негізделген әртүрлі бағыттар. Соңғы кездері эриксондық гипноз және НЛБ кеңінен қолданылып жүр. Кеңестік кезеңде психотерапия медицинаның бір бөлімі ретінде қарастырылды және клиентпен жұмыс жүргізудің әдіснамалық негізіне И.М. Сеченов, В.М. Бехтерев, П.Б. Ганушкин, И.П. Павлов және басқада ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Гипноз және аутогенді жаттығулар клиентпен жұмыс жүргізудегі негізгі әдістер болып табылады. Аутогенді жаттығу өзінің бұлшықеттерін босаңсытуды, өзін-өзі сендіру мен тәрбиелеуді басқаруға бағытталады. Кеңестік психологтар өз тәжірибелерінде батыстық психотерапиялық әдістерді қолдана бастауы, психотерапиядан психологиялық кеңес берудің жаңа бағытын бөлу міндетінің пайда болуына негіз болып, «психокоррекция» термині қолданыла басталды. Дегенмен де

«психокоррекция» термині деген атауы сәтті болмады. Себебі, біріншіден, субъект-объектілік сипатқа тән болғандықтан танымал батыстық психотерапия арасында қарама-қайшылықтар туындады. Екіншіден, «психокоррекция» термині жоғарғы психикалық қызметтерінің дамуы бұзылғандармен жұмыс жүргізуде қолдануға болатындығында, мысалы балаларға. Қазіргі уақытта «психокоррекция» терминінің ауқымы кеңейді. «Психокоррекция» арнайы психологиялық әсер ету құралдары арқылы адам психологиясындағы және мінез-құлқындағы кемшіліктерді жөндеуге бағытталған іс-шаралар жүйесінен тұрады.

Кейбір ғалымдардың еңбектерінде «психокоррекция» және «психологиялық кеңес беру» ұғымдары бір-біріне синоним ретінде талданады. Мысалы, Ю.Е. Алешин (1993) психологиялық кеңес берудің нұсқаулығында кеңес берудің үшінші кезеңін «психокоррекциялық әсер ету» кезеңі деп көрсетеді. Біздің ойымызша «психологиялық кеңес беру» бұл субъект-субъектілік қатынастағы диалог, ашық әңгімелесу формасы, ал «психокоррекция» термині мәні тереңірек, себебі психокоррекция клиенттің түрлі мәселелері бойынша жоспарлы әсер ету болып табылады. Демек психологиялық кеңес беру клиенттің басқа адамдармен қарым-қатынастағы, түрлі жағдайлардағы қиындықтарынан жол табуға негіз болса, психокоррекция клиенттің ішкі қиындықтарын шешуге мүмкіндік береді. Сол себепті де бұл терминдерді синоним ретінде қарастырудың дұрыс емес деген пікірдеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абрамова Г. С. Практическая психология: Учебник для студентов вузов. – Изд. 6-е, перераб. и доп. – М.: Академический проект, 2001. – 480 с.
2. Немов Р.С. Основы психологического консультирования. – М., 2012. – 394 с.
3. Касен Г.А., Абдуллаева П.Т. Социально-психологическое консультирование в школе. – А., 2016.
4. Нельсон-Джоунс Р.Т. Теория и практика консультирования. – СПб., 2009. – 464 с.
5. Танирбергенова А.Ш., Аубакирова Ж.К. Психотехнология. – А., 2015. - 180 б.

#### **Ғаламтор көздері:**

1. [Psychology.ru](http://Psychology.ru)
2. [Аудиториум](#)
3. [Психопортал - столица сетевой психологии.](#)
4. [BOOKAP – Books of the psychology - психологическая библиотека](#)
5. [PSYHO.RU](http://PSYHO.RU)
6. [www.Koob.ru](http://www.Koob.ru)



### **3.22. Тұлғаның белсенділігі, танымдық ізденімпаздығы оқушыларды білім алуда табыстылыққа жетелеу факторы ретінде**

**Анар Шынболатқызы Танирбергенова**

п.ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Каракат Мукашевна Нагымжанова**

п.ғ.д., профессор. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Данияр Сәбит**

«Тұран-Астана» университетінің магистранты  
(Астана, Қазақстан)

Әлемді тану мүмкіндіктері және оның заңдары туралы мәселені философиялық шешу тарихи өзгеріп отырды, онда әрбір тарихи дәуірде жекелеген ғылымдар жинақтаған дүние туралы білім деңгейі көрінеді. Философиялық білім араларында таным процесі мазмұны анықталатын танымның субъект және объектісі қарастырады. Танымның объектісі болып шындықтың өзі немесе оның субъектіден тәуелсіз тіршілік ететін үзіндісі болып табылады. Объект – қандай да бір затқа бағытталған әрекет. Объект – субъект белсенділігі сіңірілетін өріс. Таным субъектісі болып өз тарихи дамуындағы адам және адамзат болып табылады. А.Р. Ерментаева зерттеулерінде субъект өзін объектімен байланыстырып, материалдық, мақсатқа лайықты әрекетті тасушы ретінде көрінеді. Субъект – мақсатты болжап, шындықтың өзгеруін жүзеге асыратын белсенді де дербес тіршілік иесі деп қарастырады. Бұл жерде объективті шындық та субъектінің өзімен белсенді танымдық қатынасқа таным түсетіндіктен, таным объектісі болады [1].

Таным процесі түрлі қиындықтарды жеңумен байланысты, таным барысындағы қиындықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік күшін жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттердің болуымен байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-құлқының негізгі нысандарының бірі, жеке адамның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау – жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік күшін айқындайтын кезең болып табылады.

С.М. Жақыпов [2] таным мен оқу процесі арасында болатын маңызды ерекшеліктерді атап көрсетті, олар төмендегідей:

- Таным – бұл қоғамдық-тарихи категория. Көптеген ғасырлар бойы ғалымдар табиғат, қоғам және адам ақыл-ойының біршама заңдылықтарын ашты. Яғни, ғалымдар жаңалықты тұңғыш күйінде таниды, сондықтан да ондай таным толық болмайды. Ал оқу процесінде оқушылар бұрыннан белгіліні жаңалық деп қабылдайды, ғылым

жинақтаған түсінік, ұғым, деректерді игереді. Олар өздері үшін бұрыннан белгілі шындықты қайтадан ашқан сияқты болып, шәкірттердің дара мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орайластырылған, дидактикалық бейімге келтірілген әрі қарай қарапайымдастырылған материалдарды меңгерумен айналысады. Сонымен бірге оқу барысындағы таным міндетті түрде, мейлі тікелей не жанама, мұғалімнің көмегінің болуын керек қылады, ал ғылым тұлғааралық қатынастарды көбіне қажет етпейді.

- Жаңалықтар ашуға арналған таным процесі ұзақты кезеңдік ғылыми ізденістерді қажет етеді. Ал оқу процесінде белгіліні қайтадан ашып, игеру жолы қысқа әрі мұғалім шеберлігімен жеңілдетіледі.

- Таным процесі материалдық не рухани нысандарды қабылдауды талап етеді де, ал олардың шынайылығын практика дәлелдеуі тиіс. Оқу барысында мұғалім білім игеру процесі бөліктерін ауыстыруы және оны практикалық ептілік, дағдылармен кезектестіріп немесе біріктіріп жүргізуі мүмкін.

Мектеп оқушыларын табыстылыққа жетелеуде танымдық іс-әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктерін атап өтуге болады. Олар:

1. Таным процесінің ғылымдағы объектісі – белгісіз құбылыстар. Оқушылар ғалымдар зерттеген жүйені өздігінен оқу арқылы танып біледі. Оқушылар оқытуда адамзаттың танымдағы өткен жолын өтпейді. Олар ғылымның ашылған жаңалықтарын, ақиқат жетістіктерін игереді. Ол игеретін білімдер кездейсоқтықтардан тазартылған, жүйеленген, сенімді. Мұғалім оқушыларды ғылымдағы таластармен танысытырады. Сол арқылы оқушыларды ғылыми ізденістерге ынталандырады.

2. Оқушылардың таным процесі үнемдірек. Ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің көмегімен, оқытудың тиімді жолдары арқылы білім беру қарастырылады, әрбір мектеп пәні бойынша маңызды білімдер мазмұны іріктеліп алынады.

3. Оқыту процесінің ерекшелігі оқушылардың оқуды әрі қарай жалғастыруға, өз бетінше ізденуіне, еңбек әрекетіне дайындалуына, қажетті іскерлік пен дағдыны игеруіне мұғалімнің басшылығымен оқушының өз бетінше оқу әрекетінің өзара байланысы негізінде жүзеге асатын мұғалім үшін де таным процесі болып табылады.

4. Мектептегі таным процесі білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Білімді игеру барысында оқушылардың ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың дүниетанымы, ғылыми көзқарастары мен сенімдері, сезімдері қалыптасады.

5. Оқушылардың таным процестері олардың жастарына сай ұйымдастырылады.

6. Таным процесі мұғалімнің басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, оқушылар мен мұғалімнің тығыз өзара ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады.

Алма Әбілқасымованың пікірінше, оқу іс әрекетінде оқу міндеттері шешіліп, мотив, танымдық белсенділік арқылы ақпаратты қабылдаудан

бастап, күрделі шығармашылық әрекеттің қалыптасуымен анықталады [3].

Демек, мұғалімнің педагогикалық шығармашылық ізденісінің ең басты мақсаты – оқушының танымдық ойлау қабілетін дамыту, сонымен қатар өзінің бойындағы шығармашылық ізденісіне шәкірттерінің бойына сіңдіре білу. Оқушы жұмысты шығармашылықпен ойлап, оны ұйымдастыра білсе, сонымен қатар өзіндік кәсіби іс-әрекетін, танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие процесін, сондай-ақ жеке басының белсенділігімен, ұжымдық іс-әрекет рөлімен және оның ұстаған позициясын үндестіре отырып оларды білім алуда табыстылыққа жетелеуге болады. Мектепте білім беруде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру табыстылыққа жетелеуге мүмкіндік береді. Себебі мектептегі негізі жетекші әрекет бұл оқу болса, ал негізгі міндет танымдық іс-әрекетті қалыптастыру. Сондықтанда танымдық іс-әрекетті табыстылыққа жетелумен бірлікте қарастыруға болады.

Танымдық іс-әрекет тұлғаны дамыту барысында пайда болатын қарама-қайшылықтарды шешудің негізі құралы болып табылады, яғни іс-әрекетті өз бетімен реттеу механизмі және кері байланыс табысты қалыптасады, ұжымды қарым-қатынаспен, өзін-өзі бағалаумен сәйкес келетін қолайлы социометриялық статус қалыптастыру үшін жағдай жасалады.

Оқу танымдық іс-әрекеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей ұжымдық танымдық іс-әрекеттің, өзіндік және біріккен іс-әрекеттердің төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

- бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы, оқушының қоғамдық маңызды мақсатқа жету үшін ұжым мүшелерінің барлығының күшінің біріктірілуінің қажеттігін түсінуі;

- ұжымның әрбір мүшесінің білімді, білікті және дағдыларды меңгерулерін қамтамасыз ететін жұмыстар мен қызметтерді оқушыларға тиімді бөлініп берілуі;

- іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелділіктің пайда болуы;

- бірігіп жұмыс істеу барысында оқушылардың іс-әрекеттерін басқарудың, оқушылардың, ұжым мүшелерінің өздерінің де кей жағдайда бақылау жасауларының қажеттігі;

- бірыңғай білімдік кеңістіктің болуы және ұжымның барлық мүшелерінің жеке іс-әрекеттерінің бір уақытта жүзеге асырылуы;

- жалпы нәтижелердің болуы.

П.И. Пидкасистый өзіндік жұмысты шәкірттің танымдық іс-әрекетін жетілдіру құралы ретінде қарастырады [4].

А.А. Вербицкий пікірінше, танымдық іс-әрекеттің жемісті өтуіне бірнеше факторлар: өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары, іскерлік қарым-қатынас және қатысушылардың іс-әрекетке дайындығының деңгейі әсер етеді [5].

Н.Ж. Құрманова өз зерттеулерінде оқушыларды әр түрлі ақыл-ой әрекеттеріне ынталандыру қажеттігін айтады [5].

Жалпы жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылған оқу-танымдық іс-әрекет нәтижесінде оқушының білімі, біліктілігі кеңейіп, интеллектуалдық мүмкіндіктері мен шығармашылық дербестігі дамыту арқылы оларды білім алуда табыстылыққа жетелеуде мүмкіндік болады.

Белсенді оқу-танымдық іс-әрекеті кезінде оқып-үйренген және соған қатысты материал жинақтап, мазмұнына сұрақтар қойып, мәселелерін анықтап, шешу жолдарын қалыптастырады және тағы да басқа әдістер іздестіреді. Оқу-танымдық іс-әрекет - оқушылардың құбылыстар мен ақпараттар туралы нақты әрі терең білуге, оны түсініп, ұғынуға, білімді меңгеруде бағыт береді.

Т.И. Шамова танымдық ізденімпаздықты жеке адамның білім мен іс-әрекет тәсілдерін бөгде біреудің көмегінсіз игеруге, қоршаған өмір шындығын одан әрі өзгерту және жетілдіру мақсатымен танымдық міндеттерді шешуге ұмтылысымен және бейімділігімен сипатталатын қасиеті ретінде қарастырады [6, 17 б.].

Е. Рысбаев зерттеулерінде [7] жеке тұлғаның белсенділігін жүйе ретінде қарастырады, мұның өзі ізденімпаздықтың сапалық жаңа түсінігін береді. Ал, А.С. Мустояпова Жеке тұлғаның белсенділігі белгілі бір мағынада алғанда әрекеттің белгілі бір түрі тұрғысынан, оқушының қарым-қатынасы аймағы тұрғысынан, тіршілік әрекетінің белгілі бір саласы тұрғысынан алғанда, «өздігінше жүзеге асырудың» жүйелі процестерінің белгілеріне ие болады деген қорытындыға келеді [8].

Сонымен, танымдық белсенділік – жеке тұлғаның сан түрлі білім алуы, бұл білім алу танымдық әрекетке сезім, таным мен ерік процесінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі икемдеу көрінісімен: танымдық мотив пен ізденімпаздық мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен; оқушының мінез-құлқындағы танымға деген тұрақты көзқараспен тұрақталады деп қарастыруға болады.

Жеке тұлғаның өзіндік қасиетіне қарап баға беру үшін үш психологиялық мінездемеге (сипатқа) сүйенеміз:

1) Тұрақтылық – негізгі сапалары тұрақты, аз өзгереді, өзіне қалай ұстауын анықтауға болатын сипат.

2) Бірлікте болу – жай-күйінің, қасиеттерінің өзара байланыс, тәуелділігі, психикалық процестердің бірлік сипаты.

3) Белсенділік - өзінің ортасында тәуелді бола тұрып, оны өзгертуге, дамытуға ықпал ету сипаты.

Сонымен, оқушыларда оқушылардың білім алуда табысты болуға деген ұмтысы өздігінен қалыптаспайды. Яғни оқушылардың табыстылыққа жетелеу оқушылардың танымдық оқу- іс-әрекетімен тікелей байланысты және оқушылардың білім алу үдерісінде белсенділігін мен танымдық ізденімпаздығын арттырумен тікелей байланысты.

Теориялық материалдарға және ғалымдардың пікірлеріне талдау жасау нәтижесінде мектепте білім алуда оқушыларды табыстылыққа жетелеу мынадай жүйемен жүргізуге болады деп түсіндеуге болады:

1. Тапсырманы талдау.
2. Орындалу жоспарын жасау.
3. Берілген анықтама, ережені өзінше қорыта және оны баяндай білу (мысалмен дәлелдеу).
4. Тапсырманы мұғалімнің түсіндіру ретімен немесе нұсқау карточкада көрсетілген ретпен жасау.
5. Тапсырманы орындаудың жеңіл, конструктивтік шешімдерін табуды іздестіру (неден кейін нені табу керек).
6. Тапсырманы орындаудың тиімді жолдарын табу және дәлелдеу.
7. Оқушылардың жұмысқа жауапкершілігін арттыруда олардың орындаған тапсырмасына сын көзімен қарауға дағдыландыру, қатесін өзіне тексерту.
8. Мұғалімге, я болмаса, мұғалім тапсырған озат оқушыларға тексерту.
9. Рефлексия. Ой қорыту.

Оқушыларды табыстылыққа жетелеу – оқушылардың ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің дүниетанымы мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандырудың мақсатты педагогикалық процесі. Оқыту, адамның іс-әрекетін белгілі бір білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудің саналы мақсаты билеген кезде қызмет-әрекет ретінде жүзеге асады. Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды оқушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды оқушының өзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыру қажет. Түсініктердің пайда болуы, заңдарды жете түсіну – оқушының ойлау мен іс-әрекетінің белсенді процесі деп тұжырымдаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект-бағдарлы дайындау / А.Р. Ерментаева, У-Ка.: 2014., 404 с.
2. Джакупов СМ. Экспериментальные исследования этнических предубеждений // Теоретические и прикладные аспекты социализации личности: Межвузовский сборник научных трудов / Под ред. СМ. Джакупова. - Алматы, 2012. - С. 35-45.
3. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192-б.
4. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 2012. – 212 с.
5. Вербицкий А.А. Активное обучение в школе. - М., 2011. – 207 с.

6. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Автореф. дис. ... п.ғ.д.: – Түкістан, 2008. – 26 б.

7. Шамова Т.И. Проблемы активизации учения школьников. Дисс. ... к.п.н.: 15.02.77. - М., 1977. – 268 с.

8. Рысбаев Е.Ж. Қазіргі ауыл мектептерінде оқушылардың оқу – танымдық іс - әрекетін белсендіру. Автореф. дис. ... п.ғ.д.: 20.11.04. – Алматы, 2004. – 51-б.

9. Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Дисс. ... п.ғ.к. : 13.02.04. Алматы, 2004.– 157-б.

### **3.23. Мектеп оқушыларын білім алуға табыстылыққа жетелеу**

**Анар Шынболатқызы Танирбергенова**

п.ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Клара Жаманбаевна Төребаева**

п.ғ.д., профессор. Қ. Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

**Шынар Маралқызы Төребаева**

Қ. Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік  
халықаралық университетінің докторанты  
(Түркістан, Қазақстан)

Ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың келешектегі бүгінгі мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылардан басталады. Қазақстан Республикасының «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты стратегиялық жоспарында да ұрпақ мәселесі мен білім сапасын арттыруға жете көңіл бөлу қажеттігі айтылады. Білім сапасын арттыра отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақты өсіру жолға алдыңғы орынға қойылған.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу мақсаты көзделген. Бұл тұрғыда зерттеу мәселесі өзекті екендігін көруге болады. сонымен қоса 2017 жылғы Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» және 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауларында білім сапасын арттыру маңызыдылығы атап, бәсекелестікке қабілетті тұлғаның қоғам үшін маңыздылығы

айшықталып келді [1, 2, 3]. Бұл тұрғыда мектеп оқушыларын табыстылыққа жетелеу алдыңғы орынға шығады.

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [4] атты мақаласында білімнің салтанат құруы деп атаған бөлімінде біздің ата-бабамыздан білім алуға деген ұмтылысымыздың болғанын мысалға келтіре отырып, табысты болуыдың ең маңызды факторы білімді болу екендігін атап көрсетті. Бұл тұрғыда магистрлік зерттеу жұмысына алынып отырған тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Яғни мектептегі оқушылардың білім беру барысында табыстылыққа жетелеу маңыздылығы арта түсері сөзсіз.

Осыған орай сапалы білім беруді жүзеге асыру мақсатында оқушылардың білім нәтижесіне бағыттаудың маңызы артып отыр.

Оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың тиімді жолдарын іздестіру бүгінгі және болашақтың талабы. Ол мұғалімнен педагогика және психология ғылымдарының соңғы жаңалықтарын мектеп өміріне жедел енгізуді талап етеді.

Сондықтан сабақтарда тек білімдік мақсаттарды шешіп қана қоймай, оқушылардың жекелік қабілеттерін, қасиеттерін, оқу әрекетінде зерттеушілік білігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, оларды білім нәтижесіне жету арқылы табыстылыққа жетелеу қажет болып отыр.

Мектепте білім алу кезеңі - оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын, құнды қайталанбайтын кезеңі, үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бұл кезеңде оқушылардың ашылмаған қабілетін ашу, баланы зерттеушілікке үйрету, оның зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларын қалыптастыру, әрі қарай дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру, қазіргі заман талабына сай білім беруге бағыттау мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі. Ал заман талабы – өзі ізденіп, өз бетімен білім негізін меңгере алатын, еркін, белсенді, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау.

Бұл зерттеу жұмысының тақырыбы қоғамдық, әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық мәні бар өзекті мәселелердің бірі екендігін айшықтай түсері сөзсіз. Себебі бүгінгі мектеп оқушысы, ол ел тізгінін ұстар жастарға, Отанының патриоты, ұлт болашағы болып табылады. сондықтанда мейілінше, өзара тұлғааралық қатынас барысында достық, ауызбіршілік, бауырмалдық, төзімділік секілді қасиеттерді қалыптастыра отырып, білімді ұрпақ болуға, табыстылыққа жетелеу маңызды.

Оқу үдерісі барысында оқушымен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіріп, оларды шешу, орындалу жолдарын, оқушылардың оқу әрекетін қалыптастыру барысында зерттей оқуға үйретудің тиімді тәсілдерін қолдану жолдарын іздестіру біздің зерттеу жұмысымыздың педагогика ғылымында шешімін толық таппағандығы, оның мектеп жағдайында оқушылардың өз деңгейінде қалыптаспағандығы зерттеу жұмысының қарама-қайшылығын білдіреді.

Елімізде соңғы жылдары болған әлеуметтік – экономикалық жағдайларда білім беру жүйесінде білім беру құрылымына, оның формаларына, қорытынды бақылауға қатысты өзгерістер болды. Осындай өзгерістердің біріне білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологиялардың формасы өзгеріп, енуін, бағалау жүйесіндегі өзгерістердің енуі. Осыған орай қазіргі өзекті мәселелердің бірі оқушылардың жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктерін және олардың қорытынды емтихан тапсырудағы үлгерімге әсерін тигізеді. Сондықтанда мектеп қабырғасынан бастап білім беру барысында оқушыларды табыстылыққа жетелеу өзектілігі арта түсері сөзсіз.

Білім адамзат мәдениетінің ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол, сана, таным, ойлау, ақиқат, ғылым, т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланысты, әрі солар арқылы анықталады. Білім тұлғаның қалыпты әлеуметтенуінің және билік құрылымына енуінің міндеттері шартты болып табылады. Білім бүкіл адамзат ақыл-ойының адамды қоршаған табиғатта, айналаны танып – білудегі ғылыми мәлімет қорының жиынтығы; қоғамдық өмірдің даму сатыларына сай теориялық анықтамалар мен адамның өмірлік қарекетінде айқындалып дәлелденген белгілі бір жүйедегі ұғымдар дүниесі.

В.А. Караковский, Л.И. Иванова, Н.Л. Селиванова мектептегі білім беріп, оқушыларды табыстылыққа жетелеудің ішкі құрылымының күрделілігін атай отырып, оның мынадай компоненттерін береді:

Белгілі концепцияларда белгіленген мақсаттар, демек жүзеге асырылатын идеялардың бірлігі;

Мақсатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін іс-әрекет, ұйымдастырушы мен оған қатысушы іс-әрекет субъектісі;

Әрекет пен қарым-қатынаста туындайтын, субъектіні белгілі ортамен жақындастыратын қатынас;

Субъекті меңгерген орта жүйесі және компоненттерді тұтастай жүйеге біріктіруді қамтамасыз ететін басқару және осы жүйенің дамуы.

Э.И. Моносзон, Г.Н. Филатов, С.Т. Шацкий, А.П. Пинкевич мектепте оқушыларға білім берудің әлеуметтік-педагогикалық аспектілерін қарастырып, білімді, табысты оқушылардың болашағына үлкен үміт артуға болатындығын атап өткен.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде (АҚШ, Англия, Австралия) «білім беру» «оқыту» деген сөздің баламасы ретінде қолданылады.

П.Ф. Каптерев «білім беру үдерісін» педагогикалық процестің әртүрлі қасиеттері мен қырларын, құралдардан тұратын біртұтас үлкен бір құбылысты көрсетуге болатындығын және оның оқыту, білім беру, үйрету, тәрбиелеу, даму, нұсқау, жазалау, т.б. сияқты ұғымдардан тұратындығын айтқан.

Н.К. Крупская мектеп оқушыларына білім берудің мәнін диалектикалық материалистік тұрғыда түсіндіре бастайды. Педагогикалық процестің мәні туралы түсініктің дамуына кеңестік мектептің алғашқы қалыптасу кезінде-ақ қомақты үлес қосылды.



С.Т. Шацкийдің пікірінше, білім беру бірқатар көптеген элементтердің нәтижесі болып саналады, оның ішіндегі негізгілері әлеуметтік-экономикалық орта, іс-әрекеттер мен ықпал ететін объектінің психо-физиологиялық ерекшеліктері және ұстаздардың іс-әрекеті болып табылады.

Жалпы білім беру – оқыту процесі нәтижесінде меңгерілген білім, іскерлік, дағды жүйесі, ойлау тәсілдері. Ал білім - бала санасында оны қоршаған орта туралы ақиқаттың түсініктер, схема, нақты бейне түрінде бейнеленуі. Демек мектеп қабырғасында білім беруді тиімді ету, оқушыларды табысты ету немесе табыстылыққа жетелеу дегенді қалай қарастырамыз деген сұраққа көңіл бөлетін болсақ.

Кез-келген оқыту барысында мұғалім сабақ барысындағы алдына қойылған міндеттерді толықтай шешуге талпынады. Ал сонда мұғалім әрекетінің тиімділігі дегеніміз не? Дейтін болсақ, тиімділік сөзіне берілген нақты анықтама жоқ. Дегенменде бұл күрделі феномен. Себебі оқыту тиімсіз болса, алға қойылған мақсат пен міндет өз мәнінде нәтиже бермегендігін білдіреді. Зерттеулерге назар аудара отырып, тиімділік бұл мұғалім жұмысының сапасымен тікелей байланысты болады. мұғалімнің білім беру үдерісіндегі тиімділігін қалай анықтаймыз десек ол төмендегідей:


- мұғалімнің білімділік деңгейі;
- мұғалімнің біліктілік деңгейі;
- мұғалімнің жетістіктері;
- оқыту әдістері;
- оқыту нәтижесі, яғни оқушының білім алуына ықпалы.

Жалпы оқытудың тиімділігі біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі болып табылады. Ал, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас жасау нәтижесі ретінде қарастыруға болатындығында. Себебі мұғалімнің оқушыға деген ынтымақтастық көзқарасы мен оқушы алдындағы өз жауапкершілігінің салмақтылығын түсіне алуымен байланысты.

Мұғалімнің қызметін бағалау барысында бағалаушы белгілі бір факторлар жиынтығын пайдалана отырып, «сапа» деген ұғымды өзінше түсіндіріп беретіндігін ұғыну қажет.


Оқытудағы сындарлы тәсіл оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойла-нып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған ойлану үдерісі оқушының өз болжамдары-на күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де

қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болғаны абзал.



Сурет 1 - Мектеп оқушыларын табыстылыққа жетелеу моделі

Оқытудың сындарлы теориясына негізделген Үшінші деңгей бағдарламасы мұғалімнің алдына ең алдымен оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сапалы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Себебі оқытудағы сындарлы тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде Шульман «үш көмекші» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады.



Сурет 2 – Шульман ілімі бойынша мектеп оқушыларын білім беруде табыстылыққа жетелеудегі «үш көмекші» моделі

Оқушыларды білім беруде табыстылыққа жетелеуде алдымен мыналардың маңыздылығын атауға болады, яғни «бас», «қол», «жүрек». Сонда «бас» деп белгілеп отырғанымыз оқыту мен оқу барысында жеке оқушы туралы, оның тұлғалық қалыптасуы туралы базалық білімдерге сүйеніп, жеткілікті білімнің болуын өз басынан талап етіп, өзін қоғам мен өмір талабына әрдайым сай етіп дамытып, білімін жетілдіріп отыруы. «Қол» - бұл оқытуды жүзеге асыруда кәсіби идеяларды дұрыс түсіне отырып, жаңа технологияларды заман талабына сай қолдана алуы. Оқушылардың ынтасын арттырып, шабыттандырып, білуге деген ізденімпаздығын дамытып отыратын әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, оны орынды қолданып, білімдерін жоғары деңгейге жеткізіп отыруға ұмтылысы мен дағдыларының болуы. «Жүрек» - бұл мұғалімнің бойында ұстазға тән этикалық, моральдық нормалардың болуы мен оқушыларына білім беруде «жақсы көріп» үйрету немесе оқушыларға деген мейіріммен, құрмет көрсетіп, әділдік көрсете алуы.

Яғни осы аталған үштік, «бас», «қол», «жүрек» біріккенде ғана оқушыларды білім беру үдерісі барысында табыстылыққа жетелеуге болады.

Зерттеу жұмысы барысында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттері арқылы мектеп оқушыларын білім беруде табыстылыққа жетелеуге болады. оны төмендегі суретке бейнеледік.

Мектеп оқушыларына білім беруде табысты оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты әдістемелік жағдайларды жасаумен тығыз байланысты болып келеді. Егер мұғалімнің өзі табысты болатын болса, ол оқушыларға, ортаға, ресурстарға сәйкес келетін тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін қажеттілікке сай реттеп отырады. Бұл арқылы мұғалім өзінің табысты болуымен қатар білім беріп отырған оқушыларында табысты болуға жетелеу мүмкіндігі болады. Шын мәнінде, оқытудың сапалы және табысты болуы мұғалімнің қалыптастырған ортасына білім алушы оқушылардың бейімделуімен тікелей байланысты.

Қорыта келгенде табысты оқыту – мұғалімнің бейнесі арқылы көрініс табатын әр түрлі элементтердің байланысы әрі оқушылардың қоршаған оқу ортасы мен оқыту және білім лау мүмкіндіктерінің өзара бірлігі деп түйіндеуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Астана, 17 қаңтар 2014. <http://www.akorda.kz/kz/page/page215750>.

2. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. <http://www.akorda.kz>.

3. Назарбаев Н. Қазақстан халқына жолдауы // Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. 2015 жылғы 30 қараша.

4. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru\\_a3016293](http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293)

5. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 2012. – 212 с.

6. Төребаева К.Ж. Педагогикалық-психологиялық диагностика. – Алматы, 2014 ж. - 311 б.

7. Тренерге арналған нұсқаулық. // Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынған нұсқаулық.: бірінші басылым. – Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

### **3.24. Менеджерлік құзыретті интерактивтік технологиямен іске асыру**

**Рымшаш Қамешқызы Төлеубекова**

Л. Гумилев атындағы ұлттық университеті педагогика ғылымдарының докторы, профессор

(Астана, Қазақстан)

**Енгилика Жұматаева**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті педагогика ғылымдарының докторы, профессор

(Павлодар, Қазақстан)

Жоғары оқу орнында менеджерлік құзырет модульдік бағдарламаға жүгінген интерактивтік технология ақпараттық технологиямен сыйымдылықта келіп, біріктіріле жүзеге асырылады. «Интерактив» ұғымы әр маманның ішкі интеллектуалды мүмкіндігін алдымен мөлшерлеп, оның бағдарын анықтауға жол ашады. Ішкі интеллектуалды белсенділігін арттыру мақсатына жүгінген менеджер ғана өнімді нәтижеге қол жеткізеді. Интерактивтік технология – ақпарат көздерінің басын қосатын нысан [3].

Менеджер іс-әрекетінде модульдік оқыту технологиясының бағдарламасын жобалау заман талабына сай өзгеріп отыратыны тәжірибе барысында байқалады. Модульдік бағдарлама эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық парадигмалардың ішінара қатысының бірлігінен тұрады. Эмпирикалық парадигма әр маманның тәжірибелік келбетін ескеру іс-әрекетінен десек,, алгоритмдік білім мазмұнының стандарт ауқымындағы рет тәртібі, ал тұлғаның мүмкіндігін ескеруге қатысты тәсілдер мен амалдар жиыны, оның жобасы стохастикалық парадигманы іске асырады. Аталған парадигмалардың қосындысын есептеп шығарсақ, стохастикалық парадигма ең кемінде басқарудың 60 % төмен болмауы керек. Кеңестік дәуірде «стохастикалық парадигма» деген ұғым болған жоқ, оның басты себебі тәжірибе мен алгоритмдік ұстаным басымдықта болып, басқару барысында субъектінің жеке мүмкіндігінен гөрі жалпы ұжымның мүмкіндігі басты рөл атқарып келгені белгілі. Осының салдарынан басқарушы тұлға өзінің қарамағындағылардың деңгейінен шыға алмаушылық шарасыздыққа ұрындырады. Бүгінгі таңда нарықтық қоғамда бәсекеге қабілетті маман даярлау болғандықтан, стохастикалық парадигманың басымдықта болуы өте орынды. Модульдік бағдарлама стохастикалық парадигманы жүзеге асырады. Әрбір модуль жеке-жеке блоктарды түзеді. Сөйтіп, белгілі бір білім жүйесінің мақсатын, білім мазмұнын нақтылы да нұсқалы тұрғыда іске асыруды және оның диагностикадан өтуі мен бақылануын іске қосады. Жұмыстың мұндай түрін басқару мазмұнын жобалау тұрғысында шешіп, оның білім шегіндегі қағидалары мен

индикаторларын сәйкестендіре сұрыптауға бағдарлайды. Басқаруда модульдік іс-әрекетті жобалаудың өзіне тән қағидалары бар:

1. Әрбір пәннің ғылыми ұғымына негіздеме жасау, базалық бірліктерді білім мазмұнын меңгеру барысында айқындау.

2. Білім мазмұнын логикалық ретпен жүйелі түрде құрастыру (оқулықтан басқа).

3. Білім мазмұнының тұтастығы мен тәжірибелік маңыздылығын қарастыру.

4. Оқу материалын көрнекті тұрғыда құру [3].

Модульдік бағдарлама модульдік басқарудан жоғары. Бұл модель модульдің ортасындағы іс-әрекет. Модульдік бағдарламаны жобалаудың тек өзіне тән қағидаларын ескереді. Модульдік, құрылымдық, өзгертілімдік, іс-әрекеттік, паритетті, кері байланысты ішкі мүмкіндіктерімен, интеллектуалды әлеует қорымен жүзеге асыру менеджерлік құзыретке ісін бағдарлайды. Модульдік бағдарламаның өзіндік қағидалары бар.

1. Модульдік қағида – модульдік басқарудың мұрат-мүддесінен тууы және оның маңыздылығы, маман кәсібіне қатысты оқу ақпаратының ауқымын айқындайтын құралдардың негізі.

2. Құрылымдық қағида – білім жүйесінің модульдік жүйеге негізделуі, әрбір модульді айқындайтын менеджерлік іс-әрекеті мақсатының құрылуы, тұлғаның іс-әрекеті және оның жетістігіне бағдарланып келуі. Модульдік бағдарламада кешенді мақсат ғылымаралық интеграциясының алғы шарты іспетті рөл атқарады. Әрбір мақсат (интегралды) нақтылы модульді қамтамасыз етеді. Білім саясатын қоғамның даму саясатынан бөліп алып қарауға болмайтыны дәлелденеді.

Қазақстан Республикасының білім менеджерлік құзыретінде интеграциялық технология басымдықта екені ескерілген. Білім саясаты «Қазақстан–2030» Стратегиясынан бастап, барлық мемлекет тарапынан шыққан құжаттардың, Жолдаулардың және т.б. ресми ұсынымдардың орындалуын ақпараттық-интегративтік технология сығылысында іске асырылып келеді. Бұл жұптық технология менеджерге қатысты мамандар құзыретін анықтайтын ұйымдардың қаншалықты деңгейде сәйкес келуіне мүмкіндік береді [1]. Менеджерлік жаппай жұртшылыққа бірдей еместігіне байланысты айтылған технологиялардың қолданым табуы қарастырылған.

Өйткені менеджер іс-әрекеті өзіне қажет бар ұйымдардың құзыретін мемлекеттік тапсырысқа сай келуіне мүмкіндік береді. Міне, осындай бағамға қатысты стохастикалық парадигма басқару жүйесінің инновациялық технологияларын іске асыруына негіз.

3. Өзгертілімдік қағида - әлеуметтік-экономикалық кеңістікке, ғылыми-техникалық жағдайға қатысты өзгерістерге білім меңгеру, оқыту саясатын, парадигмасын өзгертіп отыру, модульдік технология

сипатының іс-әрекетке ілесіп отыру шама-шарқының дамуын қамтамасыз етер ұғым.

Өзгертілім менеджерге менеджерлік құзыреті, мазмұндық, құрылымдық аспектілеріне ықпал етеді. Модульдік менеджер құзыреті өзгертілім қағидасында мамандардың болмысында дәстүрлі басқару үдерісінен қалған әкімшіл-әміршіл стильден жұрнақ та қалмайды. Өзгертілім қағидасы модульдік менеджер бағдарламасын жүзеге асыру үдерісінде мамандар және басқа тұлғалар одағының қауымдық іс-әрекетінің сандық, сапалық көрсеткішін ілгерілетіп, құрылымын тәртіптеп, рет тәртібінің модульге блоктар арқылы жүйеленіп келуін қамтамасыз етеді.

Мазмұнды өзгертілім менеджер мазмұнымен саралап, бағалау, бақылау іс-әрекетінің амалдарын көпнұсқалы (деңгейліктерге жіктеп) тұрғыда жүзеге асырады. Сөйтіп, үдерісті аспект мамандардың басқару іс-әрекетінде танымдық ойлау, парасаттау, бағамдау, тұжырымдау, түйіндеу сияқты нұсқалы қызметін жекеше дамытуға мүмкіндік жасайды.

4. Іс-әрекеттік қағида тұлғалардың құзыретіне қатысты білім мазмұнын меңгеру сипатын тексеру, бағалау, түзету мақсатында жүргізілетін жұмысты қамтамасыз етуді іске асырады, өнімді табысқа жетуге қолайлы жағдай туғызады.

5. Паритетті қағида бұнда мамандар мен басқа тұлғалар субъектілі-субъекті қарым-қатынасында болып, «басқарушы – іскерлікке төселтуші», «тұлғалар – құзыретіне сай білім алушы», екі тұлғаның арасында одақтық іс-әрекетінің «кеңестік-үйлестірушілік» қызмет орнығып, білім мазмұнын мамандық жіктемесіне орай стандарт шегінде құзыреттілікке бағдарлай отырып, өздік жұмыстың басымдығында игерілетінін ескеріп отырады.

«Паритет» – теңестік, тепе-теңдік қағидасы деген ұғымды білдіреді.

6. Интеллектуалды әлеует қорын жүзеге асырудың қағидасы кері байланысты ұйымдастыру болып табылады. Басқару іс-әрекетін классикалық тұрғыда іске асырудан ерекшелігі әрбір тұлғаның ішкі интеллектуалды әлеуетінің қарқынды даму шегін әр тұлғаның іштей бақылау, кері байланысты өз-өзінің ұйымдастыра алу шеберлігін ширатылуына мүмкіндік жасайды. Кері байланысты жүзеге асыру қағидасы бақылау мен өзін-өзі бақылауды нақтылы бағдарламаның модульдік жіктемесінде меңгерілуіне жол ашады [2]. Нәтижесінде ақпараттық-бақылаушы қызмет орнығып, маманның жеке мүддесін іске асырудың үйлестірушілік қызметі дамытылады. Мамандардың біреу үшін интеллектісінің дамымайтынына көзі жетіп, оның кәсіби білімге ашқарақтылық, тойымсыздық қабілеті ұшталады. Мұның негізін қалаған данышпан – шығыс елінде Әбу Насыр әл-Фараби, біздің кеңістікте оны дамытқан. Жеке жұмысты жүзеге асыру қағидасы – модульдік бағдарлама құруда менеджердің құрылымдық модулін түзуге бірден-бір қозғаушы күш.

Іс-әрекеттік тұлғалы болмысты аталған технология қағидаларымен жүзеге асыруға мүмкіндік бар екені байқалды.

Әр басқарушының өзінше тұжырымы бар. Олай болса, модульдік іс-әрекет тұлғалы болмысты дамыту қағидаларының алар орны ерекше. Іс-әрекеттік тұлғалық болмысты дамытудың қағидалары:

1. Менеджерге қатысушының ойлау-бағамдау белсенділік іс-әрекетін дамыту қағидасы.
2. Жекеше іздену-зерделеу қағидасы.
3. Жұптық жұмысты ұйымдастыру және менеджерлік қағидасы.
4. Толғанысты, тексергіштік қағидасы.
5. Менеджерге қатысты нысанды таңдау және оған жауаптылық қағидасы.

Менеджерлік мамандыққа қатысты интеллектуалды әлеуетін әркімнің өзіне-өзінің білімі-кәсіби бағдарын дамыту қағидалары жоғарыда аталып өтті. Стохастикалық парадигманың кеңестік дәуірде қолданымда болмауының басты себебі айқындалды. Тәжірибенің теориясыз қалыптасуының салдары менеджерлік тұлғалардың іс-әрекетін тағылымсыз, парасатты іс-әрекетсіз қолданылуы екені ашылды. Нәтижесінде мамандардың ішкі интеллектуалды әлеуеті оның мамандығына қарай ұдайы үзіліссіз дамытылуы кемсін қалып, керісінше, алгоритмдік және эмпирикалық парадигмалардың механистік қолданылуы басымдықта болып келгеніне дәлелді пайымдамалар жасалған.

Білім жүйесін менеджерлік құзыретің білімденудің инновациялық технологияларын іске асыру мәселелерін шешуге мүмкіндік туады:

1. Білімденудің инновациялық құралдарының түрі болып есептелетін модельдеу және модульдік менеджер технологиясы кез-келген кәсіби және мамандыққа мінездеме жасауға қозғаушы күш боларлық стандартты жүзеге асырады;

2. Модульдік бағдарламамен менеджер теориясының барлық қағидаларының өзара сабақтастық заңдылығы (іс-әрекет белсенділігі, жекелеу, жұптық қарым-қатынас, толғаныс жасау, таңдауға құқылы және оған асқан жауаптылықпен қарау) іс-әрекеттің тұлғалық болмысын білім Заңы мен оның қағидалармен айқындалып отыруын іске асырады;

3. Модульдік менеджер кіші жүйелері тұтастық қағида талабы тұрғысында тұлғалық іс-әрекет қағидасымен сабақтасып, оның макроүлгісін, моделін құрайды. (мысалы: 1 нысандағы 10 ірі бірліктің 10 модульге жіктеліп, 1 нысанның үлгісін құрауы);

4. Менеджердің тұлғалық-бағдарлық, үйлестірушілік үлгісі, моделі негізінде басқарушылық қағиданың негізінде саралау, даралау іс-әрекетінің модульдік іс-әрекет үдерісін жүзеге асыруы қарастырылады [5].

Басқару үдерісіндегі білімденудің инновациялық технологиясының модульдік бағдарламасы төмендегілерді анықтайды:



Модель және модульдік-бағдарламалық технологиялар білім нысанының мақсатын дұрыс құруға жобалайды. Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыстың мамандық игеруге тиісті стандарты басқарудың ең маңызды шарты болып есептелуіне бірқатар кедергі келтіретін тұстары бар:

- менеджер үдерісінде техникалық бағыттағы мамандықты меңгерудің іргелі даярлығы бірқатар күрделі қиындықтар туғызады: болашақ мамандығы туралы жеңіл-желпі хабар, мәлімет, ақпарат тоғынының әртүрлі болып келуі, оның жүйесіздігі. Ғылымаралық білімділікпен сабақтастықтың, байланыстың стандарт шегінде қарастырылмауы. Осының салдарынан тұлғалардың алған іргелі білімін кәсіби-қолданбалы сыңайда қолдана алмауы;

- менеджер іс-әрекетінде қолданылатын білімдену технологиясының бір түрі болып есептелетін модульдік және модельдеу технологияларының қолдану аясында жалпы мемлекеттік стандарт шегіндегі жұмыстың уақытын тиімді пайдалану әр тұлғаның танымдық-когнитивтік, гносеологиялық-аксиологиялық, праксеологиялық іс-әрекеттерін өздігінен жұмыс жүргізе алу мүмкіндігіне ыңғайлап ұйымдастыра алмауы;

- менеджер іс-әрекетінде қолданылатын білімденудің инновациялық технологияларының бір түрі болып есептелетін модульдік және модельдеу мемлекеттік стандарт талабын қатаң тұрғыда бұлжытпай орындауға әмір бермейді, керісінше, сол пәнді сан-салалы нұсқа түрінде таңдау іс-әрекеті арқылы тұлғаның құзыретіне сай білім мазмұнын тұрақты және түбегейлі меңгеруге мүмкіндіктер жасауына әлі күнге дейін жеткіліксіз көңіл бөлінуде;

- модульдік және модельдеу технологиялары білімденудің инновациялық бағдарын іске асыру үдерісінде әрбір маманның құзыретін арттыруда бағдар жасамауы.

Менеджер іс-әрекеті бақылаусыз нәтиже бермейді, сондықтан аталған модельдік және модульдік технологиялардың меңгерілу үдерісін бақылау басты заңдылық, оның сұрақтары:

1. Модульдік және модельдеу технологияларының басқару үдерісіндегі маңыздылығы неде?

2. Модульдік қағиданың басқару жүйесін дәстүрдегіден жаңаша құру қағидасынан қандай айырмашылығы бар?

3. Менеджерлік модульдік қағидалары шегінде бағдарлауды қалай ұйымдастыруға болады?

4. Менеджерлік іс-әрекетінде модульдік технология қандай шарттармен ерекшеленеді?

Менеджер үдерісінде модульдік-рейтинг жүйесіне ыңғайлау – білімдену технологиясының негізгі талабы [6].

Менеджер іс-әрекетінде тұлғалардың құзыретіне сай білім жүйесінің мазмұнын сапалы да санатты меңгеру үшін білімдену технологиясын таңдауда келесі мәселелерді шешуге және бағдарлауға

негіз боларлық озықтық түрлерін қолданған тиімді. Олардың түзілімі төмендегідей:

1. Менеджер үдерісін қарқындылықпен, ұтқырлықпен ұйымдастыру.

2. Мамандардың танымдық-когнитивтік іс-әрекетін саралау және даралау.

3. Өртүрлі ақпараттарды жүйелеп, ғылымаралық табиғи байланысты зерделеу.

4. Менеджердің нұсқалылығын саралау арқылы бақылау нәтижелерін қорытудың ақиқатты, шынайы нысанын сараптау.

5. Басқару үдерісінде болашақ мамандардың кәсіптік-маңыздылық сапа көрсеткішін диагностикалау, қабілет, шығармашыл-креативтік бейімділігін бағалаудың индикаторын алдын-ала жобалау, түзету енгізуді күні бұрын зерделеу.

Университетте білім жүйесін менеджерге инновациялық технологиялардың тиімді етіп пайдалануға кейбір кемшіліктер кедергі екеніне маңыз беріледі және оны дер кезінде инфрақұрылым жүйесінде түзетуді талап етеді. Мұндай менеджер үдерісі жалпы макробасқарудың ұдайы нұсқалы жолмен дамуына мүмкіндік жасайды.

Мұнымен бірге менеджер үдерісінде қойылатын, жоғарыдан төменге ұсынылатын проблемалық-зерттелім сұрақтары сараптамалық сипатта келуі алдын-ала болжанып, жобалануы көзделеді. Менеджер құзыреті әміршіл-әкімшіл сипатта емес, жариялылық, тепе-теңдік, түсіністік, сәйкестілік сипатта келіп, мамандардың мүмкіндігінен сәл жоғары деңгейлердің жүзеге асырылуын қадағалауы нұсқалы жұмысты қамтамасыз етеді.

Менеджер іс-әрекетін нәтижеге бағдарлауды модульдік-рейтингі жүйесіне бейімдеу – интерактивтік технологияны іске асырады. Менеджер үдерісін модельдеуді іске асыратын амал – интерактив. Ақпарат тоғынынан ой сандығына жинақтау тек озықтық технологиялар шегінде жүзеге асады. Оған бағдарларлық проблемалық мәселелерді шешу үшін мыналарды ескеру көзделеді:

1. Жергілікті ұйым тұлғаларының іс-әрекетін басқару үдерісін оптималдандыру.

2. Тұлғалардың ішкі интеллектуалды әлеуетін дамыту.

3. Мамандыққа қатысты ішкі пайымды ұдайы дамытуға өзін-өзі бағыттау, атап айтқанда, әр маман жоғарыдан төменге, тігінен басқарылу жүйесін бағамдап, өзінің жеке қызметін басқаруға және өзіне қызметтен тәуелді тұлғаларды басқару іс-әрекетінде білімденудің инновациялық технологияларын іріктеп, саралап алуға төселуін ширату.

Ұсынылып отырған менеджер іс-әрекетінің рейтинг жүйесінің нұсқасы барлық ғылым негіздеріне қатысты деуге дәлел бар. Біріншіден, менеджердің компьютерлік құралының маңыздылығын айқындай түсу әрекеті әр маманның макротақырыптарының

құрастыруын талапқа сай ұғына білуіне бағынады. Егер маман өзінің пәнін жіті меңгерсе, біліми-ғылыми бағыттың ірі мен ұсақ құрамдық мәнділігін ашып, оған іздендіретін немесе зерттейтін сұрақтарды бақылау және диагностикалау сапасында құра алады. Бұл интерактивтік-рейтинг жүйесін қалауға бірден-бір тірек болып есептеледі. Менеджердің құзыреі ұсақ құрамдық қызметінен бес характерінен меңгеруге тиісті ғылым мен ұғымдарын ұғуға іс-әрекеттік алгоритм түзілімі тарайды. Оның біріншісі – басқару іс-әрекетінің көрсеткішіне себеп боларлық басқару құралы. Екіншісі – меңгеруге тиісті нысанның негізінде тапсырма тексеруге бағдарланған құрал. Үшіншісі – іс-әрекет құрылымына қатысты үлкен және кіші жиындарына қатысты мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған құрал. Төртіншісі – қызмет нысанындағы зерттеушілік қабілетін бағалау іс-әрекетін жинақтайтын құрал. Бесіншісі – компьютердің ұсынған зерттеу сұрақтарына жауап беру іскерлігін, диалогын тексеру құралы. Рейтингіге салу іс-әрекеті компьютерсіз шешілмейді. Мұның өзі – Л. Выготскийдің тұжырымындағы «білімге жақын алаң» туралы іс-әрекетті толықтай жүзеге асырумен құнды. Баспасөз, Интернет тоғынымен шексіз құйылып ұсынылатын ақпараттардан маман өзіне ең қажетін сұрыптап алуы үшін менеджердің компьютерлі құралының іс-әрекетін ғылыми тұрғыда меңгеруге, сәтті пайдалануына тікелей қатысы бар екеніне көңіл бөлініп келеді.

Менеджер үдерісінде білімденудің интерактивті технологиясына сараптамалық қорытынды жасалып отырады.

Жоғары оқу орындарын менеджерлік құзыретте бағдарлау интерактивті технологияның жетістіктері төмендегідей екеніне ерекше назар аударылады:

1) Магистранттар, докторанттардың когнитивті – гносеологиялық ойлау әрекетін дамыту.

2) Магистранттар, докторанттардың болашақ меңгеруге тиісті мамандығының маңыздылығын айқындайтын құндылығын, аксиологиясын аңғаруға бағдарлау.

3) Әр пәннің аксиомаға жақын аумағын табу.

Интерактивтік амал әр білім алушының мамандығына қатысты парасатты іс-әрекетін өзіне-өзінің арттыра білу қабілетін ұштай түсуіне басқару іс-әрекеті мүмкіндік береді. «Интерактив» ұғымы латын тілімен әлемге тұлғаның онтогендік пайыммен рухтана қарау дүниетанымын білдіреді дегенді аңғартады. Бұл жоғары оқу ғылым мен білімді мамандық сапасына бейімдеп, оны әлем тұрғысында қарастырудағы Білім алушының парасатты бағамдарының білім мазмұнын меңгеру деңгейліктерін дамытуды іске асырады. Мұнымен бірге болашақ мамандықтың стратегиялық, тактикалық өзара бір-біріне ықпал-әсерінің феномендігін байқатып, оны іс-әрекетке пайдаланады. Интерактивті оқыту Білім алушының Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстанның бәсекеге қабілетті (Отандық деңгейде) және ол сапалық көрсеткішінің әлемдік

иерархияда да қажеттілігіне күмән келтірмейтіндей сабақ алуын қамтамасыз етеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1997. – 24 б.

2. ҚР білім жүйесін басқарудағы білімденудің инновациялық технологияларын іске асыру негізі ретінде. Инновациялық қызметі туралы Заңы. ҚР – 2002.– 3 шілде. – № 333.

3. Жұматаева Е. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. – Павлодар: ҒӨФ. ЭКО, 2008. – 308 б.

4. Инновационные технологии в преподавании вузовских дисциплин: сборник научных статей / Редкол.: В.В. Рабцевич (отв. ред.) Гродно: ГрГУ им. Я. Купалы, 2010. – 199 с.

5. Коноплев, С. П. Инновационный менеджмент: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений, обучающихся по спец. – Москва: Проспект, 2008. – 126 с.

6. Грибов В. Д. Инновационный менеджмент: Учебное пособие – М.: НИЦ Инфра-М, 2013. – 311 с.

7. Коноплев, С.П. Инновационный менеджмент: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений, обучающихся по спец. – Москва: Проспект, 2008. – 126 с.

### **3.25. Этномәдениеттің білім мазмұнына ықпалы және оның мотивациялық қуатының ғылыми негізі**

#### **Асад Бисенғазыевич Ахмеджанов**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты  
(Павлодар, Қазақстан)

#### **Күмісжан Қайырғалықызы Мукашева**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты  
(Павлодар, Қазақстан)

#### **Гүлсара Қайыржанқызы Маликова**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты  
(Павлодар, Қазақстан)

XXI ғасырда халқымыздың рухани жаңғыруы жайлы Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әр халықтың өзіне тән қалыбы мен тәжірибесін басқа

халықтар мен өркендетудің ерекшеліктерін ескермей, бәрі жаппай еріксіз тану, міндеттеу дұрыс еместігіне тоқталады. Әрбір ұлттың тарих салған тереңнен тамыр жіберген, рухани коды болатынына мән берген. Сол рухани кодтың бір тамыры Жүсіп Баласағұни [1].

Түркі тектес қазақ халқы төл жазбасынан айрылып калуы теңізде ескексіз қалған қайықпен тепе-тең еді. Осы бір тарихта өткен өкінішімізді серпілтетін бүгіндегі ғылыми зерттеулер демекпіз. Орта ғасырда түркі тайпалары іштей сараланып, әрі территориялық, әрі этникалық, әрі тілдік ерекшелігіне қарай халық болып қалыптасқан [2].

Жазба дәстүрі халқымызда, бұрыннан бар екенін ғалымдар зерттеп, дәлелдеген. X ғасырда көркем әдебиеттің жазба үлгісі қалыптасқан. Түркі тілдеріндегі жазба көркем әдебиеттің озық үлгілерінің бірі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы болып саналады. Осы «Құтты білік» дастанын инновациялық технологиялар негізінде оқыту мәселесі зерделеніп, қарастырылады [3].

Егер бүгінгі таңға дейін дастанның мәнділігі мен мәнісін түйсініп тәлімді тек осы кітап бағдарына сәйкес алсақ, халқымыз ешқашан тығырыққа тірелмеген болар еді. Дастанды тек хан сарайының салтын жырлайтын шығарма деп қарау дұрыс емес. Онда түркі тайпаларының салт-санасы көрініс тапқан. Зерттеушілер Жүсіп Баласағұнды бұқара халыққа арқа сүйеген ақын деп бағалайды. Ақынның шығармалары өзіндік ерекшелігімен құнды. Мәселен, сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында Ж. Баласағұн бабамыз былай жіктейді (19-бөлім):

*Сауал берсе – шеш тіліңді жасырма!*

*Сұрамаса – ділмарсыма, тосынба!*

*Ақылды адам қарын бақпас, ой бағар,*

*Жан семіртер, ой семіртер, ойланар.*

*Тән семіртер – нәр ауыздан сіңер,*

*Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді.*

*Жүйелі сөз – ұлылық, ессіз өзін жер түбіне жібереді.*

Білім берудің тұжырымдамаларына тірек болатын және құқық пәнін инновациялық технологиялар негізінде оқытуда тіл мен ойдың өзіндік ерешелігін былай жүйелеп көрсетуге болады:

*Асыл сөз күші* { - ой  
                          - сезім

Аталған ежелгі дәуір мәдениетінің мәнділігін құқық пәнді оқытуда студенттердің өзара қарым-қатынас барысында жоғарғы деңгейден төменгі деңгейге дейінгі (қарым-қатынас заңдылықтары берілген) мәдени қарым-қатынас эталоны былай баяндалған:

Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл,

Ізгі ойларыңды өз жүрекке жалғай біл.

Қадірлісі – тіліне ұят сіңгендер,

Жүрек сөзін жүрегімен білгендер.

Сонда болашақ жас маман үшін бірінші - тыңдай білу, екінші – ойлы болу, үшінші – арлы, ұятты болу, төртінші – жүрек тазалығы қажет.

Өсиет:

Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме. Кісі үйінде көз қадірін кетірме.

Бастарда ойлап, сайла тілдің тиегін. Қысыр сөзге қышымасын иегің. Тұз-дәмінді бөліс, жаса қайырым. Кешіре сал көрсең, кісі айыбын. Шарап ішпе арамнан бой тасала. Пасық болма, зинақорлық жасама.

Ішімдіктен мал-дәулетің шашылар. Зинақордың ар-ұяты ашылар!

Осы аталған негізгі адами қасиеттерді құқық пәні арқылы инновациялық технологиялар негізінде студенттердің бойына дарыту зерттеу жұмысындағы мәселелердің бірі болып табылады. Сол секілді дастанды оқып отырғанда құттың құбылмалығы мен дәулеттің баянсыздығы туралы былай бейнеленген (20-бөлім):

Қор толғанша қара шашың ағарар. Тәнің тозар, ай мен жылдар жаңарар! Білікті сөз, біліктінің өзі екен. Білікті сөз білімсізге көз екен. Жатқан – тұрар, көтерілген – жығылар. Жанған сөнер, шаршағандар – тынығар. Не істесең де, толық істе бүгіл ер. Толық толса, жіңішке өзі-ақ үзілер! Тола-тола жіңішкеріп Ай қалды. Жасыл жазың кәрлі қысқа айналды! Төрт қасиет бойды қуып алысты. Бірі – басым, үшеу пәс, намысты. Ей, тірі жан, осал болма, құнықпа! Тірі жансың, өлім барын ұмытпа!

Бұдан түйген ойымыз, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі студенттердің тіл мен ойын тәрбиелеуде алатын орыны ерекше.

Аталған ежелгі дәуір мәдениетінің мәнділігі – дәулет жинауды игеру. Ж. Баласағұнның «Құтты білігік» еңбегінде тіл мен ойды студенттердің инновациялық технологиямен оқытуда аталған дәулеттің қасиеттері мынандай түрде жүйеленеді:

**Дәулет:** {  
- *ізгілік*  
- *ұят*  
- *әділдік.*

Көне дәуір жазбасында дәулеттің негізгі қасиеті: 1) жомарт, 2) жұғымды, 3) көңілі зерек, 4) ойлы, 5) ұғымды, 6) сөзі майда, бал тамған, 7) өнер-білімді болып жіктелеген.

Кешегі кеңестік қоғамда дүниеқұмарлықпен (вещизм) күресті халықтың санасына қалыптастырып, басқа «ұлы халықтар» өз дәулеттерін өрістетуге жан-жақты жағдай жасалғаны тарихи деректерден белгілі. Дәулетті болу жолында адам баласы үш жағымсыз қасиеттерден аулақ болып, өзін ізгілікке тәрбиелей білуі қажет.

Халық дәстүрінде ізгіліктің көзі жаратылысына, нәсіліне байланысты деп қабылдаған. Сондықтан, нәсіліне қарай адам өзіне не бақ, не сор жияды деп ұққан. Бұл жайында былай баяндалған:

Адам естен басқаны білімімен алады. Білім, оқу-тануды еңбегімен табады. Тұтас болса, ағайынның арасы

Ала алмайды жәдігөйдің жаласы. Біліктілер тек өзіне сенеді, білікті мен бірлікті ер жеңеді!

Даңғазалап қонбай жатып ұшырма, ұя баспай үріксе, қайтпас құсың да.

Күні құрсын өркөкірек, кердеңнің, өзін көрмей, өзгелерден терген мін.

Ақымаққа қонған бақыт тоналар, ар-намыстың садақасы қайран жан.

Бұл дүние рақаты – еңбекте, түгел алғың келсе, жердің ырысын. Таза болсын сөзің, ойың, жұмысың.

Дүниені кеткің келсе басқарып, шындық үшін өл, кеш, қалма жасқанып.

Қызметшісін бектер тұрсын тексеріп, қызметті де беру керек тексеріп.

Егер құр дәулетті жеке талдап, қарастырсақ, онда байлық пен мансапқа мастанған адамның бойында кездесетін құлықтар өздігінен пайда болмайды, олар табиғи жаратылысында қалыптасады және әртүрлі әлеуметтік жағдай да көрініс табады, ондай мінез-құлық түрлерін былай атап көрсетуге болады:

1. Кезбемін (дәулет — баянсыз деген мағынада).
2. Көзім соқыр (жақсыға да, жаманға да қонамын).
3. Айтысып кетемін.
4. Құтты кісі лепірсе, тұрақсыз.

Ж. Баласағұн шығармасын талдай отырып, білік болмай, сес болмайды дегендей, қазіргі уақытта дәстүрі мен мәдениетін, тарихын ұмыта бастаған ұрпағының мінез-құлқына баға беріп, мейірімдісің деп, мынадай өсиет айтады:

Ажал келмей, сарп қылмай күшіңді. Ақылға сап, тындырып ал ісіңді.

Ізгілікпен кәрі-жастың күйін біл. Сөз, ісіңмен ел-жұртыңды сүйіндір. Қай істе де қайсарлықтан айныма... Елге түзу заң түз, ұқсын бір-бірін...

Тый нәпсіңді, сорың содан түбінде. Сұғанаққа сырыңды ашып таратпа!

Опасызды есігіңнен қаратпа! Ұл әкенің арқасында жаралар, Ана қарнын тек бірнеше ай паналар. Кісі қанын төкпе, мүлкін алмағын.

Ақылға сен, сан пәледен қағады. Ақылдың аты, мәңгі-бақи қалады. Есті алтын, ғаскерге тек сенбейді. Екеуі де түбінде опа бермейді.

Өзге үшін құрбан болма тектен-тек. Текке күйме, бағыңды біл, кеткенше!

Кісілерге тіл тигізбе, жерлеме. Зәрлі сөз - өрт, өртке түссін ел неге?!

Тек қызыққа құмарланба, шаттанба.

Тегіс ұшар қуаныш та, мақтан да!

Қос жаһанға билік еткің келсе егер, бес нәрседен қашық жүрсең, ел сенер, *зорлық* қылма, араласпа *арамға*, *қанын төкпе кек сақтама адамға шарап ішпе*, азғындыққа салынба. Бұлар бекті қор етеді шағында.

Тек, баянды болсын десең бектігің, сен үнемі ісін істе тектінің, нәсіп көріп алма қарғыс, назаны, зұлым заңмен боларсың ел мазағы.

Өзіңді бақ, қиялыңа алданба, өз тегіңді білмеу – қорлық жалғанда.

Шолжаңдатпа (баласын) білсін тәртіп, таланты, талап қысқан бала құтты, талантты.

Ұяда не көрсе, соны іледі, сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді! – деп, жалпы адамзат баласына білімді, ақылды болуға талпын, үлкен-кішіні құрметте, сөз бен ісіне берік болу яғни бір сөзбен айтқанда тектіліктің белгісі өз тегіңді, тіліңді, дәстүріңді құрметтеп, қастерлей білу.

1) Туғанда ақыл-есі болса адамның, сияр соған бар білімі ғаламның.

2) Күнде өсіп – қарап, зерттеп бағады, зерттеген соң – зердеге сап алады.

3) Білген сайын іштен жиі күрсінер.

4) Туғаннан-ақ білімге ынта болмаса, оқу іздеп қиналмандар онда аса.

5) Бала білім жолын қусын десеңіз, бесігінде-ақ ілім шағын көсеңіз.

6) Балалық шақ білім қуып, тоналар. Жылдар салып береке боп оралар.

7) Қайсарлығың жеңіс болып қосылар, кісі ілімді үйренер де, шошынар.

8) Оқу-тану берер білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасаң.

9) Ақыл-ес те хақтың берген еншісі, білім-кенге түскен шудың елшісі.

Ж. Баласағұн еңбегінде тіл мен ойы біртұтас құбылыс екеніне ерекше мән береді. Адамның іс-әрекеті, біліктілігі, оның тілі мен ойының қаншалықты деңгейде дамуымен байланысты дегенді аңғартады.

Зерттеуіміздің ерекшелігі келешектің тізгінін ұстайтын жас мамандарды тәрбиелеуде ата-баба салған ізгілікті тәлімнің құрылымымен жоспарлау.

«Құтты білік» еңбегі халқымыздың құты, ырысы болған ілім. Адамға бақыт берген, ұрпаққа құт әкелетін білім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз осы кітап арқылы адалдық, адами қасиеттерін, әдеп-салт дәстүрін сіңірген. Әсіресе «Ашу-өкпең келсе, қатулан, сабыр қыл, сабыр кісінің сүйінішісі алдында», - деген жолдардан қазақтың мақал-мәтелдерімен салыстырсақ, ұқсастығы көркемдігі мен біртектілігінде. Оның түп-тамыры, ой-толғам желісі, табиғаты, таным-білім қасиеттің тұтастығы, ғылыми-әлеуметтігі тамырлас болып келеді [3].



Тәрбиенің халықтық негіздемесі күрделі үрдіс, оның басты амалдарын ғасырлар бойы жинақталған халықтық өміртану қағидалары мен тәжірибелерінен туындайтын дәстүр-дағдылар және әдістерден іздестіру анағұрлым тиімді. Жеке тұлғаның ақыл-ойын, дүниетанымын жетілдіруге бейімдейтін халықтық педагогиканың негізгі нысандарын қазіргі заманғы оқыту-тәрбиелеу қызметіне енгізудің нәтижесінде оқу мен тәрбие жұмысының күнделікті аса маңызды міндеттерін қамтитын: ақыл-ой, адамгершілік, қоршаған ортаны қамқорлыққа алу (жерді, суды, ауаны ластандырудан қорғау, аумақтың экологиялық ахуалын тұрақтандыру), физиологиялық және еңбек сүйгіштік сияқты әртүрлі аспектілердің адамдар санасына орнығу үрдістері жүзеге асырылады [5].

Қорта келгенде, адамның көру, тану және оны ойлау-түйіндеу арқылы дүниетанымы қалыптасады. Табиғат - адамның мәдениетін жетілдірудің қайнар бұлағы. Табиғатты сезінудің, онымен қауышудың нәтижесінде мәдениеттің нақты нысандары айқындалады. Мәдениет - адамның қалыптасуының және шығармашылығының жетілу шыңы. Мәдениеті жоғары болмаса адамның адамзат құндылығын иеленуіне мүмкіндігі жоқ. Қоғамдағы біліктілік адамзат жаратылысындағы аса бай білім мен тәрбиені меңгере білуді қажет етеді. Еңбек, тұрмыс, сондай-ақ, берік сақталған адамдардың арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастар жоғары мәдениетке және адамзат құндылықтарынан тыс қалмауға бейімдейді және оларды жан-жақты меңгеруге жеткізеді. Бұл үрдістердің бәрі мектептерде, жоғары оқу орындарында және жалпы қоғамда білімдендірудің стандартына сай дифференцияланған модельдердің жасалуы нәтижесінде іске асады. Ғасырдан-ғасырға жинақталған халықтық мүдде-мұрат тәрбиенің жалпы міндеті арқылы көмалаттық тәрбие беру көзделді. Оған адамгершілік мұраты және адам бойындағы өзіне қажетті саналы күш-қуатын тәрбие мен бейімділікке жүгіндіре алу үрдісі жатады. Ол – адамның қарапайым педагогикалық іс-әрекеттен күрделі харакеттерге ынталануы [4].

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай өзгерістері – еңбек сипатында, тәрбиенің мақсатында күрделендіруі өзін-өзі білуге үйретеді. Кемелденген тұлға өзінің іс-әрекетін, еңбегін күрделендіріп, дамытады. Оның еңбек құралдарын жасаудағы эстетикалық талғамы тұрақтанады. Адамның тұлғалық болмысына байланысты жетілдіру ұғымының өзгеруі, халықтың әртүрлі болмысына орай мұраттардың түрленуі халық ауыз әдебиетінде баяндалған. Мысалы, түркі жұртында ақыл-ой, туысқа деген қамқорлық, еңбекқорлық, кеңжүректілік, қайырымдылық, ата-бабалар дәстүрі құрметтеледі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 12 апреля 2017.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1997. – 24 б.

3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 44 б.

4. Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі / Монография. – Алматы: Ғылым, 2001. – 208 б.

5. Е. Жұматаева. Жоғары мектеп дидактикасы. Павлодар: ЭКО, - 2006 - 315 б.

### **3.26. Система высшего педагогического образования Казахстана как основной источник и ресурс формирования человеческого капитала**

**Вера Константиновна Омарова**

кандидат педагогических наук, доцент,  
профессор кафедры педагогики

Павлодарского государственного педагогического института  
(г. Павлодар, Казахстан)

В формировании конкурентоспособной и инновационной экономики Казахстана важную роль играет качество человеческого капитала и основного его компонента – образования. Именно в этой сфере формируется молодое поколение профессионалов, которые будут принимать решения по всем ключевым вопросам жизни общества, выбирать философско-методологические ориентиры и строить общество будущего.

Система высшего образования является одновременно основным источником и ресурсом формирования человеческого капитала в любом государстве, в том числе и в Республике Казахстан.

И в первую очередь речь должна идти о системе педагогического образования.

Актуальные вопросы развития системы высшего образования, в том числе педагогического, постоянно находятся в центре внимания Президента и Правительства Республики Казахстана, которые ставят цель: создание передовой по мировым стандартам системы подготовки кадров высшей квалификации в стране для вхождения Казахстана в число конкурентоспособных и развитых стран мира.

За последние годы в системе высшего образования страны были проведены существенные преобразования, которые вносят вклад в развитие человеческого капитала: это

– вхождение в Европейское образовательное пространство, присоединение к Болонскому процессу;

– приведение в соответствие структуры образования с международной стандартной классификацией, внедрение трехуровневой подготовки специалистов;

– реализация Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, направленной на новое качество образования на всех уровнях подготовки – от дошкольного до послевузовского и др.

– обучение студентов, магистрантов и докторантов PhD по программе «Болашак», школьников в «Назарбаев интеллектуальных школах»;

– осуществление подготовки научно-педагогических кадров по программам PhD, что пришло на смену традиционной подготовки путем защиты кандидатских и докторских диссертаций;

– принятие Закона «О науке», развитие академической и научной мобильности;

– проведение процедуры аккредитации вузов.

Модель высшего образования учитывает национальные и глобальные ориентиры и его основные тренды.

#### **Тренд 1. Персонализация образования.**

В процессе подготовки будущих учителей обеспечивается:

– выборность предметов, предусматриваются индивидуальные траектории развития личности, индивидуальный учебный план, сборка личного набора курсов дополнительных к обязательному;

– переход от традиционной формы обучения в академических группах к формированию потоков на основе индивидуальных маршрутов обучения студентов;

– переориентация с подготовки учителя-исполнителя, «транслятора» знаний, на подготовку творческого педагога с учетом его индивидуальных способностей и интересов, считающего главным в организации учебного процесса личность ученика;

– развитие исследовательского обучения и исследовательского поведения будущих учителей и др.

**Тренд 2. Сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого – патриотизм [там же].**

Основные характеристики глобализации в культуре проявляются как с *положительной* стороны, так и с *отрицательной*:

– происходит вытеснение популярными международными культурными явлениями национальных культурных явлений или превращение их в интернациональные;

– утрачиваются национальные культурные ценности; распространяются западные / западноевропейские нормы, ценности моделей поведения и т.д. в общемировом масштабе и др.

Главный недостаток западных моделей модернизации XX века применительно к реалиям нашего времени, отмечает президент

Казахстана Н.А. Назарбаев, в том, что «...они переносили свой уникальный опыт на все народы и цивилизации без учёта их особенностей» [1].

Воспитание казахстанского патриотизма осуществляется в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел», программы «Туған жер», которая является составным элементом программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру». Формирование у студентов активной жизненной позиции гражданина и патриота в различных видах социально значимой деятельности – фактор профессионального становления будущего педагога.

### **Тренд 3. Метакомпетентностное образование.**

Одной из наиболее важных задач современной системы образования является формирование ключевых (глобальных) компетенций будущих педагогов с учетом образа педагога будущего:

- навигатор знаний;
- проектировщик изменений;
- антрополог профессий;
- диагност-корректировщик;
- прогностик-девелопер;
- полилог.

Подготовка педагогических кадров ориентирована на развитие творчества, креативного потенциала, умения работать и думать в меняющемся мире.

Развитие метакомпетенций студентов, как отмечают Самойличенко А.К. и Малахова В.Р., является психологической основой будущей востребованности на рынке труда, поскольку они а) соответствуют постнеклассическому этапу развития общества; б) являются межпредметными, а значит универсальными компетенциями, которые важны для решения любой профессиональной и жизненной проблемы; в) рынок труда динамичен, а наличие метакомпетенций позволяет вырабатывать адекватные новым условиям и возможностям стратегии [2].

### **Тренд 4. Полиязычное образование.**

Триединство языков как социально-историческая необходимость, как конкурентоспособность нации, как культурный императив времени утвердил приоритет трех языков в Республике Казахстан: казахский – русский – английский. Наряду с казахским языком, имеющим статус государственного, и русским – языком межнационального общения важным средством общения выступает иностранный язык.

Основные векторы развития трехязычного образования в Казахстане направлены на формирование лингвистического плюрализма и языковой толерантности внутри полиэтнического пространства (направленность «вовнутрь») и интеграцию в мировое сообщество как средства обеспечения практической и

профессиональной жизнедеятельности человека в современном мультилингвальном и мультикультурном глобализированном мире.

Главная проблема при переходе на английский язык обучения в казахстанских школах заключается в подготовке учителей. Учителям необходимо осваивать не только язык, но и методику преподавания своего предмета на английском. Планируется, что казахский язык, литература и история Казахстана будут преподаваться на казахском языке, русский язык и литература, а также всемирная история – на русском языке. Обучение информатике, биологии, химии и физике будет вестись на английском языке. При этом на начальном этапе внедрения полиязычного образования новшество коснется лишь двух старших классов.

С учетом задач, стоящих перед школой по внедрению трехязычия, педагогические вузы Казахстана уже ведут подготовку полиязычных будущих учителей.

**Тренд 5.** *Реализация Государственной программы «Информационный Казахстан – 2020», программы «Цифровой Казахстан».*

Развивается смешанное (Blended Learning) обучение, то есть симбиоз очных и сетевых форм обучения с разной степенью вовлечения в образовательный процесс обучающихся, и перевёрнутое<sup>1</sup> (Flipped Classroom) образование, которое предусматривает изменение подачи материала: весь теоретический материал студенты изучают дома, самостоятельно, а на занятиях выполняют домашнее задание (обсуждают вопросы, уделяют больше времени практике).

Осуществляется перевод образовательных процессов в электронный формат: распространение материалов, публикация новостей, общение между студентами, индивидуальное общение между учащимися и преподавателями

Особое внимание уделяется культуре самостоятельной работы обучающихся, которая является основной составляющей получения знаний и компетенций. Проводится работа по вовлечению студенческой молодежи в научную деятельность.

**Тренд 6.** *Поиски модели качества образования.*

На основе анализа мирового опыта в Казахстане начинает формироваться Национальная система квалификаций, которая включает в себя национальную рамку квалификаций, отраслевые рамки квалификаций, профессиональные стандарты, оценку профессиональной подготовленности и подтверждения соответствия квалификаций специалиста.

---

<sup>1</sup> Перевернутое образование – изменение подачи материала – весь теоретический материал студенты изучают дома, САМОСТОЯТЕЛЬНО, а на занятиях выполняют домашнее задание (обсуждают вопросы, уделяют больше времени практике).

Важной стратегической задачей развития национальной системы образования, способствующей повышению конкурентоспособности человеческого капитала, является ее интеграция в мировое образовательное пространство. В настоящее время такая интеграция осуществляется по разным направлениям, это – обучение по программе «Болашак», участие в разных научных проектах, международная академическая и научная мобильность, международные программы «Эрасмус Мундус», «Темпус», ДАДД и другие.

Международная академическая мобильность способствует подготовке конкурентоспособных специалистов на основе международного передового опыта, и она входит в число приоритетных целей политики Болонского процесса. В связи с важностью своевременной и качественной реализации этой цели МОН РК принята Стратегия академической мобильности в Республике Казахстан на 2012-2020 годы. В соответствии с ней к 2020 году каждый пятый студент будет мобильным, а пять процентов всех студентов, обучающихся в Казахстане, получают предварительную квалификацию за пределами европейского пространства высшего образования

МОН РК контролирует деятельность вузов на основе таких процедур, как проверка государственной комиссией на соответствие ее лицензионным требованиям, аттестация вузов и внешняя оценка достижений обучающихся. В международной практике основной формой гарантии качества образовательных услуг является процедура аккредитации, которая является одним из важных инструментов его повышения.

Министерством образования и науки РК сформирована национальная модель аккредитации, которая соответствует международным стандартам. Согласно ей вузы могут проходить институциональную и специализированную аккредитацию. С 2012 г. аккредитация осуществляется некоммерческими и неправительственными организациями, которые вошли в Национальный реестр аккредитационных агентств, то есть шестью агентствами, к которым относятся казахстанские – НКАОКО, НААР и зарубежные ASIN, ACQIN, АОА и АВЕТ. Вузы, прошедшие аккредитацию в этих агентствах, будут освобождены от государственной аттестации, и иметь право выдавать дипломы собственного образца, получать госзаказ.

Проведение международной аккредитации вуза предоставляет возможность выхода выпускников на мировое образовательное пространство и рынок труда, делает их дипломы конвертируемыми за рубежом.

***Тренд 7. Тесная связь высшего педагогического образования с обновлением содержания школьного образования.***

На принципиально новых подходах обновлено содержание педагогического образования:

- содержание базовых дисциплин инвариантной части типовых планов разработано с учетом обновления школьного образования, развития инклюзивного и трехязычного образования, МКШ и др.;

- увеличена доля вариативной части типовых планов, тем самым расширена академическая самостоятельность вузов в определении содержания образования;

- реализуется полипрофессионализация подготовки будущих педагогов (сдвоенные специальности) для малокомплектных школ;

- предусматривается трехязычная подготовка будущих учителей физики, химии, биологии, информатики;

- установлены результаты на «выходе» из вуза по трем обобщенным показателям: «знания», «умения и навыки», «личностные и профессиональные компетенции».

Совместная деятельность пединститута с базовой школой предусматривает:

- научно-методическое сопровождение обновленного школьного содержания образования;

- функционирование на базе школы экспериментальной площадки по ряду специальностей (Педагогика и методика начального обучения, Математика, Физика, Русский язык и литература, Казахский язык и литература в школах с не казахским языком обучения, Иностранный язык: два иностранных языка (английский, немецкий), Профессиональное обучение);

- привлечения педагогов базовых организаций образования, школ-партнеров к проведению занятий, руководству дипломными работами.

- организация и проведение совместных прикладных научных исследований;

- издательская деятельность совместных научно-методических разработок;

- психологическое сопровождение учебно-воспитательного процесса;

- научное консультирование научных проектов учащихся и подготовки школьников к предметным олимпиадам;

- повышение квалификации педагогических кадров.

Таким образом, качество и конкурентоспособность высшего педагогического образования как основного источника и ресурса формирования человеческого капитала обусловлены целым рядом факторов:

- преемственностью и согласованностью всех ступеней образования,

- ориентацией педагогического образования на цели и задачи обновленного содержания различных ступеней образования (дошкольного, школьного);

- содержанием государственных стандартов,

- эффективной организацией учебного процесса, использованием инновационных образовательных технологий;
- учебно-методической обеспеченностью образовательного процесса,
- интеграцией образования и науки,
- наличием современной научно-лабораторной инфраструктуры, компетентным составом преподавателей

### Список литературы:

1. Н. Назарбаев Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания (12 апреля 2017 года) // [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36155529#pos=1;-117](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36155529#pos=1;-117).
2. Самойличенко А.К., Малахова В.Р. Развитие метакомпетенций студентов как психологическая основа будущей востребованности рынком труда // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). – № 12 (20) – 2012 // [Электронный ресурс] // Режим доступа: URL: <http://sisp.nkras.ru/e-ru/issues/2012/12/samoylichenko.pdf>.

### 3.27. Жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік тәрбие берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытудың мәні

#### Шәрбан Мұсабекқызы Майгельдиева

педагогика ғылымдарының докторы, «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

#### Ботагөз Жаппарқызы Паридинова

«Педагогика және психология» кафедрасының докторанты. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

#### Резюме

*В данной статье раскрыты сущность лично-ориентированного обучения в духовно-нравственном воспитании студентов высших учебных заведений и определены особенности данного обучения. Названы цели лично-ориентированного обучения, его отличия от традиционного обучения. Патриотизм и гражданская ответственность автором рассматриваются как основа духовно-нравственного воспитания молодежи.*

#### Summary

*In this scientific work were disclosed essence of the personality-oriented training in moral education in educational institutions and defined their features. The called purposes of the personality-oriented training and its difference from traditional training. The patriotism and civil liability is defined as a basis of moral education youth.*



Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауы жаңа Қазақстан құру идеясын қалыптастырған елеулі құжат. Жолдауда біз мемлекет дамуындағы маңызды қимылдар жоспарын көреміз. Мемлекет басшысы Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізілетін үшінші жаңғыру бір-бірімен тығыз байланысты бес басымдығын атап көрсетті.

Төртінші басымдықта адами капитал сапасын жақсарту басшылыққа алынады. Білім беру жүйесінің рөлін өзгерту, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі айқындалды. Қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылды. Бұл тұста тұлғалық-бағдарлы оқытуға да ерекше мән бергенімізді дұрыс көреміз.

Жоғары білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытуды әрбір білімгердің жеке қабілет ерекшеліктері мен психологиялық жағдайын есепке ала отырып тұлғаны дамытудың ерекше жүйесі деп түсінеміз. Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбие беруде тұлғалық-бағдарлы оқыту ерекше орын алады.

*Біріншіден*, жоғары мектептегі тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттің жеке қасиеттері, білім игерудегі әлеуетті мүмкіндіктеріне байланысты.

*Екіншіден*, қоғамдағы үздіксіз өзгерістер, даму мен жаңғыру білімгердің рухани бай, креативті ойлайтын, отансүйгіш, ортада шынайы бейнесінің көрінісін айшықтайтын тұлға екендігін танытуы керек.

*Үшіншіден*, қазіргі заманның жастары прагматикалық тұрғыдан ойлайды, өте бейімделгіш және құқықтарын қорғай біледі. Бұл ахуал оқытушылардың кері байланыс кезеңінде жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдануды талап етеді.

*Төртіншіден*, заманауи құндылықтар өзгерістеріне байланысты рухани-адамгершілік тәрбие беру қажеттілігі байқалады.

Тәрбие теориясы ғылыми қауымдастық арасында бүгінгі күнде үлкен қызығушылық танытып отыр, десек те, Кеңес одағы ыдырағаннан кейін тәрбиені ғылыми тұрғыдан зерттеу сыналып, ақырында ұғымды сол коммунистік биліктің мұрасы ретінде қарастырғандар кездесті. Өйткені, бүгінгі таңдағы қарама-қайшылығы мол заманның қоғамдық санасына қажетті тәрбие мұратын табу қиынға соғады. Сондықтан, тәрбие - тұлғаны қоғамдық және мәдени өмірдің социомәдени нормативтер модельдеріне сәйкес дайындау мен қалыптастыру жүйесі. Көптеген ғалымдар пікірлері мен анықтамалары бойынша тәрбие популяцияның тарихын сақтауды қамтамасыз ететін механизм болып саналады. Ал, адам тәрбиесі педагогиканың ғылым ретіндегі пәнін құрайды.

Ғылыми еңбектерді саралай отырып, тәрбие мақсаты – арнайы дайындалған, жоспарлы жүргізілетін тәрбие акциялары мен қимылдарының ықпалымен жүзеге асырылатын және адамдағы күтілетін нәтижелі өзгеріс болып табылады.

Тәрбие көмегі арқылы қоғамға қажетті адами құндылықтар қалыптасады. *Біріншіден*, адамның сөйлеу мүмкіндігі; *екіншіден*, қоршаған ортаның өзгерісіне бағытталған мінез-құлық белсенділігі; *үшіншіден*, өндіріс құралдары арқылы қоршаған орта элементтері өзгерістерінің байланыс қызметі [2].

Қоғамның қазіргі даму шарттарында жоғары оқу орындары алдында студенттерді жан-жақты дамыту міндеті тұр. Сондықтан оқыту студенттердің рухани дүниетанымы мен зияткерлік әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Заманауи кезеңдегі ақпараттық технологиялардың дамуы оқытушылар қауымы жұмысына бірқатар мазмұнды мүмкіндіктер береді. Жоғары оқу орындарындағы оқытудың жаңа тәсілдері қабілеті әр түрлі студенттерді оқытумен қатар, дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда білімгердің тұлғалық құндылығын бекітетін оқытудың тұлғалық-бағдарлы үлгісіне бағытталған шығармашылық ахуал қалыптастырады. Жоғары оқу орнындағы рухани тәрбиелеу әрбір тұлғаны сыйлау қағидасы мен оның рухани әлеуеті мазмұны арттыру әлемдік мәдениет жетістіктерін түсіндірумен өлшенеді деп ойлаймыз.

Оқытудағы тұлғалық-бағдарлы тәсіл – педагогтың адам жинақылығына назар аудару, оның тек ақыл-парасат, азаматтық жауапкершілік сезімін дамытуға қамқорлық қана емес, рухани тұлғаның эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық ерекшеліктерін дамыту мүмкіндігі.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты – жеке адамның дамуына толыққанды шарттарды жасаудың келесі қызметтерін атқаруға себепкер болу:

- адамның таңдауға қабілеттілігі;
- рефлексиялық икемділік, өз өмірін бағалау;
- өмір мәні ізденісі, шығармашылық;
- «Мен» бейнесін қалыптастыру;
- жауапкершілік («Мен барлығына жауап беремін» ұстанымына сәйкес);
- тұлғаның дербестігі (дамуына байланысты ол өзге факторлардан босайды).

Тұлғалық-бағдарлы білімде оқушы – барлық білім беру процесінің маңызды әрекет етуші тұлғасы. Ұстаз «ақпараттың қайнар-көзі» және «бақылаушымен» қатар, оқушының тұлғалық дамуындағы диагносшы және көмекші болып табылады. Мұндай оқу процесін ұйымдастыру басшылықтың М. Монтессоридан алынған «Маған мұны өзім жасауыма көмектес» тұжырымдамасын алуға болады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру барлық білімгерлердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, тәрбиелеу мен дамытуды көздейді:

- жас ерекшелік, физиологиялық, психологиялық, зияткерлік;
- білім беру қажеттіліктері, білімгерге қолжетімді бағдарламалық материалдардың күрделілік деңгейіне бағдарлау;
- топ білімгерлерін білім, қабілетіне байланысты бөлу;
- білімгерлерді бірыңғай топтар бойынша бөлу: қабілеті, кәсіби бағыттары;
- әрбір білімгерге бірегей жеке адам ретінде қатынас [3].

Сәйкесінше, тұлғалық-бағдарлы білім өмірлік мәселелерді сәтті шешу, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау, рухани, отбасы, қоғамдық, өндірістік өмір салаларында жағымды жетістіктерге жетудің шынайы алғы-шарты болып табылатын адамның табиғи ерекшеліктері, оның әлеуметтік сипаттары, адамгершілік-эстетикалық мәдениетіне бағытталады [4].

Жалпы білім берудің бұл түрінің дәстүрлі білім беруден ерекшеліктерін төмендегі кестеден көруімізге болады [3].

Кесте 1 - Дәстүрлі білім беруден ерекшеліктері

Онтологиялық аясы	Белсенділік түрі	Ішкі қажеттіліктер	Қалыпты шарты	Сыни ахуалдың түрі
«Витальдылығы»	Ағзаның тіршілік әрекеті	Мұнда және қазір қанағаттандыру	Өмірлік игіліктердің тікелей болмысы	Күйзеліс
Бөлек өмірлік қатынас	Әрекетшілдік	Түрткілерді жүзеге асыру	Қиындық	Фрустрация
Ішкі дүние	Сана	Ішкі келісімділік	Күрделілік	Қақтығыс
Өмір бүтіндік, тұтастық ретінде	Ерік	Өмірлік ойды жүзеге асыру	Қиындық пен күрделілік	Дағдарыс

Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбиелеу процесіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту өзін-өзі дамыту, білімді жеке игеру, өз қабілеттері, бақылауларын тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен теорияларды қалыптастыру, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға септігін тигізеді. Білімгерлер арасында жеке жауапкершілік пен ерекше қабілеті көріне түседі.

Заманауи жағдайларда қоғам мен мемлекеттің маңызды мәселесі ретінде студент-жастардың жоғары отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін рухани-адамгершілік тәрбие берудің теориялық негіздері, мазмұны мен тәжірибелік технологиялары ерекше орын алатындығы анық. Білімгерлердің қажетті азаматтық жауапкершілігін қамтамасыз етуде рухани-адамгершілік тәрбие ерекше орын алады.

Өскелең ұрпақ кез келген мемлекет тұрғындарының басым бөлігін құрайтыны анық. Сондықтан олардың әлеуметтік жағдайы, қоғам өміріне қатысуға дайындығы саяси және қоғамдық маңыздылығы жоғары. Педагогика ғылымдары зерттеу құралдарын пайдалану арқылы жастардың азамат ретінде қалыптасуына ықпал ететін тәрбие беру тетіктерін жетілдіруге тиіс.

Әсіресе, патриоттық тәрбие беруде келесі мәселелер маңызды: білім беру мекемелеріндегі оқу мен тәрбие беру процесінде азаматтылық, патриотизм мен әлеуметтік жағынан маңызды құндылықтарды қалыптастыру және дамыту; араласу дағдыларын иеленген, сыни ойлайтын, әлеуметтік қақтығыстарды шеше білетін әлеуметтік жағынан белсенді жастарды тәрбиелеу; қоғам өміріне жеке өз еркімен араласуына негізделген азаматтық мінез-құлық пен азаматтық қызметті саналы қабылдауды қалыптастыру.

Соңғы жылдардағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени салалардағы өзгерістер адамның зияткерлік, адамгершілік әлеуетіне жоғары талаптар қояды. Қоғамның рухани-адамгершілік әлеуетін де мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім беру жүйесінің дамуынан тыс қарай алмаймыз. Білім беру мемлекеттік құрылыс процестері, экономикалық өзгерістер, елдің ұлттық қауіпсіздігі, ұлт саулығымен тығыз байланысты. Оқу орындарындағы білім алушыларды тәрбиелеу процесі азаматтық, құқықтық, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие міндеттерін шешуге нақты бағытталған және жүйеленген тәсілдер негізінде жүргізілуі керек. Бұл процестің негізгі түрі ретінде нақты жас адамның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып жүйелі және ойластырылған тәрбие жұмыстары саналады.

Патриоттық тәрбие процесінде өз мінез-құлқын бағалауға ұмтылатын, әрекеттерін қоғамда үстемдік ететін талаптар, нормалар, заңдар шеңберінде сипаттайтын, шынайы мүмкіндіктеріне сүйене отырып тұлға, қоғам, мемлекет мүдделерін басшылыққа алатын азаматтық жауапкершілік қалыптасады. Бұл тұста қалыптастырғалы жатырған азаматтылық пен патриотизм нақты жас өміріндегі қажеттілік болып табылуы керектігіне мән берген абзал [5]. Сонымен бірге, тәрбие парадигмаларына [6] ерекше қараған жөн секілді.

Біздің пайымдауымызша, жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік тәрбие берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытуда көптеген шарттар орындалуы тиіс. Біріншіден, барлық оқу материалдары жеке тәжірибеден өтуі керек. Екіншіден, оқу материалдарын байыту барысында әрбір білімгердің жеке тәжірибесінде алынған нәтижелерді үнемі бақылап, енгізіп отырғанды дұрыс көреміз. Үшіншіден, оқу-тәрбие процесінде студенттердің тәжірибесін ғылыми тұрғыда негіздеп отыру қажет. Төртіншіден, оқу процесінде білімгерлердің білімін арттыру және дамыту мақсатында жеке ойларын айту дағдысын қалыптастыруға ұмтылған жөн. Бесіншіден, оқытушы өзі жүргізетін пәнді студенттердің

игеруі жағдайында тұлғаның дамуымен санасуы керек. Алтыншыдан, әрбір жоғары мектеп оқушысының қабілеті, икемділігі мен мүмкіндіктерін ашу үшін тиімді оқу, рухани-адамгершілік ортаны қалыптастыру қажет деп ойлаймыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар.
2. Насимов М.О., Саткенов Д.А. Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысын дамытудағы басым бағыттар // Молодой ученый. – 2014. – № 1.2. – С. 67.
3. Личностно-ориентированный подход в преподавании. - // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.psychologos.ru/articles/view/lichnostno-orientirovannyy-podhod-v-prepodavanii>
4. Воспитание социально-ориентированной личности: Монография // В.Ш. Масленникова, Л.М. Аболин, Ф.Г. Мухаметзянова, Г.А. Шайхутдинова, Н.М. Учарова, В.Р. Шамсутдинова, А.В. Павлинова, Е.А. Афанасьева. – Казань, Данис ИПП ПО РАО, 2007. – С. 34. - 175 с.
5. Константинов С.А. Теория и практика реализации духовно-нравственной составляющей в патриотическом воспитании молодежи // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2009. - № 91. – С. 85-86.
6. Насимов М.О. Тәрбие парадигмаларының ғылымда зерттелуі // Молодой ученый. – 2014. - №4.1. – С. 46-48.

### **3.28. Жоғары білім берудегі өзекті мәселелер**

#### **Сакен Талгатович Исағалиев**

«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,  
Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер  
университеті (Қазақстан, Орал қ.)

#### **Ринат Жумагельдиевич Жанғалиев**

«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,  
заң ғылымдарының магистрі. Қазақстан инновациялық және  
телекоммуникациялық жүйелер университеті  
(Қазақстан, Орал қ.)

#### **Данияр Аскарлович Журинов**

«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,  
экономика ғылымдарының магистрі. Қазақстан инновациялық және  
телекоммуникациялық жүйелер университеті  
(Қазақстан, Орал қ.)

## **Сагидолла Гизатуллинович Кайбалиев**

«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,  
ҚР спорт шебері, педагогика ғылымдарының магистрі.

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер  
университеті (Қазақстан, Орал қ.)

Бүгінгі таңда әлемдік ашықтықтың өсуі мен ұлттық мәдениет, адамдық өркениеттің дамуының негізгі әлемдік тенденциялары білім беру жүйесінде өзінше, басқаша түсінілуде. Атап айтқанда, қазіргі жаһандану үдірісінде халықаралық шаруашылық байланыстар аясының ұлғая түсуі, шаруашылықты жүргізудің нарықтық нысаны уақыт өткен сайын өз ісін жетік білетін, жан-жақты білімді терең меңгерген кәсіби мамандарға қажеттілікті арттырып, оларға қойылатын талапты барған сайын күрделендіріп отыр.

Ұлттық білім беру жүйесі де әлемдік тенденциялардан кешеуіл қалмас үшін әлемдік ғылым мен техника жасаған «әлемдік стандарттарға» сәйкестендірілуге ұмтылуда. Төткүл дүниенің түкпір-түкпірінен ақпарат алмасу мүмкіндігін қолжетімді етіп отырған жаңа технолгиялар, олардың әлеуетті инфрақұрылымдары жоғары білім беру мазмұнын әмбебаптандырып, әлемнің жетекші білім беру орталықтарынан білім таратуды қамтамасыз етеді. Түрлі пікірлер қайшылығына қарамастан, жаһандану объективті шындық ретінде жоғары білім берудің ұлттық жүйесінен жалпы адамзаттық этикалық құндылықтарға бағытталған, халықаралық ынтымақтастық қажеттілігін ескеретін жаңаша мақсатты бағдарлануды талап етеді. Барлық дерлік елдерде болып жатқан жариялылықтың кең етек жаюы және құқықтық мемлекеттің нығаюы жастарды және ересектерді азаматтық жариялылық рухында тәрбиелеу ісінде білім берудің рөлін арттыра түседі.

Ғылым мен жоғары білімге тән академиялық еркіндік және теңдік идеялары жоғары білім ауқымы өскен сайын өзге елдердегі саяси құрылымдарға бейімделе отырып, бүкіл қоғамға таратылуда. Өндіріс пен қоғамда ғылымның рөлінің артуымен байланысты маңызды тенденция, бұл – жоғары білімнің кең қанат жаюы. Жоғарғы білім барған сайын жаппай көпшілікке арнала бастады. Түрлі елдерде мектеп түлектерінің ЖОО-на түсу деңгейі орташа есеппен 60%-ға жуығын құрайды, ал Солтүстік Америкада – 84%. ЖОО студенттер саны айтарлықтай өсуде. Егер, 1960 жылы ЮНЕСКО мәліметтері бойынша әлемдегі студенттердің саны 13 млн. болса, 1997 ж. бұл көрсеткіш 7 есе артып, 88,2 млн. адамды құрады.

Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінде жоғары білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінен еліміз 51 - орынды иеленді. 38 ЖОО-да шетелдік университеттердің қатысуымен қос дипломды білім беру жүзеге асырылуда. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қарқынмен дами бастаған келесі маңызды тенденция, жоғарғы

білімнің институционалдық нысаны, деңгейі және мазмұны бойынша әртараптандырылуы болып табылады. Ақыл-ой еңбегі саласында білім мен дағдыны қалыптастыратын ЖОО-ның әралуандығының өсуі жағдайында классикалық университеттердің рөлі, дегенмен, төмендеген жоқ, керісінше, артты да. Олардың аймақта әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі орталықтардың рөліне толық негізді үміттенуіне болады. Үшінші, жылдам күш алып келе жатқан тенденция, бұл - жан-жақты сипаттағы білімге, халықаралық ғылыми қауымдастықтың мобилизациялауға ұжымдық күш салуына негізделген жоғарғы білімнің интернационализациялануы болып табылады. Бұл бірлескен халықаралық қызметтің артып отырған рөлі мен ұлттық білім беру мекемелерінің ұйымдардың, бағдарламалар мен қорлар қызметінде көрініс табуда. Жоғары білім саласында ортақтық болмаса да ұлттық және аймақтық айырмашылықтарды ұмыттыратын проблемалар, тенденциялар, міндеттер мен мақсаттардың тығыз жақындасуы байқалады.

Ақпараттық революция кезеңінде тоқтату мүмкін болмайтын және қазіргі ғаламтор түріндегі әлемдік әмбебап коммуникативтік жүйеде білімнің мазмұнының универсализациялануы жүріп жатыр. Интернационалдық ортада білім алып, жұмыс жасап және қатынас орнатып жүрген студенттер, зерттеушілер мен оқытушылар саны жылдан-жылға өсуде. Статистика деректеріне сүйенсек, өз елінен тыс жерде жоғары білім алып жүрген студенттер саны 1980 жылы 920 мың адамнан 1996 жылы 1 млн. 550 мың адамға дейін көбейген.

Жыл сайын үш мыңға жуық қазақстандықтар Елбасының әлемдік тәжірибеде бірегей саналатын «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алады. Жоғары білімнің интернационализациялануы объективті, қарқынды дамушы үдіріске айналуда. Көптеген ғалымдар мен жоғары мектеп қайраткерлерінің пікірлері бойынша, жоғары білімнің интернационализациялануы жаһандану кешеніндегі сәйкесті саясиқұқықтық жағының пайда болуынан көрінетін сапалық жаңа кезеңнің – жаһанданудың өзіне тән ерекшеліктерін иеленуде. Өзінің мазмұны жағынан ЖОО-ның жаһандануы ұлттық білім беру жүйесінің барынша жақындасуы, оның өзара толықтырылуы, жоғары білімнің әлемдік әлеуметтік жүйеге айналуы білдіреді. Бірақ, жоғары білімнің жүйедегі жаһандануының шынайы болмыста жетістіктер, проблемалар мен қарама-қайшылықтарды туындататын тұстары да байқалуда. Жоғары білімнің әлемдік жүйесін ашық әлеуметтік жүйе ретінде сипаттауға болады. Ол: біріншіден, шетелдік серіктестермен, ұйымдармен мықты байланыс орнататын білім беру мекемелері, ЮНЕСКО және БҰҰ-ның эгидасы бойынша бүкіл әлем үшін дамудың жалпы стратегиясын жасайтын жекелеген ұлттық және аймақтық жүйелер және әлемдік жоғары білімді ортақ жүйеге біріктіруге мүмкіндік туғызатын түрлі халықаралық білім беру ұйымдары мен ассоциациялар.

Әрине, жоғары білімнің барлық мекемелері мен ұйымдары әкімшілік тұрғыдан алғанда автономды. Олар білім беру қызметі нарығында лайықты орынды меншіктей отырып, сол нарықтың негізгі бағыттылығын айқындайды, ынтымақтастық немесе бәсекелестік нысанда өзара ықпалдасады. Екіншіден, әлемдік жоғары білімде экономикалық, саяси және өзге де әлемдік әлеуметтік жүйелер тұрасында тұтастық, автономдық белгілері пайда болады. Бұл үдірістердің негізі болып, классикалық университеттердің қызметін дәстүрлі реттеуші академиялық еркіндік пен жариялылықтың жанжақты нормаларының болуы және ұлттық білім беру жүйесі үшін барған сайын көбірек нормативтік мәнге ие болып отырған жоғары білімнің даму келешегін айқындайтын, сонымен қатар, барлық қосылған елдерде ерікті түрде қабылданған халықаралық конвенциялар, халықаралық деңгейде қабылданған бүкіләлемдік декларациялар табылады. Үшіншіден, жоғары білімнің әлемдік жүйесі жүйеліліктің келесідей белгілеріне ие: өзінің құрылымдық элементтерін, кадрлар мен оның жұмыс жасауын реттеуші нормаларын үнемі жаңартып, жетілдіру арқылы қол жететін орнықтылық және, осы орнықтылық жоғары білім жүйесінің үнемі жетілдірілуін, оның өзгеріп отыратын заманауи жағдайларға бейімделуін білдіреді. Еліміздің тәуелсіздік жылдарында бірқатар игілікті істер атқарылды. Заманауи заңдылық база қабылданды, 2005-2010 жылдары білім беруді дамытудың ірі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Оның шынайы жалғасы іспетті 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. ЮНЕСКО ұсынған білім беруді классификациялау жүйесінің Халықаралық стандарттары өлшемдеріне кадрларды даярлау құрылымын сәйкестендіріп келтіру маңызды жүйеленген қадам болды.

ЮНЕСКО есебіне сәйкес 2008 жылы Қазақстан жалпыға бірдей білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде көшбасшылар қатарына еніп, төртінші орынды иеленді. Елімізде білім беруді бағалаудың ұлттық жүйесі жұмыс жасауда, Еуропалық білім аймағына кіру үдірісі жүргізілуде. Жоғары мектеп әлемдік тәжірибеде қабылданғандай, мамандар даярлаудың үш деңгейлі моделіне толығымен көшті: бакалавр – магистр – философия докторы (PhD). Кредиттік технология бойынша білім беру енгізілді.

Елбасының «Назарбаев университетінде» оқыған дәрісінде Қазақстанда білім саласын қаржыландыру көлемінің соңғы бірнеше жыл бойы ЖІӨ-нің 4%-ын құрайтындығын атап өтті. Жаңа механизмдер енгізілуде: ең алдымен, білім берудің барлық деңгейлерінде әрбір жан басына қаржыландыру. Бүгінгі күні мұндай схема бойынша жоғары мектеп жұмыс жасауда. Ендігі жерде мектепке дейінгі білім беру, орта білім, техникалық және кәсіптік білім беруде де енгізілмек. Білім беру ұйымдарында ақша-қаражат «отырмайды», керісінше, әрбір білім алушының соңынан «жүреді». Берілген механизм бәсекелестікті



дамыту үшін алғышарттар жасайды, яғни, білім беру қызметінің сапасын көтеру құралдарының біріне айналады. Осыған ұқсас тәсіл – ваучерлік-модульдік қаржыландыру – педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда қолданылады. Әрбір бірнеше жылда педагогтар қайта даярлыққа ваучерлер алатын болады және оны қайда өту дұрыс екендігін, тіптен, шетелдік орталықтарды таңдай алады. Бұл қазақстандық ұйымдарды да қамтиды, демек, олар бәсекеге қабілеттілік жайлы байыпты ойлануға мәжбүр болады. Білім беру ұйымдарының басшылары да заманауи білім беру менеджментіне оқытылады.

Қаржыландырудың тағы бір өте қызықты құралы – мемлекеттік білім берудің жинақтаушы жүйесі (ГОНС). Оны енгізу Қазақстанның әрбір азаматына өзінің балаларын ЖОО мен колледждерде оқытуға төлейтін қаражаттарын жоспарлы түрде жинақтауға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде ҚР Білім және ғылым министрлігі қайткенде бұл жүйені барынша тартымды және кепілді сенімді етуге болатындығы төңірегінде жұмыстар атқаруда. Кадрлар даярлаудың барлық деңгейін қамтитын тағы бір маңызды аспект – elearning – электрондық оқытуды кең түрде енгізу. Әлемнің дамыған елдерінде – Жапонияда, АҚШ-да, Ұлыбританияда, Финляндияда, Оңтүстік Кореяда және басқаларында – қазірдің өзінде электрондық оқыту бойынша ұлттық бағдарламалар орындалуда. Қазақстан мұндай тенденциядан шеткері қалуға мүдделі емес. 2015 жылы білім беру ұйымдарының 50%-ын электрондық оқытуға көшіру, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті 90%-ға дейін жеткізу жоспарлануда және де бұл кадрлар даярлаудың барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиеде компьютерлік үйрету ойындары, орта мектептерде – электронды оқулықтар, колледждер мен кәсіптік лицейлерде – виртуалды тренажерлар, ЖОО-да – электронды ғылыми-зерттеу зертханалары қолданылатын болады. Жасалып жатқан қадамдар еліміздің келешегіне, Қазақстанның жаһандық экономикада өз позициясын нығайтуға зор үлес екендігі сөзсіз. Әзірше Қазақстан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі бойынша әлемде 69-орында. Аталған жүйені тәжірибеге енгізген жағдайда әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына еруге шынайы мүмкіндік алады. Ақпаратқа қолжетімділіктегі қала мен елді мекендер арасындағы теңсіздік күрт төмендейді. Білім беру сапасында тың серпіліс болады. Парламент Мәжілісі «Ғылым туралы» жаңа заң жобасын мақұлдады. Бұл ережені жүзеге асыру ғылымның оқу үдірісімен шынайы бірігуін жолға қояды. Оқыту мазмұнында теоретикалық және тәжірибелік құрамдастарының бірігуі секілді өзгерістер жүргізіледі. Алғашқыда бірнеше жетекші университеттерде, ал тәжірибе жинақтау шамасына қарай еліміздің қалған өзге де ЖОО-да. Бұл өзгерістер Қазақстанның әлемдік ғылыми-ағарту кеңістігі интеграциясына тың серпін береді. Атап айтқанда, тәуелсіз ұлттық институционалдық және әлемдік стандарттар бойынша мамандандырылған аккредитацияны өткен ЖОО-ның қатынасын

сәйкесінше 65 және 30 пайызға жеткізеді. Демек, жоғары білім сапасы анағұрлым артады, осыған орай ЖОО-ның классификациясы да өзгереді. Олардың алты түрі қарастырылған: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық ЖОО, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар және институттар. ЖОО-на қойылатын талаптар күшейеді. Қазақстан мемлекеттікпен тең дәрежеде жекеменшік секторына да жол ашып, жоғары білімді әртараптандыруға бетбұрыс жасады. Бұл әлемдік қауымдастық тарапынан дұрыс бағаланды. Бірақ, келеңсіз салдары да байқалды: сәнге айналған мамандықтарды – экономистер мен заңгерлерді даярлаумен шектелген, білім сапасы төмен ЖОО жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптады (1992 ж. – 60; ал, 2005 ж. - 185). Қазіргі таңда олардың саны 148 дейін қысқарды. 2012 жылдан бастап аккредитацияны коммерциялық емес үкіметтік емес аккредитациялық агенттіктер өткізеді. Нәтижесінде, жоғары мектеп жүйесі сауығады және Қазақстан білім берудің әлемдік сапасына жақындай түседі.

Тағы бір маңызды жаңашылдық – ЖОО-на академиялық еркіндік беру. Оның негізгі мәні – білім беру бағдарламаларында таңдау компоненттерінің үлесі көбейеді: бакалавриатта - 70%-ға дейін, магистратурада - 80%-ға дейін, ал докторантурада – 90 - 95%-ға дейін. Біздің елімізде алғаш рет ЖОО-ның автономдығы мәселесі көтеріліп отыр. Болон процесінің қағидаларына сәйкес, оларға білім беру, ғылыми, қаржылық, халықаралық және өзгеде қызметтерін жүзеге асыруда еркіндік беріледі. Мемлекеттік ЖОО автономды коммерциялық емес ұйымдарға айналады, мұндай тәсіл әлемде кеңінен қолданылады. Білім берудің барлық деңгейінде жүргізілетін жаңартулар нәтижесінде кадрларды даярлаудың құрылымдық жағы ғана емес, мамандарды оқыту мазмұны, кәсібилік тұрғысынан да әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жүйесі қалаптасады. Тағы бір айта кететін жайт, жоғары білімнің әлемдік жүйеге жаһандануы, бұл – енуге ұмтылмай-ақ қоюға болатын, бірақ, оны елемеуге болмайтын объективті дамушы үдіріс. Кез-келген объективті құбылыс секілді халықаралық жаһандану үдірісі белгілі бір шамада ұлттық білім жүйесін мүлдем өзгертеді. Жоғары білімнің даму тенденциясы өзімен бірге жағымды және жағымсыз салдарын ала келеді. Жоғары білім масштабының ұлғаюы білім беру сапасы проблемаласын тереңдете түседі. Заманауи қоғам жоғары білім және мобильді мамандарға мұқтаж. Дәл осы қоғам жас мамандардың еңбек нарығына ықпал ете отырып, сапалы жоғары білімге ынтылылықты күшейтуі мүмкін және тиіс. Жоғары білімнің халықаралық жаһандануын дамыту үдірінде маңызды рөл халықаралық ынтымақтастық және ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар еншісінде. ЮНЕСКО-ның «Жоғары білімдегі реформа мен дамыту» (1995 ж.) Бағдарламалық құжатында атап көрсетілгендей, «Халықаралық ынтымақтастықтың дамуы – ЮНЕСКО-ның басты мақсаты және жоғары білім саласындағы қызметінің негізгі нысаны болып табылады».

Халықаралық ынтымақтастық жоғары білімнің әлемдік жүйесін дамытудың әлеуетті тетігі болып табылады. Алдағы уақытта оның шешімін табуы талап ететін келесідей өзекті мәселелер тұр:

- жоғары білімнің маңызы мен деңгейінің қоғамның экономика, саясат, әлеуметтік мәдениет салаларының қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруын сақтау;
- түрлі елдер мен аймақтардағы мамандар даярлау деңгейін теңестіру;
- жоғары білім саласында халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту;
- түрлі елдер мен түрлі континенттерде білім мен дағдыны бірлесе пайдалану;
- ЖОО-ның дамуына әсіресе, дамушы елдерде халықаралық қорлардан қаржыландыру арқылы қолдау көрсету;
- ғаламдық деңгейде ынтымақтастық пен өзара көмек негізінде ғылыми мектептер мен білім беру жүйесінің бәсекелестігін ынталандыру.

#### Әдебиеттер:

1. Высшее образование в XXI веке: подходы и практические меры. Заключительный доклад. ЮНЕСКО, Париж, 1998.
2. И.Н. Зорников, Л.П. Волкова Проблемы и перспективы международной интеграции высшего образования. <http://www.rciabc.vsu.ru/irex/pubs/inzor1.htm>
3. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010 ж.
4. [http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma\\_startovala\\_kazakhstanskoe\\_obrazovanie\\_vstupilo\\_v\\_novoe\\_desjatiletie\\_razvitija/](http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma_startovala_kazakhstanskoe_obrazovanie_vstupilo_v_novoe_desjatiletie_razvitija/) Госпрограмма стартовала. Казахстанское образование вступило в новое десятилетие развития.
5. Реформа и развитие высшего образования. Программный документ. ЮНЕСКО, Париж, 1995.

### **3.29. Жүсіпбек Аймауытовтың психология іліміндегі наноғылымы**

**Альбина Женисовна Анесова**

PhD, «Шетел тілдер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ., Қазақстан)

**Енгилика Жұматаева**

п.ғ.д, профессор, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және инновациялық технологияларды оқыту ғылыми-практикалық орталығының директоры, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ., Қазақстан)

Сонау ықылым заманнан бері, Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби (870-950 жж.) [1] данышпаннан бүгінгі күнге дейін тіл туралы ғылым екі қатардан тұратыны белгілі. Оның алғашқысы: қай халықтың болмасын тіліндегі сөздерді жадына сақтау және оның сөз және сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, мәтіндеме сыңайындағы мән-мағынасын білу.

Екіншісі: сөздердің заңдылықтарын білу. Белгілі бір пәнге, нысанға қатыстысын белгілеу, қателік жібермес үшін тексеру заңдарын білу (талдау), әрбір модель, модуль, блоктардың ішкі мәнін зерттеу, оның бәрін жадына сіңіре алу. Әрбір саланың құрамындағы бөліктердің аталымын, олардың сөйлем ішіндегі сабақтастық пен түрлену, өзгеру секілді мәнділік сапаларды түйсіну арқылы жүзеге асатыны өз-өзінен түсінікті. Міне, осындай кешегі түркі жұрты мен әлемдік екінші ұстаз әл-Фараби заманынан бері келе жатқан заңдылықтар түзілімі осылай болып келеді. Бірақ, ол замандарға жай ұғымдар «модель», «модуль», «блок» сияқты сөздер таныс болмаған. Бұл терминдер бұлай аталмағанымен, Ж. Аймауытовтың «Психология» ілімінде саңылау сезім мен соқыр сезім тұрғысында зерделеніп, тіл меңгеруге немесе басқа да іс-әрекетке қатысты ғылыми негіздеме жасап берілген. Бұл түйінді сөзімізді дәлелдеу тұрғысында Ж. Аймауытовтың өзінің тұжырымдарына ден қоялық: «біз сезгенде» - мидың бір бөлімі, «байымдағанда» - екінші бөлімі, «ұйғарғанда» - үшінші бөлімі қызмет етеді [2, 205 б.].

Бұл ой-пікірден саңылау сезімнің басты тірегі ми екені байқалады. Ал тіл меңгеру тұлғаның миының «зерде», «ерік» секілді үлкен мидың қызметіне байлаулы екеніне Ж. Аймауытов тәжірибе жасаған.

Алдыңғы аяқтың, не тілін қозғау, көру, дыбыс есту секілді қызметтер осы үлкен мидың атқаратын рөліне тікелей байланысты. Байқап отырсақ, Ж. Аймауытов тіл меңгеруге қатысты бар жұлма және пәлсапалық жадының екі түрлі іс-әрекетінің соқыр сезім мен саңылау сезіміне тәуелді екенін айырып береді. Тілді жіті меңгеруге құлақтың атқарар операциясы айрықша. Тұлғаның сыртқы әлемнен, ортадан

алатын мүше мағлұматтарының 12/13 осы мүше арқылы қабылданатынына зер салған. Міне, сөйлеу іс-әрекетінің бастауы осы қызметке қатысты екеніне психолог жан-жақты тоқталды.

Нақтылап айтсақ, оның рет-тәртібі төмендегі түзілімдей болып келеді:

1. Дыбыс деген нәрсе әуеннің толқындары құлағымыздың ішіндегі тетіктерге соғылуынан пайда болатынының физикадан белгілі екендігі (ауаның бірде сиреп, бірде қойылып тұрғанын толқын дейміз). 2. Көз – түйстерді айыратын саңылау сезім. «Түс» дегенді ажырату үшін сәуленің жолына үш қырлы призманы (шыныны) ұстасақ, қабырғаға түскен сәуле кемпірқосақ тәрізді, түрлі-түсті болып кетеді. Осы түстерді физикада «спектр» дейді. Жұрт спектрде жеті түрлі түс бар деп ойлайды, қызыл, қошқыл-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк күлгін (күлді бадам). Анығында, спектрде түс әлдеқайда көп. 3. Сипау сезімін айыратын мүшеміз – терілеріміз. Терілеріміздің ішінде сипалау жүйкелері бар. Ол жүйкелердің ұштары түйіртпектеліп, ұршық бас болып біткен. 4. Иіскеу айыратын мүшеміз – танаудың ішіндегі жылбыс қабық. Бұл қабықтағы жүйкелердің ұштары да сипаудікі тәрізді иіскеу жүйкелерін газ сықылды заттар ғана шіміркендіреді. Газдар бөлімдері (элементтері) жылбыс қабыққа келіп іриді, ыдырайды. Осының салдарынан иіскеу жүйкелерінің ұштары шіміркеніп, кіндікке телефон соғады: кіндік иістің жайлы, жайсыздығына қарай шара істейді. 5. Дәм айыру мүшелеріміз – тілдік белгі. Иіскелу мүшелерінің жаралуы қандай болса, дәм айыру мүшесі де сондай деуге болады. Дәм айыру жүйкесін қоздыратын сұйық зат. Ал қатты затқа арнайы іс-әрекет арқылы дәмін айырамыз. Химиялы өзгеріс болмаса дәм айыратын жүйке шіміркенбейді. Негізгі дәмдер: тәтті, қышқыл, ащы, тұщы. 6. Дене сезуі екіге бөлінеді: тыстан берілетін сыртқы сезім, іштен келетін дене, көңіл сезім. Етте жүйке тараулары бар, олардың ұштары жиырылу неғұрлым күшті болса, соғұрлым жүйкенің қозуы да күшеймек. Дене сезімін көңіл сезімі десе де болады [2].

Қорыта келгенде, 6 түрлі сезім мүшелерінің саңылау сезім тетіктері екенін аңғару қиын емес. Ж. Аймауытов ілімінде бүгінгі ғалымдардың ұсақ бөліктерге дейін немесе нанонаука (грек сөзі ( $10^9$ ) – миллиардтан бір үлестің негізін құрайтын бірлік құраушы біліктілік физикалық шама атауы) деген ұғым байқап отырсақ психология туралы тұжырымдарында бастан аяғына дейін өрбіп отырады. Ж. Аймауытов соқыр сезім мен саңылау сезімдердің ең көзге көрінбейтін бірліктерінің бөліктеріне дейін зерттеу жасаған. Болон конференциясындағы ұлттық сипат негізінде ғылым меңгеру туралы ғылыми пайымдар жинақталса, бұл мәселелер Ж. Аймауытов еңбектерінде психология ілімін физиологиямен, биологиямен, физикамен, медицинамен, химиямен және қоғамдық пәндермен байланысты салыстыру амалымен зерделеу жоғарыдағы талдаудан аңғарамыз. Мұнымен бірге шетел

ғалымдарының қазақ елі ғылымынан асық түрлерін айқындап түсіндіріп беру де Ж. Аймауытов іліміне тән құбылыс.

Неміс ғалымы Геринг және Гельмгольцтің түрлі түстерді айыратын біздің көңілімізге үш түрлі, үшеуі де әртүрлі элементтер болу керек деген қисынын Ж. Аймауытов өзінің ғылыми еңбегіне негіздеме ретінде алады. Сол кездің өзінде шетел ғалымдарының озық ойларын нұсқалы тұрғыда ұлттық білім кеңістігіне шебер қолдануы Ж. Аймауытовтың жан-жақты зерттеу іс-әрекетінің көрсеткіші демекпіз.

Саңылау сезімінің тағы бір тетігін Ж. Аймауытов жөн табу дене басқару деп есептеген. Саңылау мүшелерінің бірі бұзылса, денесіне адам ие болмайтынын атап өтеді. Денесін билей алмаудың бірден-бір басты себебі кішкене мидың зақымдалуынан екенін зерттеп береді. Бұл тұжырымдар таза медициналық дәйектемелер. Аталған зерттеу нысанын айқындау мақсатында Ж. Аймауытов Америка психологы Джеймстің айтқан ұғымын келтіріп өтеді (жұрт күйіміз бұзылды, айтуға қорқамыз, қорыққан соң қашамыз дейді) [3].

«Құмарлықты сыртқа шығаратын әлпетінен тыйыла қалсаңыз – құмарлық өзі жоғалып кетеді» - деген Джеймс қисынын Ж.Аймауытов осы саңылау сезімнің дұрыс өркендеуіне себеп ретінде алған. Сөйтіп, Ж.Аймауытов саңылау сезімге кедергі келтіретін көлеңкелі мінез-құлықтарды атап өтеді:

- тегіне тарту. Секіру, сақылдау, түкірінеді, тебінеді, қырылдайды, ақырады, және т.б. (фетишизм);

- қорқып, қорқыныш күшейсе, үрейге айналады, тәрбиенің бір құралы қорқыту (дұрыс емес);

- соқыр сезімнің бір түрі – махаббат... шәкірттеріне өзін сүйгізген оқытушы балаларына жеккөрінішті оқытушының түсіне кірмейтін нәтижеге жетуі;

- таңсыққойлық, мұның мағынасы нәрсені жақсы білуге ынталану;

- еліктеу, еліктеу икеміміздің күші қандай болса, әрқайсымыздың кісілігіміз де сондай. «Мен» өзі, өзгені өнеге қылып, еліктеу сезімнен туып жетіледі;

- бәсеке етудің жалғасы. Өзгелер не істесе, олардан кем қалмаймын. Жат көрінбеймін деп өзіміз де соны істегіміз келіп, түртіп тұратын бір икемдік бар, осыны бәсеке дейді, адам қоғамының қатыгез жері – бәсеке;

- күндестік, іштарлық, өзін үнемі басқамен салыстыру нәтижесінде пайда болатын сезім;

- күйректік, өзін опыну, кем ұстау;

- соқыр нанымға түсу;

- таласу, бұл күндестіктің озбырлыққа ойысуы, бұлардың ерлікке қайырымдылыққа, дегдарлыққа шабатын жақсы жақтары тек сәбилік дәуірде болады;

- паңдық, тентектік. Тентектік бір қиындықты жеңу жағынан жақсы сезімге жатады, тентектік батыл, қунақ мінез адамда болады;

- меншікті сезім. «Менікі», меншікті. Адамның табиғаты өзгермей тұрып, дара меншіктеуінде, жоғалтамыз деу ұшқарлық.

Тізбеленіп сипатталған соқыр сезімдер – баланың туа біткен табиғи мінездері. Іс-әрекетті нәтижеге бағдарлау үшін жоғарыда біздер алдымен субъектінің дидактиканың пәлсапалық негізін тануына, сезінуіне қисындық, тағылымдық талдаулар жасап өттік. Ал осы таным мен сезімнің тірегі психология пәні екенін ұмытпағанымыз жөн. Себебі іс-әрекетті сұрыптау үшін оқытатын адамның туа біткен, жүре біткен сезім – ақыл деңгейліктеріне тоқталмаған данышпан-философтардың жоқ екеніне көзіміз жетті. Міне, осы қатарға Ж. Аймауытовты психология ілімінен қазақ халқының этнопсихологиялық ерекшелігін шығарып, оның тек «Амалдарды» саралап алуға қандай пайдасы бар? – деген сұраққа жауап іздеу тұрғысында қарастырып отырмыз.

Қорытарымыз не? Соқыр сезімнің пайдасы да, зияны да бар екенін ұстаз саналы түрде пайымдап, оның арнасын өлшемдікке өзі реттеп отыру көзделеді. Егер оның шамасын дәл пішіндеп отырса, мұның ұтымды қолданылуына толық пайдасы бар екеніне кез келген оқытушының көзі жетеді. Ойымызды автордың өз сөзімен тұжырымдап көрейік: «Оқытудың қай жолында болса да, істі жемісті оқытушының сүйегіне біткен зеректілігіне, тапқырлығына, жітілігіне, әдісіне байлануы... Бәсеке баланы жаңа әдістер кіргелі, бәсекені тәрбие құралы қылу жұмысқа оятуға мақтаулы әдіс емес дегенді әркімдер айтты. Бұл пікірді 150 жыл бұрын Руссо да сөйдеген. Екі шәкірттің арасында да күндестік шықса, ол құмарлыққа айналды. Құмарлық мінді мінез... Руссо тағы былай дейді: «Маймылды еш уақытта басқа балалармен өзін салыстыртпа. Оның ой тоқтатқаны байқала басталса, оны тіпті басқалармен жүгіртіп те жарыстырма. Қызғаншылықпен, болмаса, мақтан үшін үйренгеннен де түк үйретпеген жүз есе артық. Өйткенше, мен оның жылдағы істеген істегендерін жазып отырар едім. Сөйтіп өткен жылдағы істегендерімен биылғысын салыстырып отырар едім. Мен оған «Сен енді былтырғыдан пәлен дүйім артылдың... Бұрынғыдан қалай болдың екен? Енді байқайық дер едім... Сонда оған өзімнен-өзім артылам деген тілек пайда болар еді. Міне, осындай өзінің бұрынғы «Менімен» күндес студент ешбір жамандық бар деп ойламайтын болады [4].

Джеймс: «Мен психологияны білсем, бәсекенің терең мағыналы, зор пайдасы бар деп айтуға міндеттімін. Сондықтан ол құралдан мүлде безеді деуге шегім бар» - дейді... [3].

Біреудің істеген ерлігін естігенде намысымызды қоздырып сол іске итеретін сезім – тентектік баланың қытығына тиіп, тентектік қоздыру дұрыс. Мүриттей дүние жинамайтын, он екі мүшесінен басқа болмауды шарт қылған сопылар қауымы риясыздыққа зарлап, адамның жүрегін бақытсыз қылмау керек деп, ережелерін имектеніп, жұмсартып отыр, соны еркектің өзіне тән қымбаты, соны әйелдің өзіне тән бақтасы, бөлмесінде, сүйреті болуға рұқсат беріп отыр...

Міне, бұл тұжырымдардан ұққанымыз – адамның бойындағы икеміне қарай, әдісіне қарай, классикалық әдістерді қолдану керектігі. Бірақ, соқыр сезімдерді жағымды бағытқа бұра алмаса, олардың жоғарыда берілген барлық түрлері – іс-әрекеттің түбірі деп отырған дидактиканың пәлсапалық негізіне «қас-жау».

Адамның танымына ықпалын тигізер сезімнің бір түрін Ж. Аймауытов саңылау сезімдерден алған. Мұны автор зерделі қылық нысанасы тұрғысында да қарастырған. Оған Ж. Аймауытов мынандай анықтама береді: «Қылық дегеніміз күрделі қызметтерді бөлшектеп, ең әдемі құрандысын тапсақ, соны саңылау сезім деп айтады... Адамға бір нәрсе сүрең бермесе, саңылау болмас еді».

Саңылау сезімдерінің алғашқы бөліктеріне түсініктеме береді. Қуат – адам бойындағы әсердің ізі. Есіңдегіні жаңғыртсаң, берне (представление), мұрат (идея) пайда болады. Жаңғыртушы қуатты жад дейміз. Мұның бәрі мидың қызметіне бағынышты. Мидың қасиеті әркімде әртүрлі. Кейбіреудің миындағы көру кіндігі көбірек қозады, көбірек қызмет істейді, кейбіреулерде есту кіндігі көбірек қозады, құйма құлақ дейміз; үшіншіде сөйлеу кіндігі көбірек қызмет етеді. Төртіншіден, қол кіндігі көбірек қызмет етеді.

Амалға (упражнение) әсерді орнықтыру деп, тәжірибеге қайталама деп анықтама берген. Саңылау сезімдердің алгоритмі:

- саңылау сезімнің бір түрі - әдет, әдет – адамның екінші табиғаты;
- берне іліктестігі (ассоциациясы). «Икем» дейтініміз көбінесе іліктестікте болады.

- белгілі берне дәйім өзіндей не өзіне тете белгілі берне туғызады. Ол соңғы белгілі талап, белгілі мақұлдау, терістеу, көну, я көнбеу сезімін туғызады;

- ынта, мүдде (интерес). Тума ынта мен жасанды ынтаның қатынасын көрсететін жабайы заң бар. Екі берне қосылса, біріне-бірі сезімді ынта жұқтырады. Ынта – керектілік пен қажеттіліктен туатын қасиет. Жаңаны ескімен қабыстыратын оңтайыңыз сондай оңай болсын. Ынта бір орыннан екінші орынға ауып, аяқтап келгенде, ойдың бір аймағын шармап әкетеді;

- ілтипат (назар). Ең күшті ілтипаттың жүрісін бейнелеп айтсақ, екі жақты, ішті-тысты ықпалға ұшыраған ми шілтері деп ұқсастыруға соңғы екінші жақтың жад пен қиялдан келетін ағындармен күшейеді.

- жад (память). Жад – іліктестің ең жабайы, қолма-қол салдарының бірі. Жад - өткенді сақтайтын қуат. Жад – бір жағынан, неше түрлі алуларды жинап қойған қойма, екінші жақтан, белгілі нәрсені еске түсіретін қуат (қабілет). Жад ақылға бағынышты... Керекті болмыстарды (факті) реттеп, жіктеп шығады. Сонан соң, ол мағлұматтар ботқа болмайды. Қисынсыз, мысал ретінде еске сақтаған болмыстардың қосындысын *жұлма жад*, ал тәжірибенің қисындық ережелерінен құралатын тұжырымды *пәлсапалық жад* деп, Ж. Аймауытов екі топқа бөлген. Жад қабілеттері бір-біріне үндестікпен келіп, өзара маталуы



заңды құбылыс. Маталуы нәрселердің (білім нысаналарының ұсақ бөліктері) жүйесі қанша болса, жадымыз да сонша деп айтуға болады. бір жаңа нәрсе өз жүйесіндегі басқа нәрселермен іліктесіп барып, жадқа сақталады. Мұның бәрі дерлік қадағалаумен, үйретумен, пысықтаумен жүзеге аспақ.

Ж. Аймауытовтың бұл ілімінің бүгінгі XXI ғасырдың ақпараттық жүйесінде де ықпалы зор. Тура компьютерге білім көлемін сақтауға әзірлеп бергендей сипатта қабылдаймыз. Адамның білім жию қоймасын «ой сандығы» деуінің өзі компьютердің шығатынын, кибернетика ілімінің орнығатынын сонау XX ғасырдың басында көрегендікпен айтып кеткен. Осындай педагогикалық психологияның этнопсихологиялық аспектісін жан-жақты ашып берген, оның әрбір салдарының заңдылықтарын прагматикалық, пәлсапалық жұпта алып қарастырған. Мұнымен бірге ой сандығының әрекетін толық талдап, оқырмандарының жұлма жад пен пәлсапалық жадты қосақтап ұстауына, оны саналы дамыта алу іскерлігіне конструктивті ой түйеді.

Тағы да автордың өз сөзіне үңілейік. Жұлма жадтың ойлау әрекеті:

- бір нәрсені ақылға тоқып алудың ең жақсы жолы ақылды жүйе, басқаша айтқанда «білім» жүйесіне тізбелеуі;

- жиған «білім» жүйесін өз тобының ішінде тиісті орынға орналастыруы;

- оның себебін ойға қаттап салып түсіндіруін табуы;

- одан керекті салдарын қорытып шығаруы;

- ол қорытынды – тұжырым табиғаттың қандай заңына келетінін білуі;

- білім қоймасы – еңбек жолының ең тиімдісі деген түсінікке келуі;

- толып жатқан ұсақ-түйек ойларды білім білім жүйесінің қууы – жабайы ұғымның орнына меңзес іліктестіктің пайда болуы;

- заңды білу арқылы жадты толып жатқан жеке мысалдардан құтқаруы; заң арқылы керекті нәрсені дәйім еске түсіруі;

Пәлсапалық әрекеті:

- барлық нәрселер ақылға тірелді;

- түсіндіріп, себеп-салдар есебінде бірімен-бірі байланысуы, жүйе жаттау шарттарының ең жақсы болуы;

- оның сілемімен көп нәтиже қаражатпен қолға түседі;

- кімде-кімнің жұлма жады кем болса, ол кемшілікті пәлсапалы ойлауды күшейту арқылы толықтыруы;

- бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтануы;

- сөз ойдың табылмайтын құралы екенін елеуі;

- егделенген сайын адамның көру арқылы білім жиюы кеміп, сөз арқылы көп ұғынуы;

- миындағы ығы-жығы бернелерді реттеуі;

- нобайлап айтудан арылып, дәл қып айта алуы (заңы алаңы);

- өрнекті, пәлсапалы ойды аудармай айтуы;

- мақсатқа жетудің жолын талдау, тексеру, ойлай білу екенін ұғыуы;

- оны қайталауы, қорытуы, жинақтауы, пысықтауы, толықтыруы (Ж. Аймауытов сол кездің өзінде жаңа сабақ пен өткен материалды қайталаудың жүйесін шығарып берген);

- оны үнемі жаңа мағлұматтармен толықтырып өтуі;

- Адам – текті, күрделі зат; оның бірі – жарамды қабілетін өзіне сипаттарын бөліп алып, өлшеу арқылы нағыз рух (рух) қабілеттерін шамалауға ұмтылып, қабілеттілік рухын дамытуға бағыттауы;

- тәжірибе ретінде сынағанда, мағынасыз буындар, сөздер, әйтпесе шын өмірде жолықпайтын нәрселерді бермеуі;

- жадымыз бір мүддеге, мақсатқа қызмет қылып, бір өзімізге керекті болуы;

- алған білім өмірде басқа бернелермен жанастырылып, жадының дамып отыруы;

- ынталану мен әдістенуді білім аумағына өмірімен жанастыруы;

- Рух қабілеттілігін өлшеудің мүмкін еместігінің басты басты себептері көңіл, адамгершілік жігері, табандылығының сипатын шығара алмауы;

- бір қабілетті сынаумен білуге мүмкін еместігі, ұзақ амалдарының түпкі нәтижесіне қарап шамалануы, жадтың ұшқырлығы ақыл зеректігіне қатысының жоқтығы;

- бақылампаз оқытушының сыны, шәкірттің жадын, іліктестік қуатын, ілтипатын тәжірибе арқылы ғана өлшегеннен анағұрлым бағалы болуы;

- баланың қылығын байқап жүргенде, қосаметкей мағлұмат үшін істегені пайдалы, көретін көзі бар, сара ақылы бар, адамның табиғатын ұғарлық оқытушының сыны жай тәжірибеден артық екенін түсінуі;

- кімде-кімнің ақыл жүзіндегі жабайы қабілетінің, не жұлма жадының бір шалағай болса, ол үшін қынжылу жөнінің жоқтығы;

- көз бернесінің қабілеті болмай-ақ, кісінің суретші бола алуы, жады жаман бола тұра атақты ғалым бола алуы;

- қай уақытта болмасын нәрсеге елігуі, ынтық болу (қозғаушы күш) адамды алысқа сүйреуі;

- бір мақсатқа бағыттасаңыз, сөз жоқ, оған жетуі;

- бай болуға ынтықсаңыз, бай болуы; оқымысты адам болам десеңіз, оқымысты болуы; тек сол нәрсеге ғана ынтығу керек, одан басқаға көңіл бөліп, алаңдамауы [5].

Қорыта келгенде, Ж. Аймауытовтың психология ілімінде саңылау сезім мен соқыр сезімнің шығуы адамның ой сандығына қатысты зерделенуі демекпіз. Ой сандығының жұлма жад пен пәлсапалық жад сияқты екіге бөлініп қарастырылуы көңілге қонымды. Әсіресе, саңылау сезімге соқыр сезімнің кедергі келтіру тұстары дәйектілікпен түзілген. Ақиқатына келгенде, ұлттық сипаттан жаһандасу кеңістігіне тұлғалы бағаммен жету жолын Ж. Аймауытов сонау ХХ ғ. 20-жылдарында наноғылым, кибернетика, интеграция, интерпретация сияқты іс-әрекеттерге нұсқалы еңбек арнаған. Шетел тілдеріндегі терминдерді

солай алып, оған ұқсас түсінікті қазақшалап отырғаны тілді байытуға мүдделі екенінің дәлелі.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абу Насыр аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алматы: Наука, 1987. – 282 с.
2. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау. «Психология» атты оқулықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
3. Джемс У. Прагматизм: новое название для некоторых старых методов мышления: Популярные лекции по философии. Пер. с англ. — Изд. 3-е. — М.: ЛКИ, 2011. — 240 с.
4. Руссо Ж. Ж. Об общественном договоре: Трактаты. – М.: ТЕРРА, 2000. – 216 с.
5. Аймауытов Ж. Шығармалар: Роман, повесть, әңгімелер, пьесалар / Құрас. М. Атымов, Қ. Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

### **3.30. Зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми қызметкерлердің педагогикалық-психологиялық тұрғыда тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру**

#### **Дәметкен Сагидуллақызы Байғожанова**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, ХАА академигі,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

#### **Альмира Амангельдықызы Амирханова**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

#### **Серікбай Тұрдықожа**

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша атқарылатын қызметтер әлдеқашаннан бері білгілі. Адам өзі өмір сүретін әлемнің құпияларын әрқашан танып білуге ұмтылып келеді. Ғылымға деген әлеуметтік маңыздылық пен қажеттілік – бұл мәңгілік дүние.

Ғылыми қызметкер өзінің зерттеу жұмысын жүргізу мен ұйымдастыру бойынша екі негізгі функцияны орындайды: *біріншіден*, адамзат жинақтаған білімін жинақтап жүйелендіреді; *екіншіден*, жаңа белгісіз нәрселерді танып, ғылымды толықтырып байытады. Бұл зерттеу функциялары барлық уақытта кез-келген зерттеулер үшін аса маңызды болып қала береді, тек олардың қоғамдық өмірде болып жатқан зерттелетін мәселелер мен жұмыс жасау әдістеріне

байланысты мазмұндық өзгерістері болуы мүмкін. Аталған функцияларды жүзеге асыру үшін ғылыми қызметкерге өзінің тұлғалық мықты негізін жасайтындай бірқатар сапалық қасиеттерге ие болуы қажет.

Ғылыми жұмыс – қандай да бір көзге көрінбейтін дүниені танып білу жолында өжеттілікті, табандылықты, шыдамдылықты, жаңа ұмтылыс сезімін қалыптастыруды, талмай қызмет етуді, талап ететін – өзін ақтайтын шығармашылық жұмыс болып табылады. Ғылымның даму тарихында жоғары сапалы ғылыми-қызметкерлерді тізімге алып іріктеу жолында жасалған іс-әрекеттер аз емес.

К.Э. Циолковскийдің пікірінше: ғылыми-қызметкерлер тұлғасының: жақсы еске сақтау қабылеті, алаңсыз ойлау шеберлігі, ғылыми қиялы, интеллектуалды тәуелсізділігі, яғни бір сөзбен айтқанда, өз ойының дербестілігі, ынталылығы, жалындылығы және ғылымға деген табандылығы, ғылымға берілгені соншама «өзін-өзі ұмытып кету» сияқты негізгі қасиеттері болуы керек.

В.А. Обручев – толыққанды жемісті ғылыми қызмет жасаудың негізгі үш ұстанымын атап өтті, олар: *жоспарлай білу, ұқыптылық және шығармашылыққа деген құштарлық.*

И.П. Павлов ғылыми-зерттеуші тұлғасының жоғары сапалы болуы үшін: ғылыми деңгейлілік, ғылым көзін тануда мықтылық жасап, адами білім шыңына жету, ұстамдылық, шыдамдылық, дайындық және қаралай күнделікті жұмыс жасай білу, дерек көздерін немесе ақпараттарды сабырлықпен жинай білу, ғылыми сыпайылық, барлық өміріңді ғылымға беруге дайын болу керектігін тілге тиек еткен.

К.И. Скрябин – қалаған мамандығыңа байланысты, ғылыми шығармашылықта ғылымға деген сүйіспеншіліктің өте маңызды екендігін ерекше атап өткен [1].

Адамзат әрекетінің барлық саласы ғаламдық жағынан ақпараттандырылып, информатика ғылымы басқа ғылымдардың барлық салаларына енген заманда, *информатика саласында педагогиканың ғылыми зерттеу әдістері кез-келген ғылыммен байланысы бар* екендігін ашық айтуға болады.

Қазіргі уақытта Ә.И. Кузнецов, М.П. Лапчик, С.А. Жданов, М.В. Швецкий, И.А. Румянцев, А.А. Малева және т.б. информатика саласын педагогикалық тұрғыда негізін қалаушы шетелдік ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді *кәсіби дайындау* қалыптасты.

А.М. Пискунов, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенина, Н.Ф. Талызина және басқа да дидактиктер мен психологтардың зерттеу жұмыстарында мұғалімдерді дайындап жетілдірудің негіздері керсетілген [2].

Ал, информатика және информатиканы оқыту әдістемесі жағынан жоғары оқу және орта оқу орындарында негізін қалаушы қазақстандық ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков, Ж.А. Кариев Ж. Караев, З. Халыкова,

Т. Ермеков, КС. Әбдиев, Д.С. Байгожанова, Г.Д. Жангисина, Г.К. Нұргалиева, А.М. Мубараков, М. Серік, Ж.Қ. Нұрбекова және т.б. ғалымдардың, еңбектері еліміздің жаңа технология бойынша дамып келе жатқан жас пән информатиканың негізін жасауға үлкен септігін тигізді. Бұдан, информатика саласында педагогикалық ғылыми зерттеулер әдістемесін дайындау мазмұны мен құрылымын жетілдірудің негізгі бағыттарын келесі түрде тұжырымдап шығаруға болады:

- әдістемелік, дайындықты күшейту бағытында информатика пәні мұғалімін кәсіби бағытта дайындау;
- информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесін дамытуда қазіргі заман талаптарына сай келетін әдістемелік дайындау бағдарламаларын құру;
- информатиканы оқыту әдістемесінде жеке тақырыптарының мазмұнын, әдістемелік оқыту жүйесінің элементтерімен толықтыру және дамыту. Мұндағы көздеген мақсатымыз: жас мамандарды информатика саласының ғылыми бағыттағы негіздерін жасау үшін педагогикалық зерттеу әдістері жөнінде жалпы мағлұматтар беру, әдіснамасымен таныстыру [3].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, ғылыми-зерттеуші қызметкерлерге адами бар мүмкіндігін пайдаланып, ғылыми тұрғыда жүргізіп отырған зерттеу жұмысының нәтижесі, келешекте өзін-өзі ақтайтындай дәрежеде болатындай өте жоғары талаптар қойылды және қойылады да. Әрине, аталған талаптарға сай, ғылыми қызметтің жекеше үлгісі қалыптасады. Әрбір ғылыми – қызметкердің зерттеулерінің табысты болуын қамтамасыз ететін өзіндік құрылымы мен ерекше қасиеттері болады. Сонымен қатар, ғылыми-қызметкер тек қана кәсіпқой-зерттеуші ғана емес, бірінші кезекте, өз елінің маңызды мәселелерін ғылыми тұрғыда шешуге ат салысатын отаншыл патриот болуы қажет.

Ғылыми-зерттеушінің ең маңызды құралы: болашақ мамандардың дамуы мен қалыптасуы барысында, оларды оқыту мен тәрбиелеуде өзінің әрқашан көздеген мақсатына қол жеткізе алатын, *педагогикалық-психологиялық бағыт* болып табылады. Аталған мағлұматтар бойынша, педагог – зерттеушінің ең маңызды қасиетіне жататындар: *оптимизм, зерттеу жұмысына қойылатын талапты ұлғайту, білімгерлердің шығармашылық жағынан дамуына тиімді үлгілер ұсыну, қайырымдылық, бауырмалдылық, мейірімділік пен жақсылықты болжайтын адамилық қасиетті болу, адамды қорламайтын, қарғамайтын, кемітпейтін, кері бағыт бермейтін, шындықты қалайтын, шыдамдылық, ұстамдылық, өзін-өзі басқара алу, ғылыми зерттеу жұмыстарын өзінің ар – ұятымен, намысымен келісе отырып шыншыл түрде жүргізе білуді игеру*. Бұл өз кезегінде, зерттеушіні өзіне және адамдарға қызметтік міндет ретінде педагогикалық-психологиялық тұрғыда моральдық ережелерге сәйкес

талаптар қоя білуін меңзейді. Сонымен, зерттеу жұмысын орындау барысында адамдармен қарым-қатынастың жақсы болуы маңызды рөл атқарады.

Барлық аталған деректер ғылыми-қызметкердің атақ абыройы мен беделінің сапасын келесі критерийлер бойынша анықтайды:

- терең жан-жақты алынған арнайы білімінің болуы;
- кәсіби және ғылыми-зерттеу дағдыларын меңгеруі;
- психологиялық-педагогикалық дағдыларының болуы;
- жалпы педагогикалық мәдениеті;
- адамдармен қарым-қатынас жасау (коммуникациялық) дағдыларын меңгеруі;
- кәсіби және психологиялық-педагогикалық этика нормаларына сәйкес мінез-құлық.

Педагог-зерттеуші адамның негізгі кәсіптік маңызды қасиеттерін кеңейте отырып келесі түрдегі заңдылық аясында жүзеге асырылады:

*1. Жалпы педагогикалық-психологиялық сапа:*

- кәсіби педагогикалық-психологиялық бағыттылық;  
- жеке тұлғаның әлеуметтік және кәсіби маңыздылық қасиеті: азаматтылық, өзіне және гуманизм, оптимизм, ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген тұрақты қызығушылық, адамдарға деген әділдік пен тілекке сәйкестік, тіл-тапқыштық және адамдар мен өзіңе деген талап қоя білу.

*2. Кәсіби педагогикалық-психологиялық сапалары:*

- педагогикалық-психологиялық, теориялық, әдістемелік және тәжірибелік дайындық;  
- педагогикалық-психологиялық зейіннің дамуы: коммуникативтік, перспективалық, жобалылық, эмоционалды-жігерлі, сындарлы, дидактикалық, ұйымдастырушылық – танымдылық, креативті шығармашылық.

*3. Жеке кәсіби педагогикалық - психологиялық сапалары:*

- психикалық үрдістердің педагогикалық-психологиялық бағыты;  
- танымдық және эмоционалды, жігерлілік;  
- эмоционалды қайырымыдылық;  
- еркіндіктің жетілгендігі;  
- рефлексия.

Зерттеуші қызметкердің педагогикалық шеберлігі оның *кәсіби зейінділігінің дамуы* арқылы пайда болады. Олардың ішінен келесілерін бөліп көрсетуге болады:

- *интеллектуальдық* (ғылыми педагогикалық-психологиялық тұрғыда ойлаудың дамып жетілуі) – ұғымы келесі дағдыларды айқындайды: үйренгенді түсіндіру және талдау, байыпсыздан байыптыны бөліп алу; педагогикалық-психологиялық эксперименттер жүргізу; «деректер – қалып (модель) – жорамал (гипотеза) – салдар – тексеріс» негізгі ұғымдары арқылы ғылыми ізденісті жүзеге асыру;

тәжірибелі деректер негізінде теориялық модель құру; зерттеліп жатқан құбылыстардың сандық және сапалық арақатынасын табу; қорытындылау заңдылығын тұжырымдау; олардың қолдану аймағын тағайындау; өз-ара байланыс құбылыстары мен үрдістерді қарастыру; олардың маңыздылығы мен қарама-қарсылығын ашу; зерттеу материалдарын талдау мен кеңейте түсу және сапалы интуиция, көкейкестілік, алдын алы болжау, ауқымды білім;

- *түйсіну* – адамның ішкі әлеміне еніп, машықтану негізіне жататын әдеттен тыс шиеленіске назар аудару, көңілшектік, сезімталдық және т.б. ұғымдармен тығыз байланысты;

- *қарым-қатынас* – ғылыми-зерттеу процесіне қатысушылармен оң қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ұғым;

- *жобалау* – білім беру үрдісінің дамуы мен нәтижелері барысын алдын ала болжауға мүмкіндік береді;

- *жетекші-көшбасшы* – зерттеулерге немесе педагогикалық үрдіске қатысушылардан органның немесе қандай да бір мекеменің ұсынысы бойынша эмоциялық-ерік әсерімен қатты сөздің құдіретін қажетті нәтижеге жетуге бағытталған ұғым;

- *эмоциялық-ерік* – өзіңнің ішкі жағдайыңды сезіммен және мінез-құлқыңмен басқаруға мүмкіндік беретін ұғым;

- *дидактикалық* – қол жетімді ғылыми-зерттеу мәселелерін қызықты, ашық, айқын дәлелдермен түсіндіруге және ол материалдарды ұсынуға қабілеттілікті көрсететін ұғым;

- *ұйымдастырушылық* – білімгерлердің танымдық қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ зерттеуші-педагог өз жұмысын жоғары дәрежеде ұйымдастыру мен жұмысқа деген қабілеттілігінің мүмкіндік беретін ұғым;

- *ғылыми-танымдық* – жаңа ақпаратты тез меңгеруге мүмкіндік беретін ұғым;

- *шығармашылық (жаңашыл)* – психологиялық-педагогикалық және ғылыми-зерттеу міндеттерін шығармашылық сипатта шешуге мүмкіндік беретін: үлгіден жалтару, өзіндік ерекшелігі болу, бір іске бастамашыл болу, зерттеу мақсаттына жетумен ғана қанағаттану емес сонымен қатар, шығармашылық үшін қол жетпес ұмтылыс ұғымы болып табылады [1].

Тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда келтірілген барлық мағлұматтар – педагог-зерттеушінің шынайы ғалым, жаңалық енгізуші тұлға екендігін анықтайтын өзіндік кәсіби-маңызды қасиетін береді.

Бүгінгі күні, заман талабына сәйкес педагогика және психология ғылымдары өте тез дамуда. Әсіресе, соңғы он жылда аталған ғылымдардың табыстары ерекше аңғарылуда. Қазіргі уақытта, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ең заманауи математикалық және әлеуметтік әдістер қолданылады, оларға заманауи соңғы типтегі компьютерлер мен техникалық құрал жабдықтарды пайдалану жүзеге асырылуда. Бірақ, бұл жетістіктердің

болуы, өткен жылдардағы педагогика мен психологияның қордаланып жиналған ғылыми қорысыз мүмкін емес еді. Бүгінгі күнгі қол жеткізген жетістіктерді ғылыми тұрғыдан алып қарасақ, соншалықты маңызды болмауы мүмкін, бірақ, әрбір жаңа категориялар мен жаңа идеялардың өз уақытында пайда болуы ғылымды белсенді түрде алға жылжытты, зерттеуші ғалымдардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамыды, олардың педагогикалық-психологиялық мәдениеті артты. Осы ғылымдарының бастауында тұрған адамдар үшін психология және педагогика тарихына деген этикалық көзқарас, - бұл ғалымдардың моралдық парызы ғана емес, сонымен қатар, педагогикалық - психологиялық зерттеулер тиімділігінің қажетті шарты.

Жоғарыда айтылғандай, қандай да бір құбылысты тереңнен, жан жақты зерттеп толық білу, тарихи және логикалық көзқарастардың бірлігі болып табылады. Идеялардың даму тарихын білу оның бүгінгі күнгі жағдайын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі ұрпақ педагогтары мен психологтары зерттеушілерге бұрынғы жүргізілген зерттеулерге ғана емес, қазіргі және болашақтағы педагогикалық салада жүргізілетін зерттеу жұмыстарына қосатын елеулі еңбектері үшін ризашылығын білдіреді

Педагогикалық - психологиялық зерттеу - бұл әрқашан адамдармен жұмыс істейді, сондықтан зерттеуші жоғары этикалық және дұрыс болуы керек. Диссертациялық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, жүргізілетін сауалнамаға жауап берушілердің психологиялық жағдайына үңіліп қарау үшін, педагог-зерттеушінің этикалық маңызды компоненттері мен оның педагогикалық - психологиялық мәдениеті болып табылатын: мейірімділік, жетекшіге көмек беруге ұмтылу, шыдамдылық, төзімділік және басқа да қасиеттері болуы қажетті. Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін педагогикалық тәжірибеге енгізу де ғалымның этикасына қоылатын талаптарды көрсетеді. Мысалы, алдын ала анықталмаған тесттік тапсырмалардың дұрыстығы мен сенімділігін анықтау үшін, күмәнді әдістерді кәсіби іріктеу мақсатында қолдану, өнегелік жағынан жарамсыз болады. Бұл адамдарға теріс әсер ететін этикалық құқық бұзушылық болып табылады, жоғары оқу орындарының басшыларын алдап, істің нақты жағдайын бұрмалауға әкеліп соғуы мүмкін.

Нағыз ғылыми зерттеуші – ең алдымен, атқаратын қызметінің барлық бағыттары бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізудің *алғышартын*, зерттеудің құралы ретінде қарастыра отырып, ұжымда тәртіп пен тапсырыс деңгейін арттыруда басшылардың беделін көтеруге тырысады. Бұл тәсіл: адамгершілік принциптерінен ауытқуға мүмкіндік бермейтін, талап қоя білетін талғампаз зерттеуші болу үшін мейірімді болуды талап етеді.

Оқыту мен тәрбиелеу процесіне жеткілікті түрде ойластырылмаған күмәнді ұсыныстарды енгізу, педагогикаға түзетілмейтін зиян келтіреді, ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстарды зерттеуде сенімсіздік туғызады.



Сол себепті, зерттеушінің парызы, ғылыми және ұйымдастырушылық қиындықтарының мерзіміне қарамастан, эксперименттік жұмыс сапасын адал орындау қажет. Мұнда орыс халқының «жеті рет өлшеп, бір рет кесу керек» деген мақалын негізге алған дұрыс болады. Зерттеу жұмысы бойынша асығыс қорытындылар мен ұсыныстар жасау, педагог-зерттеуші үшін қайшы болады.

Педагог-зерттеушіге – жеке ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде алғыр болуы мен үлгілі келбетінің болуы маңызды рөл атқарады. Зерттеу жұмысын жүргізу мерзімінде ол көптеген адамдардың назарында болады, сол себепті, зерттеуші сыртқы пішіні мен мінезіне ерекше көңіл бөлгені дұрыс.

***Зерттеудің практикалық маңыздылығы:***

- жоғары оқу орындарында информатика саласында педагогикалық зерттеулер жүргізудің заманауи материалдар ретінде ұсынуға болатындығы;

- информатика саласында педагогикалық зерттеулер жүргізудің заманауи ұғымдарының оқыту әдістемесінің жасалуы;

- информатика саласында педагогикалық зерттеулер жүргізудің нәтижесін, еліміздің білім беру жүйесінде білімгерлерді шығармашылық тұрғыда даярлау шеңберінде жоғары оқу орындарына қажетті құрал ретінде қолданысқа ендіруге болатындығы болып табылады.

***Болашақта қолданылуы:*** Біздің ұсынып отырған жаңаша заманауи тұрғыдағы зерттеу жұмыстарын жүргізу еліміздің кез-келген жоғары оқу орындарының білімгерлері үшін құнды материал болмақ.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Г.Б. Методология и технология формирования сетевой готовности будущих специалистов. /Автореф. дисс. п.ғ.д., Г.Б. Ахметова: 13.00.02 – Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. – Алматы, 2009 г. - 37 с.

2. Қойбағарова Т.Қ., Ельтинова Р.А. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. I-бөлім. – Павлодар: ПМПИ, 2013. - 195 бет.

3. Тұрдықожа С., Байғожанова Д.С. Информатика саласында педагогикалық ғылыми зерттеу әдістері. «Заманауи ақпараттық білім беру ортасы: дәстүр және инновация» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. / Ред. Б.С. Кәрімова. – Астана: «Оқулық» РГПО, 2017. – 301-305 б.

### **3.31. Методика формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-хореографов, при подготовке бакалавра**

**Роза Большовна Сабдалиева**

старший преподаватель кафедры «Хореография».  
Казахский государственный женский педагогический университет  
(г. Алматы, Казахстан)

Создание и развитие в Казахстане современной высокоэффективной системы образования является одним из важнейших условий для достижения стратегической цели, поставленной Президентом Нурсултаном Назарбаевым для вхождения в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира. Идеологией Главы государства побуждает о необходимости пробуждать интеллектуальный потенциал нашей нации. «Наша задача – изменить отношение казахстанцев и, в первую очередь, молодёжи к образованности, к интеллекту, служению Родине и народу. Нам необходимо создать ядро национального интеллекта, нам нужны эрудированные люди, способные конкурировать на международном уровне», - сказал Президент [Послание Президента РК народу Казахстана]. [1]

В модернизации образовательной системы основную ведущую роль несет учитель, который обучает и воспитывает здоровую нацию будущего. Заповедь сегодняшнего учителя «Учитель имеет право учить других до тех пор, пока учится сам». Эта профессиональная заповедь особенно актуальна в наше время.

Мировая практика показывает образованность человека на сегодняшний день, определяется не столько специальными (предметными) знаниями, сколько его разносторонним развитием как личности, ориентирующейся в традициях отечественной и мировой культуры, в современной системе ценностей, способной к активной социальной адаптации в обществе и самостоятельному жизненному выбору, к самообразованию и самосовершенствованию.

В условиях введения образовательных стандартов нового поколения актуальность включения дополнительного образования детей в структуру основных общеобразовательных программ связывается с необходимостью усиления вариативной составляющей общего образования, способствующей практическому приложению знаний, умений и навыков, полученных в школе, стимулирования познавательной мотивации обучающихся. В условиях дополнительного образования дети могут развивать свой творческий потенциал, навыки адаптации к современному обществу и получают возможность полноценной организации свободного времени.

Большинство современных стран мира признали необходимость дополнительного развития как интеллектуально, так и творческий. В процессе подготовки специалистов в вузах, ежегодно рассматриваются дисциплины необходимые для обучения педагогов творческих специальностей. В учебном процессе вуза, осуществляющего подготовку педагогов-хореографов, многие специальные дисциплины ранее изучались в отрыве от психолого-педагогического цикла дисциплин, то есть хореографическая направленность процесса обучения доминировала над педагогической. [2, с. 157]

Вместе с тем, формирование и развитие профессиональной компетентности педагогов-хореографов в условиях педвузов является сложным многоступенчатым процессом, обеспечивающимся единой целью, потребностями и мотивацией субъекта и объекта профессиональной подготовки. Этот процесс предусматривает единство обучения, воспитания и развития в ходе аудиторных занятий и соответственно в концертных, творческих, социально-культурных и педагогических мероприятиях.

**Процесс формирования профессиональной компетентности педагогов-хореографов обусловлен:**

- требованиями к студентам на каждом этапе формирования их профессиональной компетентности;
- объемом теоретических знаний, практических умений и навыков, обеспечивающих эффективность профессиональной деятельности;
- интеграцией теории и практики в освоении хореографического и педагогического мастерства;
- выполнением совокупности заданий, которые позволяющих отслеживать динамику учебных и профессиональных достижений будущих педагогов-хореографов.

В результате создания педагогических условий в процессе изучения комплексных базовых и профилирующих дисциплин было обеспечено создание качественного нового, поисково-созидательного процесса, стимулирующего развитие творческой деятельности обучающихся. В процессе разработки экспериментальной методики учитывались рекомендации ведущих специалистов в области хореографического образования.

Разработанная в исследовании методика формирования профессиональной компетентности будущих педагогов хореографии позволяет поэтапно формировать и развивать личностные и профессиональные качества.

Повышение уровня профессиональной компетентности студентов происходит за счет поэтапного развития профессионально значимых знаний, умений и личностных качеств. Обоснованная нами методика формирования профессиональной компетентности будущего педагога-хореографа обеспечивает гармоничное сочетание профессиональных

хореографических качеств с развитыми педагогическими навыками и умениями. [3, с. 120]

Структурная модель представленной методики представлена в рисунке.

### **Модель методики формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-хореографов**



Педагогическая компетенция педагога-хореографа представлена, в основном, областью педагогического общения и оценки деятельности участников хореографических коллективов и направлена на решение педагогических ситуаций с учетом психолого-педагогических закономерностей развития коллектива.

Практика показывает, что формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-хореографов оптимально осуществляется в единстве теоретического и практического компонентов, представленных лекциями, самостоятельной работой студентов и педагогической практикой. Таким образом, методика направлена на формирование различных аспектов профессиональной компетентности педагога-хореографа, в совокупности необходимых

ему для успешной реализации будущей профессиональной деятельности.

Процесс формирования профессиональной компетентности будущего преподавателя хореографии связан с созданием в вузе, на факультетах и кафедрах инновационной среды, т.е. условий для постоянного поиска, обновления приемов и способов профессиональной деятельности. Инновационная среда предполагает включение студентов в деятельность по созданию, освоению и использованию профессионально-исполнительских и педагогических инноваций в практике обучения и воспитания. [4, с. 80]

Можно выделить следующие педагогические инновации, которые необходимо применять в процессе профессиональной подготовки педагогов-хореографов в условиях современного вуза: организация и руководство индивидуальной самостоятельной работой студентов (СРС и СРСП); проблемность в обучении; решение ситуаций профессиональной деятельности (в условиях педагогической практики студентов); использование различных форм и методов контроля; компьютерные технологии обучения; индивидуализация обучения; интерактивные методы обучения (деловые и ролевые игры, решение и анализ педагогических ситуаций – кейс-стади, групповые диспуты, мозговые штурмы, тренинги и т.д.); интегрированные занятия и т.д.

Следует отметить, что кредитная система обучения потребовала от преподавателя повышения мобильности, творческой инициативы по внедрению инновационных образовательных технологий, поощряя использование передовых интерактивных методов обучения. Особое значение приобрели СРСП и СРС как формы индивидуализированной работы студентов. По сравнению с традиционной системой обучения в кредитной технологии обучения заметно изменилось взаимодействие педагога и учащихся: на первое место вышла активность самих студентов. Главным для педагога стало создание условий для развития инициативы студентов, так как в современных условиях педагог выступает наставником студентов. Использование интерактивных методов обучения позволило сместить акцент с преподавателя на студентов как главных участников образовательного процесса.

**На теоретическом этапе экспериментальной методики применялась** совокупность интерактивных методов.

В первую очередь, мы использовали несколько видов интерактивных лекций.

Возможности *проблемной лекции* позволяли вывести студентов из привычной формы размышления, повысить самостоятельность в освоении знаний. Студенты конструировали собственное понимание объекта профессиональной деятельности.

На проблемной лекции основное внимание уделялось рассмотрению сложных теоретических вопросов, для чего студентам задавались вопросы, вызывающие дискуссии, в результате которых

они должны сформировать собственную точку зрения. Студенты таким образом учились самостоятельно искать ответы на практические вопросы, осваивали навыки исследовательской деятельности, решали проблемные вопросы (требующие доказательств, вызывающие дискуссии, трудные для восприятия) и самостоятельно искали на них ответы.

Дискуссионные лекции внесли оживление в учебный процесс, тем самым активизируя студентов и подвигая их к глубокому освоению учебного материала. При подведении итогов дискуссии необходимо было выяснить, была ли раскрыта, донесена до других дискуссионная позиция?

*Лекция-консультация* применялась нами в целях расширения личностного познавательного опыта. На лекции-консультации основное внимание уделялось наиболее сложным теоретическим и практическим вопросам. При возникновении вопросов со стороны студентов преподавателю они сами привлекались к разрешению вопроса.

Метод мозгового штурма использовался для оперативного продуцирования идей и решений в групповой работе и стимулирования творческой активности студентов. Данный метод способствовал активизации творческого потенциала участников.

При проведении мозгового штурма выдерживался следующий алгоритм: постановка проблемы, генерация идей, группировка, отбор и оценка идей.

Активно использовался метод групповой дискуссии, который проводился в форме специфической беседы, которая была направлена на обучение ее участников анализу профессиональных ситуаций, формированию навыков формулирования проблемы, развитию умения взаимодействовать с другими участниками, а также формированию навыков коллективного принятия решений по различным профессиональным проблемам. Основная задача дискуссии – выявление существующего многообразия точек зрения участников на вопрос или проблему и при необходимости всесторонний анализ каждой из них.

Дискуссии давали импульс проблемному обучению, т.к. студенты не просто пассивно получали знания, но «добывали» их, решая познавательные задачи; в процессе дискуссии формировались специфические умения и навыки: умение формулировать мысли и аргументировать их, навыки критического мышления.

Специалисты с хореографическим образованием не понаслышке знают, что слабым местом хореографов является их способность осмысливать и анализировать научные тексты. Для привития студентам навыков самостоятельного анализа научных текстов, интереса к профессиональной психолого-педагогической литературе нами использовался метод *инсерта* (вставки). Это метод активного чтения, который позволял студентам формировать и развивать интерес

к изучаемой научно-исследовательской проблеме, различным научным текстам.

Главное достоинство данного метода связано с возможностью расширения кругозора студентов, развития их способности ориентироваться в проблемах теоретического характера, собирать и анализировать информацию, вырабатывать самостоятельные суждения по различным вопросам.

**На тренинговом этапе** экспериментальной методики мы активно использовали деловые и ролевые игры, когда студенты выступали в роли преподавателей, проявляли творческую самостоятельность, учились применять теоретические знания на практике. Деловые игры помогали осваивать новые формы поведения в ситуациях будущей профессиональной деятельности, накапливать новый социальный опыт общения в определенной роли (педагога хореографии, руководителя хореографического коллектива, менеджера танцевальной студии и т.д.).

Основные этапы ролевой игры включали:

- постановку задачи;
- инструктаж и обучение участников хореографической постановки;
- проведение репетиций;
- показ и сдача хореографического номера.

Важнейшим аспектом ролевой игры было исполнение роли и эффективное решение педагогических ситуаций, а также четкий показ лексики танца. При этом учитывались эмоциональность исполнения, убедительность, образность, эффективность принятого педагогического решения, уровень коммуникативных навыков и т.д.

Метод *тренинга* представляет собой систему упражнений по овладению танцевальной и педагогической техникой. Тренинги использовались нами при закреплении профессионально значимых умений и навыков.

В целях развития коммуникативной компетентности студентов нами достаточно широко использовались упражнения на сплочение группы. К ним относятся упражнения для знакомства участников, для сплочения группы, коллектива, для разминки, расслабления, оживления активности учащихся, для развития у учащихся коммуникативных навыков и т.д. Такие упражнения особенно важны для будущего педагога-хореографа, и их применение в процессе их профессиональной подготовки является залогом того, что студенты будут их применять в собственной профессиональной деятельности.

Таким образом, процесс профессиональной подготовки педагога-хореографа мы стремились организовать в увлекательной инновационной форме благодаря возможностям современных интерактивных методов обучения. Интерактивные методы обучения способствовали решению конкретных профессионально-

педагогических задач, т.к. включали студентов в выполнение разнообразных функций педагога, воспитателя, руководителя хореографического коллектива.

### **Список литературы:**

1. Послание Президента Республики Казахстан от 31 января 2017 года.
2. Кульбекова А.К. Формирование профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусств Казахстана: системный подход. – Автореферат дисс. ... д.п.н. – М., 2009.
3. Тлеубаева Б.С. Формирование профессионально значимых качеств будущего педагога-хореографа. – Дисс. ... к.п.н. – Алматы, 2006.
4. Николаева Л.А. Формирование профессиональной компетенции педагога-хореографа при обучении в вузе. // Компетентностный подход в системе непрерывного художественного образования. Теория, практика и перспективы. – Материалы обл. науч.-практ. конференции. – Омск, 2007.

### **3.32. «Организмде астың қорытылуы» тақырыбын оқытуда жобалау әдісін қолдану**

#### **Гульмира Бостановна Абдраманова**

"Биология, география және химия" кафедрасының аға оқытушысы,  
биология ғылымдарының кандидаты. Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

Ғылым мен техниканың дамыған уақытында адамның білімі мен біліктілігі еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің ең басты көрсеткішіне айналып отыр. Қазіргі кезде білім беру саласындағы көптеген педагогикалық технологиялардың ішінен жобалау әдісі жиі қолданылатын болып жүр. Жобалау әдісін қолдану оқытудың жақсы ойластырылған, негізделген әдіс-тәсілдері мен құралдарын қамтиды. Бұл әдіс тұлғаға бағытталған. Жобалық жұмыс орындаушы білім алушылардың бойында жобалық білік қалыптасады, алдына проблема қою, сол проблемаға байланысты мақсат қою, жоспарлау, зерттеушілік, коммуникативтік біліктері қалыптасады.

Жобалау әдісі ең алғаш XX ғасырдың басында АҚШ-ның ауылшаруашылық мектептерінде жүзеге асырыла бастаған. Бұл әдістің негізі американдық ғалымдар Д. Дьюи, У. Килпатрик, Э. Торндайк идеяларынан алынған. Кейіннен әлемнің түрлі елдерінде кеңінен танымал болып, қолданысқа ие болды.

Жобалау - "proicere" деген латын сөзі. Бұл сөз "жоспарлау, дайындау, әзірлеу" сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге



асырылуын білдіреді. "Жоба" ұғымы педагогика саласында емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы, құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы және т.б. [1, 2, 3].

Бүгінде жобалау - білім беруді және оны көп үлгіде ұйымдастыру практикасын дамытудың басты факторы. Жобалау мәселесімен көптеген жетекші ғалымдар шұғылданған: В.П. Беспалько, Е.В. Бондаревская, В.В. Сериков, В.В. Гузеев, В.М. Монахов, Е.С. Заир-Бек. Жоба әлеуметтік немесе тұлғалық мәнді мақсаты бар және нақты орны, уақыты мен қоры бар жағдайды пайдалануға бағытталған жетістікке бағытталады.

Педагогикалық жобалаудың қажеттілігі бар білім беру жүйесінен болжамды білім беру жүйесіне өту, ауысуға саналы қажеттіліктің пайда болуынан туындайды. Мұның мәні педагогикалық мәселені және оның пайда болу себептерін айқындау мен талдаудан, жобалаудың құнды негіздерін туғызу мен стратегиясынан, педагогикалық жобаны жүзеге асыру мақсаты мен міндеттерін анықтаудан, әдістері мен құралдарын іздестіруден тұрады (В.М. Монахов).

Жоба - оңтайлы тәсілдердің көмегімен алдын ала жоспарланған нәтижеге жетуге, нақты проблеманы шешуге бағытталған жұмыс. Жобаның құрылымына жоба нәтижесіне жетудің тәсілі ретінде баяндамалар, рефераттар, зерттеушілік және білім алушылардың басқа да өзіндік шығармашылық жұмыстарының элементтері кіруі мүмкін. Жобалық жұмыс - нәтижесі алдын ала белгісіз шығармашылық, зерттеушілік мәселелерді шешумен тығыз байланысты жұмыс. Сабақ барысында және сабақтан тыс орындалатын жобалық жұмыстар білім алушылардың өз беттерінше ізденулері арқылы зерттеушілік іс-әрекеттер дағдыларын, ойлаудың зерттеушілік түрін меңгерулеріне, сонымен қатар оқу барысында белсенділік ұстанымдарын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасайды.

Жоба әдісі дегеніміз - оқытудың жүйесі немесе технология. Бұл технологияны қолдану барысында оқытушы өз жұмысын нақты жоспарлайды, негізінен практикалық білім беретін жобалық тапсырмалар құрастырады және оларды біртіндеп қиындатып отырады. Білім алушылар оқытушының басшылығымен және өздігінен іздену арқылы практикалық білім мен білікті меңгереді.

Білім алушыларды жобалық және зерттеу әрекетіне үйрету барысында қойылатын міндеттер төмендегідей болуы мүмкін:

- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- проблема қою және оны шешудің тәсілдері мен жолдарын таба білу біліктері мен дағдыларын дамыту;
- оқуға және өздігінен ізденуге ынталандыруға жағдай жасау;

- білім алушылардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне жеке жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бағалаудың сезімін қалау;

- тұлғаның бойында коммуникативтік дағдылар қалыптастыру және дамыту;

- білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Жобалау әдісі білім алушыларға тақырып таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда, презентация және қорытынды жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Жобалық жұмысты істеу барысында оқушының бойында өз бетінше жұмыс істеуге қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады;

- таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қояды;

- мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құрастырады;

- алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;

- тақырыпқа сәйкес мәліметтерді жинақтауға, жүйелеуге үйренеді;

- мақсатқа жетуге қатысты орындалатын жұмыстардың әдістерін талдау, салыстыру арқылы тиімді әдісті таңдай алады;

- өз ойын, көзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізуге дағдыланады;

- өзгелерді тыңдауға үйренеді, олардың айтқандарын ой елегінен өткізіп, сұрақ қоюға, қажет болған жағдайда өз сұрағына жауап беруге және жауабын дәлелдеуге, өз шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге дағдыланады [4, 4-5 бб.].

Бұл жұмыстарды жұппен немесе топпен орындауға және атқарылатын жұмыстарды топ мүшелері арасында бөлуге болады. Жобалық тапсырмаларды негізінен оқушылардың өздері орындайды, тапсырманы орындаудың уақыты белгіленеді. Алайда жобадағы шешілуі тиіс мәселенің күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты, мұғалім бағыттаушы, басқарушы рөлін атқарады. Міне, "Организмде астың қорытылуы" тақырыбын оқыту барысында жобалау әдісі қолданылған сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: "Организмде астың қорытылуы"

Жобаның нәтижесі: асқорыту жүйесі мүшелерінде асқорыту процестерінің моделі

Әдістер: жартылай-ізденушілік, зерттеушілік

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы: топтық

Қажетті құралдар: аппликациялық материал (ақуыздар, майлар, көмірсулар, оларды ыдырататын өнімдер, су, дәрумендер, минералдық тұздар ферменттер, қорытылмаған заттар), "Асқорыту мүшелерінде қоректік заттардың айналымы" кестесімен карточкалар, топтарға арналған сұрақтарымен карточкалар, жобаның бағалау үшін критерийлер, жобалық іс-әрекетті сараптауға арналған анкеталар.

Сабақ барысы:

Сабақ кезеңдері (жобамен жұмыс жасау кезеңдері)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру	Жұмысқа оқушылардың дайындығын анықтау. Топты мына белгілер бойынша құру (темперамент типі, сезіну каналы)	Алты адамнан құрылған топтар құру
Білімнің өзектілігі және проблеманы анықтау. Проблемалық мәселелерді құру. Проблемалық мәселенің болжамы мен шешу әдістері	Тамақтану және асқорыту процестері туралы білімдерін өзектейді. Сұрақ қояды: "Тағам - тіршіліктің көзі болып қалай табылады?". И.П. Павловтың асқорытудың маңызы туралы айтқан сөзін келтіреді: "Шикі материал зауытқа түсер алдында ұзынырақ қатарлар мекемесінен өтеді, ол жерде белгілі болғандай өңделеді. Шикі материал қозғалатын жерде бүйір химиялық қатарлар фабрикасы бар, онда шикі материалды өңдеуге арналған белгілі реактивтер дайындайды". Проблеманы анықтайды: мұнымен салыстыру барысында автор нені меңзеді? Бұл процесті модель ретінде келтіруге бола ма? Топтарда оқушылардың жобалық жұмыстары үшін проблемалық мәселелерді жөндеп түзетеді: 1. "Тағамдық" зауытты неден бастап функциялайды? (1 жоба тапсырмасы.) 2. "Тағамдық" зауыттың екінші мекемесінің ролі қандай"? (2 жоба тапсырма) 3. "Тағамдық" зауыттың келесі мекемесі несімен қызықтырады?" (3 жоба тапсырмасы). 4. "Тағамдық зауытта" химиялық фабрикалар бар. Ол қандай мүшелерімен көрсетіледі? (4 жоба тапсырмасы)	Сұрақтарға жауап береді және ұсыныстарын айтады. Проблеманы сараптап отырып, жоба тақырыбын анықтайды. Проблемалық мәселелерді қарастырады: Қандай мүшелерде процесс іске асырылады? Шикі материал онда қандай өңдеуден өтеді? Өзбетінше жұмыстар үшін тапсырмалар таңдалады. Соңғы мақсатты анықтайды - біріккен іс-әрекеттің арқасындағы өнім: асқорыту процесінің моделі 1 топ. Ауыз қуысындағы заттардың өзгеріске ұшырауы туралы пікірлерін айтады. 2 топ. Асқазанда заттардың өзгеріске ұшырауы туралы пікірлерін айтады. 3 топ. Қарын-ішек жолдарындағы тағамдық салмақтың өзгерістері туралы болжам жасайды. 4 топ. Асқорытуда олардың ролін болжай отырып, асқорыту бездері деп атайды.
Материалды ізденушілік	Ақпараттың қосымша көздерін болжайды және оқушыларға кеңес береді.	Топта міндеттерді анықтайды. Жобаға қатысу үшін міндеттерін бөліп береді. Ақпаратмен таныстырады

Сабақ кезеңдері (жобамен жұмыс жасау кезеңдері)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
		(1 қосымша). Топтарда талқылау барысында басты мазмұнды бөліп алады, көрсету формаларын таңдайды.
Материалды талдау және жинақтау.	Жоба мазмұнының құрылымын кеңес беру барысында ұсынады.	Материалды анықтай отырып, кестенің формасын толтырады
(Ақпаратпен алмасу.)	Орындалған тапсырмалар бойынша топ ішінде жұмыстарды ұйымдастырады.	(2 қосымша) Аппликациялық нұсқадағы мүшелерде
(Алынған нәтижелерді безендіру.)	Оқушылардың жұмыстарын түзетеді, жобаны қорғауға педагогикалық қолдау көрсетеді (тезіс, көрнекі материалдарды безендіру).	асқорыту процесін моделдейді, мазмұнын құрастырады. Топта бір-бірін тыңдайды, ақпарат көзін таныстыру формасын анықтайды. Ұжымдық модельдеу процесінде әрбір топ қатысады, нұсқаларын тақтаға сызып көрсетеді, баяндауға дайындалады.
Алынған нәтижелерді көрсету (сараптама жасау)	Әрбір топтың қорғауын ұйымдастырады. Қорғау барысында жоба тақырыбы бойынша сұрақтар қарастыру қаралады.	Зерттеу жобаларын қорғайды. Асқорытудың жалпы моделін құрастырады. Асқорытудың маңызын анықтайды.
Рефлексия	Келісілген критерийлер бойынша топ жобаларының жұмысын бағалауға кіріседі. Жобада жеткен жетістікті анықтау үшін анкета қоса тігіледі.	Жобаны орындау мен қорғауға арналған критерийлерді ескере отырып, оқушылардың жобалық іс-әрекетінің нәтижелерін бағалайды. Рефлексия алгоритмін пайдалана отырып, өздерінің жеткен жетістіктер деңгейін анықтайды, белсенді қатысушылар атын атайды.

Сондықтан оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудағы педагогтың басты мақсаты білімді дайын күйінде беру емес, оларды проблемалық жағдаяттарды шешу, ізденушілік, зерттеушілік, жобалық

тапсырмаларды орындау арқылы білім басым бөлігін өздіктерінен меңгеруін қамтамасыз ету. Жобалық тапсырмаларды орындау білім алушылардың өз беттерінше әрекет жасауына, оқуға үйренуіне мүмкіндік жасайды.

Осылайша, жоба бойынша жұмыс барысында оқушылардың жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс істеу дағдылары қалыптасты, ақпараттың түрлі көздерінен қажетті деректі таба білуді үйренді. Бұл жағдайда жобамен жұмыс істеу білім алушылардың білім саласы бойынша көзқарастарын кеңейтуге және тақырыпты тереңдетіп оқуына мүмкіндік берді.

Қорыта айтқанда, жоба әдісінің негізінде білім алушылардың оқу-танымдық әрекетінің нәтижеге бағытталу идеясы жатты, практикалық немесе теориялық маңызы бар проблемаларды шешу барысында нәтиже пайда болды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Государственная Программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118.

2. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", - 2011. - 336 б.

3. Есимбекова Б.О. Жобалау: теориясы, түрлері, әдістері, үлгілері. Алматы, 2014. - 50 б.

4. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. - 80 б.

### **3.33. Студенттердің оқу жұмысын ұйымдастырудың топтық формасы**

#### **Гульмира Бостановна Абдраманова**

"Биология, география және химия" кафедрасының аға оқытушысы, биология ғылымдарының кандидаты. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

Қазақстан жоғары мектебінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқыту мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында білімгерлерге жүйелі, нақты білім беру болып табылады.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында: "Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық

коммуникациялық желілерге шығу", - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілді [1]. Бұл міндеттерді іс жүзіне асыру мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесі кәсіби тұрғыда жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға бағытталған. Бұл ЖОО-да оқытатын пәндер қорын үнемі жетілдіріп, сабақтың құрылымдарын ең тиімді қолдану жолдарын іздестіруді талап етеді. Ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің әртүрлі формалары мен түрлері жүйесінде топтық жұмыс және оның әртүрлілігі маңызды орын алады. Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады. Топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігі бойынша зерттеулер әртүрлі бағытта жүргізілуде. Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың бұл түрлері И.М. Чередов, Ю.Б. Зотов, Х.И. Лийметс, М.Д. Виноградова, И.Б. Первин, В.К. Дьяченко, В.В. Котов, И.Э. Унт, М.Н. Скаткин және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [2, 197 б.].

Психологтар тұлғаның жетілуі үшін топтық жұмыстар қолайлы жағдай туғызатынын ашып көрсетеді. Педагогтар оқытуда топтық жұмыстардың атқаратын рөлін қарастырады. Олардың пікірінше, топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқу жұмыстарын даралауға жол ашады, өйткені әрбір білім алушының әлеуметтік мүмкіндіктері мен қабілеттерін шығармашылықты түрде көрсетуіне жағдай жасайды: проблеманы оқытуда, тұлғаны когнитивті дамыту бағалы, дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешуге көмектеседі [3, 309 б.].

Топтық жұмыстарға жұптасып жұмыс істеуді, педагогтың тапсырмасымен сабақта жұптасып хабарлама жасауды, топтық сұрақ, кеңестік сұрақ жұмыстарын және т.б. жатқызуға болады. Топтық сабақтардың құрылымының классикалық нұсқасы: шартты түрде сабақ үшке бөлінеді: кіріспе, топтық және қорытынды.

Топпен жұмыс жүргізудің екі түрі бар: бірыңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс. Бірыңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды, ал сараланған топтық жұмыс барысында берілген тақырып шеңберінде әртүрлі тапсырмалар орындайды. Тәрбиелік тұрғыда сараланған топтық жұмыс ерекше құндылыққа ие және білім алушылардың ұжымдық танымдық іс-әрекетінің барлық талаптарына барынша сәйкес келеді.

Топтық жұмыстарды ұйымдастырудың көптеген пролемалардың шешімімен байланысты. Зерттеушілер (И.Т. Волков, Х.И. Лийметс, В. Оконь, А.М. Раевский) оларға топтар құру, топтық жұмыстардың нәтижелілігінің критерийлерін анықтау, оқушыларға тақырып пен тапсырмалар таңдау, дидактикалық материалдар дайындау, оқу топтарындағы білім алушылардың өздерін өздері басқаруының рөлі, оларды орналастыру сияқты проблемаларды жатқызады [3, 310 б.]. Оқу пәндеріне жасалған талдау топтық жұмыстар арқылы әрбір пәннің

меңгерілу мүмкіндігі әртүрлі. Сонымен бірге әрбір оқу пәнінің топтық сабақтарда табысты оқытылатын тақырыптары бар (кесте 1).

Кесте 1. Топтық жұмыстың құрылымы

Топтық жұмыс		
I	II	III
Кіріспе бөлім (мотивациялық - ұйымдастыру сұрақтары)	Өзіндік топтық жұмыс (топтағы оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру)	Қорытынды бөлім (тұжырымдамалар, жұмыс нәтижелері)
- танымдық міндеттерді мұғалімдердің белгілеуі; - бірізділігінің нұсқасы; - дидактикалық материалдарды тарату.	- алынған міндеттермен танысқан соң топ жұмысын жоспарлау (мүмкін консультация, мұғалім көмегі); - топ ішінде алынған міндеттерді бөлікке бөлу; - әрбір оқушылар өзіндік міндеттерін жеке орындау; - жұмыс нәтижесін жеке талқылау; - берілген міндеттерді жалпы қорытындылар.	- әрбір топтың хабарламасы (кеңесші немесе әрбір топтың мүшесі, барлық топтар); - әрбір топтың жұмысына сараптама; - қойылған міндеттерді орындау туралы қорытындылар; - берілген міндеттердің нәтижелілігі.

Топтарды ұйымдастыруда мына мәселелер басшылыққа алынуы тиіс:

- әрбір пән бойынша бөлек топтар құрылатындығы, бір пәннің шеңберінде топтың құрамы жеке оқушылардың ілгері басуын ескере отырып анықталуының қажеттігі;

- математика, физика, химия, шет тілі пәндері бойынша топтар оқушылардың білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының деңгейіне қарай құрылғаны орынды (гомогенді топтар);

- әдебиет, тарих, география пәндері бойынша топтар оқу жұмыстарының қарқыны, әртүрлі оқудан тыс ақпараттардан хабардарлығы бойынша көп жекеленбейтін оқушылардан құрылғаны орынды;

- оқу топтарын жинақтауда оқушылардың өзара қарым-қатынастары да ескерілуі тиіс [2, 3].

Топтық форма бойынша жұмыс істеген кезінде сабақта топтық құрамындағы көмек қажет болған әр студент басқа студент немесе педагог жағынан даралық көмек көрсетіледі. Бұл жаппай және даралық жұмыс формаларында барлық студенттерге көмек көрсету педагогқа қиын түсетінін көрсетеді. Ал жағдай топтық оқыту формасында басқаша болады. Топтағы студенттер педагог пен мықты кеңесші-білім алушылардың көмегін алады.

Білім алушылардың сабақтағы топтық формада жұмыс жүргізуі негізінен мақсатты түрде тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, нақты

ғылыми пәндерде тәжірибе жүргізуде жүзеге асырылады, шетел тілі сабағында ауызекі тілді меңгеруде, мәтіндерді оқу кезінде, тарихи деректерді зерделеу кезінде қолданылады. Осындай жұмыстардың барысында қорытындыларды талқылау, күрделі өзгерістер болып кеткен жағдайдағы кеңесшімен бірге жұмыс істеу барынша жүзеге асады. Осының бәрі үзіліссіз өз бетінше жұмыс жүргізу негізінде жүреді. Мұндай топты ұйымдастыру кезінде топтың барлық мүшесі жұмысқа белсене араласады, әлсіздер күштілердің артында тығылып отырмайды, ал күштілер шешім шығарудың бәрін өз қолдарына алмайды. Топтық оқыту формасы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда - ұжымдық әрекет түрін көрсетеді, білім алушылар бір-бірінің қорытындыларын тексеруіне болады. Топтық жұмыс барысында әр студенттің оқу мүмкіншілігіне мән беріп, педагог пен білім алушының арасында жақсы қатынастар орнаса, үлкен табысқа жетуге мүмкіндігі бар.

Топтық жұмыс істеудегі оқушылардың табысқа жетуі мұғалімге тікелей байланысты. Мұғалім әр оқушы, әр топ мүшесі мұғалімнің көңіл бөліп отырғанын сезінуі керек дейді, - Т.А. Ильина [2, 201 б.].

Сонымен, сабақтағы оқушылардың топтық әрекеті В.В. Котовтың жұмысында көрсетілгендей, келесі элементтерден тұрады:

1. Оқушыларды топтық тапсырманы орындауға алдын ала даярлау, оқу міндеттерін қою, мұғалімнің қысқа нұсқау беруі.

2. Топта оқу тапсырмасын орындауды талқылау және жоспарын жасау, оларды шешу тәсілдерін анықтау, міндеттемелерді бөлу.

3. Оқу тапсырмасын орындау жұмысы.

4. Мұғалімнің топтың және жеке оқушылардың жұмысын байқауы және түзетуі.

5. Топтағы тапсырманың орындалуын өзара тексеру және бақылау.

6. Мұғалімнің талап етуімен оқушының алынған нәтижелер туралы хабарламасы, мұғалімнің басшылығымен жалпы пікірталас, қорытынды, тұжырымдамаларды жасау, толықтыру және бағыт беруі, мұғалімнің қосымша ақпараты.

7. Топтардың және тұтас сыныптың жұмысын жеке бағалау.

8. Оқушылардың топтық жұмысының жетістігі мұғалімнің шеберлігіне, оның өз зейінін бөле білуіне байланысты.

Топтық форма бойынша сабақ өткізудің қазіргі кездегі әбден тұрақталған үлгісі – мұғалім мен білім алушылар арасындағы қатынас. Бірақ бұл байланыс осы кезде жаңарып, білім алушылардың өз ішінен мұғалімнің рөлін атқарушылар сайланып, топтық қатынас білім алушылардың арасында іске асады.

Топтық жұмыс – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін білім алушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді.



Бұл кезде ынтымақтастық оқу барысында қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы білім алады [4].

Топтық жұмыс студенттерді толық қамтып, барлығын жұмылдырады, сонымен бірге әрбір студенттің өз қабілетін барынша көрсетіп, өзгені де тануына жол ашады, нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттестік жүзеге асады. Топтық формадағы жұмыстар сабақ тақырыбына және қойылған мақсаттарға орай сан алуан формада жүргізіледі. Топ жұмысы нәтижелі болу үшін бір мақсатты кездеуі тиіс.

Қорытындылай келе, топпен жұмыс істеу барысында өзара пікір алмасады, бір-бірінен үйренеді, өзара қарым-қатынас жақсарады, нәтижесінде қызығушылық пайда болады, білімді өз бетімен меңгереді. Топ ішінде бар ережеге бағыну, ішкі бақылаудың болуы өнімділік деңгейінің артуына ықпал етеді. Топ қаншалықты ұйымшыл болса, нәтиже де жоғары болады. Әрбір студент топ жұмысының нәтижелі болуына өзінге үлес қосқанын сезінеді. Ол алдағы жұмысқа ынталандырады. Сонымен қатар, қателік жіберемін деген қорқыныштан туындаған психологиялық және коммуникативтік кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. - Астана, 2017.
2. Педагогика. Педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқулық / Ред. басқ. П.И. Пидкасистый; Ауд.: Г.К. Ахметова, Ш.Т. Таубаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 336 б.
3. Педагогика. Оқулық / Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. - Алматы: Print - S, 2005. - 430 б.
4. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. - Алматы: 2011. - 123-133 б.

### **3.34. Диалогтың құрамдық бөлшектерінің коммуникативті-прагматикалық сипаттамасы**

**Лаззат Алимкуловна Булекбаева**

аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

**Гулбағира Ибраимқызы Саурукова**

PhD докторанты (Southwest университеті, Қытай)

Диалог адам мінез-құлқының формасы ретінде, сөйлеу әрекетінің бір болмысы болып табылады. Бұл диалогтық қатысымның

функционалды-психологиялық ерекшеліктерін айшықтап көрсететін факт. Сонымен сөйлеу әрекетінің тек осы түріне ғана тән, диалогтың бірден-бір сипатын ашатын ерекшелігі ол оның реактивті қасиеті (Л.С. Выготский, А.Л. Лурия, К. Черри). Өйткені диалогтың табиғаты диалогқа қатысушылардың бірінің сөзі екіншісінің тиісті жауап реакциясының тууына түрткі болатын репликалардың алмасуында ашылады. Диалогтық қатысымның дәл осы ерекшелігі қазіргі уақыттағы диалог теориясының репликаларды реплика-стимул мен реплика-реакция етіп бөліп, диалог барысындағы олардың орнын да белгілеген болатын.

Жауап репликаның жалпы табиғаты, яғни оның тақырыптық сипаты, сол жағдаятқа беретін бағасы, құрылымдық-семантикалық формасы реплика-стимулдың интенциясына, пропозициясына тәуелді екені анық. Дей тұрғанмен, реплика-реакцияны жүзеге асыратын сөйлеу актілері әңгімені жалғастырып, ары қарай өрбітеді болмаса басқа арнаға бұрады. Стимулдың бойындағы бағдарламаны, немесе реактивті тапсырманы орындаса да, одан бас тартса да, қарсы келсе де, келіссе де адресаттың өз еркі. Жауап репликаның реактивті қасиеті диалогты қатысымда жан-жақты ашыла түседі.

Диалог зерттеуде психологиялық және грамматикалық бағыттар өзара тығыз байланысты. Өйткені таза лингвистикалық зерттеулер ауызша қатысымның барлық аспектілерін толық сипаттай алмайды. Қазіргі тіл білімінде диалогтың құрылымы мен сипатын анықтайтын мәнбірлерді қарастыратын, экстралингвистикалық жағдайларды ескеретін психоллингвистикалық бағыттың белсенділігі байқалады.

Прагматика да сөйлеу әрекетіне қатысты психоллингвистикамен шектесетіні белгілі. Сөйлеуші сөздерді тыңдаушыға байқатпай таңдағанымен, ауызекі сөйлеу үстінде олардың пропозициясы ашық түрде көрініп қалады. Мақсатты жеткізуші тіл бірліктері ойлау деңгейінде таңдалады. Сөйлеуші санасында бар сөйлесімнің мазмұны мен мақсатының варианттарын сөйлесімнің прагматикалық мүмкіндіктері деп атауға болады. Сөйлеу жағдаяты, қарым-қатынас орнатудың қағидалары сөйлесімнің мазмұнын, мақсатын анықтайды. Сонымен сөйлеу актісінің қалыптасуының әр буынында нақты сөйлеу жағдаятында қалыптасқан шынайы байланыстар мен қарым-қатынастарды мақсатты түрде талдаудан өткізіп, қажеттісін, адресатқа түсінікті түрлі тілдік құралдар арқылы беру үрдістері жүреді. Бұл жерде тыңдаушы мен сөйлеушінің өзара әлеуметтік, физиологиялық, психологиялық айырмашылықтары сөйлесім мазмұнын анықтауға міндетті түрде ықпал ететіндігі ескеріледі [1].

Сөйлеу материалын аналитикалық тұрғыдан жеткізу, яғни, бірыңғай жағдаятты болмаса оның элементтерін күрделендіріп, құрамды формада жеткізу де диалогқа тән қасиет. Аналитизм репликалардың экспресивтілігін күшейтуге қызмет етеді. Сөйлеуші бір мәліметті жеткізу үшін күрделі тіркесті қолданғаны – әңгімелесушінің

соған деген көңілін бөлгісі келгені. Аналитизмге қарама-қарсы тенденция, бұл материалды ықшамдап, қарапайымдап беруге ұмтылу. Мұның басты мақсаты мәліметті толық жеткізу үшін тілдік құралдарды мейлінше тиімді пайдалану.

Ауызекі қатысымда коммуниканттар тек ой алмасып қана қоймайды, олар сондай-ақ, өз сезімдерін де білдіріп жатады. Диалогтың психологиялық-семантикалық сипатын ашатын, сөйлеушілердің сөйлесім арқылы білдіретін эмоциясының көрінісі. Диалогтың эмоциялық жағымен тығыз байланысты экспрессивті қасиеті сөйлесімдерге көркемдік сипат береді.

Диалогқа хабарлаудың тиімділігін арттырудың, фактіні баяндағанда әңгімелесушінің көңіл қоюына қызмет ету мақсатының құралы болып табылатын семантикалық молшылық тән. Мұндай мол семантикалық компоненттерді қолдану эмоциялық реакцияны көрсететін сөйлесімге қосымша реңк береді. Сондай-ақ, диалогта кейбір маңызды семантикалық элементтер айқын көрінбейтін импликатура да қатар жүретіні анық. Әңгіме барысында сөйлеуші мәліметтің бір бөлігін жасырын жеткізуі мүмкін. Ол контексттен және сөйлеу жағдаятынан, немесе коммуниканттардың жалпы әлеуметтік-тарихи тәжірибесіне сүйенетін ортақ біліміне қарай түсінікті болады.

Диалогтың репликаларына жинақтық сипаттама бере отырып, оларды тек формальді-құрылымдық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ коммуникативті-прагматикалық жағынан да зерттеу қажет. Коммуникативті аспект ауызекі қатысымда байқалатын тілдік бірліктердің ерекшеліктерін ашады. Ал коммуниканттар тұлғааралық қатысым кезінде өздерінің мақсаттарына жету мен тапсырмаларын орындау үшін әр түрлі мәлімет алмасады.

Прагматикалық аспект тілді қатысым құралы ретінде қолданатын индивидпен байланысты тілдік бірліктерді есепке алады. Адам тілдік таңбаларды өзара түсінісу үшін ғана емес, қарсы жақ тыңдаушының қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін де қолданады. Бұл дегеніміз, хабарды жай ғана жеткізу емес, белгілі бір түрде тыңдаушыны қабылдауға итеретін құралдарды пайдалана отырып, жеткізуді көздеу. Міне, сондықтан да тілдің прагматикалық аспектісін түсіну, қабылдаумен қатар, ықпал тудырушы және әсер етуші тілдің қызметі деп те қабылдауға болады.

Сөйлесімнің фонологиялық, семантикалық, лексика-грамматикалық құрылымына бағынатын, оның прагматикалық құрылымын құрайтын пресуппозициялық, импликациялық, интенциялық, референтті, коммуникативті-ақпараттық, модальді-бағалауыштық, функционалды-стилистикалық сияқты компоненттерін атауға болады. Сөйлесімді қабылдау процесі осы компоненттердің барлығын өз деңгейінде саралауды талап етеді. Мәселен, семантикалық және лексика-грамматикалық құрылымы пресуппозициясында, импликациясында, функционалды-

стилистикалық компоненттерінде көрінеді. Егер адресат сөйлесімнің осы прагматикалық құрылымын құрайтын компоненттердің біреуін түсінбей қалса да, сөйлесімнің жалпы мазмұны ашылмай қалады. Бұл коммуниканттар арасындағы ынтымақтастық деңгейіне, қатысым барысына өзіндік әсер етеді. Өйткені сөйлесімнің коммуникативтік мақсаты жүзеге дұрыс аспағандықтан, қабылдау процесі сәтті немесе сәтсіз қатысымға ықпал етеді. Сөйлеу актісін қабылдау адресаттың ағымдағы көңіл-күйіне, қалпына байланысты анықталады.

Сөйлесімнің тілдік сипатына, жағдаяттық контекске, оның (сөйлесімнің) коммуникативті акт шеңберіндегі, мәселен, ассертивті, бұйрықты, уәдені, өтінішті, талапты т.б. білдіретін иллокутивті қызметіне қарай зерттеу керек. Осы шарттармен қатар, белгілі әрекетті жүзеге асыратын, сөйлесімнің ерекшелігін ашуға мүмкіндік беретін, тілдік қатынасқа түсушілердің әлеуметтік статусы мен дәрежесін анықтайтын, және осыларға сай әрекет етуге итермелейтін сөйлеу интенциясын да ескерген дұрыс.

Лингвистикалық прагматиканың анық сызылған шекарасы жоқ дегенмен, ол сөйлеуші субъектпен, адресатпен, коммуникация барысындағы олардың арасындағы қарым-қатынаспен, қатысым жағдаятымен байланысты бірқатар мәселелермен айналысатыны белгілі.

*Жауап репликаның түрлері: ұқсастығы мен айырмашылығы*

Диалогтың құрамдық бөлшектері – репликалардың түрлерін анықтауда да прагматикалық аспект, қатысым жағдайлары, коммуниканттардың қарым-қатынасы және т.б. есепке алынады. Себебі, диалог репликаларының коммуникативті-прагматикалық сараптамасы олардың жаңа, тілдік қатынас үшін бағалы, маңызды ерекшеліктерін айқындай түседі.

Сонымен жоғарыдағы мәселелерді есепке ала отырып, репликалардың коммуникативті-прагматикалық сипатына байланысты, төмендегі диалогтық тұтастықтардағы мынадай реакцияның түрлерін ұсынамыз:

- |                                      |   |
|--------------------------------------|---|
| 1. <i>мәлімет талап ететін сұрақ</i> | - хабарлау<br>- жауаптан бас тарту<br>- қарсы сұрақ |
| 2. <i>стимул - есімдіксіз сұрақ</i>  | - келісу<br>- келіспеу<br>- жауаптан бас тарту      |
| 3. <i>стимул - хабар</i>             | - растау<br>- келіспеу<br>- сұрақ<br>- ауытқу       |

- |                                   |  |
|-----------------------------------|--|
| 4. стимул - әрекетке<br>итермелеу | - келісу<br>- келіспеу<br>- контрұсыныс<br>- сұрақ |
| 5. стимул - өтініш                | - келісу<br>- келіспеу<br>- ауытқу                 |
| 6. стимул - бұйрық                | - келісу<br>- келіспеу<br>- қарсы келу<br>- ауытқу |

Тіл бірліктері сөйлеу үстінде қолданысқа түсіп, тілдік емес мәнбірлердің ықпалына, талабына, қажеттілігіне икемделеді. Жұмсалымда сөйлем мақсаты мен сөйлеуші мақсаты үнемі бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Оны мынадай шарттар арқылы ажыратуға болады:

1. сөйлеу жағдайы (уақыт пен кеңістік, орын),
2. сөйлеушінің әлеуметтік-психологиялық қалпы,
3. пропозицияның референтік сипаты, яғни сөйлеу жағдайымен, шындық болмыспен арақатынасы,

4. қатысым мақсаты,
5. сөйлеушілердің пресуппозициясы.

Диалог сөйлеу әрекеті ретінде адамның жалпы прагматикалық әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан, ол тек тілдік құралдарды қолдану тәсілі ғана емес, әрекет актісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Коммуникативтік мақсатты негізге ала отырып төмендегідей диалогтық тұтастықтарды анықтауға болады. Бұл ДТ-та алғашқы репликаға деген тыңдаушының реакциясы көбіне кең қолданыстағы конвенционалды жауап репликалар болады.

#### **1) мәлімет талап ететін сұрақ және оның реакциялары:**

##### **➤ хабарлау**

- *Ата-ау, неғып жүрсіз қараңғыда? – дедім іштей риза болып.*
- *Әлгі кемпір келін кешікті ғой, алдынан шықшы, деп түрткілеп қоймағаны...* [2, 144 б.]

- *Now, where is the Red One? – he asked.*
- *He is in the house, painting. I have not told him you were coming. Go in and see him.* [3, p.104]

##### **➤ жауаптан бас тарту**

- *Сіздің өмір жолыңыз қалай болып еді, аға?*
- *Сен сұрама, мен айтпайын. Ол – ұзақ жыр, бір таң айтып тауыса алмаймын.*
- *Аға, дегенмен сол әңгімені тыңдағым келеді. Бала жастан сөзге әуес, құлағым түрік екенін өзіңіз білесіз. Бір малдың*

*басын мүжіп, қымыз ішіп, дем алыңыз осы үйде. Жеңіс күнін өзімізше тойлайық.* [4, 100 б.]

- *Oh, my poor friend, what is the matter with you? I had no idea you were ill. Why didn't you let me know? You must know I'd have done anything in the world for you...*

- *Go to hell, - said Strickland.* [3, p. 52]

➤ **қарсы сұрақ**

- *Ау тоқтаңдар, сабыр, сабыр... Қойшығара, не айтасың?*

- *Мен түсінікті ғып айтқан жоқ па ем?* [2, 70 б.]

- *How long do you think I can last?*

- *Who knows? Sometimes the disease continues for twenty years. It is a mercy when it runs its course quickly.* [3, p. 106]

Әдетте, сұраулы сөйлемге сұрауды, жауап алуды мақсат етеді деген анықтама беріліп, жалпы сұрақ, арнайы сұрақ, альтернативті сұрақ және бөлшекті сұрақ деп мағыналық түрлерге бөледі. Ал ағылшын тіліндегі сұрақ-жауап тұтастығына жүргізілетін зерттеулерде арнайы сұраулы есімдіктермен қойылатын сұрақтар есімдікті сұрақтар, басқалары есімдіксіз сұрақтар деп аталады. Тура мәнді мәлімет сұрауда әртүрлі шарттарды байқауға болады. Мәселен, сөйлеуші бір мәселеге қатысты дұрыс жауапты білмейді, болмаса ол бір хабарды, жауапты алуды мақсат етеді және тыңдаушының оған жауап беретіндігіне сенімді болады. Сондай-ақ, сөйлеу мазмұны сөйлеу жағдаятымен, контекспен референтті арақатынаста тұрады. Десек те, сөйлеу мақсаты мен сөйлем мазмұны бір-бірімен дәл келетін тура сөйлеу актісіне қатысты сұраулы сөйлемдердің негізгі мақсаты ретінде мәлімет сұрау, яғни сұрақты қолдану болса, жұмсалым үстінде сұраулы сөйлем арқылы өтініш, бұйрық, бағалау да беріліп жатады. [1]

Сонымен, арнайы сұрақтың анық белгіленген иллокутивті интенциясы бар, ол – бір аргумент туралы мәлімет сұрау. Жауап берушіге қойылатын талап – сол мәліметке тура сәйкес жауап беру. Стимул мақсаты анық болған соң адресат сұрақтың негізінде жатқан сөйлесім интенциясы мен синтаксистіктік моделін теңестіреді. Өзінің коммуникативтік мақсатына сай адресат адресанттың ұсынған синтаксистік бағдарламасын қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін. Егер әңгімелесушілердің синтаксистік бағдарламасы сәйкес келіп жатса, аргументті вербалдау жеңіл болады.

Мысалы:

- *Келін, шырағым, үйіңе келген кім?*

- *Болыстың рассильнігі.* [2, 70 б.]

- *Жазығым не?*

- *Жазығың сол – бүлік бастадың.* [4, 134 б.]

- *What have you been having? – I asked.*
- *Nothing.* [3, p. 52]
  
- *See what?*
- *The picture.* [3, p. 71]

Көп жағдайда стимул-сұрақтың синтаксистік бағдарламасы реакциядағы бағдарламамен сәйкес келмей жатады. Мұндай ауытқуды адресат коммуникативті тапсырманы орындау үшін белгілі бір себептермен өзінің моделін таңдауымен түсіндіруге болады. Әрине, реакцияның коммуникативті-прагматикалық құрылымы алғашқы репликаның кейбір компоненттерін қолданғанымен, синтаксистік тұрғыдан одан дербес болады.

Мысалы:

- *Ау, маған тиесілі сүт қайда? – дедім қалш-қалш етіп.*
- *Байы тірі қатын сүт ішуші ме еді, - деп сылқ-сылқ күледі.* [4, 112 б.]
  
- *Не болды ағасы? – деді (Бархан). - Өңіңіз сынық қой, Сейітқұл қайда?*
- *Ол ит, қой сойып жатыр, - деді саусағымен алдындағы столдың шетін шертіп.* [5, 37 б.]
  
- *Өзің қайдан келесің, түнделетіп?*
- *Ауданға барып айналып қалдым. То анау, то мынау деп көржерді сұрап, кісінің басын қатырды.* [5, 47 б.]

Немесе ағылшын тіліндегі мысалдар:

- *What is she like? I hesitated a little. I knew that I had a bombshell.*
- *There isn't a woman.* [3, p. 34]
  
- *To what do I owe this honour?*
- *I've come to see you about your wife.* [6, p. 21]
  
- *What happened to the baby?*
- *It was adopted.* [7, p. 85]

Осы диалогтық тұтастықтағы репликаларға тән қасиеттерге тоқтала кетсек:

а) екі тілде (қазақ және ағылшын) де құрамында арнайы сұраулы есімдіктердің болуы. Олар сөйлемнің арнайы сұраққа жауап беретін мүшесінің орнына болмаса актуальденетін сөйлем мүшесіне байланысты сөйлемнің кез келген жерінде қолданылады.

ә) реплика-стимулдың құрылымы сұралған мәліметтің, реплика-реакцияның сипатын алдын ала анықтайды.

б) екі репликаның арасындағы өзара лексика-семантикалық байланысты, стимулдағы сұраулы есімдік те, мәлімет жеткізуші жауап та бір ұғымдық-тақырыптық бағытқа жатуынан байқалады.

в) мәлімет жеткізуші жауап репликалар көбіне сұраулы сөйлемді эллипсис формасында қолданады.

г) реплика-стимулды сөйлеу жағдаятымен, уақиғамен байланыстыру үшін дейксистік есімдіктер де қолданылады.

д) стимул хабар талап ететін болғандықтан кейде вокативтердің қызметін орындаушы жалқы есімдер, туыстық терминдері байланыс орнауту үшін пайдаланылады.

Сонымен стимул-сұрауды коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан мәлімет талап ететін сұрақтар және растау мен келіспеуді күтетін сұрақтар деп бөле жара қарастыратын болсақ, онда екінші түрдің мынадай сипаттамасы бар:

а) бұл стимул-сұраудың басты мақсаты сұралған мәліметті растауды болмаса онымен келіспеуді талап етеді. Себебі болжамды жауап сұрақтың пропозициясында жатады. Сондықтан мұндағы жауаптар бір ғана сөз немесе сөз тіркесі (*Ия; Жоқ; Yes, No, Yes, I do; No, I haven't*; т.б.) және кейде негіздемеге сүйенген сөйлесімдер арқылы жүзеге асады.

ә) көбіне мұндай стимулдың құрылымында бөлшекті және альтернативті сұрақтың көмекші шылаулары *рас па, солай ма, солай ғой, әлде* немесе ағылшын тілінде *or* көмекші шылау және бөлшекті сұрақтың сұраулы сөз тіркесі *..., isn't it? hasn't he?* т.б. кездеседі

б) бұл стимулдың құрылымында *ма, ме, па, ба, бе* сияқты сұраулы шылаулар болады. Ал ағылшын тілінде осы шылаулардың қызметін жалпы сұрақтың синтаксистік құрылымыбойынша сөйлем мүшелерінің орын тәртібі атқарады.

Хабарлаудың жауабын алдын ала болжау қиын, себебі бұл сөйлеу жағдаятына, контекске және бір қатар экстралингвистикалық мәнбірлерге байланысты болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғылым.докт. дисс. ... – Алматы, 2001.

2. Б. Майлин. Ел сыры: Повестер, әңгімелер, өлеңдер, фельетондар. – Алматы, Жазушы, 1994.

3. W.S. Maugham. The Moon and Sixpence.– England, Penguin Books, 1986.

4. О. Бөкей. Бәрі де майдан / Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1 том. – Алматы, Жазушы, 1994.

5. О. Бөкей. Құм мінезі / Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1 том. – Алматы, Жазушы, 1994.



6. D.H. Lawrence. Rain / Collected stories. – London, 1996.
7. J. Steinbeck. The Grapes of Wrath. – London, 1993.

### **3.35. Жастардың өмірге деген белсенділік ұстанымын қалыптастырудың маңызы және оның мазмұны**

#### **Асқар Жолдасбекұлы Куватов**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты (Павлодар қ., Қазақстан)

#### **Ержан Съездұлы Балтабаев**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы (Павлодар қ., Қазақстан)

#### **Төлеген Серікбайұлы Омаров**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы (Павлодар қ., Қазақстан)

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан кеңістігіндегі ұлттық ойын арқылы жастардың өмір сүру үдерісіндегі белсенділік ұстанымын қалыптастыру толыққанды зерттелді деу ертерек. Жастардың ұлттық ойын арқылы дүниетанымын дамытуда оның маңызы мен мазмұнының атқарар рөлі зор.

Студенттің ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ой-сананың дамуына ықпал етсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етсе, осының бәрі тұтаса келіп жеке тұлғаның пішін болмысына, кісілік келбетіне, көзқарас нышандарының өркендеуіне жол ашады. Студенттің бүгінгі ойынынан бастау алған іс-әрекет, түсінік, таным, ұғым, әдеп, машық, дағды, мінез, қарым-қатынас нышандары дами-дами келіп, жеке тұлғаның тіршілігінен жалғасын тауып, олардың қоғамда атқаратын еңбегімен ұштасатындығы ақиқат. Оны - күнделікті өмір ағысы жан-жақты айқындап отырған бұлтарыссыз шындық. Осы тұрғыдан келгенде, әр саладан келіп тоғысатын күрделі мәселенің бірі – ойын туралы педагогика, психология, философия, медицина т.б. ғылым жүйесінде сан алуан зерттеулер, әр түрлі теориялық бағдарлар мен ғылыми топшылаулар, түрлі-түрлі қайшылықтар бар екендігі де белгілі. Әсіресе, ойынның шығуы, дамуы, жүзеге асуы, танымдық түр сипатына байланысты мәселелер – педагогика тарихында талай ғасырдан бері толассыз сөз болып келе жатқан проблема.

Халқымыздың даму тарихына көз салсақ, әрбір заманның уақыт деңгейіндегі талап тілекке орай үйлесім тауып ойынның түрі, мән-мазмұны, ұйымдастыру жолдары тиісті дәрежеде өріс алып, дамып,

өзгеріп, жетіліп отырған құбылыс. Әдетте, бала ересек адам өмірінен көрген, байқаған, сезім әрекеттеріне еліктеп, оны ойынға айналдырып және түрлі ойыншықтар мен заттарды пайдаланып ойнайды. Ойынға отбасындағы көрші-қолаңдағы өзі тетелес балалар, реті келсе, ересек адамдар да араласады. Біздің зерттеу объектіміз жоғары оқу орнында студенттердің ойын арқылы белсенділігін арттыру болғандықтан, оның педагогикалық заңдылықтары мен әлеуметтік мәнін аша отырып, тәрбиелік сипатын тиімді және халықтың ұлттық ойындары негізінде адамгершілік, мейірімділік әдептерін жастардың бойына сіңіру жолдарын айқындай түсу. Ойынның мән-мазмұны әлеуметтік, қоғамдық жағдайымен үндеседі. Заманның уақыт тілегі мен талабынан туатын қарым-қатынас, өмірдің өзінен бастау алатын еңбектің түрлі сипаттары, адамдардың ара-қатынасындағы бауырмалдық, өзара қамқорлық, жаһаттастық, дәстүр, салт-санадағы ізгіліктегі кісілік келбет бала ойынына әсерін тигізіп өміршең өзгерістерге түсіріп отыратын іс-әрекеттің ұйытқысы.

Ұлттық ойынның дамуы мен пайда болуына арналған ғылыми зерттеу жұмыстары әр саладан баршылық. Зерттеу мәселесімен педагогтар, философтар, психологтар, тарихшылар, этнографтар, өнер қайраткерлері т.б. шұғылданды.

Студенттердің өмірге белсенділігін қалыптастыру туралы айтылған даналық ойларға зейін қойсақ, алдымен бүкіл әлемнің ұстазы атанған әл-Фарабидің пікірлеріне жүгінеміз.

Алып ойдың кеніші - Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) дүниежүзілік ғылыммен, даналық болжамдарымен ықпал еткен ұлы ғалым. «Ақылдың мәні туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», т.б. еңбектерінің тағылымы мол. Әділдік инабаттылық, мейірім, жомарттық-адамгершілік көрсеткіші екендігі әр саладан баяндалған. Тәрбие мәселесінде өмірге белсенділік танытуды бірінші орынға қойды.

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол – қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін әр жақты дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тежей білуі екендігін айтып: «...адамгершілікке негізделген татулық, жарасымдылық, келісе білушілік бақытқа қол жеткізеді. Бұл – қайырымдылық», - деп көрсетті ұлы бабамыз. Болашаққа үміт сеніммен қарау мен соған ұмтылу ешкімді жәбірлемей, ар-намысына тимей қарым-қатынас жасау - әділет жолы. Бұл қасиеттер тәрбие арқылы адам бойына сенетіндігіне сеніп, оған машықтанып, жаттығуды қолдады.

Адамда болуға тиісті ізгілік пен қайырымдылықтың өнегелі үлгісін данышпан бабамыз былай:

- тәні таза, дене бітімі мінсіз, өмірге бейім, икемділік;
- тиісті мәселенің жай-жапсарын ақиқат шындыққа сәйкес жете түсініп, ұғына білушілік;

- түсінгенін, көргенін, естігенін, аңғарғанын жадында сақтап ұмытпаушылық;
- байқағанын сол заматта ұғынатын алғырлық, ишаратты тез аңғаратын ақыл иесі болушылық;
- ой-түсінігін тапқырлықпен дәл де айқын жеткізе алатын ділмарлық;
- өнер-білімге құштарлық, оқудан және үйренуден жалықпайтын еңбекқорлық;
- ішіп-жеуге қанағатшыл, сауық құмарлық пен ләззатшылдыққа жирене қарайтын тазалық пен пәктік;
- шындықты сүйіп, өтірік пен суайттықты, жалғандықты жеккөрушілік;
- жаны асқақ, ар-намысын ардақтап қорғай білушілік;
- игі іске ынтызарлық және пасықтыққа аяқ басушылық;
- дүние қоңыздыққа жирене қараушылық;
- әділетті сүйю, озбырлық пен опасыздықты жек көріп, зардап шегушілерге қол ұшын бере білушілік;
- қыңыр, нойыс мінезділерге қарыспай-ақ тойтарыс беріп, жасқануды білмейтін батылдылық пен ержүректілік.

Бұл игі қасиеттерді бойға дарыту – бала дүниеге келген кезден бастап жүйелі түрде жүргізілуін ұлы ұстаз қайырымды қала басшысына тән мінез-құлықтар арқылы меңзей отырып, адамгершілік әдептің ізгі сипаттарын белгілеп берген болатын. Дене шынықтыру сабағы арқылы жүзеге асуға тиісті асқақ арманға толы педагогикалық толғаныс осыдан он бір ғасыр бұрын айтылғанымен де, күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін пайымдаулар. Егемендікке қолы жаңа ғана жеткен еліміздің болашақ иегерлерінің бойына ұлы ұстаз нұсқаған өмірге белсенділік дарытуға ниеттенсек, басшылыққа алсақ ісіміз табысты болары хақ. Әрине, дана ойшылдардың ұсынған ұсынымдары пайымдауларын бала ойыны арқылы жүргізілсін деп айтпағанымен де, тәрбие тәңірі дене шынықтыру екені түсінікті.

Кеңестік дәуірде жасөспірімдерді өмірге деген белсенділік ұстанымын қалыптастыруы социалистік құрылыстың жағдайында адамгершілікке бағдарлау негізінде іске асырылып келді.

«Ұстаным» ұғымы тұлғалық болмыстың әр түрлі аспектіге қатысты түрленуінің нысанын білдіреді, оның мазмұны әр түрлі. Қазіргі философия ілімінде, психология және педагогика нысанында тұлғаның ұстанымы әр түрлі тұрғыда көрініс береді. Аталған ұғым тұлғалық мәселелерді және оның топ арасындағы орнын, ұжымдық-қауымдық қарым-қатынасқа түсудегі іс-әрекетін қамтиды. Тұлғалық болмыс социалистік құрылыста қай кластан, слайдан, топтан деген бағамен белсенділік ұстаным айқындалып келді.

Б.Г. Ананьев (психолог) «Тұлғаның ұстанымы әлеуметтік қызметте көпқырлы болып, күрделі қарым-қатынас жүйесін құрып, субъекті ретінде ортамен қатысымға түседі» - деп атап өтеді [1, 76 б.].

Психологиялық жағдайын Л.И. Божович зерттеп, тұлғалық болмысқа анықтама берген [2].

Жоғарыдағы зерттеушілердің пікірін ескере отырып, біздер «ұстаным» ұғымына мынадай ой түюге болады: ұстаным – тұлғалық болмыстың ең маңызды құрамы; ұстаным туралы ой айту оның топ, ұжым ішіндегі жеке іс-әрекетіне байланысты болып келеді; тұлғалық болмыстың адамгершілікті қадамдары барлық қызмет арналарынан байқалып тұрады. Тұлғаның болмыстық өмірге деген белсенділік ұстанымын философтар (Л.М. Архангельский [3], Ф. Кузнецов [4], А.С. Капто [5] және т.б.), педагогтар (О.С. Богданова [6], В.А. Сухомлинский [7] және т.б.) қарастырған.

Л.М. Архангельский [3] тұлғалық болмыстың ұстанымы өзінің әлеуметтік жағдайына субъективтік қатынас тұрғысында қарауы және оның шығу тегіне, класына тікелей байланысты деп есептейді.

Ф. Кузнецов өмірге деген белсенділік ұстанымы қоғам алдындағы борышын өтеу деп, азаматтық қарым-қатынастың адамгершілік қағидасына айналып, ішкі ұятын оятып, елдегі болып жатқан оқиғаларға жауапкершілікпен қарау тұрғысында зерттеген. Белсенділік әр тұлғаның интегралданған бет-ажарының көрінісі: сенімі, білімі, адамгершілігі, ерік-жігер сапалық нышандары. Былайша айтқанда, ол тек қоғамдық мүддеге ғана қатысты құбылысы емес, оның жеке мұраты мен ішкі ұстанымының моральдық даму деңгейлігі болып табылады деген пайымдама жасаған [4].

А.С. Капто, адамның өмір сүрудегі белсенді ұстанымын анықтай отырып, «ол жинақтың көрсеткіш сапасын ұсынады, мұның өзі тұлғалық қасиетті көрсетіп тұрады» - деп ой қорытады [5, 124 б.].

Өмірге деген белсенділік ұстанымның маңыздылығы туралы бір ғана пікір айту орынсыз екені Кеңестік дәуірде де белгілі болғаны байқалды. Бір топ ғалымдар оны адамгершілік қағидалары деп есептесе, екінші бір топтағы ғалымдар ол іс-әрекет өнімі дейді, ал үшінші топтағылар қарым-қатынастағы парасатты жүйе тұрғысында қарастырады.

Педагогика нысанында зерттегендер О.С. Богданова, «өмірге деген белсенділік ұстанымы» әр тұлғаның идеялық-адамгершілікті қызметін бағалау қажеттілігінде байқауға болатынын атап өтеді. Мұнымен бірге оның мінез-құлқы мен бағыттылық іс-әрекетінің қоғамдағы орны мен кәсіби деңгейі көрініс береді деген пікірге тоқталған [6].

Жоғарыда тоталитарлық басқару жүйесінде жасөспірімдердің өмірге белсенділік ұстанымын қалыптастыру мәселесін зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау барысында аңғарғанымыз не? – деген заңды сұраққа жауап берсек, ол мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: 1) коммунистік құрылысқа лайықты қоғам қажеттілігін бірінші деп есептеуге жасөспірімдердің ойлау іс-әрекетін жаулап алушылық, яғни олар өздерінің жеке тұлғалық болмысындағы

белсенділік ұстанымын қоғам қажеттілігіне бағындыра білуін қалыптастыру; 2) коммунистік құбылысты ойдағыдай құру мақсатында жасөспірімдердің адамгершілік қасиеттерін белсенділік ұстанымына айналдыру; 3) олардың өмірдегі іс-әрекетіне тек қоғамдық психологияны орнықтыру; 4) жасөспірімдердің белсенділік ұстанымы әлеуметтік-моральдық (коммунистік) іс-әрекет сапасында қалыптасып, мазмұндық-үдерістік қағидасына сүйеніп, тек осы қасиетпен субъекті ретінде ортамен қарым-қатынасқа түсу; 5) қоғам алдындағы борышы мен парызы коммунистік мораль талабымен орындалуын қадағалау; 6) тұлғалық болмыстың өмірге деген белсенділігінің ұстанымы жоғарыдағы сапалық көрсеткіштер тұрғысында интегралданып, оның сенімінің, білімінің, адамгершілігінің, ерік-жігерінің қалыптасуы; 7) тұлғалық болмыстың өмірге деген белсенділік ұстанымы аталған сыртқы факторлардың ішкі сапаға айналуы нәтижесінде іске асырылуы, осындай көрсеткіштерден барып белсенділік ұстанымының көрінісі: шыдам-тоқтамының, шығармашылық тапқырлығы мен тәуекелшілігінің қалыптасуы. Барлық жоғарыдағы талданып өткен кеңестік ғалымдардың пікірлері әр түрлі деп есептеліп келгенімен, түйіндеменің бір арнаға «құйылуын» аңғару қиын емес, оның өзі 7 көрсеткіш болғанымен, шығарар қорытынды әрбір жасөспірімнің өмірге деген жеке-дара тұлғалық болмыстың табиғи жағдайынан туындайтын белсенділік ұстанымы зерттеу нысанына айналмай келгенін аңғару қиындық келтірмегені байқалып тұр.

В.А. Сухомлинский адамгершілікті дүниетанымдық, парасаттылық, тәртіптілік сапада қарастырған [7].

Байқап отырғанымыздай, зерттеушілер жасөспірімдердің өмірге деген белсенділік ұстанымын қалыптастырудың негізі олардың адамгершілігіне тікелей бағынышты екендігінде деген ой-пікір түзуінде деп қабылдаймыз. Біздер де бүгінгі білім мен тәрбие кеңістігін ұлттық мүдде тұрғысында осындай тұжырыммен қарауымызға болады деген қорытынды жасаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания – М. Наука, 1977. – 380 с.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1968. – 464 с.
3. Архангельский Л.М. Социально-этнические проблемы теории личности. М. : Мысль, 1977. – 221 с.
4. Кузнецов Ф. Размышления о нравственности. : Кн. Публицистики. –М.: Сов.Россия, 1979. – 411 с.
5. Капто А.С. Классовое воспитание: методология, теория, практика. – М. Политиздат, 1985. – 416 с.
6. Богданова О.С. Нравственное воспитание сташеклассников : кн. Для учителя. – М. : Просвещение, 1988. – 204 с.

7. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – М. : Педагогика, 1990. – 286 с.

### **3.36. Некоторые аспекты формирования культуры толерантности у студентов вузов**

**Раушан Жалгасбековна Карабалаева**  
аспирант 2 курса педагогического факультета  
Кыргызский государственный университет им. И. Арабаева  
(г. Бишкек, Кыргызстан)

#### **Аннотация**

*В статье рассматриваются некоторые теоретические и практические аспекты формирования культуры толерантности у студенческой молодежи. Дается определение содержания данного феномена, показана его значимость в жизни современного общества и выявлены отдельные пути его формирования. Особое внимание уделяется курсу педагогики как вузовской дисциплине, в наибольшей степени способствующей формированию культуры толерантности.*

**Ключевые слова:** Толерантность, культура толерантности, формирование культуры толерантности, пути формирования культуры толерантности, образовательные организации, вузовские дисциплины.

Глобализационные процессы, происходящие в мире, ставят человечество перед необходимостью совместного существования, в рамках которого народы с разным менталитетом, с разными культурными традициями и с разными поведенческими нормами должны совместно решать задачи, стоящие в различных сферах человеческого бытия.

Обозначенное взаимодействие требует высокого уровня сформированности культуры толерантности, позволяющей с пониманием относиться к различным формам проявления определённых ментальных свойств.

Культура – это многообразное понятие, представляющее собой сложный и неоднозначно понимаемый феномен. И, поэтому, говоря о культуре, мы понимаем её в следующих аспектах.

Во-первых, культура выделяет человека из животного мира, она формирует его социальность.

Во-вторых – культура есть творческая деятельность по изменению и созданию окружающей среды.

В-третьих, культура – это воспроизведение человеком накопленного опыта в целях воспитания следующих поколений.

В-четвёртых, культура – это исторический сложившийся определённый уровень развития человека и общества в целом.

В-пятых, культура – это непрерывный процесс творческой самореализации человека [1, с. 99].

Многоаспектность понимания феномена культуры позволяет говорить и том, что культура определяет способ человеческого существования в нормативно-ценностных ориентациях, выражаясь в общепринятых нормах функционирования, являясь историческим феноменом, изменяясь вместе с развитием общества, трансформируясь в его динамике. Исходя из сказанного, мы можем говорить о необходимости развития культуры во всех аспектах жизнедеятельности человека, в том числе при формировании его личностных качеств. Исходя, как было отмечено выше, из необходимости человеческого взаимодействия в постоянно меняющемся мире, целесообразно ставить вопрос о воспитании культуры толерантности.

Проблема культуры толерантности является в настоящее время одной из важнейших, предопределённых, как было отмечено выше, глобализационными процессами, в том числе усилением взаимодействия как отдельных людей, так и целых сообществ. Это, прежде всего, вопрос о том, как при глубоких культурных различиях, а также различиях в положении, интересах, воззрениях люди могут наладить совместную жизнедеятельность, поскольку культура толерантности служит своего рода мостом, соединяющим частное и общее, различие и единство.

Проблема толерантности и её культурного оформления существует на уровне целых государств, в определённых сообществах, а также в частном порядке в межличностных отношениях. К примеру, в Казахстане проблемы толерантности имеют свою конкретно-историческую специфику. Истоки, изменения и последствия происходящих перемен здесь несколько иные, чем, к примеру, на Западе, поскольку граждане Казахстана пережили распад Советского Союза и другие кризисные явления. Идеи интернационализма, социального равенства стали не столь актуальны, что несло определённую угрозу демократическому развитию общества. Идеи толерантности восполнили в определённой степени пробел в идеологических установках, возникший в новых социально-экономических реалиях.

Данные позиции подкрепляются тем фактом, что наряду со своеобразием Казахстану свойственны также многие из порождённых глобализацией противоречий, характерных и для других регионов мира. Более того, оказавшись в промежуточном положении между государствами, развивающимися по так называемой «западной модели» и странами развития, республика стала плацдармом, на котором переплелись противоречия, свойственные и тем и другим. Данные и другие противоречия обусловили некую моральную неустойчивость определённой части общества. Разрешение

обозначенных противоречий во многом зависит от уровня сформированности культуры толерантности.

Под культурой толерантности мы понимаем культуру поведения, культуру чувств, культуру отношения к людям, имеющим другие культурные традиции, ценностные ориентации и отношение к существующему миропорядку.

Как известно, 16 ноября 1995 года Генеральная конференция ЮНЕСКО приняла Декларацию принципов толерантности. Согласно Декларации принципы толерантности требуют, с одной стороны, терпимость к иному мнению, культурным традициям, вере и т.д., с другой стороны, твёрдости в отстаивании своих жизненных позиций и ценностей. [2]. Реализация в реальной практике принципа толерантности требует не только принятия позиции терпимости, но и формирования у личности особых способностей и умений: культуры переговоров, умения поиска компромиссов и т.д.

Нам думается, что понятие культуры толерантности более широкое, включающее в себя аспекты творческой деятельности по совершенствованию взаимоотношений между людьми, по критическому анализу, осмыслению и воспроизведению накопленного опыта по мирному сосуществованию людей с различными мировоззренческими и жизненными позициями (вспомним знаменитый труд Я.А. Коменского «Общий совет об исправлении дел человеческих»), уровень толерантного развития человека.

Культура толерантности как любое общественное явление и личностное образование требует определённых усилий по своему формированию и развитию. Данный процесс должен найти своё отражение на всех образовательных ступенях, в том числе и в вузовской системе обучения.

Наш собственный опыт работы показывает, что в современном вузе наблюдается некоторое отставание в подготовке выпускников с достаточно высоким уровнем развития культуры толерантности. В педагогической практике не в достаточной степени разработаны апробированные модели и комплексно-целевые программы формирования культуры толерантности у студентов вузов. Отсюда возникает необходимость определения педагогических условий формирования культуры толерантности у студенческой молодёжи. Анализ литературы по проблеме показывает предпочтительность следующих условий формирования культуры толерантности у студенческой молодёжи:

- создание в вузе толерантной среды обучения и воспитания;
- разработка технологии толерантного обучения и воспитания, в том числе в культурологическом аспекте;
- совершенствование культуры толерантности у преподавателей вузов; организация для них соответствующих тренингов, коучингов и семинаров;



- усиление нравственного и толерантного потенциала проводимых в вузе занятий.

Значительную роль в формировании культуры толерантности могут сыграть многие вузовские дисциплины, но, как нам видится, приоритет должен быть отдан дисциплинам педагогического цикла. Речь идёт о необходимости использования потенциала данных дисциплин в формировании культуры толерантности. На решение обозначенной задачи должны быть направлены содержание данных дисциплин, технологии их преподавания, мотивационная составляющая. Современный курс педагогики, нацеленный на гуманистическую образовательную парадигму, обладает значительным потенциалом в формировании культуры толерантности.

Содержательный компонент курса педагогики отражён в Государственном образовательном стандарте, но данный факт не означает исключения творческой инициативы преподавателей по наполнению данного курса толерантным содержанием.

Как известно, педагогика как наука имеет своим предметом воспитание – процесс, наиболее полно способствующий формированию культуры толерантности. Педагогика изучает человека во всех его сложностях и многообразии. Именно человек является носителем культуры толерантности. Педагогика как наука не имеет строгих пределов. Обучение и воспитание человека – это бесконечный процесс. Поэтому содержание курса «Педагогики», вобравшее в себе достижения педагогической науки, является важным источником формирования культуры толерантности. Учитывая, что курс педагогики читается в настоящее время не только для студентов педагогических специальностей, можно с уверенностью говорить о его воспитательном влиянии на всю студенческую молодёжь.

В целом курс называется «Педагогика и психология», и на него, как правило отводится 36 часов. (18 часов на психологию и 18 часов на педагогику). Но даже при таком малом количестве часов преподаватель может средствами данного курса способствовать формированию культуры толерантности студентов. Она формируется посредством содержания данного курса, с помощью соответствующих технологий обучения и посредством участия студентов в общественно-педагогической работе.

Культурно-толерантным содержанием можно наполнить абсолютно все темы данного курса, базируясь на современной гуманистической парадигме в осуществлении процесса обучения.

Известно, что совокупность знаний, умений, компетенций, которая реализуется в содержании вузовского курса «Педагогики», должна быть необходимой и достаточной для обеспечения поступательного развития личности студента. Поэтому содержание курса «Педагогики» несёт на себе отпечаток многих приоритетов. Среди которых мы можем смело назвать культуру толерантности.

При реализации содержания курса «Педагогика» очень важны, на наш взгляд, подходы к данному процессу, среди которых мы смело можем назвать личностно-ориентированный подход.

Личностно-ориентированный подход понимается как опора на личностные качества студента. Последние выражают очень важные для формирования культуры толерантности характеристики; направленность личности, её ценностные ориентации, жизненные позиции, сформировавшиеся установки, доминирующие мотивы деятельности и поведения. Налицо тесная взаимосвязь личностно-ориентированного подхода и формирования культуры толерантности. При личностно-ориентированном подходе преподаватель: 1) хорошо знает черты характера, особенности темперамента, вкусы, привычки и т.д. студентов; 2) умеет диагностировать и хорошо знает уровень сформированности их личностных качеств, таких как образ мышления, мотивы, интересы, ценностные ориентации, жизненные планы и т.д. 3) постоянно привлекает студентов к деятельности, способствующей формированию определённых личностных качеств, в том числе культуры толерантности; 4) своевременно выявляет и устраняет причины, мешающих формированию ценных личностных качеств; 5) максимально опирается на собственную активность личности; 6) сочетает воспитание студента с его самовоспитанием, помогает в его выборе целей, методов, форм; 7) развивает самостоятельность, инициативу студентов в вопросах толерантного поведения [3, с. 433-435].

Таким образом мы видим, что даже изучение курса педагогики при соответствующем подходе может вывести студента в плоскость необходимости формирования культуры толерантности, что говорит о большом культурно-толерантном потенциале данного курса. Конечно, содержание курса «Педагогика», как было отмечено выше, регулируется Государственным образовательным стандартом, но творчески работающий преподаватель всегда может внести в содержание курса элементы, способствующие формированию культуры толерантности.

Помимо содержательного компонента формирования культуры толерантности студенческой молодёжи важную роль играет технологизация процесса обучения. Спектр применяемых в вузе образовательных технологий достаточно широк, но некоторые из них в значительной степени могут быть ориентированы на формирование культуры толерантности студентов.

Это, прежде всего, применение технологий педагогики сотрудничества, когда преподаватель и студент выступают как сотрудники, совместно решающие учебно-воспитательные задачи; это использование игровых технологий (ролевые игры), когда студент в ситуациях, максимально приближённых к реальной жизни обучения и воспитания может проявить свои культурно-толерантные качества, это

также технологии работы в команде, нацеленные на совместную работу студентов между собой без непосредственного участия преподавателя. Однако мы считаем, что наиболее действенной в формировании культуры толерантности является технология «Дебаты». Она приучает студентов культурно вести спор, не унижать человеческого достоинства оппонента, аргументировано отстаивать свою точку зрения. В данной технологии имеется целый свод правил, выполнение которых в той или иной мере способствует формированию культуры толерантности.

Например:

- дебаты не могут быть направлены против личности; можно формулировать аргументы против идей и суждений;
- основа дебатов – честность; нельзя пользоваться лживыми суждениями;
- любое мнение и суждение ценно;
- нет таких суждений, которые могут быть одинаково приняты и т.д.

Мотивационный компонент формирования культуры толерантности у студентов связан, во много не только с учебной, но и внеучебной деятельностью, особенно имеющей общественно-педагогическую направленность.

Это, прежде всего, участие студентов в различных акциях гуманистической направленности и в волонтерском движении (работа с детьми в детских домах и реабилитационных центрах, оказание помощи интернатам для престарелых, воспитательная работа с детьми «группы риска» и т.д.). Важное значение имеет и создание в самих вузах доброжелательной среды.

Таким образом, подводя итог сказанному можно сделать следующие выводы:

- культура толерантности – это важнейшее личностное качество, ценность которого возросла в эпоху глобализации и которое можно и нужно формировать;
- культура толерантности должна быть сформирована у всех слоёв населения, но в первую очередь данный процесс должен происходить в образовательных организациях, на которых лежит большая ответственность за формирование личности воспитанников;
- культура толерантности формируется как в процессе обучения, так и в процессе воспитания путём соответствующей реализации содержания учебных дисциплин, путём применения современных образовательных технологий, путём активного участия молодёжи во внеучебной, особенно общественно-педагогической деятельности, имеющей культурно-толерантную направленность, а также путём создания в вузе доброжелательной толерантной среды.

### **Список литературы:**

1. Карцева Л.В., Шабалина Ю.В. Социология культуры: Учебное пособие. - 2-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2009. – 232 с.
2. Декларация принципов толерантности = Интернет-ресурс: [http://www.um/org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/tolerate](http://www.um/org/ru/documents/decl_conv/declarations/tolerate).
3. Подласый И.П. Педагогика: учебник – М.: Юрайт-Издат, 2009. - 540 с.

### **3.37. Болашақ мамандардың кәсіби бейімделу мәселелері**

#### **Қадиша Қадыровна Шалғынбаева**

п.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

#### **Марзия Пазиловна Асылбекова**

п.ғ.к., доцент, Л.Н.Г умилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

#### **Бибигуль Канатовна Оспанова**

6D010300 «Педагогика және психология» мамандығының докторанты,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана қ., Қазақстан)

XXI ғасырдың табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық мазмұнда саралап, ұлттың болашағы болып табылатын жас ұрпаққа сапалы білім берумен бастауымыз – бүгінгі күннің басты талабы.

Ел Президентінің «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарлама-сында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы, елдің денсаулығын жақсартумен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген сондай-ақ тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет екендігі. Бұл құрлымдық өзгерістер болашақ мамандарды даярлау жүйесін оздыра отырып дамытумен қамтамасыз етілуі тиіс. Сондықтан да жаңа формацияның маманы қажет. Бұл мамандардың барлық жағынан жоғары тұруы тиіс деп көрсетілген [1].

Болашақ маманның кәсіби бейімделуі болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындылығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі мен маманның теориялық негізі мен заңдылығы болып есептеледі.

Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады, бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, өз кіші ортасына сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ

маманның білімгер мәртебесінен болашақ маман мәртебесіне ауысуы қажет.

Бейімділік – қоршаған ортаға бағдарлана алуы, кіші ортаға әрекеттенуі, бейімділікке тән қиыншылықтарды білу және оларды жеңудің жолдарын қарастырады. Кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың инновациялық әдіс-тәсілдерін білу және пайдалана алуы бейімділіктің негізі болып табылады.

Адам тұлғасының қалыптасуы әлеуметтік жағынан үлкен өзгерістерге ие болады. Адам әлеуметтік міндеттерді ие бола отырып ол жаңа міндеттер, құқықтар ала бастап, алғаш рет қоғамдық мәнді іс-әрекеттермен айналысады, яғни іс-әрекетті орындау деңгейінен олардың қоршаған орта арасындағы орны мен орындау деңгейімен өзара қатынастары байланысты болады. Бұл жаңа әлеуметтік жағдай адамдардың бейімделуіне негіз болады.

Психологиялық әдебиеттерге талдау жасап қарастырғанмызда тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып - адамның мотивациялық аймағының яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағатталуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуы және оларды жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан мотивациялық сфераның дамуына байланысты болады. Бұл жаңа әлеуметтік жағдай адамдардың бейімделуіне негіз болады.

Адам қажеттелігін қанағаттандыру үшін шынайы қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, онымен қатынас жасай білу керек.

Осындай бейімделудің құралы болып – адамдардың ішкі уайымдары мен сезімдер болып саналады. Бұл адамдардың сыртқы ортаға бейімделудің бастапқы құралы, кейінірек өзіндік мағынаға ие болады және адам қажеттілігін сезіне бастайтын психологиялық шындық түрінде көрінеді. Осылайша адамның адамның психологиялық дамуына шексіз мүмкіндік тудыратын қанықпайтындар көрінетін қажеттіліктер пайда болады деп көрсетеді белгілі психолог Ж.И. Намазбаева [2].

Ал болашақ маманның кәсіби бейімделуі кезінде кәсіби іс-әрекетті меңгеру мен ондағы маманның әлеуметтік орнын көрсетеді.

Соңғы жылдарда жоғарғы оқу орындарындарын бітірген жас мамандардың бейімделу мәселесіне белгілі ғалымдар М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, С.Г. Вершловский, Л.Н. Лесокина, Е.А. Михайлычев, А.Т. Маленко, А.Т. Рустонов, Р.Х. Шакуров сияқты ғалымдар талдау жасаған. Талдау жұмыстары көрсеткендей кәсіби бейімделудің ішкі мазмұнын құрайтын бірыңғай көзқарастар жоқ. Бұл жерде өндіріс орындарына бейімделу мен қатар жеке тұлғаның психологиялық, құзырлық, эмоциялық ішкі көңіл-күйі туралы зерттелуде.

Жеке тұлғаның өзінің болашақ таңдаған мамандығына бейімделуі сол мамандықтың қоятын талабына, сол құзіреттілікке қажетті әдіс-

тәсілдерді, орындаудың тиімді жолдарын, ең негізгісі психикалық үрдістердің бейімделуі. Мысалы, кәсіби қабылдау, есте сақтау, ойлау, елестету, ерік-жігерлері. Бұлардың барлығы тұлғаның кәсіби қалыптасуына мүмкіндік береді. Болашақ маманның әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне тұлғааралық қарым-қатынастар, жаңа әлеуметтік ролді меңгеруі, өзін-өзі ұстау ерекшелігі, салт-дәстүрлері, мәдениеті әлеуметтік ортаға тұлғаның бейімделуінің негізгі көрсеткіші, адамдарды тану ерекшелігі, қарым-қатынас ерекшелігі, іскерлік ортаны тану мүмкіндігі.

Біз болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуының психологиялық құрылымын қарастырамыз. Бұл құрылымды психологиялық сүйене отырып талдау жасап қарағанымызда төмендегідей ретті байқауға болады.

1. Бұл қиындықты жеңудің аралық сапалары, яғни ішкі сезімдер, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуі, кәсіби өсуді мақсат етіп қою, жетістіктерге дайын болу.

2. Кәсіби бейімделудің келесі сапасы тұлғаның психикалық үрдістерін іс-әрекет мазмұнына бағыттай отырып кәсіби қасиеттерді дамыту және тәжірибе жинақтау.

3. Бейімделудің негізгі бөлімі тұлғаның жаңа әлеуметтік орнын меңгеруі, бұл қоғаммен байланысы, тұлғааралық қарым-қатынасы, өзін-өзі басқара алуы.

4. Кәсіби бейімделудің маңызды сапалары ол - уақыт өлшемі болып табылады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша жоғарғы оқу орындарын бітіруші жас маманның мамандығына байланысты іс-әрекет мазмұнын жоғары деңгейде орындалудың сипаттамасы уақыт өлшемімен анықталатынын көрсеткен.

Кәсіби бейімделуді құрлымдық ерекшеліктеріне талдау жасап қарағанымызда кәсіби бейімделудің кезеңдері маңызды роль атқаратын байқауға болады. Ғалымдар арасында бұл мәселеге байланысты бірыңғай көзқарастар жоқ екендігін көруге болады. Белгілі ғалым Р.М. Шакуров болашақ маманның бейімделуінің негізгі үш кезеңін атап көрсетеді:

1. Бейімделудің алғашқы баспалдағы ретінде оқу барысында болашақ маманның өзін-өзі дайындауы.

2. Психикалық үрдістерді бейімдеу мен бұрыннан қалған кедергілерді жеңуі.

3. Тұлғаның жеке біліктілік қасиеттері мен мамандықтың мазмұнына сай іс-әрекетті ұйымдастыруы [3].

Ал белгілі ғалым А.Г. Ростунов бейімделудің 4 деңгейін көрсетеді:

1. Кәсіби іс-әрекеттің және оны игерудің бөлшектерімен танысу.

2. Кәсіби іс-әрекетті жоғары деңгейде орындау.

3. Кәсіби іс-әрекетті тиімді, сапалы түрде қойылған талаптармен нормалық ерекшеліктерге байланысты орындауға үйрену.

4. Кәсіби шеберлікті қалыптастыру [4].

Кәсіби бейімделудің кезеңдеріне талдау жасағанымызда байқағанымыз ұғымның өзіне де түрлі көзқарастар бар екендігі.

Сонымен «Бейімделу» дегеніміз жаңа ортаны меңгеруге бағытталған белсенді үрдіс, кәсіби бейімделудің мазмұнын жетілдіру, сапалы меңгеру болып табылады.

Бейімделу үдерісі қоршаған ортаның өзгеруі мен организмдегі әрекеттің өзгеруін (жауаптарын) қабылдайды, бұл биологиялық өзгерістер. Бихевиористік анықтауда психикалық өзгерістер және бейімделудің өзіндік психикалық механизмдерін қолданудың мәні жоқ. Бихевиористер әлеуметтік бейімделуді физикалық, әлеуметтік-экономикалық үдеріс ретінде немесе әлеуметтік қарым-қатынас немесе мәдениет деп түсінуге болады. Функционалдық қарым-қатынастағы ой немесе бұл үдерістің мақсаты топтағы перспективті қабілеттің жоғарлауына тәуелді немесе белгілі мақсатқа жетуінде болып табылады. Бихевиористік анықтау әлеуметтік бейімделу, топтағы бейімделуді қарастырады, жалғыз индивидті қарастырмайды.

«Әлеуметтік бейімделу» индивидтің немесе топтағы жетістіктің әлеуметтік тепе-теңдігін анықтауда қолданылады.

Әлеуметтік-психикалық үдеріс алдыңғы этаптағы өзіндік дамуы мен әлеуметтік біліктілігі мен мінез-құлқының механизмі немесе мінез-құлқының жаңа тәсілдерін ашуы мен тапсырманы шешу, жаңа бағдарлама мен жоспарды ішкі психикалық үдерістің туындауында қолданады. Әлеуметтік-психикалық бейімделуді тұлға мен топ арасындағы өзара қарым-қатынас ретінде мінездеуге болады, яғни тұлға ұзақ сыртқы және ішкі конфликтке түскенде, өзіндік негізгі әрекетін орындайды және өзіндік негізгі социогендік қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бейімделу-бұл әлеуметтік-психологиялық үдеріс, ол өзіндік ағымымен тұлғаны бейімделу қалпына әкеледі. Тұлғаның әлеуметтік-психикалық бейімделуінің негізгі принциптерінің біріне келесі анықтамаларды жатқызуға болады: қиын мәселелік жағдайда тұлғаның бейімделу үдерісі жеке механизммен емес, ол комплексік түрде болады. Бұл бейімделу комплексі ұқсас әлеуметтік жағдайларда қолданылып, тұлғаның құрылымында беріктіріледі.

Бейімделу комплексінің тұрақтылығын анықтау, бұл ғылыми дамудың бір жолы болып табылады. Бейімделу комплексінің негізгі үш түрі бар: а) бейімделу комплексінің қорғаусыздығы; б) бейімделу комплексінің қорғануы, олар тек тұрақты қорғану механизмдерінде пайда болады; в) аралас комплекстер, олар қорғаныс және қорғаусыз механизмдерінің бейімделуі. Осындай қорғаныс және қорғаусыз бейімделу механизмдерінің классификациясын психологиялық әдебиеттерде пайдалану, оның бейімделу комплексі орташа, аралас классификациясын толықтырып, бейімделу үдерісі бейімделіп, аралас бейімделу комплексі іске асады. Бейімделу комплексін анықтауда, мінездеменің даму қабілеттілігі тұлғаның әлеуметтік психологияда ең негізгісі, бірақ баяу дамиды бөліктің бірі болып табылады.

Мамандықты және оқу орнын таңдау қазіргі кезде студенттер үшін көкейкесті мәселе. Әлеуметтік-мәдени, тұлғалық, статустық дәрежесі болатын білімнің құндылығы, өзіндік әлеуметтік феномен ретінде өз дәрежесіне көтерілмей отыр.

Зерттеушілер қазіргі кездегі студенттердің келесі түрлерін бөліп қарастырады:

1) бірінші топты шартты түрде «тұтынушылар» деп атауға болады. Бұл студент негізінде бизнес саласында жетістіктерге жетуді көздейді, бизнес теориясымен практикасын ұғыну үшін, ұйымдастырушылық, басқарушылық қызметпен айналысу үшін жоғарғы білімді алады.

2) екінші топ – «эмигранттар». Олар шетел тілін еркін меңгеру үшін, шет мемлекеттерде жұмыс істеу мүмкіндігін алу үшін оқу орнында оқиды. Оларға жаңа ортаға тез бейімделу және өмірлік оптимизм тән болып келеді.

Бұл екі түр үшін «традиционалист» қарама қарсы болып келеді. Ол жақсы білімді, кәсіби дайындықты бағалайды және ол диплом алу үшін, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білім алады.

Таным және білім саласындағы студенттердің қызметін үш негізгі топқа жіктеуге болады:

Бірінші түрдегі тұлға оқудағы мақсаттар мен міндеттердің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Мұндай студенттердің білім саласы жоспардағыға қарағанда әлдеқайда ауқымдырақ болады, студенттердің әлеуметтік белсенділігі оқу орны өмірінің түрлі формаларында танылады. Студенттердің бұл тобы жан жақты кәсіби дайындыққа бейімделген.

Екінші түрдегі тұлға шағын мамандануға бейімделген. Мұнда да студенттердің танымдық қызметі оқу жоспарының шеңберінен асады.

Студенттердің танымдық қызметінің үшінші түрі тек оқу жоспарымен ғана шектеледі. Мұндай тұлғалар – өнерлігі жағынан да, белсенділігі жағынан да төмен болып табылады.

Оқуға қарым-қатынасы жағынан зерттеушілердің бірқатары бес топты бөліп көрсетеді.

Бірінші топтағы студенттер білім алуға, кәсіби шеберлікке ұмтылады. Олар оқу қызметінің барлық салаларында да белсенді болады.

Екінші топтағы студенттер оқу қызметінің барлық саласындағы білімді алуға ұмтылады. бұл топ үшін жан жақты қызметтермен айналысу тән болып келеді, бірақ олар оқытушылық және басқа да пәндердің негізін терең меңгеруден жалыққыш болып келеді. Олардың қызметінің негізгі мақсаты – бәрінен де аз – аздан болуы.

Үшінші топтағы студенттер тек өздерінің мамандығына ғана қызығушылық танытады. Оларға тек болашақтағы кәсіби мамандық үшін қажетті ғана білімді алу тән болып келеді.

Төртінші топтағы студенттердің оқу үлгерімі орташа болғанымен, олар тек өздеріне ұнайтын пәндерге ғана қызығушылық танытады.



Олар сабаққа жүйелі түрде қатыспайды, оқу қызметінің және оқу жоспарындағы пәндердің қандай да бір түрлеріне қызығушылық танытпайды, себебі, олардың кәсіби қызығушылықтары әлі қалыптаса қоймаған.

Бесінші топқа еріншек және жалқау студенттер жатады. Олар оқу орнына ата-аналарының талабы бойынша немесе армияға бармау үшін, сондай-ақ, жұмысқа бармау үшін келеді. [4]

Т.И. Лисовский мынадай студенттер типологиясын ұсынады:

1. «Гармониялық». Өз мамандығын саналы түрде таңдайды. Өте жақсы оқиды, ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Дамыған, мәдениетті, ашық, әдебиет пен өнерге қызығушылығы бар, спортпен шұғылданады.

2. «Кәсіби». Өз мамандығын саналы түрде таңдайды. Жақсы оқиды, ғылыми – зерттеушілік жұмыстарға сирек қатысады, себебі, жоғарғы оқу орнынан кейінгі практикалық жұмыстарға бейімделген, қоғамдық жұмыстарға қатысады. Мұндай студенттер үшін ең бастысы – жақсы оқу.

3. «Академик». Мамандығын саналы түрде таңдайды. Тек «өте жақсыға» оқиды. Аспирантурада оқуға бейімделген. Өзге пәндерге зиян келтірсе де, көбінде ғылыми-зерттеушілік жұмыспен айналысады.

4. «Қоғамшыл». Оған қоғамдық жұмыстарға икемділік тән. Осының салдарынан оқуға және ғылыми жұмыстарға деген белсенділігі төмендейді. Дегенмен, ол өзінің мамандығын дұрыс таңдағанына толығымен сенімді. Әдебиетпен және өнермен шұғылданады.

5. «Өнер сүйші». Әдебиет пен өнерге жақын болғандықтан, ғылыми жұмыстарға аз қатысады. Бірақ, сабақты жақсы оқиды. Оған көркемдік қабілеттілік пен кең ой-өріс тән.

6. «Ынталы». Өз мамандығын саналы түрде таңдамайды. Бар күшін сала отырып, сабақты адал ниетпен оқиды. Ұжым адамдарымен аз араласады. Уақытының басым бөлігін оқуға жұмсағандықтан, өнермен және әдебиетпен аз шұғылданады, киноға, концертке, би кешіне барғанды ұнатады.

7. «Орта деңгейлі». Сабақты артық күш жұмсамай, мүмкіндігінше оқиды. Соны мақтан тұтады. Оның мақсаты: «диплом алып, басқалардан кем жұмыс жасамаймын». Мамандықты таңдауда көп ойланбайды. Оқуға түскен соң, аяғына дейін оқу керек деп пайымдайды.

8. «Түңілген». Өзі қабілетті болғанымен, таңдаған мамандығы ол үшін аз тартымды болып табылады. Оқуға түскен соң, аяғына дейін оқу керек деп пайымдайды. Жақсы оқуға тырысқанымен, оқудан ешқандай ризашылық алмайды. Өнермен, спортпен шұғылдануға талпынады.

9. «Еріншек». «Аз күш жұмсау» мақсатында нашар оқиды. Дегенмен, өзін толығымен мақтан етеді. Болашақтағы кәсібіне жауапкершілікпен қарамайды. ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға және қоғамдық өмірге қатыспайды.

10. «Өнерпаз». Оған кез-келген жұмысты шығармашылық жолмен шешу тән-оқуға да, қоғамдық жұмысқа да қатысады. Ұқыптылықты, жинақтылықты бас көтермей істейтін жұмысты жаны сүймейді. Сондықтан да «маған бұл қызық емес» немесе «маған бұл қызық» принципі бойынша дұрыс оқымайды. Ғылыми-зерттеушілік жұмыстарымен айналыса отырып, түрлі мәселелерді шешудің бірқилы жолдарын іздейді.

11. «Ұлы». Мәртебелі факультеттерде сәтті оқиды, қарапайым студенттерге жоғарыдан қарайды. Компанияда басшы болуға ұмтылады, басқа студенттерге немқұрайлы, менсінбей қарайды.

Бейімделу – активті қызмет және оның қажетті нәтижелік шарты. Зерттеушілер студенттердің жоғары оқу орындарының талабына сәйкес бейімделудің 3 түрін қарастырады:

1. Формальді бейімделу;
2. Қоғамдық бейімделу;
3. Дидактикалық бейімделу

Студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуі Стокаренко бойынша келесідей жіктеледі:

а) кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің мазмұны, сипаты, жағдайлары мен ұымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми өзбеттілік дағдыларының жасалуы;

б) әлеуметтік – психологиялық бейімделу – индивидтің топқа, онымен өзара қарым-қатынасқа икемделуі, өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы.

Басқаша айтсақ, «бейімделу қабілет – ешқандай ішкі дискомфортты сезінбей және қоршаған орта мен қарама-қайшылықсыз адамның қоршаған ортаның әлеуметтік, физикалық, әр түрлі талаптарына бейімделе алу қабілеті ». Бейімделу – бұл белсенді іс-әрекеттің алғы шарты және оның тиімділігінің қажетті шарты. Бұдан индивидтің қандай да бір әлеуметтік рөлінің жақсы қызмет етуі үшін бейімделудің жағымды маңызы көрінеді.

Психологиялық бейімделу - әлеуметтік қажетті құндылық бағдар және мінез – құлықты меңгеру, әлеуметтік ортаның күтілімдері мен тұлғаның бағыттылығын, бағдарын жақындаттыру. Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір-бірі мен үздіксіз байланыста.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу адамның дара ерекшеліктері мен және қоғамдағы тұлғаның бағыты мен байланысты күрделі құбылыс. Қоғамда тұлғаның бейімделуі үшін қоғам және тұлғаның міндеттері, мақсатының ұқсастығы, пікірге қосылуы ерекше болып табылады.

Бейімделу мәселесін қарастырған ғалымдарға тоқталатын болсақ олар: В.И. Курбатова, А.Т. Маклаков, В.Н. Дружинин, Е.А. Ямбург, Н.А. Агаджанян, А.А. Реан, Х. Хартманн және т.б. Тұлғаның эффективті бейімделуге қол жеткізуі үшін ол қоғамның талаптары мен күтімдерін

қанағаттандыруы қажет. Түпкі мағынасында тек әлеуметтік норманы қабылдау ғана емес, ол жаңа және қауіпті жағдайға кездескендегі эффективті өзгермелілік, сондай-ақ оқиғаға өзіне қажетті бағыт беру. Бұл мағынада бейімделу өз мақсат, құндылық, ұмтылыстарын жүзеге асыру үшін адамның дұрыс шешім қабылдауымен инициатива көрсетумен және өз болашағын анық бағдарлаумен сипатталады. Әлеуметтік психологиялық бейімделу деңгейіне адамның жасы, білім деңгейі, өмір тәжірибесі, өзіндік бағалауы мен тұлғалық ерекшеліктер әсер етеді және адамның белсенділігімен де тығыз байланыста болады. [5]

Осы айтылған міндеттер мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселе.

Қорыта келгенде, оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғарғы білікті маман даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда болашақ мамандарға білімнің сапасын арыттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып білім беру үлкен маңызға ие. Жоғарғы білімнің сапасы дегеніміз- жоғарғы оқу орнының қызмет бөліктерінің барлық қырларын қамти отырып оның негізгі сипаттамаларын анықтап беретін көпжақты ұғым. Осы ретте оқу үрдісінің сапасы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігімен анақталатыны сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (II бөлім) Қазақстан дамуының Жаңа кезеңіндегі біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты белгіленген «Қазақстан 2030 стратегиясы» (Астана, 2007 жылғы 28 ақпан) <http://online.zakon.kz/>.

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. № 1118 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан. [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/).

3. Кәсіпке бейімделу мәселесінің психологиялық ерекшеліктері // Қайнар университетінің хабаршысы. Психология сериясы. – 2004. - № 2. – 70 б.

4. Қалымбетова Э.К. Бейімделу болашақтың бейнесін құру ретінде // Ұлт тағылымы. – 2005. - № 3. – 251.

5. Оразбаева Ж.Н. Бейімделу табыстылығының психологиялық ерекшеліктері // Қазақстан жоғары мектебі. – 2005. - № 3. – 258 б.

### **3.38. О воспитании патриотизма инновационными методами у студентов творческих специальностей - «Музыкальное образование» и «Изобразительное искусство и черчение» в Костанайском государственном педагогическом институте**

**Дина Жетписпаевна Жусупова**

старший преподаватель кафедры искусств.

Костанайский государственный педагогический институт  
(г. Костанай, Казахстан)

**Ксения Геннадьевна Архипова**

старший преподаватель, магистр педагогики и психологии  
кафедры искусств. Костанайский государственный  
педагогический институт  
(г. Костанай, Казахстан)

**Кунсулу Ануарбековна Жакаева**

старший преподаватель, магистр педагогики кафедры искусств  
Костанайский государственный педагогический институт  
(г. Костанай, Казахстан)

В основе публикации лежит статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12.04.2017 г. Главы государства Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева [1, с. 1].

В своем ежегодном послании от 12 апреля 2017 года Президент РК Н.А. Назарбаев объявил о начале Третьей модернизации Казахстана. Дан старт двум важнейшим процессам обновления – политической реформе и модернизации экономики. Цель модернизации – войти в тридцатку развитых государств мира. Определены цели, задачи и приоритеты модернизационных процессов. Но, как утверждает Президент, они будут труднодостижимыми без опережающей модернизации общественного сознания. Именно модернизация общественного сознания должна стать сердцевиной обозначенных процессов обновления [1, с. 1].

На повестке дня сегодняшнего еще более масштабная и фундаментальная работа – изменение общественного сознания во благо единой Нации сильных и ответственных людей.

Модернизированные общества содержат в себе коды культуры, которые базируются на многовековом опыте поколений, и первым условием успешной модернизации можно назвать условие сохранения своей культуры, собственного национального кода. Но это не означает консервации всего в национальном самосознании, лучшие традиции должны стать важным условием успеха модернизации. Без опоры на национально-культурные традиции, модернизация не будет твердо стоять на земле [1, с. 2].

В связи с этим, необходимо отметить такие направления модернизации сознания общества в целом и каждого казахстанца, как конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана и открытость сознания. Нам необходим прагматизм в поведении, как «...умение жить рационально, с акцентом на достижение реальных целей, с акцентом на образование, здоровый образ жизни и профессиональный успех...». В некоторых господствующих на сегодняшний день моделях модернизации прослеживается глобальная ошибка, которая состоит в том, что модернизация рассматривается как переход от национальной модели развития к некоей единой, универсальной. Наш национальный дух – традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, словом – многовековой опыт поколений, должны быть навечно вплетены в историю нашего государства. Однако глобальный мир архаических привычек должен остаться в прошлом. Общество будущего должно базироваться на людях, которых будут оценивать по профессиональным качествам. А профессионалом станет тот, кто получает хорошее образование и будет высокообразованным человеком.

«Каждый должен понимать, что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером» ("Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания") [1, с. 2].

В Костанайском государственном педагогическом институте большую роль в воспитании студенческой молодежи выполняет Управление по социально-воспитательной работе. Руководит работой управления к.п.н. Жакаева С.А. Основной целью управления является обеспечение условий для воспитания молодежи как одной из главных стратегических задач развития современного казахстанского общества путем определения приоритетных направлений воспитательной работы, для формирования социально - активной личности гражданина и патриота. Такие мероприятия, как День Конституции РК, День Независимости, Наурыз мейрамы, День памяти жертв политических репрессий объединяют студентов всего ВУЗа [2, с. 1].

В настоящее время наблюдается широкий потенциал человеческих возможностей и желаний. И образование не стоит на месте, а модернизирует свои достижения, ориентируясь на личностный подход в процессе учебной деятельности. Инновационные методы обучения в образовании становятся вполне обыденной частью учебного процесса. Это находит свое подтверждение в работе Кафедры искусств факультета истории и искусств КГПИ, которая объединяет две специальности – «Музыкальное образование» и «Изобразительное искусство и черчение» [2, с. 1].

Заведующая кафедрой - Сапиева М.С. – в преподаваемой дисциплине индивидуального обучения «Основной музыкальный

инструмент - фортепиано» раскрывает особенности национального стиля фортепианной музыки композиторов Казахстана. Рассматриваются истоки профессионального творчества письменной традиции, взаимодействие европейских и восточных музыкальных культур, стилистические особенности казахской музыки. Студенты исполняют произведения А. Жубанова, Г. Жубановой, А. Бестыбаева, А. Мендыгалиева, А. Абдинурова и многих других [3, с. 37].

Применяемые преподавателем инновационные методы – формативное оценивание, самооценка и взаимооценка – дают положительные результаты в самостоятельной работе и в работе на лекционных и практических занятиях с преподавателем. Таксономия Блума, метод, казалось бы, далекий от музыкального творчества, успешно применяется преподавателем кафедры, магистром педагогики Турлубаевой Д.К. также на дисциплине индивидуального обучения – «Концертмейстерский класс». Инновационный метод в разучиваемом со студентом фрагменте фортепианного произведения А. Абдинурова «Джайляуда» делает предельно понятным структуру произведения и дает возможности быстрого запоминания текста [3, с. 40].

Сегодня очень много говорится об индивидуализации учебного процесса, повышении учебной мотивации и учебной самостоятельности студентов. Наиболее соответствующим требованиям современного общества механизмом, который учитывает индивидуальные способности студентов и их возрастные особенности является формативное оценивание, которое можно еще назвать оцениванием для обучения.

Формативное оценивание – это процесс поиска и интерпретации данных, используемый для определения этапа, на котором находятся обучаемые в процессе своего обучения, направления, в котором следует развиваться, и установления, как лучше достигнуть необходимого уровня.

Впервые о том, как оценивание повышает эффективность обучения и каким оно должно быть заговорила в 1999 году Группа реформы оценивания (Assessment Reform Group), работа которой опиралась на труды П. Блэка и Д. Уильяма, которые отметили, что улучшение обучения зависит от пяти ключевых условий: [3, с. 45-49].

- эффективной обратной связи от преподавателя к студентам;
- активного включения обучающихся в процесс собственного учения;
- учета в преподавании результатов, полученных при оценивании;
- понимания того, как от оценивания зависит мотивация и самооценка;
- способности к самооцениванию.

Использование методов формативного оценивания помогает нашим студентам выработать навыки самостоятельной работы, что очень важно в овладении такими дисциплинами, как «Основной инструмент», «Концертмейстерский класс», «Постановка голоса».

На практическом занятии по развитию музыкальных способностей – «Сольфеджио» старшим преподавателем кафедры искусств, магистром педагогики Дик Ф.Б. успешно применяется SMART цель, Кейс-стади. И, несмотря на то, что содержанием дисциплины Сольфеджио остается пение по нотам, современные технологии здесь также применимы и обогащают методы работы. Вот как, к примеру, в рамках дисциплины применим метод Кейс-стади – обучение через конкретную ситуацию. Студентам предлагается обыграть ситуацию - нужно записать нотами понравившуюся мелодию, которая звучит в эфире телевидения. При этом нет с собой музыкального инструмента, чтобы помочь подобрать мелодию и нотировать ее. Случаются ситуации, когда музыкальный коллектив просит своего руководителя включить в репертуар понравившуюся мелодию. Если данного музыкального произведения в настоящий момент нет у руководителя, он может, после нескольких куплетов звучания, записать его и включить в репертуар своего коллектива. На занятии студенты прослушивают с диктофона запись песни «Еркем-ай», ее помогла записать коллега, магистр Жакаева К.А. Мелодию нужно запомнить, определить метроритм, тональность, количество тактов и записать в виде музыкального диктанта. Далее, подобрав аккомпанемент к мелодии, сыграть в нужном темпе и характере. Время записи определяется преподавателем - 30 минут. Запись музыкального диктанта на уроке Сольфеджио – один из обязательных разделов и является своеобразным итогом занятия. Но представленный в виде ситуации, исполненный преподавателем и прослушанный на диктофоне, музыкальный диктант по-новому воспринимается студентами и ко многому обязывает [3, с. 51-55].

Инновационные методы работы применяются также на специальности «Изобразительное искусство и черчение», где специфика обучения, казалось бы, предполагает сосредоточенную, скажем так – «молчаливую» работу студента над мольбертом. Однако методика внедрения групповой работы в практику преподавания допускает использование инновационных технологий во многих дисциплинах этой специальности, это - «Академический рисунок», «Академическая живопись», «Композиция», «История искусств», «Методика преподавания изобразительного искусства». Ее успешно применяют преподаватели Сапиев А.С., Жусупова Д.Ж., Ордашева М.Ж., Хамилин Е.А [3, с. 57].


Так, в преподавании практической дисциплины «Академическая живопись» по теме «Национальный натюрморт как основной жанр изобразительного искусства» используется критическое,

диалогическое обучение, проектная деятельность, выполнение постеров. Для эффективности преподавания и развития диалогического обучения применяются различные стратегии: «град идей», «мозговой штурм», «горячий стул» и другие техники общения это способствует развитию исследовательской беседы, где каждый студент старается предлагать информацию по выполнению постера. Идеи студентов рассматриваются как полезные, но подвергаются оценке, участники диалога спрашивают и обосновывают то, что сказано, а главное стремятся достичь согласия в ответе используя аргументацию в своем диалоге [3, с. 67-71].

Исследованием диалога занимались многие ученые. Важность диалога в обучении была ими доказана. В результатах исследований Мерсера и Литлтона (2007) было показано, что диалог на занятии может способствовать интеллектуальному развитию студентов и их результативности в обучении. А Л. Выготский утверждает, что в случае, когда ученик не может выполнить задания самостоятельно, ему необходима помощь взрослых или более успешных ровесников, тогда речь становится главным инструментом обучения. Его исследования подтвердил позднее Барнс, который утверждал, что речь, используемая на занятии, оказывает наибольшее влияние на обучение учеников и приносит большую пользу. Это позволяет студентам выражать свое понимание темы, помогает им осознавать, что у людей могут быть разные идеи, содействует аргументированию студентов своих идей, помогает преподавателю понять на какой стадии (беседа – дебаты; кумулятивная беседа; исследовательская беседа) находятся их студенты в процессе обучения [3, с. 73].

На завершающем этапе занятия часто используется методика эссе. По просьбе преподавателя студенты пишут свои пожелания, мнения, рассуждения о проведенном задании (два, три предложения). Студенты отмечают положительные стороны лекционных и практических занятий.





Групповая работа студентов специальности «Изобразительное искусство и черчение» с применением инновационных технологий.  
Старший преподаватель – Жусупова Д.Ж.

Стратегии критического мышления, как инновационный метод, являются также очень эффективными в работе со студентами творческих специальностей. Умение критически мыслить являются необходимой компетенцией эффективного педагога. Так как именно критическое мышление предполагает готовность к воображению или принятию во внимание альтернативных решений, внедрению новых или модифицированных способов мышления и действий. Способность развивать критическое мышление у других - прерогатива педагога [3, с. 73].

Из стратегий критического мышления преподаватели специальности «Изобразительное искусство и черчение», «Музыкальное образование» применяют на своих занятиях составление постеров. Их выполнение позволяют узнать, что они уже знают о изучаемой теме. Студенты не только актуализируют свои знания, но и критически их осмысливают, учатся составлять эффективные вопросы [3, с. 75].

Использование в практике таких элементов критического мышления, как «открытые» и «закрытые» вопросы, вопросы низкого и высокого порядка, составление постера, ранжирование по степени важности, анализ текста и визуализацию проблем - все это позволяет активизировать способности студентов оценивать, анализировать, размышлять и высказывать свою точку зрения, творчески подходить к выполнению задания и делать выводы. Критическое мышление позволяет развивать у студентов разные виды памяти (слуховую, зрительную, моторную), внимание, восприятие. Все направлено на удовлетворение потребностей в безопасности, уважении,

самоактуализации, самоутверждении, общении, игре, в познании, творчестве. Оно способствует развитию активного словарного запаса, устной и письменной речи. Применение инструментов критического мышления невозможно без взаимосвязи с диалоговым обучением, саморегулированием, использованием ИКТ и различными способами, и видами оценивания, что дает колоссальную возможность – правильное интегрирование инновационных методов. Однако возникающие трудности, которые раньше не были так обозначены - неспособность отдельных студентов работать с большим объемом информации, проблемы с хронометражем заданий, и в некоторых случаях, неумение выразить собственное мнение и отстаивать точку зрения, становятся стимулом для самостоятельной работы многих студентов. Для более убедительной аргументации некоторых вопросов студент, готовясь к защите группы, заранее просматривает материал, используя Internet-ресурс [3, с. 77].

Использование информационных технологий в процессе обучения улучшает качество образования, повышает эффективность учебного процесса. Студенты с их помощью учатся работать с текстом, использовать таблицы, создавать графические объекты. Это значительно экономит время и усилия, потраченные преподавателем и студентами на занятия, позволяет стимулировать и развивать познавательный интерес, формировать у них цифровую компетентность. Студенты стараются критически мыслить и у них это получается. Они отмечают, что проведение занятий по новым технологиям – буквально ломают их привычный стиль мышления («ломают мозги») [3, с. 81].

Все это видится нам важным условием получения хорошего образования. Как отмечает Глава государства – «Стремление к образованию всегда было характерно для нашего народа». Нацию ждет успех лишь в том случае, если в системе ценностей образованность станет главной ценностью.

### **Список литературы:**

1. Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" <http://www.akorda.kz>.
2. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.)
3. Материалы программы дополнительного профессионального образования студентов выпускных вузов, осуществляющих подготовку педагогических кадров, разработанная на основе уровневых программ повышения квалификации педагогических работников РК. г. Астана, НИШ, 2015 год.

### 3.39. Жаңартылған білім беру мазмұны – физикада

**Айнур Аширхановна Турарбекова**

№ 89 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі  
(Шымкент қ., Қазақстан)

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. ХХІ ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек». (Андреас Шлейхер, Білім беру және кәсіби дайындау басқармасы директорының және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Бас хатшысының білім беру саясаты бойынша арнайы кеңесшісі міндетін атқарушы (2014))

Қазіргі жылдам дамып жатқан заманда ХХІ ғасырдың әрбір дағдысын меңгеру үшін терең білім қажет деп ойлаймын. Сондықтан да сындарлы білім беруде білім мазмұнын жаңарту талап етіледі. Ал білім мазмұны әрбір пәннен таралатындықтан, оқу мен оқытуда табысқа жету үшін қойылған проблемаларды сын тұрғысынан ойланып, бірлесе іс-әрекет ету, және оны шешудің жолдарын қарастыру сауаттылық пен тәжірибені қамтиды. Демек, білім беру мазмұнын жаңарту жоғарыда аталған мәселелердің шешімі болып табылады.

Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп аясында ұлттық сана қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. [ЖББМ физика үлестірме 1 күн]

Физика саласы бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында жетекші орын алады, бұл әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудағы физиканың практикалық маңызымен

айқындалады. Физика – табиғат туралы ғылым. Оның мақсаты заттар мен денелердің, құбылыстар мен процестердің физикалық қасиеттерін танып-білу, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттеу болып табылады. [МАН 6 бет]

Физика сабағында жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:

- пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

Физика пәні алғаш 7 сыныпта басталатындықтан, ондағы кездесетін тараулар мен бөлімдердің мазмұны алдағы уақытта күрделене және кеңейе береді.

Физика сабақтарында белсенді оқу әдістерін қолданып, сабақ жоспарын нақты қадамдармен белгілеп, дұрыс жоспарлай алу мұғалімнің құзыреттілігі мен шеберлігін қажет етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының тағы да бір ерекшелігі ол «Бағалау» үдерісі. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің (Роберт Юджин Глейзер енгізген ұғым, Glaser, R., 1963) нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудан тұрады.

Калл: «Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдер оқушылардың өтіліп жатқан тақырыптар мен дағдыларды игеруін бағалау үшін қолданатын құрал. Ол белгілі бір тақырып өтіліп жатқанда ол бойынша оқушының қате түсінігін және түсінбеген мәселелерін анықтаудың «өзегі» болып табылады» дегендей қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің өн бойында жүреді. Мұнда мұғалім оқушыны дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз етеді, оқушының оқу үдерісін түзетеді және оқушыларды ынталандырады. Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде ешқандай балл, баға қойылмайды. Тапсырма нақты жоспарланып, соған сай дискриптор түзіледі.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламаларындағы бөлім/ортақ тақырып және белгілі бір оқу кезеңі аяқталғанда жүргізілетін бағалау түрі. Жиынтық бағалауда критерий алдын ала беріледі. Жиынтық бағалау- ішкі және сыртқы жиынтық бағалау деп жіктеледі. Ішкі жиынтық бағалау бөлім соңында жүргізіліп, тоқсандық бағаның 50% құраса, тоқсан соңында алынатын жұмыс 50% құрап, компьютерлік бағдарламамен оқушының тоқсандық және жылдық бағасын орташа пайызбен есептеліп, бағаға «автоматты» түрде шығарылады. Мен

жаңартылған білім мазмұнымен сертификатталған пән мұғалімі ретінде сіздерге төмендегі 7-сыныптың «Масса және денелердің массасын өлшеу» тақырыбына белсенді оқу тәсілдерін қалай кіріктірілгені жөнінде қысқа мерзімді жоспарымды ұсынғалы отырмын.

Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаты: 7.2.2.11. электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу. Белсенді сабақ- табысты сабақ дегендей Сабақ мақсатын жоспарлауда ойлау дағдылары мен ойлау деңгейлерін басшылыққа алу қажет.

Оқу мақсатына Бағалау критерийін сәйкестендіріп, Блум таксономиясында берілген ойлау дағдыларының атап айтар болсам білу мен түсіну, және қолдану деңгейлеріне тапсырмалар арқылы жетілдіруді жоспарлап, белсенді оқыту әдістерін таңдаймын. Атап айтам болсам:

1) «Қар үйіндісі» әдісін таңдау себебім оқушыларға жетелейтін сұрақтар беру арқылы барлық оқушыларды қатыстыру, ашық сұрақтарды қолдана отырып қабілеті жағынан әртүрлі оқушылардың пікірталасқа қатысып отырғанына көз жеткізу, сонымен қатар оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыруға ықпал жасайды.

2) Сыныптағы оқушылардың қабілеті, білім деңгейлері әртүрлі болғандықтан, саралап оқыту арқылы оқытудың тиімді тәсілдерін іздеу қажеттігі туындайды. Саралап оқыту барысында оқушылар өздерінің танымдық қажеттігі, қабілеті және қызығушылық танытуына байланысты оқу материалының қиындық мөлшерін және көлемін өзі таңдауына мүмкіндік алады. Сондықтан жаңа сабақты меңгерту кезеңінде қалыптастырушы бағалаудың «Элективті тест» тәсіліне деңгейлік тапсырмалар берілсе, оқушылар күрделілігі үш түрлі деңгейдегі тапсырмаларды таңдап, орындай алады. Тапсырманы жеке орындап болған соң ілгерілемелі үдеріс бойынша оқушы төменгі сатыдан бастап, өз мүмкіндігіне сәйкес деңгейге дейін көтеріле алады, сонымен қатар олардың өздеріне жоғары мақсат белгілеп, соған жетуіне бағыттайды. Тапсырманы орындап болғаннан кейін ауызша кері байланыс жүргізу оқу сапасын жақсартуда үлкен рол атқарады.

«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі: оқушылар алдымен жұпта, кейін шағын топтарда серіппелі, иінді және электронды таразының көмегімен дененің массасын анықтай отырып ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады

Эксперименттік тапсырманы орындау барысында оқушылар оқу материалын терең ұғынады. Олардың жеке немесе топтық талқылау арқылы ақпаратты өңдеуі, танымдық қажеттілігін қанағаттандыратын білім алуына, танымдық үдерісін және пәндік білік, дағдыларын дамытуына жол ашады.

4 тапсырманы бере отырып, әрбір топқа берілген ыдыстағы қараөріктің бір данасының масасын өлшеу тәсілін ұсынуды тапсырамын. тапсырманы орындау барысында үлгерім деңгейі жоғары оқушылар сыныптағы өзге оқушылардан бұрын өз жауабымен бөлуге

асығады, ал үлгерім деңгейі төмен оқушылар таразы көмегімен ыдыстағы қара өріктің массасын өлшеп, өзінің бүгінгі сабақта жеткен жетістігімен бөліседі. Осы тапсырманы орындай отырып оқушы ойлау деңгейінің талдау сатысы арқылы танымдық қабілеті дамиды.

Сабақ соңында ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту тәсілдерінің ішіндегі БББ кестесін оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту үшін қолданамын. Ондағы мақсатым- Оқушылар өзіне белгілі мағлұматтар мен жаңа деректерді салыстыруға, бұрыннан білетіндерінің негізінде өздерінің танымдық талаптарын анықтауға үйренеді. . Сондай-ақ сабақта БББ тәсілін қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін сыни бағалауға, өзінің танымдық ойы туралы ойлауын дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе физика сабағында дұрыс құрылымдалған сабақ жоспары ХХІ ғасыр баласының білім білік дағдыларын қалыптастыруына титтей болса үлес қосары анық деген сенімдемін. Сабақ құрылымы дайын оқу мақсатынан сабақ мақсатын шығарып, сабақ мақсатына сәйкес бағалау критерийлері түзіледі. Сол мақсатқа жетуде қойылған тапсырмаларға дескриптор түзіліп, оқушыға ауызша және жазбаша кері байланыс беріліп отырылады.

Мұғалімнің бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындауы маңызды.

Одан кейін мұғалім бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырады. Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды, сондықтан дескрипторлар оқушыларға түсінікті болуы қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Үлестірме материал 1-күн.

### **3.40. Физика сабақтарында білім алушылардың оқу біліктерін қалыптастыру шараларын жетілдіру**

#### **Әлия Әбдірайымқызы Ақжолова**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы  
(Қазақстан, Алматы қ.)

Қазіргі таңда елімізде жоғары білім жүйесін дамыту талаптарына сай білім алушыларға терең білім беру, оларды жан-жақты дамыту

басты мәселе болып табылады. Сол себепті, білім беру жүйесі білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, шығармашылықпен ойлайтын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Оқу іс-әрекетінде білім алушылардың оқу білігінің маңызы зор. Ол арқылы шынайы дүниенің ақиқатын танып, тәжіибесін байытып, табиғатқа ықпал жасайтын тәсілдерді меңгереді.

Білім алушылардың дайындық деңгейі, олардың ғылыми және техникалық мәліметтерді қабылдау мүмкіндігі, тіпті білім сапасы оқу біліктері мен дағдылардың қалыптасуына және дамуына тікелей байланысты.

Білік білім мен тәжірибе негізінде қалыптасады және дамиды. Білім мен тәжірибенің деңгейіне қарай білік деңгейі анықталады. Соған сөйкес, білікті:

- меңгерілген әрекет ретінде;
- бар білімді пайдалана білу қабілеті ретінде;
- дағдылардың жиынтығы ретінде;
- толығынан меңгерілген дағды немесе дағдыны меңгерудің маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Біліктің қалыптасу деңгейі әртүрлі болады, әдетте үш деңгей қабылданған:
  - еске түсіру деңгейі;
  - ұқсас жағдайларды қолдана білу деңгейі;
  - қалыптан тыс жаңа жағдайда шығармашылықпен жұмыс істей алу деңгейі [1, 3].

Ғылым негіздерін оқу және оларды тереңірек зерттеу процесінде қалыптасатын білік, оқу білігі деп аталды.

Кейінгі кездегі зерттеулер жалпы оқу біліктерін (оқу, жазу, жауаптың жоспарын құру) және ғылыми жаратылыстану пәндеріне тән біліктерді (әдебиетпен жұмыс істеу, бақылаулар жүргізу, тәжірибелер жасау) бөліп алуды көздейді.

Барлық оқу іс-әрекетіне қатысты біліктердің негізгі түрлері:

- танымдық;
- практикалық;
- ұйымдастырушылық;
- өзіндік бақылау;
- бағалау.

Білім алушыларді танымдық білікпен қаруландыру – олардың артық жүктемесін жеңілдетеді және оқу сабақтарының әсерлілігін арттырады.

Танымдық білік құрамын анықтай келе оның негізгі білім көздерін талдау барысында қалыптасатынын көреміз. Айналадағы болмысты, табиғаттағы құбылыстарды және өндіріс шартарын бақылай отыра адам баласы өз біліміне сүйенеді. Сондықтан, білім алушыларға нақты білімдер алудың әдістері ретінде бақылай алатын білігін қалыптастыру керек. Жаратылыстану пәндерін зерттеу барысында эксперимент

әдістемесін игеру аса маңызды. Эксперимент теориялық пайымдамалардың шындығын дәлелдейді. Оған өлшеу, есептеу, график тұрғызу, сонымен қатар, болжам, бақылау жасай алу біліктері жатады. Сондықтан осы біліктерді білім алушыларға жоспарлы және мақсатты түрде қалыптастыру қажет.

Білім алушылардың өздігінен тәжірибе жасауы мен бақылау білігін қалыптастыру өте баяу жүреді. Сондықтанда көптеген білім алушылар қарапайым тәжірибелерді өздігінен жасай алмайды. Бұның себебі, студенттер бақылау мен экспериментті дайын инструкция бойынша жасайды.

Қазіргі таңда білім алушылардың өздігінен тәжірибе жасай алу білігін қалыптастыру әдісі қажет болып отыр.

Негізгі танымдық біліктерге жататындар:

- оқу және ғылыми оқулықтармен жұмыс, яғни өздігінен білім алу және оны тереңдету білігі;

- бақылау жүргізу және қорытындыны тұжырымдау, модельдеу, болжам құру;

- өздігінен эксперимент қою және соның негізінде жаңа білімдер алу, құбылысты түсіндіру және теориялық білім негізінде бақылау жасау білігі.

Оқу білігімен қатар практикалық білікті қалыптастырудың да маңызы зор.

Физика курсы және басқада жаратылыстану пәндерінің мазмұны білім алушыларға практикалық білікті ұйымдастыруға жақсы жағдай тудырады. Сол үшін студенттерге ғылым мен техниканың жетістіктері және негізгі бағыттары жайлы, техниканың, қазіргі заманғы өндіріс технологияларындағы теориялық және практикалық маңызы жайлы жұмыстар жүргізу керек. Теорияны меңгеру, демонстрациялық тәжірибелерді құру, фронтальдық тәжірибелерді жасау, экспериментальды есептерді шығару және практикалық жұмыстарды жасау процесінде білім алушылар келесі біліктерді меңгеру керек:

1) өлшеу, өлшеу құралдарын қолдана білу;

2) есептеу (тәжірибелердің қорытындыларын математикалық өңдеу);

3) физикалық шамалар арасындағы функционалдық тәуелділікті ашатын графиктер құру және оны талдау;

4) энергия көздері және әртүрлі зертханалық құрылғыларды және тұрмыста және техникада кездесетін құрал-жабдықтарды қолдана білу;

5) электр тізбегін жинау;

6) есептеу, графикалық, логикалық және эксперименттік есептерді шығару.

Әр түрлі өзіндік жұмыстар көмегімен студенттердің білімі, білігі және дағдысы қалыптасады. Бұл жұмыстар дұрыс ұйымдастырылғанда, яғни жүйелі түрде болғанда жақсы нәтиже береді. Есеп шығару,



есептеу, өлшеу операциялар және істеген іс-әрекетіне бақылау жасай білу өзіндік бақылау барысында іске асады.

Физика сабақтарында біліктер мен дағдыларды игеру: зертханалық жұмыстар (оқып үйренген заңдарды тексеру, приборлардың құрылысын оқып үйрену, материалдардың қасиеттерін оқып үйрену, схема бойынша электр тізбегі мен приборларды құру, өлшеу), есептер шығару (есептеулер, график салу, өлшеулерді орындау) арқылы жүзеге асады. Ал білімдерді, біліктерді және дағдыларды қолдануға төмендегілер жатады: демонстрацияланған құбылыстарды түсіндіру, есептерді шығарудан бақылау жұмыстарын орындау, жеке тапсырмаларды орындау, приборларды жетілдіру жөнінен тапсырмалар орындау [2].

Білімдерді, біліктерді және дағдыларды пысықтауға жататындар: лабораториялық практикалық жұмыстар, есептер шығару, оқу әдебиетімен жұмыс істеу.

Білім алушылар оқу әдебиетімен өзіндік жұмыс істеудің мынадай біліктерді меңгеруі тиіс:

- ең бастысын ажырата білу (оқып үйренілетін құбылыстардың елеулі белгілерін, заңдылықтардың мәнін т.б.);
- формулалардың математикалық қорытуларын дербес талдай білуі;
- суреттермен, таблицалармен графиктермен пайдалана білу;
- оқылған материалдың жоспарын құра білу;
- материалды логикалы, жүйелі баяндай білу; оқулықта бар материалды басқа әдебиеттермен алынған деректермен толықтыра білу;
- кіріспе пән және атау көрсеткіштерімен пайдалана білу;
- каталогпен жұмыс істей білу, өзін қызықтырған мәселе бойынша библиография құра білу.

Кітаппен өзіндік жұмыс істеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру көбінесе мына нұсқаларға келіп тіркеледі: қандайда бір тақырыпты оқу, оны өз сөздерімен айта білу, оқылған материалға жоспар құру. Білім алушының мұндай жұмысының нәтижесі әдетте оқулық тексін қайтадан айтып бере білуі болып табылады.

Ұйымдастырушылық білікке өз іс-әрекетінді жоспарлау мен сабақ үстінде және тәжірибе жасау барысында жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру жатады.

Сонымен қатар, орындалған іс-әрекет және өлшеу, есептеу, есеп шығару, үй тапсырмасын орындау барысында бақылау жасау білігі, яғни өзін-өзі бақылауда маңызды.

Білім алушылардың білімін, біліктерін тексеру – физиканы оқытудың ең керекті элементі болып табылады. Оның мақсаты – оқытушының қолданған әдісінің тиімділігін бағалауға, әр білім алушылардың материалды қалай меңгергенін білуге болады.

Бағалау білігіне есептеу және эксперименттік есептердің шамаларын, лабораториялық жұмыстарды жасау барысындағы жіберілген қателіктерді, эксперименттік жұмыстардың қорытындыларын тексеру жатады. Мұндай практикалық тексеру жұмыстар жеке-дара, сондай-ақ фронталь (жаппай) қойылады. Фронталь практикалық тексеруде оқытушы білім алушыларға тапсырма береді де, жұмыс барысын қадағалайды. Өзінің бақылауларына және жазбаша есеп беруінің тексерілуін білім алушылардың көрсеткендерін негізге ала отырып баға қояды. Мұндай жұмыстардың қатарына лабораториялық жұмыстарды жатқызуға болады (сонымен қатар физикалық практику жұмыстарын) және көптеген эксперименттік есептерді қамти алатын зертханалық бақылау жұмыстарын жатқызуға болады. Жұмыстағы өздігін қамтамасыз етуі үшін білім алушылар әр түрлі материалдар мен приборлар алуы тиіс. Мысалы, денелердің көлемін анықтауда оларға бөлік құны әр түрлі мензурка берген жөн, заттың тығыздығын анықтағанда - әр түрлі материалдан жасалған білеушелер берген дұрыс.

Кейбір қарастырылған біліктер барлық оқу пәндеріне қатысты. Мысалы, оқулықпен жұмыс, еңбектің ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылуы. Кейбір біліктердің біразы пәндер циклына тән, мысалы, өлшеу, есептеу математика пәндеріне, эксперимент пен бақылау біліктері жаратылыстану цикліне жатады.

Сондықтан әртүрлі пәндерді оқыту барысында жалпы оқу білігін қалыптастыруда бірыңғай тәсіл қабылдау керек.

Білім алушыларға оқу біліктерін сәтті қалыптастру үшін оқытушы өз іс-әрекетіне талдау жасап, оның орындалуы қандай элементтерден тұратынын (жинақталады) білуі қажет (мысалы, бақылау, өлшеу, тәжірибелерді қою қандай операциялардан тұратынын).

Оқытушы іс-әрекеттің әр элементін жіктей келе, ең тиімді жолды таңдап және жаттығуларды жүйелендіре отырып, олардың орындалуын ұйымдастыруы қажет. Осы жұмыстар негізінде күрделі іс-әрекеттерді де ұйымдастыруға болады. Күрделі іс-әрекеттер мынадай кезеңдер арқылы жүзеге асады:

- білім алушының берілген іс-әрекетті орындау білігін меңгерудің маңыздылығын түсіну (іс-әрекеттің мотивациялық негізі);
- іс-әрекеттің мақсатын анықтау;
- іс-әрекеттің ғылыми негізін анықтау;
- іс-әрекеттің негізгі құрылымдық компоненттерін анықтау;
- іс-әрекеттің құрылымындағы жинақталған операциялардың орындалуының рационалды тізбегін анықтау, яғни іс-әрекеттің моделін (алгоритм) құру;
- оқытушы тарапынан іс-әрекет бақылауда болатындай шағын жаттығулар құру;
- білім алушыларды өзіндік бақылау әдістеріне үйрету;

- шарты өзгерген жағдайлардағы білім алушылардан іс-әрекетті өздігінен орындау білікті талап ететін жаттығуларды ұйымдастыру;
- жаңа, аса күрделі іс-әрекеттің орындалуы барысында нақты білікті қолдана алу [3, с. 17].

Аталған кезеңдер іс-әрекеттердің негізгі компоненттері мен қатар, оған қосымша оқу тапсырмаларын орындауға өзіндік жұмыс пен шығармашылық қабілетін едәуір жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

Білікті қалыптастырудың қарастырылған тәсілдері жеке операцияларды орындаудың рационалды тізбегі мен құрылымын анықтауда білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және іс-әрекеттің құрылымын ғылыми тұрғыда негіздейді. Осының нәтижесінде білім алушылар алған біліктерін әр түрлі жағдайларға қолдануды, берілген әрекетті орындауды үйренеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. М. Құдайқұлов, Қ. Жанабергенов. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 1998.
2. Қ.Т. Намазбаев. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. 1 бөлім. Теориялық негіздер. Физика мамандығы бойынша студенттерге арналған оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 245 б.
3. В.П. Орехов, А.В. Усова и др. Методика преподавания физики в 6-7 классах средней школы. – Просвещение, 1976. – 384 с.

### **3.41. Проблема формирования эстетической потребности у студентов педвузов**

**Мирамгуль Жонысьековна Ордашева**

Магистр педагогики и психологии.

Старший преподаватель кафедры искусств.

Костанайский государственный педагогический институт  
(г. Костанай, Казахстан)

Гидроциклонды камералы аппаратта бір мезгілде сұйықты бөлу және сүзгілеу мәселесі көптен бері шешімін таппай келе жатқан. Осы мәселені шешу мақсатында М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің гидротехникалық лабораториясында орналасқан тәжірибелік қондырғыда лабораториялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интеллектуалды меншік құқықтары комитетіне өнертабысқа өтініш жіберілген болатын (авторлары т.ғ.д., профессор Ә. Әбдіраманов, т.ғ.к., доцент Жолдасов С.Қ., магистрант Жоламанов Н.Ж.). Сол өтінішке 15.04.2009 ж. №21102 ҚР [1] инновациялық патенті алынып, сол патент негізінде экспериментальдық қондырғы жасалынды.

Осы уақытқа дейін инновациялық патентке ұқсас гидроциклон (887000 авторлық куәлік, КСРО, МКИ 3В04С 5/12. Ақаба суды тазалауға арналған гидроциклон // Әбдіраманов Ә.Ә., Жангужинов Е.М., Бюл. № 45, 1981) [2] белгілі, ол цилиндрлі конусты корпуста, фильтрация заты мен қою фракцияны алып кететін қондырмалы ағызу камерасынан, бағыттаушы қиылған конус қуысына қойылған ағызу қондырмасынан тұрады. Бағыттаушы конус кіші табанымен, ағызу қондырмасына қысу болттарымен бекітілген, сүзгілеу элементінің ақпа бағыттаушы қабырғасына сүйенеді. Цилиндрдің ішкі қуысы, гидроциклон корпусының қақпағы және сүзгілеу элементі сүзгі заттарын жинау камерасын, ал сырт жағынан – қойытылған фракцияны бұру қондырмасы жағына периметрі бойынша еңістігі бар, ағызу камерасы және оның түбінің ішкі жағымен шектелген шеңберлі қабылдағыш түзеді.

Мұндай гидроциклонның конструкциясы өте күрделі және тазалау гидроциклонды камераның ішінде емес, қақпақ астындағы құрылғыда жүреді.

Одан басқа полифилтровоциклон белгілі (Прототип, алдын-ала патент 7107 KZ, Бюл. №33, 1999 // Әбдіраманов Ә.Ә. және Донис К.Д.) [3], ол корпуста, сақиналы су ағызғыштан тұратын сыртқы гидроциклоннан, және де тангенциал кіретін кіру және құм шығу қондырмаларынан, ағызу камерасынан, бөлінетін сұйықты енгізу үшін әрбір кезектегі гидроциклонда кіші болып сығылатын, тиісті саңылау тәрізді ішкі гидроциклондардан тұрады.

Полифилтровоциклон конструкциясы жағынан айтарлықтай көлемді және дайындау кезінде үлкен дәлдікті қажет етеді. Жаңа


фильтроциклон жасау кезінде төмендегідей мәселелер қойылды: гидроциклонды камерада тек түпкі тасындыларды ғана емес, сонымен бірге ілеспе бөлшектерді де тұтып қалу қажет болды.

Мақсатқа қол жеткізу үшін, бір аппаратта, гидроциклонды камерада, гидроциклондау мен сүзгілеуді бір мезгілде жүргізу процесін іске асыруға қол жеткізіледі. Бұған қол жеткізу үшін гидроциклонның ағызу қондырмасы көмілген және көмілмеген бөліктерден орындалады, сонымен бірге көмілген бөлік цилиндрлі-конусты пішінді сүзгі түрінде орындалады.

Гидроциклонды камерадан, кіру, ағызу және құм шығару қондырмаларынан тұратын фильтроциклон, ағызу қондырмасының көмілген бөлігі цилиндрлі-конусты пішінді түрде орындалуымен ерекшеленеді. Төменде 1-суретте фильтоциклонның көлденең қимасы келтірілген.

Фильтроциклон гидроциклонды камерадан 1, кіру 2, құм шығару 3 және ағызу 4 қондырмалары мен сүзгіден 5 тұрады.

Жаңа конструкциялы фильтроциклон жұмыс істеу процесі төмендегідей. Құрамында тасындылар мен ілеспе заттары бар су қондырма 2 арқылы гидроциклонды камераға кіреді. Ірі түйіршікті тасындылар гидроциклондау процесінде құм шығару қондырмасына 3 бағытталады. Ілеспе бөлшектер сүзгімен 5 тұтылады, ал тазаланған су ағызу қондырмасы 4 арқылы сыртқа шығады. Ауыл және коммуналды шаруашылықта, гидротехника мен құрылыста қолданылатын фильтроциклон, конструкциясы мен дайындалуы жағынан өте қарапайым және тасындылы-лайлы суларды тиімді тазалайды.



Сурет 1 – Фильтроциклонды қондырғы

$\rho_{\text{ағызу}} / \rho_{\text{қыру}} = f(P)$  байланыс графигінен көріп отырғанымыздай, екі сүзгілі тормен жұмыс істегенде фильтроциклон қондырғысы тиімді жұмыс істейді. Бұрындары фильтроциклонды қондырғылар ауыл шаруашылығында пайдаланылмайтын. Қазіргі нарықтық экономикалық заманында үнемді, су сақтайтын, су қорларын қайтара пайдалануды іске асыратын құрылғыларды жасау – бүгінгі күннің талабы болып отыр. Біздің, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ, «Су ресурстары» кафедрасына қарасты «Гидравлика» лабораториясында жүргізілген экспериментальдық тәжірибелер фильтроциклонды қондырғының коллекторлы-кәріздік суларды тиімді тазалайтынын көрсетіп отыр.

Бізбенен жасалып отырған фильтроциклонның басқа салыстырмалы түрде бұрындары жасалған әртүрлі гидроциклондардан артықшылығы: гидроциклонды камерада тек түпкі тасындыларды ғана емес, сонымен бірге ілеспе бөлшектерді де тұтып қалады. Фильтроциклонда гидроциклондау (екі фазалы сұйықты бөлу) мен сүзгілеу процесі бір мезгілде жүреді.

#### **Әдебиет:**

1. Предпатент № 21102 РК. В04С5/22. 2006.01. Фильтроциклон / А. Абдураманов, С.К. Жолдасов, Н.Ж. Жоламанов.
2. АС 887000 СССР. МКИ 3В04С 5/12. Гидроциклон для очистки сточной воды / А.А. Абдураманов, Е.М. Жангужинов. Бюл. № 45. - 1981.
3. Предпатент РК 7107 КЗ. Полифильтроциклон. / А.А. Абдураманов, К.Д. Донис. Бюл. № 33. - 1999.

#### **4.14. Шығыс Мақат кен орны ауданындағы бұрғылау жұмыстарының топырақ қабатына әсері**

##### **Нурсауле Рауловна Тауова**

Магистр, аға оқытушы. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Қазақстан, Атырау)

##### **Фарида Найденовна Абишева**

Магистр, аға оқытушы. Прикаспийский современный колледж (Қазақстан, Атырау)

Шығыс Мақат кен орнында жүргізілетін бұрғылау жұмыстары яғни жобалық тереңдігі 900м №95, 96, 97 ылди-бағытты тұтынушылық ұңғымаларды бұрғылау көзделінеді. Қысқа мерзімді жер кесіп берудің жалпы ауданы бір ұңғымаға есептегенде 2,5га құрайды.

Ұңғымаларды бұрғылау келесідей сатылардан тұрады:

- құрылыс-монтаждық жұмыстар;
- дайындық жұмыстары (бұрғылау қондырғы құрылысы мен монтаж);
- ұңғымаларды бұрғылау және бекіту (кондуктор);



- мұнарадағы ұңғыманы сынау.

Ұңғымаларды бұрғылау және іріктендіру, құрал-жабдықтарды монтаждау және тасымалдау жұмыстарын бітірген соң, жер бетіне техникалық қалпына келтіру шараларын жүргізген жөн болады. Бейорганикалық тозаң қалдығы түзілетін, бұл шараның негізгі сатылары мынадай:

- территорияны тегістеу және топырақ қабаттарын қопсыту;
- тегістелген территориядағы учаскенің жоғары бетіндегі топырақтың құнарлы қабатын түсіру.

Құрылыс-монтаждық жұмыстары мыналарды құрайды:

- Алаңды бұрғылауыш құрал-жабдықтарына орналастыру;
- Бұрғылауыш құрал-жабдықтары мен монтаждауға, бұрғы қалдықтарын жинау үшін арналған құрылғылар мен сыйымдылықтар құрылысына іргетасын қалау жұмыстары.

Бұрғылау жұмыстары жүргізілетін ауданды құрал-жабдық тораптарын жөндеу үшін арналған алаңмен жабдықтайды, құбырлар үшін дайын сөрелер жиналады, олар болт және гайкамен бекітіледі. Нұсқалған жұмыстарды орындаған соң, трактор және кран транспорттарымен механизмдерді, құрал-жабдықтарды, құрылыс және монтаж материалдарын тасымалдайды.

Дайындық жұмыстары келесідей түрлерден құралады:

- технологиялық желілерді түйістіру;
- құрал-жабдықтың жұмыс қабілетін тексеру.

*Ұңғымаларды бұрғылау және бекіту.* Ұңғымаларды бұрғылау, бұрғыланған жынысты химиялық тұрғыда өңделген бұрғы ерітіндісімен жоғары қабатқа тасымалдаумен, жыныс бұзатын құралдың көмегімен тау жыныстарын бұзу жолымен жүзеге асырылады. Жобалық деректерге сай ұңғымаларды айналма мұнараларымен бекіту «Мұнай және газ ұңғымаларын бекіту нұсқаулығы» және «Ұңғымаларды бітеулігіне сынау нұсқаулығына» сәйкес жүргізу қажет. Бір ұңғыманың аяқталу уақыты жалпы алғанда 42 тәулікті құрайды. Дайындық, монтаж және демонтаж жұмыстарын жүргізген кезде 39 адамнан құралған бұрғылау тобы қызмет етеді, ал бұрғылау жұмыстарында осы бұрғылау тобы да қатысады. Бір ұңғымадағы жұмыстарды жүргізудің жалпы ұзақтылығы – 42 тәулік, ал жалпы алғанда  $42 \times 3$  ұңғыма = 126 тәулік.

Мұнайды өңдеу саласының қазіргі даму деңгейінде бұрғы ерітіндісін дайындау мен оны іріктеу технологиясын жаңарту мәселесі маңызы зор мәнге ие болады. Ұңғымаларды барлау және бұрғылау жұмыстары кезінде келесідей сапасы бар бұрғы ерітінділеріне айрықша көңіл бөлінеді:

- материалдардың шағын бөлігін пайдалану;
- ластанбайтын өнімді жер қабаты;
- сақиналы кеңістікте сұйықтықтың шағын жылдамдығы кезіндегі бұрғыланған жынысты тасымалдау қабілеті бар;

- қатты заттардың шағын көлемі;
- діңгегінің толықтылығына әкелетін;
- қоршаған орта үшін зиянсыз.

Шығыс Мақат кен орнында ұңғымаларды бұрғылау кезінде өнімді жер қабаттарынан өткен жағдайда жоғары тиімді ингибиторлы бұрғы ерітінділері қолданылатын болады. Бұрғы ерітіндісінің құрамдас бөліктері жер қабатының коллекторлық қасиеттерін нашарлатпайды және қоршаған ортаға ешқандай зияны жоқ, өйткені олар судан, биополимер мен инертті материалдарынан құралады.

1-Кесте. Бұрғы ерітіндісінің құрамдас бөліктерінің құрамы, кг/м<sup>3</sup>

Бентонит	60
Рас R	3,0
Рас L	6,0
Xanthan Gum	2,0
NaOH	3,0
Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	2,0
CaCO <sub>3</sub>	68
KCl	50,0
Dextrid	13,0
New Drill Plus	3,0
техникалық H <sub>2</sub> O	960

2-Кесте. Бұрғы ерітіндісінің қасиеті

Тығыздығы	1,10-1,24 г/см <sup>3</sup>
Шартты жабысқақтылығы	35-50 сек
Фильтрация	<80 см <sup>3</sup> / 30 мин
Қыртысы	0,5-1,0 мм
pH	9-9,5
Динамикалық жылжу қуаты	25-30 дПа
Қатты фазасының құрамы %: коллоидты бөлігі	3-4

Жоғары жиектерді бұрғылау үшін құрамы жағынан минералды топырақ қабаттарынан ажыратылатын «Uni Cal-1», «X-cide», «OM seal» типтес экологиялық зиянсыз реагенттер қолданылады. Бұрғы қоқысы (БҚ) – ұңғымадан тазартылатын бұрғыланған жыныс, олар ұңғыманың бұрғылануы соңынан өнеркәсіптік қалдықтары үшін арналған полигондарына шығарылады. Өңделген бұрғы ерітіндісі (ӨБЕ) – бұрғыланған жыныста сорбцияланады, өйткені ӨБЕ шағын көлемде түзіледі және бұрғы қоқыстарымен бірге шығарылады.

Тазалау жүйесі төрт сатылы кешенінен тұрады:

- виброелек;
- центрифуга;
- құм айырғыш;
- тұнба айырғыш.

Бір ұңғыма территориясында жүргізілетін жұмыстардың барысында келесідей заттар түзіледі:

- өңделген бұрғы ерітіндісі 59,6 м<sup>3</sup>;
- бұрғы қоқысы (БҚ) 66,62 м<sup>3</sup>.

Жобамен көзделінген қоймасыз бұрғылау технологиясы бұрғы ағынды суларының қалдық түзілуін естен шығарады, өйткені бұрғы ерітіндісінің циркуляциясы тұйықталған жүйе бойынша жүзеге асырылады, яғни бұрғы ерітіндісі бұрғыланған жыныспен бірге тазалауыш блоктары арқылы механикалық тораптары бойымен ұңғымадан металлдық сыйымдылықтарына келіп түседі, одан шығып насостардың көмегімен ұңғымада қайта тасымалданады.

Бұрғы ерітіндісі металлдық сыйымдылықтарда сақталады, бұл осы ерітіндінің жер бетіне төгілуін алдын алады. Ұңғыма құрылысының аяқталуы соңында, қалдық болып қалған бұрғы ерітіндісі қайта тұтыныс мақсатында келесі бір ұңғымаға тасымалданады. Бұрғы ерітіндісі бұл ерітіндіні дайындайтын арнайы блокта жүргізіледі, және арнайы металлдық сыйымдылықта сақталады. Бұрғы ерітіндісінің циркуляциясы тұйық жүйесі бойымен жүзеге асырылады, яғни ұңғымадан металлдық тораптары арқылы тазалау блогымен металлдық сыйымдылықтарына тасымалданады, одан шығып, сорғылармен ұңғымада келіп түседі. Жобамен ұңғымадан шыққан бұрғы ерітіндісін қатты заттарды бөлуден тазалау жүйесі көзделінеді, оны қайта пайдаланудың мақсаты: виброелектен кейінгі қоқыс тұнбалары, құм ажыратқыштар мен тұнба ажыратқыштары. Химиялық реагенттерді тасымалдау буландырғыш қорапта көзделінеді.

Ұшқынды химиялық реагенттері арнайы бөлмеде сақталады. Бұрғы ерітіндісінің құрамындағы барлық химиялық реагенттері тәжірибелік жүзінде қауіпсіз немесе шағын қауіпті. Бұрғы ерітіндісі техникалық суды пайдаланумен су негізінде қолданылады. Химиялық және сапалық көрсеткіштері бойынша су мыналарға жатады:

- әлсіз минералданған (2472 мг/л);
- кальций-магний-карбонатты-хлоридты;
- бейтарапсыз (рН=6,89);
- мұнай өнімдері мен ауыр металлдардың құрамы нормадан төмен.

#### *Шығыс Мақат ауданындағы топырақ қабатының жағдайы*

11.04.2016 ж. №332/10 келісімге сәйкес, «СБП ҚазМұнайГаз бұрғылау» ЖШС территориясында 31 тамыз айында топырақ қабатына мониторинг жұмыстары жүргізілген. Бұл мониторинг іріктеу жұмыстары Мақат ауданындағы 1 нүктесінен жүргізілген:

- Шығыс Мақат.

Осы жұмыстардың мақсаты мұнай кен орнын тұтыну кезінде әсер ету аумағындағы қоршаған ортаны талдау және бағалау болып табылады, бұл оның жағдайын қадағалауға, сондай-ақ табиғатқа зиянды әсерін алдын алу шараларын өз уақытында жүзеге асыруға

және де оны қорғауға мүмкіндік береді. Топырақ қабатынан 1 үлгісі іріктелді. Келесідей талдау жұмыстары жүргізілді:

1. рН, хлоридтер, сульфаттар.
2. Мұнай өнімдері (м/ө).
3. Ауыр металлдарды анықтау: мыс (Cu), мырыш (Zn), қорғасын (Pb), кадмий (Cd). Нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

3-Кесте. Топырақ қабатын талдау нәтижелері

№	Топырақ үлгісін іріктеу объектілері	Үлгінің көлемі	рН	хлоридтер	сульфаттар	Мұнай өнімдері	Cd	Pb	Zn	Cu
				%						
1	Шығыс Мақат	500 гр	8,0	0,14	0,0	668	0	0	6,5	1,9

Үлгілерді іріктеу 8 ингредиенттері бойынша жүргізілген: рН, хлоридтер, сульфаттар, мұнай өнімдері, мыс (Cu), мырыш (Zn), қорғасын (Pb), кадмий (Cd). «СПБ ҚазМұнайГазбұрғылау» ЖШС территориясындағы топырақ сапасына жүргізілген экологиялық мониторинг анализі көрсеткендей, барлық топырақ үлгілерінде Pb, Cd жоқ. Қалған металлдардың құрамы жеткілікті шамада болады.

Cu мөлшері 1,9 мг/кг. Zn мөлшері 6,5 мг/кг. Хлоридтердің құрамы 0,14%. Сульфаттардың 0,0004%. Мұнай өнімдерінің құрамы 668 мг/кг. м/ө ШРМ жоқ. Тәжірибе жүзінде (экологиялық талдау жұмыстары мен олардың нәтижелерін бағалау кезінде) топырақтағы мұнай өнімдерінің (м/ө) жалпы құрамы үшін ресми түрде белгіленген ШРМ мөлшері жоқтығынан, топырақтағы МӨ үшін мақсатты түрде қабылданған, 1000мг/кг тең шекті мөлшері қолданылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Булатов А.И., Макаренко П.Т., Шеметов В.Ю. Охрана окружающей среды в нефтегазовой промышленности. – М.: Недра, 1997
2. Сапаров А.С., Файсов К.Ш., Асанбаев И.К. Почвенно-экологическое состояние Прикаспийского нефтегазового региона и пути их улучшения. - Алматы, 2006
3. Атырау облысының табиғатын қорғау. О.М. Грищенко, Атырау қ., 1997 ж.
4. Экология және мұнай-газ кешені. М.Д.Диаров, Алматы қ., 2003ж.

#### 4.15. Оңтүстік Қазақстан облысында баламалы энергетиканы дамытудың мүмкіндіктері

**Ұлмекен Айдарқызы Өтел**

1-курс магистранты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

**Рабиға Нөкербекқызы Кенжебай**

«Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының аға оқытушысы, п.ф.к. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

**Ақсұлу Қалдыбекқызы Ибраимова**

«Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының аға оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

**Айман Адирбайқызы Бальчикова**

Оңтүстік Қазақстан облыстық мамандандырылған үш тілде оқытатын № 1 дарын мектебінің мұғалімі (Шымкент қ., Қазақстан)

##### **Түйін**

*Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысында баламалы энергетиканы дамытудың табиғи-географиялық мүмкіндіктері қарастырылған. Күн, жел және су электр стансаларын салудағы өңірдің географиялық орны мен физикалық-географиялық жағдайы талданған. ҚР «Қазақстанда баламалы және жаңартылған энергияны дамыту жөніндегі 2013-2020 жж. арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысында баламалы энергия көздерінің даму бағыты мен деңгейі сараланған. Қазіргі таңда жұмыс жасап жатқан су, күн электр стансаларының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызы қарастырылған.*

***Кілттік сөздер:** баламалы энергетика, күн, жел, су электр стансалары, биоэнергетика, геотермальді энергетика.*

ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазірдің өзінде жаңғырмалы энергия көзін өндіретін жиынтық қуаты 300 мВт-қа тең 50 кәсіпорын бар. Соңғы он жылдың ішінде табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру есебінен ауаны ластайтын заттар шығарындысы 13%-ға, ілеспе мұнай газының шығарындысы 70%-ға қысқарды» [1] деген сөздері, елімізде баламалы энергияға бетбұрыстың жоғары деңгейде екендігін айқындайды. Республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда, халық тығыз қоныстанған облысымызда энергия тапшылығы анық байқалады. Дегенмен өлкеміз баламалы күн, жел, су электр энергияларын өндіруде әлеуетті күшке ие. Оған географиялық орны мен физикалық-географиялық жағдайлары оң әсер етеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы республика территориясының оңтүстігінде орналасқан. Облыс солтүстігінде Бетпақдаламен, оңтүстік-шығысында Шатқал жотасымен, солтүстік-шығысында Мойынқұммен, батысында Қызылордамен, шығыс-солтүстігінде Қырғыз жотасымен

шектеседі. Жер бедерінің көп бөлігі жазықты және солтүстік және қиыр оңтүстік бөліктерінен өзгесі шөл зонасында орналасқан.

Табиғат жағдайлары сан түрлі. Мұнда құмды шөлдер мен шөлейттер төбелер, тау жоталары мен қыраттар кездеседі. Жер бедері бойынша үш ауданға бөлуге болады: таулы, төбелі және жазық дала.

Климатына келсек, шұғыл континентті. Бұл температураның тез өзгеруіне әкеліп соғады. Күн мен түнгі, қыс пен жазғы ауа-райлары әртүрлі болып келеді. Барлық жерінде ыстық болып, құрғақ әрі ұзақ тұрады. Шілде айының температурасы  $+21^{\circ}+29^{\circ}\text{C}$ .

Облыс ыстық та ұзақ жазымен ерекшеленді: шілде айының орташа температурасы  $20-30^{\circ}\text{C}$ . Абсолютті максимум Шардара ауданында ( $47^{\circ}\text{C}$ ) тіркелген. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 230-320 тәулікке жетеді.

Өңіріміз жылдық жауын-шашын мөлшерінің аздығымен де көзге түседі. Жеріміздің шөлді аумақтарында жылдық жауынның мөлшері 100-170 мм-ді ғана құраса, тау етектерінде 300-450 мм, ал биік тауларда 1000 мм-ге дейін өзгереді. Жауын-шашын көбінесе көктем мен күз айларында көп жауады. Қардың орташа қалыңдығы 20-40 см. Жазық аймақтарда 2 ай, таулы жерлерде 5 айға дейін қар басады. Қар қарашаның соңы мен желтоқсан айларының басында түсіп, ақпан-наурыз айларында еріп кетеді. Күздік егін егуде қар жамылғысы маңызы роль атқарады. Себебі ерте көктем мен жаз айларында жауын аса көп бола бермейді.

Еуразия құрлығының Орта Азия бөлігін табиғи-географиялық тұрғыдан зерттеуші-ғалымдар В.М. Четыркин (1960 ж.), Л.Н. Бабушкин (1961-1964 жж.), Н.А. Когай (1969 ж.) облыстың жерін Тұран жазығына қосса, Е.П. Коровин пен А.Н. Розановтар (1938 ж.) «субтропикалық облыс» деп атаған.

ҚР «Қазақстанда баламалы және жаңартылған энергияны дамыту жөніндегі 2013-2020 жж. арналған іс-шаралар жоспары үкіметтің №43 Қаулысымен 2013 жылдың 25-қаңтарында бекітілген болатын. Осы жоспарға сәйкес ОҚО-да баламалы энергия көздерін дамытудың жоспарлары жасалынған [2].

Бүгінгі күнде осы жоспар аясында облысымызда баламалы энергия көздерінің 21 жобасы жүзеге асырылуда. Оны «Жасыл экономика» бағдарламасы шеңберінде көптеген инвестор компаниялар мен кәсіпорындар салады деп жоспарлаған. Олар «Советик Қазақстан» ЖШС, «Южшахтострой» ЖШС, «SB Capital» ЖШС, «Discovery Energy» ЖШС, «Ақсу-Энерго» ЖШС, «Әділхан» ШҚ, «Келесгидрострой» ЖШС, «Seikhun» ЖШС, «Arman engineering» ЖШС, «Промондис-Казахстан» ЖШС, «ДСТО Солар» ЖШС т.б.

Өңірдің табиғи-географиялық ерекшелігі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайына орай баламалы энергия көздерін салу жоспарға сәйкес қолға алынған. Сонымен атар ОҚО республика бойынша баламалы энергия көздеріне бай аймақ болып есептелінеді.

Өңірдің табиғи-географиялық мүмкіндіктерін сараптау үшін алдын-ала техникалық-экономикалық негіздеу жұмыстары жүргізілді. Бұл туралы Ғ. Елшібайдың «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған мақаласында жарияланған. Онда: облыс аумағында 122 өзен, 41 су қоймасы бар делінген. Нәтижесінде ОҚО аумағында жиынтық қуаты 120 МВт-ты құрайтын тиімді гидрроэнергетикалық әлеуеті бар нүкте анықталған.

Бүгінгі таңда облысымыздағы кәсіпорындар мен тұрғындардың электр энергиясын жылдық тұтынуы шамамен алғанда айына 400 МВт-ы құрайды. Оның 114 МВт-ы (29%) ішкі қуат есебінен өндірілсе, 286 МВт (71%) еліміздің өзге өңірлері мен көрші елдерден сатып алынады. Ал бұл тікелей электр энергиясының бағасына әсер етеді [1].

Шағын су электр стансаларын салу ОҚО-да көбінесе тау өзендері мен су қоймалары бар аудандарда жоспарланған. Олар:

1. Төлеби ауданы; Ақсу, Сайрамсу, Бадам.
2. Сайрам ауданы; Арыс, Ақсу, Сайрамсу, Бадам.
3. Ордабасы ауданы; Арыс, Боралдай, Бөржар, Бадам, Шұбарсу.
4. Сарыағаш ауданы; Келес, Сырдария, Құркелес, Ащысай.
5. Түлкібас ауданы: Арыс, Жабағылы, Дауылбаба, Манат, Құлан.

Аудандар бойынша тоқталсақ, 2014 жылы Төлеби ауданындағы Ақсу өзеніне қуаты 10 МВт «Ақсу» СЭС салынды. Сайрам ауданы өзеніне қуаты 2,5 МВт «Манкент» СЭС 2014 жылы жоспарланды. Ал Сарыағаш ауданындағы Келес өзенінің бойында бірнеше шағын су электр стансаларын салу жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, 2015 жылдары қуаттары 2 МВт «Рысжан», «Дархан» шағын СЭС-ы, 2016 жылы қуаты 3 МВт «Азамат» шағын СЭС-ы, 2017 жылы қуаты 3 МВт «Шанышқалы» шағын СЭС-ы, 2018 жылы қуаты 1,8 МВт «Мамыт» шағын СЭС-ы, 2019 жылы қуаты 1,5 МВт «Қият» шағын СЭС-ын салу жоспарланған.

Біздің зерттеуіміз бойынша жоғарыдағы аудандардың өзендерімен қоса, жоспарға енбей қалған бірнеше өзендерге де шағын су электр стансаларын салуға болады. Аудандар бойынша бірнеше өзендер, су қоймалары, каналдар кездеседі. Олар:

6. Түркістан қаласы: Сырдария, Үшөзен, Ақтөбе, Көксарай, Бестоғай, Ермексу, Баялдыр, Хантағы, Ыққансу, Қандыкөл, Шүйнеккөл, Қамыстықақ, Құмкөл, Соркөл және Арыс-Түркістан каналы.

7. Бәйдібек ауданы: Шаян, Арыс, Бөген, Боралдай, Бестоғай, Сасықөзен.

8. Қазығұрт ауданы: Келес, Өгем, Қаржансай, Мұғалысай.

9. Отырар ауданы: Сырдария Арыс саласымен, Арыс каналы.

10. Созақ ауданы: Үшбас, Үштөбе, Торлан, Балдысу, Жылыбұлақ. Көлдері: Қызылкөл, Ақжайқын, Айдын.

11. Шардара ауданы: Шардара су қоймасы, Сырдария, Қызылқұм каналы.

Түлкібас ауданында шағын су электр стансаларын салу 2019 жылға қарай жоспарланған. Олар Машат өзеніне 2019 жылы салынатын

қуаты 3МВт «Келте Машат» шағын СЭС-ы мен Сайрамсу өзенінде осы жылы бой көтеретін қуаты 6 МВт «Сайрамсу» шағын СЭС-ы. Өңірлік бұхаралық ақпарат мәліметтері бойынша бірқатар шағын су электр стансалары бүгінгі таңда іске қосылған.

Ақсу өзеніне салынатын шағын СЭС-ы жер бедерінің ерекшелігіне байланысты 63 метрлік су құлайтын биіктікке салынған. Онда әрқайсысы 1250 КВт-тан тұратын шағын су электр стансаларынан қуаты 2,5 МВт өндіріледі. Мұндағы артықшылық шағын СЭС-ы судың бағыты мен көлеміне әсер етпейді. Экологиялық тұрғыдан зиянсыз [3].

Облыста гидроэнергетикалық жобалардың біршамасын «Келесгидрострой» ЖШС жүзеге асыруда. Қуаты 1,3 МВт болатын алғашқы шағын су электр стансасын бұл кәсіпорын 2001 жылы ел игілігіне ұсынған. Ал бұл өз кезегінде жергілікті халықтың энергияға деген сұранысын қамтамасыз етіп келеді. Сонымен қатар қуаттары 3 және 2 МВт-ты құрайтын «Дархан», «Азамат» шағын СЭС-ын салу қолған алынған. Сарыағаш ауданында мұнымен қоса қуаты 2 МВт «Рысжан» шағын СЭС-ы да салынған. Қазіргі таңда облыс бойынша Сайрам ауданындағы қуаты 2,5 МВт болатын «Манкент» шағын СЭС-ы жұмыс жасауда. 2017 жылдың соңына қарай Қазығұрт ауданында қуаты 0,975 МВт «Достық» шағын СЭС-ы іске қосылды [1].

Сонымен қатар Шардара су электр стансасында да көптеген жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Осы жұмыстар толық аяқталғаннан кейін бұл стансаның қуаты 100 МВт-тан 126 МВт-қа артады. Бұл энергияға деген ішкі тұтынушылықтың қажетін арттырады.

Мысалы, Төлеби ауданында 10 шағын су электр стансасы салынады деп жоспарланған. Оның қуаты 20 МВт болады. 2017 жылы осы ауданда Ақсу мен Сайрам өзендерінің бойында қуаты 5 МВт болатын шағын СЭС-ы салынып, пайдалануға берілген.

Қазақстан Республикасының 2013-2020 жж жоспарына сәйкес облысымызда бірнеше жел электр стансаларын салу жоспарланған. Ол Арыстанды-Қарабас секілді жел түрлеріне негізделген. Бәйдібек, Отырар т.б. аудандарында салу қолға алынған. Мысалы, 2017 ж. Бәйдібек ауданында қуаттылығы 50 МВт, Кентау қаласында қуаты 60 МВт және Сарыағаш ауданында қуаттылығы 100 МВт болатын ЖЭС салу жоспарланған.

Бәйдібек ауданы Жүзімдік ауылында 50-ге жуық жел диірмендері орнатылып, осы жылы қуаттылығы 40 МВт болатын жел электр стансасының жобасы іске асырылуда. «Ветропарк Жүзімдік» ЖШС-не бұл үшін 700 га жер телімі бөлінген. Сонымен қатар өлкемізде жел күші мен жылдамдығы үнемі байқалып тұратын аудандар кездеседі. Атап айтсақ, Ордабасы ауданында желдің басым бөлігі шығыс, оңтүстік-шығыс бағыттан соғып, орташа жылдамдығы 3-5 м/сек. болады. Желдің әсерінен жазда ауданның гидротермиялық көрсеткіші төмендеп (0,3-0,4), ылғалдылық мөлшері кемиді де, аңызақ, құрғақ және ыстық кезең қалыптасады. Отырар ауданындағы желдің басым бөлігі оңтүстік және



оңтүстік-шығыс бағыттан соғады. Оның жылдық орташа жылдамдығы 4-6 м/сек. Аудан жерінде бірнеше күнге созылатын Арыстанды-Қарабас желі тұрады.

Күн электр стансалары. Оңтүстік Қазақстан облысы республика бойынша күн сәулесі мол түсетін аймағы. Мұнда ашық және ыстық күндер саны өте көп. Сол себепті өлкемізде күн электр стансаларын көптеп салуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар күн батареяларымен де тиімді жұмыстар атқарылуда. Бағдарлама негізінде олыста бірнеше жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, Ордабасы ауданы, Бадам ауылының маңындағы қуаттылығы 15 МВт (2016 ж.), ОҚО, Жұлдыз ауылының жанындағы қуаттылығы 28 МВт (2016 ж.), Бәйдібек ауданындағы қуаты 10 МВт (2015 ж.), Отырар ауданындағы қуаты 20 МВт (2016 ж.), Төлеби ауданындағы қуаттылығы 10 МВт (2015 ж.), Отырар ауданы қуаты 15 МВт (2017 ж.) салу жоспарланған.

Осы жоспарға сәйкес Отырар ауданындағы «Промондис» ЖШС қуаты 35 МВт күн электр стансасының жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Ал Шымкент қаласында қуаты 1 МВт-тан «Очистой» және «Ағбай» екі күн стансалары іске қосылған. Жоғарыдағы аудандармен қоса біз бұл тізімге Мақтаарал, Сарыағаш, Созақ аудандарымен қоса Түркістан және Кентау қалаларында да күн электр стансаларын салуды ұсынар едік.

Қорыта айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысында баламалы энергия көздерін дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Оның басты себебі облыстың осы энергия қорларына деген әлеуетінің молдығы мен ыңғайлы географиялық орны. Құрылыстары 2014-жылдан басталған түрлі энергия стансалары ел игілігіне беріліп, облыс тұтынушылығының қажетін қамтамасыз етуде. Жоғарыда айтылған энергия көздерінен басқа, облыс территориясында геотермальді және биоэнергетика саласын дамытуды да қолға алуымыз қажет. Мұның бәрі болашақтың ісі екені даусыз, алда әлі де атқарылар тірліктер жетерлік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://egemen.kz/article/157066-onhtustikte-balamaly-quat-koezderin-damytugha-mumkindik-mol>.
2. Қазақстанда баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 43 Қаулысы.
3. <http://khabar.kz/archive/kz/ekonomika/item/23274-biyl-oko-nyn-3-audanyda-kun-elektr-stansasy-paidalanuga-beriledi>.

#### 4.16. Денсаулық – бұл біртұтас 6 аспект

##### Орал Матжановна Ташмуханова

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Инновациялық технологиялар және ғылыми – жаратылыс (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, ҚР білім беру ісінің үздігі (Атырау, Қазақстан)

*«XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»*  
Н.Ә. Назарбаев

Жалпы денсаулық дегеніміз жан мен тәннің саулығы ғана деп қарауға болмайды. Денсаулық туралы төмендегі анықтамаларды зерделеп көрсек оған әбден көзіміз жетеді.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы: «Денсаулық дегеніміз–бұл аурудың немесе дене кемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, денелік, психикалық және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық жүйе» - деп анықтама берген.

Сібірлік денсаулық туралы ғылыми мекеме; «Денсаулық дегеніміз - физиологиялық қасиеттерді сақтап дамыту процесі, психологиялық әлеуметтік әлеуеттер, қолайлы еңбекке жарамдылық және әлеуметтік белсенділік кезінде салауатты өмірдің барынша ұзаққа созылу процесі» десе, тағы бір деректе «Денсаулық–адамның ең ұзақ ғұмыры бойындағы әлеуметтік белсенділігі мен тиімді еңбекке қабілеттілік дәрежесін, биологиялық, физиологиялық және психологиялық қызметін сақтауы мен дамыту үрдісі» деген анықтаманы ұсынады.

Адам денсаулығы оның белсенді өмір сүруі мен шығармашылық әлеуетіне тығыз байланысты. Егер де әр адам алдына белгілі бір мақсат қойып, оның нәтижесін көру үшін тынбай еңбектенсе, яғни өзінің психологиялық, физиологиялық болмысын бір арнаға тоғыстырса, адам баласы алмайтын қамал жоқ. Адамға жаратушы зор әлеуеттер берген. Егер адам баласы өз әлеуетін толық пайдаланса, шешілмейтін проблема болмас еді. Ал әлеуетті толық пайдаланған адамның дені де сау болар еді.

Шын мәнінде адам белгілі бір мақсатты алдына қойып, оны мінсіз орындау керектігін шынайы түсініп, жүзеге асыру жоспарын құру керек. Мысалы, сіз балаңыздың той қамына кірістіңіз. Уақыт өлшеулі бәрін үлгеру керек. Бірінші кезекте жоспар құрасыз, енді сол жоспарды жүзеге асыру мақсатында бойыңыздағы бар әлеуетті жұмылдырып, іс-әрекеттеріңізді жүзеге асыра бастайсыз. Той жобасын жасаудың барлық кезеңдерін жүзеге асырып, сіз оның тұсаукесерін, яғни тойды

жасадыңыз. Іс біткеннен кейін арқаны кеңге салып, демаласыз, осы кезде өзіңізбен мынадай диалогты жүргізесіз.

- О, тәуба, ешкімге күлкі болмай той жақсы өтті-ау деймін;
- Балам да, ағайындар да риза болған сияқты;
- Енді жақсылап демалайын, той деп ауруымды да ұмытып кеттім ғой;

Тойға дайындық кезінде сіз барлық әлеуетті: физиологиялық қасиеттеріңіз бен психологиялық болмысыңызды, әлеуметтік белсенді ойлау мен еңбекке қабілеттілік дәрежеңізді бір ортаға шоғырландырдыңыз, нәтижесінде сіз талай проблемаларды шешіп, белгілі бір жетістікке жеттіңіз, ауруды да ұмыттыңыз. Міне, адам денсаулығының 49-53 пайызы өмір салты мен әлеуметтік белсенді өмір сүруге байланысты екеніне көз жеткіздік.

Жоғарыда аталған балалар денсаулығының күрт төмендеуі, мектеп оқушыларының денсаулығына ерекше көңіл бөлуді талап етіп отыр. Осы тұрғыда оқушы денсаулығының анықтамасы төмендегідей тұжырымдалады: «Оқушы денсаулығы дегеніміз – ағзада аурудың, не болмаса физикалық кемістіктің жоқтығы ғана емес, ол табиғи (физикалық) рухани және әлеуметтік, моральдық және материалдық жағынан толыққандылық».

Денсаулық – бұл біртұтас 6 негізгі аспект. Адамның денсаулығы бір-біріне тәуелді бөліктерден тұрады. Әр адам ағзаға ненің қажет, ненің қажет емес екенін білуі керек. Денсаулық аспектілері :әлеуметтік, жеке бас, рухани, физиологиялық, сезім, ой.

6 негізгі аспектіге жеке тоқталсақ:

1. Денсаулықтың **әлеуметтік аспектісі** – әркім өзін әйел немесе ер жынысты екенін ұғынуымен түсіндіріледі. Әр адамның достарымен, туыстарымен, сүйіктілерімен, айналасындағы басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы мәдениеттілік дәрежесі, қоршаған ортаның жеке адамдардың зардап шегуіне жол бермеуі. Әлеуметтік ортаның жайлылығы

2. Адамның **жеке басының аспектісі**. Өзімізді жеке тұлға ретінде қалай дамытуымыз керек? Біз қандай мақсатқа жеткіміз келеді және әркім табыс табуды қалай түсінеді? Әр адам өз білгенінше әрекет етеді, мақсатын орындайды және орындау барысында өзінің қоғамда қандай орын алғысы келетінін ойлайды. Біреулер мақсатын жүзеге асыру амалын жеке тұрмысынан, мансабынан табады. Басқалар өз отбасынан, басқаның игілігі үшін еңбектенуден табады.

3. Денсаулықтың **физикалық аспектісі**. Адам ағзасы қалай жұмыс істейтіні және ондағы жеке мүшелердің бір-біріне әсерін әр адам жақсы білуі тиіс. Жиі кездесетін аурулардың белгілерін білу, олардың алдын алу, оларды болдырмау шараларын үйрену.

Адам дене жұмысымен аз шұғылданса, оның ішкі мүшелерінің жұмысы дұрыс дамымайды. Оның әсерінен жүрек пен өкпе қызметі нашарлайды. Дене еңбегімен, спортпен, дене шынықтыру

жаттығуларымен үнемі шұғылдану– адамның денсаулығын сақтайды, оның еңбек етуге төзімділігін арттырады.


4. **Сезім әрекетімен байланысты** аспекті–өзіңнің сезіміңді түсіну және оны айтып жеткізе білу. Өзінің және айналадағы қоршаған адамдардың жеке басына қарым-қатынасын білу өз сезіміңді басқаларға түсінікті етіп айтып беруге көмектеседі.

Ол адамның отанға деген махаббаты, туған-туысқан мен бауырға деген, бір-біріне деген сезімі. Әйелге қызмет көрсету, оған ізет білдіру– халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрі.

5. Денсаулықтың **ой мүддесімен байланысты** аспектісі дегеніміз–алған мәліметтерімізді біз қалай игереміз, керекті мәліметті қайдан алуға болатынын, қабылдап алған мәліметті пайдалану ретін білу. Білімді түрлі көздерден ала білу және оны өзінің дене құрылысы, рухани қажеттілігіне қарай пайдалану мүмкіндігі. Егер баланың ойлау қабілеті жетілмесе, онда ол арнайы мектептерде тәрбиеленеді.

Жеделдік, шапшаңдық, тапқырлық бойкүйездіктен аулақтатады. Баланың ұзақ ойлануы, ә дегеннен тура жауап бере алмауы енжарлыққа апарады. Оны болдырмау үшін әуелі оңай жұмбақтарды, біртіндеп сөзтізбектерді шештіріп, шапшаң шешім қабылдауға ыңғайлау керек.

6. **Денсаулықтың рухани** аспектісі–өміріміздің орталығы. Біздің адамдық жеке басымызды қамтамасыз ететін, денсаулықтың қалған 5 аспектісін дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін және оларға байланысты біздің қарым-қатынасымызды үйлестіретін орталық. Денсаулықтың 6 аспектісінің бесеуін гүл күлтесіне теңесек, рухани аспект өсімдік сабағы тәрізді нәр беруші болып табылады.



1 – сурет

Денсаулықтың 6 аспектісінің әрқайсысы маңызды және өзара бір-біріне әсер етеді, ал рухани аспект өсімдік сабағы іспетті барлық аспектілердің орталығы.

Денсаулық – адамның дене және рухани қасиеттерінің жиынтығы. Бұл қасиеттер–адамның өмір сүруінің және шығармашылық жоспарларының жүзеге асуының, қоғам игілігі үшін өнімді еңбек етуінің, мықты да тату отбасы құруының, балалы болып оны тәрбиелеуінің негізі.

«Саулық – байлық негізі», сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Салауатты өмір салтын ұстанып, аурудың алдын алу және оны болдырмау мақсатында сақтық шараларын берік ұстау – әр адамның міндеті. Осы мәселеге байланысты білім беруде оқушы денсаулығын сақтап, нығайтудың маңызды қажеттілік екені айқындалды. Заман талабының қажеттілігінен педагогикаға «Денсаулық педагогикасы» термині енді.

Денсаулық педагогикасы – денсаулықты жоғалтпай білім беру, тәрбиелеу, дамыту жұмыстарына арналған педагогикалық ғылымның жаңа деңгейі. Негізгі басты міндеттері:

- Оқыту процесін басқарудың сапалы жүйесін қалыптастыру;
- Денсаулықты сақтайтын оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- Мектептің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын пәндік курстар арқылы денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру жұмыстарына бағыттау;
- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектептегі әр оқушыға физиологиялық және психологиялық жайлылық жасай білу;

Оқушының отбасымен қарым-қатынас қалыптастырудың кешенді бағдарламасын жасау және жүзеге асыру, отбасына консультативті-диагностикалық, әдістемелік, коррекциялық-педагогикалық көмек көрсету.

Денсаулық туралы халық мәтелінде денсаулықтың маңыздылығы былай сипатталады: «Ақша жоғалтсаң ештеңе де жоғалтпағаның, уақыт жоғалтсаң көп нәрсені жоғалтқаның, ал денсаулығыңды жоғалтсаң бәрін жоғалтқаның».

Сондықтан, білім беруде оқушы денсаулығының өрескел бұзылмау факторларына бірінші кезекте көңіл бөлу қоғамның басты міндеті.

### **Қолданылған әдебиет:**

1. Ташмуханова О.М. «Білім беру ұйымдарында денсаулық сақтау ортасын дамыту әдістемесі» әдістемелік құрал, 2015.

## 4.17. Организация оказания медицинской помощи больным кардиологического профиля

### **Есбол Тынысбекұлы Төлеу**

PhD-докторант, Казахстанский медицинский университет «Высшая школа общественного здравоохранения», (г. Алматы, Казахстан)

### **Ардақ Нұрбақытқызы Нұрбақыт**

кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор. «Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова» (г. Алматы, Казахстан)

### **Галина Калиевна Каусова**

доктор медицинских наук, профессор. Казахстанский медицинский университет «Высшая школа общественного здравоохранения», (г. Алматы, Казахстан)

### **Ақерке Алибекқызы Төлеу**

Врач-эксперт. Центральная городская клиническая больница (г. Алматы, Казахстан)

*В статье представлены результаты деятельности стационарной помощи ГКП на ПХВ «Городского кардиологического центра» г. Алматы.*

*Ключевые слова: организация, медицинская помощь, кардиология.*

**Введение.** Социальная значимость болезней органов кровообращения обусловлена целым рядом причин. БСК занимают лидирующее положение в формировании причин смертности и инвалидности взрослого населения, как и в экономически развитых странах (США), так и в странах с низким и средним уровнем доходов как в Кения [1-2]. Казахстан, как страна с переходной экономикой, тоже не исключение. Несмотря на постоянное совершенствование методов диагностики и лечения кардиологических больных, разработку руководств и методологических указаний по снижению рисков и случаев, сердечно-сосудистые заболевания являются основной причиной ранней инвалидизации населения [3-5].

**Цель исследования.** Изучить организацию оказания медицинской помощи больным кардиологического профиля

**Материалы и методы.** Базой исследования выбрана ГКП на ПХВ Городской кардиологический центр (далее-ГКЦ) оперативные данные по стационарной помощи с 01.01-31.12.2013/2014 гг.; Введенные в базу данных материалы обработаны с применением программного обеспечения MS Excel версии 7.0.

**Результаты и обсуждения.** ГКЦ оказывает экстренную круглосуточную кардиологическую, в том числе экстренную специализированную и высокоспециализированную кардиохирургическую помощь населению. В результате проводимых профилактических осмотров населения значительно улучшилась

выявляемость заболеваний. За 2012 год первичная заболеваемость АГ (2506,6) увеличилась на 45% (в 2011 году - 1727,9). В то же время первичная заболеваемость БСК по сравнению с прошлым годом остается практически на одном уровне 3815,1 в 2011 году; 3799,8 в 2012 г. на 100 тыс. нас.

Анализ отчетных данных свидетельствует, о том, что обратилось –12 129 человек, что наблюдается уменьшение численности поступивших больных по сравнению с 2014 годом на 4 518 чел.

В результате проводимых исследований было выяснено, что 2013 году пролеченных больные (10701) увеличилась на 21,5% (в 2014 году - 8393 на 100 тыс. нас.) (Рисунок 1).




Рисунок 1 - По стационару всего пролечено




Рисунок 2 - Динамика показателей работы за 2013-2014 гг.

Изучение показателей центра показало, что число поступивших и выписанных больных за изучаемый период была неоднозначной. Так, как число умерших в 2013 г. составило - 405 пациентов, по сравнению с прошлым годом сократилось число умерших (в 2014 г.-305). Таким

образом, работа койки снизилась на 13,3, в то время как оборот койки уменьшилось по сравнению с предыдущим годом на 2,3 (Рисунок 2).

**Выводы:**

1. Количество обращаемости по сравнению с аналогичным периодом 2013 года уменьшилась на 4518 (16647 в 2013 году и 12129 в 2014 году), в связи с чем, уменьшилась и количество госпитализированных больных на 2341 (11196 в 2013 году и 8855 в 2014 году);

2. Количество отказов по сравнению с прошлым годом и в количественном и в процентном соотношении уменьшилось что, говорит об улучшении работы центра.

**Список литературы:**

1. Cardiovascular Care Facts; A Report From the National Cardiovascular Data Registry: 2011; Frederick A. Masoudi, MD, MSPH, Angelo Ponirakis Journal of the American College of Cardiology; Vol. 62, No. 21; ISSN 0735-1097; 2013 by the American College of Cardiology Foundation; Published by Elsevier Inc. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jacc.2013.05.099>.

2. Cardiovascular disease burden: evolving knowledge of risk factors in myocardial infarction and stroke through population-based research and perspectives in global prevention; Gustavo B. F. Oliveira, Alvaro Avezum and Leonardo Roever; Research Division, Dante Pazzanese Institute of Cardiology, São Paulo, Brazil, Clinical Research Center, Federal University of Uberlândia, Minas Gerais, Brazil Perspective published: 13 August 2015 doi: 10.3389/fcvm.2015.00032; Frontiers in Cardiovascular Medicine [www.frontiersin.org](http://www.frontiersin.org) August 2015 | Volume 2 | Article 32.

3. Qingdao Port Cardiovascular Health. Study: a prospective cohort study; Erica S Spatz, Xianyan Jiang, Jiapeng Lu, Frederick A Masoudi, John A Spertus, Yongfei Wang, Xi Li, Nicholas S Downing, Hurrain Nasir, Xue Du, Jing Li, Harlan M Krumholz, Xiancheng Liu, Lixin Jiang, Spatz ES; et al. BMJ Open 2015; 5:e008403. doi:10.1136/bmjopen-2015-008403.

4. Joint British societies' guidelines on prevention of cardiovascular disease in clinical practice. Prepared by: British Cardiac Society; British Hypertension Society; Diabetes UK; HEART UK; Primary Care Cardiovascular Society; The Stroke Association; Formerly British Heart journal, December 2005, volume 91 supplement.

5. Распространенность болезней системы кровообращения в РК; М.Г. Ногаева, С.А. Тулеутаева; Medicine, № 10, 2014, с. 26



#### **4.18. Структура изолированной травмы головы у пациентов, получивших амбулаторную медицинскую помощь в стационарах г. Алматы за 2012-2015 гг.**

**Гани Жайшылыкович Аханов**

докторант, Казахстанский медицинский университет (ВШОЗ)  
(г. Алматы, Казахстан)

**Ермек Кавтаевич Дюсембеков**

доктор медицинских наук, заведующий кафедрой нейрохирургии,  
Казахский медицинский университет непрерывного образования  
(г. Алматы, Казахстан)

**Ардак Нурбакыткызы Нурбакыт**

кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор  
(доцент) кафедры общественного здравоохранения, Казахский  
национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова  
(г. Алматы, Казахстан)

**Карина Керимжановна Гаитова**

резидент кафедры нейрохирургии, Казахский медицинский  
университет непрерывного образования (г. Алматы, Казахстан)

##### **Аннотация**

*В работе произведен статистический анализ больных, получивших амбулаторную помощь в стационарах г. Алматы. Материалом для исследования явились медицинские карты зарегистрированных больных, получивших амбулаторную помощь в пределах приемного покоя. Особенности полученных результатов необходимо учитывать при организации амбулаторной и стационарной медицинской помощи больным с черепно-мозговой травмой.*

**Ключевые слова:** черепно-мозговая травма (ЧМТ), сотрясение головного мозга (СГМ), ушиб головного мозга (УГМ).

**Актуальность.** Черепно-мозговая травма (ЧМТ) – собирательное понятие, которое включает в себя различные виды и степени тяжести механического повреждения как самого черепа, так и внутричерепных образований: мозговых оболочек, тканей мозга, церебральных сосудов, черепных нервов.

В США затраты только на первичное лечение в госпиталях одного пострадавшего с тяжелой ЧМТ превышают 150 тыс. долларов. С учетом реабилитации и других необходимых социальных затрат ежегодные расходы в течение 5-10 лет на одного больного с последствиями тяжелой ЧМТ достигают 2 млн. долларов [1, 2]. Черепно-мозговые травмы (ЧМТ), полученные в результате дорожно-транспортных происшествий (ДТП), остаются основной причиной смертности и инвалидизации людей молодого и среднего трудоспособного возраста [3,4]. Это объясняется современными темпами, насыщенностью транспортом и увеличением скорости движения.

По данным Турапова А.А. и соавт. [5] сочетанная ЧМТ и скелетная травма при ДТП в г. Ташкенте более чем в половине случаев получена в состоянии алкогольного опьянения. Большая часть внечерепных повреждений пришлось на пешеходов — 136 (66,3%) случаев. Число пострадавших в ДТП пассажиров и водителей в совокупности было в 2 раза меньше, чем пешеходов, составляя 27 (15,4%) и 32 (18,3%) случая соответственно [5].

По данным других авторов [6] доля травм в алкогольном опьянении составила от 33,9 – до 30,3%. Причем чаще встречается при легкой ЧМТ, чем при тяжелой.

Основная масса травм в алкогольном опьянении - бытовые умышленные травмы (58,2%). Более 2/3 (75,7%) пострадавших в алкогольном опьянении – рабочие [7].

Последнее исследование по изучению черепно-мозговой травмы в г. Алматы проведено в 1995 г. Акшулаковым С.К. (Клинико-эпидемиологическое исследование острой черепно-мозговой травмы и ее последствий в Республике Казахстан (на модели г. Алматы), Москва 1995 г.). В исследовании указывается, что частота ЧМТ будет увеличиваться на 2 % в год, при этом установлено, что чаще всего распространенной формой легкой нейротравмы является сотрясение головного мозга (СГМ), составляющее до 70% всех ЧМТ. По данным проф. Акшулакова С.К. (1996 г.) в 1991 году в г. Алматы средняя частота ЧМТ составляла 2,4 случая (мужчин и женщин) на 1000 взрослого населения. Причем у мужчин в 3 раз выше, чем у женщин и составлял 3,8 и 1,2 на 1000 соответствующего населения [8]. По данным Коновалова А.Н. около 80% всех госпитализированных по поводу нейротравмы – это пострадавшие с СГМ.

Самой частой причиной ЧМТ в РФ является падение с высоты (в т.ч. с высоты собственного роста), которое составляет 28% всех таких повреждений; ДТП составляют 20%, тогда как вооруженные нападения, включая огнестрельное оружие, составляют 11% всех ЧМТ [7].

Всего же за период 1990-2014 гг. в 16 европейских странах проведено 28 эпидемиологических исследований по черепно-мозговой травме [9]. Падения и дорожно-транспортные происшествия (ДТП) были двумя наиболее частыми причинами ЧМТ, причем падения отмечались чаще, чем ДТП. В большинстве исследований максимальное количество получивших ЧМТ наблюдался в самых старших возрастных группах. При метаанализе была получена общая частота получивших ЧМТ- 262 на 100 000 населения [9].

В Восточном Китае эпидемиологические исследования за 2004 г. из 77 больниц выявило различия по полу при ЧМТ: 76,6 % мужчин и 25,4 % женщин. Основные причины: дорожно-транспортные происшествия (60,9 %), депрессия (13,4%), падения (13,1%) [10].

В развитых странах травматизм в структуре причин смерти населения следует за сердечно-сосудистыми и онкологическими

заболеваниями, а по наносимому обществу суммарному экономическому и медико-социальному ущербу ЧМТ занимает первое место [11, 12, 13].

**Цель исследования** — изучение структуры и частоты встречаемости изолированной черепно-мозговой травмы у пострадавших, получивших амбулаторную помощь в пределах приемного покоя специализированных стационаров по г. Алматы.

**Материалы и методы.** Материалом для исследования архивные данные специализированных стационаров г. Алматы, журналы учета и регистрации больных стационаров г. Алматы за период 2012 – 2015 гг. № 001/у, утвержденная приказом Министра здравоохранения РК от «23» ноября 2010 года № 907 за период 2012 – 2015 гг.

Проанализированные случаи: в 2012 г. – 13 953 амбулаторных пациентов, в 2013 г. – 12 660, 2014 г. – 11 657, 2015 г. – 11 321.

#### **Результаты и обсуждение.**

Всего исследовано 49 591 случаев обращения с изолированной острой черепно-мозговой травмой.

На представленной диаграмме (рис.1) видно соотношение больных по полу.




Рисунок 1 – Распределение больных по полу

Общее отношение количества пострадавших мужчин к женщинам – 41% к 59%. Эти неожиданные данные свидетельствуют, что лица женского пола получают легкую изолированную травму головы чаще, чем мужчины и соответственно медицинскую помощь получают амбулаторно.

На рисунке 2 представлено распределение пострадавших по возрастам. Анализ данных показывает, что большинство пострадавших молодого возраста 18-44 лет получали амбулаторную помощь (73,1 %). В совокупности с средним возрастом (45-59 лет) они составляют 87,8%, т.е. наиболее трудоспособная часть населения.




Рисунок 2 - Распределение респондентов по возрастам (%)

Распределение пострадавших по механизму травмы представлено в табл. 1, где видно, что частой причиной травмы головы у амбулаторно обслуженных респондентов с изолированной травмой головы является падение с высоты собственного роста (39,7 %) и избиение (33,9%). ДТП составило 13,9 %.

Таблица 1. Распределение респондентов по обстоятельствам травмы

	2012		2013		2014		2015		Всего	
	Абс. число	$\bar{X} \pm \sigma_x$	Абс. число	$\bar{X} \pm \sigma_x$	Абс. число	$\bar{X} \pm \sigma_x$	Абс. число	$\bar{X} \pm \sigma_x$	Абс. число	$\bar{X} \pm \sigma_x$
ДТП	2 038	14,7 ± 0,3	1 816	14,4 ± 0,3	1 564	13,4 ± 0,3	1 468	13,0 ± 0,3	6 886	13,9 ± 0,2
Производственная	159	1,2 ± 0,1	115	0,9 ± 0,1	171	1,5 ± 0,1	66	0,6 ± 0,1	511	1,0 ± 0,0
Семейно-бытовой конфликт	799	5,8 ± 0,2	603	4,8 ± 0,2	630	5,4 ± 0,2	783	6,9 ± 0,2	2 815	5,7 ± 0,1
Избит	4 924	35,4 ± 0,4	4 330	34,2 ± 0,4	3 872	33,2 ± 0,4	3 702	32,7 ± 0,4	16 828	33,9 ± 0,2
Мақал-мәтелдердегі түркі әлеміне тән даналықтың ұйытқысы болып саналатын мақал-мәтелдердің шығу төркінін, қалыптасу заңдылығын, жіктелуіндегі, ой-толғанысындағы, қолданысындағы ортақтық пен ұқсастықты айқындауда қажет мағлұматтар. Алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің топтастырылып, жинақ ретінде жарияланғандар: паремиологиялық деректерге қарағанда қазақ мақал-мәтелдерін халық арасынан толық болмаса да жинап, әр түрлі басылымдарда жариялау ХІХ ғасырда көріне бастайды. 1879 ж. алғаш қазақ ММ-дерін жариялаған (Хрестоматия, Орынбор) және 1906 ж. толықтырып, ең таңдаулыларын қайта жариялаған қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин болатын. Одан соң, 1899 ж. өзіне дейінгі жарияланған ММ-ді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпенен қазақ тілін алғаш зерттеуші түркологтардың бірі В.В. Катаринский жариялайды.

Тілшілердің бір тобы түркі мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндірсе, екінші топ – шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде пайда болған десе, үшіншілері – тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы *рухани бірліктің нәтижесі* деп ұғындырады.



Мысалы, *Атаңның* баласы болма, адамның баласы бол (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), *Жігіттің* құны жүз жылқы, Ары мың жылқы (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), *Ер* бақыттың қонғанын білмейді, Ұшқанын біледі (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), *Отызында* орда бұзбасаң, *Қырқында* қырып келдім дегеніне, Ешкім сенбейді (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері), *Ердің* күйін сұрама, *Жұрттан* сауын сауған соң. *Малдың* күйін сұрама, *Қонысынан* ауған соң (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері) т.б.

Академик Ә. Қайдар түркі халықтарына тән ортақ мақал-мәтелдердің де әр түрлі арна бойынша қалыптасқандығын айтады. Оның бір арнасы түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, *дуниетаным*, сезім, кабілетіне, өмір сүрген ортасы мен тіршілік-кәсібіне, тілінің жақындығына байланысты қалыптасқан ортақ халық даналығы болса, мәтел арнасына ғасырлар бойы жиі араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жататындығын және әрбір түркі тілдес халық *түркі әлеміне* ортақ даналығын да, өзіне ғана тән даналық ұйытқысы мақал-мәтелдерде де өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, баршасын болмаса да, көпшілігін бірдей түсініп, өз тілінде сөйлетіп келетіндігін атап өтеді [1, 98].

«Тіл төңірегіндегі адам» ұстаным, я болмаса антропоцентристік бағыт шетелдік тіл білімінде бұрыннан қалыптасқан. XIX ғасырдың соңында И.А. Бодуэн де Куртенэ «Фонология» (1899) атты еңбегінде антропофониканы ғылым ретінде атап көрсеткен. Соңғы кезеңде бұл ұстаным Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, Ю.Д. Апресян, В.М. Алпатова және т.б. тілшілердің еңбектерінде негізгі бағыт ретінде ұстанып, когнитивті семантикалық еңбектерінен көрініс тапқан. Антропоцентристік қағидаларын қолдануы когнитивті семантикада аса ерекше маңыздылыққа ие. Антропоцентрикалық парадигманың тұрғысынан адам әлемді өзін жете түсіну арқылы таниды. Әлемді адамның призмасы арқылы көруді түрлі тілдік дәлелдер келтіруге болады. Ол мақал-мәтелдердегі метафоралар: *Қылышын сүйреп қыс келеді; Ауру батпандап кіреді, мысқылдап шығады; Бас ауырса жан қорқады; Өр көкірек күліп отырып өледі; Қорқақ қол бастай алмайды; Ер жолдасы – тәуекел; Еңбек – адамның екінші анасы; Көр көрмей көңіл сенбес; Арзан алдайды; Ынтымақтың иығы биік.* Мінеки, бұл мақалдарда заттардың жандандыруы, оларға адамның бейнесінің берілуі бізге антропоцентрикалық мәселесін, негізін көрсетеді. Когнитивтік лингвистикада *білім* ұғымымен бірге *таным, ақпарат, сана, ойлау* тәрізді ұғымдық категориялар жиі қолданылады. Аса маңызды, мәнді деген деректер жинақталып, концептілік жүйеге түседі [2]. Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатынасы адам баласының интеллектуалды өміріне (оған тіл де кіреді) құндылықтар қанша рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен

танымның ара қатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық бейнелер (заттың образы) негіз болады. Мысалы, *Ер қанаты – ат, Ер қаруы – бес қару* → дегенде ер азаматқа тән құрал, қарулар жігіттің *батырлық* қасиеттерін көрсететін негізгі көрсеткіші ақиқат өмірден алынған бейнелер негіз болып тұр. Антропоцентристік паремиологияның маңызды міндеті тілдік бірліктер мәнінің лингвистикалық және экстралингвистикалық ара қатысының зерттелуі болып табылады. Өйткені паремиологиялық мағынада ойландыратын мәліметтің бір бөлігі ғана кодпен жазылады, ал сол уақытта оның басқа бөлігі адамның психикасында ойлағыштық бейнелер мен және экстралингвистикалық өзгешелік көрініс алады. «Тіл төңірегіндегі адам» деген принципіне негізделген паремиологияның зерттелуі жаңа бағыттың дамуына әкелді, яғни антропоцентристік паремиология. Бұл жерде лингвистиканың антропоцентристік парадигманың негізінде жазылған «антропоцентрикалық» «тіл төңірегіндегі адам» зерттеуінің ұстанымдары қолданылады, тірек – паремиологиядағы адам. Мысалы, «Малы жоқ» деп *Ерден* түңілме. Егіні жоқ деп *Жерден* түңілме. Ел үмітін *ер* ақтар, *Ер* атағын ел сақтар. *Ер* – намысының құлы. *Ерлік* білекте емес, жүректе. *Ер* қартайса, қазаншы болады, *Бүркіт* қартайса, тышқаншы болады. *Ер жігіт* ел үшін туады, Ел үшін өледі. *Батыр* туса – ел ырысы, *Шын ер* – жеңсе, тасымас, *Жеңілсе*, жасымас. *Жаңбыр жауса* – жер ырысы (Қазақ мақал-мәтелдері. Ө. Тұрманжанов). *Жігіттің* түрлі қасиеті: *батырлығы, жомарттығы, ерлігі, мергендігі, сабырлығы, абыройы, намысы, дәрежесі, кедейлігі* т.б. қасиеттері осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер түрлері (типi) пайда болады. Әр халық дүние алуандығын өз таным-түсінігінше таптастырып, топтастырады, дүниенің үзіктерін өздерінше атайды. Дүниенің өзіндік жүйеленген бейнесінде жекелік, топтық және ұлттық тәжірибенің белгісі, табы жатады.

Антропоцентристік паремиялардың зерттелуіне орай А.А. Потенция берген ұғым өте мәнді және орынды: «В слове мы различаем: внешнюю форму, то есть членораздельный звук, содержание, объективизируемое посредством звука, и внутреннюю форму, или ближайшее этимологическое значение слова, тот способ, каким выражается содержание. При некотором внимании нет возможности смешать содержание с внутренней формой» [3]. Қазақ тіліндегі антропоцентристік паремияларының ішкі формасының зерттелуіне этимологиялық аспектісі негіз ретінде алынған.

ММ-дерді қазақ тіл білімінің жеке-дербес жаңа бір саласы – паремиологияның нақты зерттеу нысаны ету, оларды ұлттың рухани мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, ділімен сабақтастықта жаңа бағытта қарастыру қолға алынуда. ММ-дерін когнитивтік, семантикалық, прагматикалық, этнолингвистикалық және

этномәдени бірлікте, тұтастықта қарастыру – лингвистканың жаңа бағыттарына жатады. Мысалы, Ел күйінгенде күйінген *батыр*. Ел сүйінгенде сүйінген *батыр*. Ерегiсте мыңға татыр. *Ер жігіттің* екі сөйлегені – өлгені. Еменнің иілгені – сынғаны (Қазақ мақал-мәтелдері. Ө. Тұрманжанов). Мәлелен, Е.С. Кубрякова когнитивті лингвистика саласын, оның ішінде когниция туралы: «В когнитивной науке было сформулировано понятие "когниция". Этот термин достаточно трудно перевести на русский язык, так как с его помощью обозначается как процесс *приобретения знаний и опыта* ("познание"), так и результат этого процесса, а также мышление как таковое. что "термин "когниция" относится ко всем процессам, в ходе которых сенсорные данные, выступающие в качестве сигналов информации, данные "на входе", трансформируются, поступая для их переработки центральной нервной системой, мозгом, преобразуются в виде ментальных репрезентаций разного типа» - дейді [4].

Мақал-мәтелдердің құрамындағы көмескі сөздердің төркінін ашуда ұстанатын қағида ретінде академик Ө. Қайдардың тұжырымы: «Бүгінгі танда бізге беймәлім мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағыналарының күңгірттенуіне де және сол сөздердің құпия-сырын ашып беруге де себебші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы» [5, 295]. Осы ой тұжырымдамасынан ерте замандарда тілдік қолданыста белсенді қолданылған сөздердің сан-қилы замандардан өтсе де, бүгінде белгілі қолданыста пайдалану – тілдің өміршеңдігінің куәсі.

Қорытындылай келе, тілдің антропоцентристік паремия бейнелерін талдау бізге бейнелер әлемнің көрінісі екенін көрсетеді. Өрі олар мәдени код аясы, шеңберінде талдана-саралана алады. ММ-дегі өзіне тән антропоцентристік паремияларының бейнелерін атап айтуға болады. Паремияларды рухани құндылық деп есептей отырып, зерттелген антропоцентристік паремияларда мәдени кодтың бейнелерін бірнеше тип белгілеріне бөлуге болады: 1) биоморфті мәдени код, жануардың, құстың т.б. бейнелерін көрсететін; 2) аңызды мәдени код, адам туралы діни көріністер, ертегілердегі кейіпкерлердің т.б. бейнелерін көрсетеді. Қазақ тіліндегі антропоцентристік паремиялар бейнесінің коды әнбебеп және олардың ММ-де қолданысы ұлттық мәдени тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ө. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты. – Алматы, 2007. – 56 б.
3. Потебня А.А. Из записок по теории словесности. – М., 1988. – 140 с.

4. Кубрякова Е.С. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: МГУ, 1996. – 245 с.

5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері // Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тіл, 1998. – 304 б.

### 5.10. Мағыналық және формалдық құрылым (қазақ тіліндегі жай сөйлем)

#### Гүлбағиза Әбіласымқызы Мұсаева

филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан)

#### Райхан Исатайқызы Дүйсенбаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан)

*В статье приводятся структурные модели простых предложений в целях интенсификации усвоения второго языка. Для этого при помощи структурного метода были выделены из бесконечного множества однообразных конкретных воплощений основные унифицированные структурные типы простого предложения, которыми может воспользоваться инофон для наилучшего понимания глубинной сущности изучаемого языка.*

**Ключевые слова:** *структурная лингвистика, состав простого предложения, алгоритм усвоения, виртуальная стемма.*

*Structural models of simple sentences for an intensification of assimilation of the second language are given in article. For this purpose, by means of a structural method the main unified structural types of the simple sentence which can be used by inofons for the best understanding of deep nature of the target language were allocated from an infinite set of monotonous concrete embodiments.*

**Key words:** *structural linguistics, composition of a simple sentence, algorithm of assimilation, virtual stemma.*

Тікелей құрастырушылар және бағыныңқылар немесе сатылы тілдік құрылымдар туралы алғаш рет американдық дескриптивтік лингвистика мектебінің өкілдері сөз еткен.

Тікелей құрастырушылар әдісімен талдау сөйлем ішіндегі синтаксистік құрылымдардың сатылы қарым-қатынасын тануға көмектесті. 60-шы жылдары тікелей құрастырушылар әдісінің жаңа трансформациялық әдісі ойлап табылды. Тікелей құрастырушылар әдісі бойынша сөйлем қандай синтаксистік құрылымдардың көмегімен құралғаны талданса, трансформациялық әдіс бойынша сөйлем өз ішінде қандай құрылымдық өзгерістер арқылы жасалып тұрғанын зерттеу болды. Бұл әдістердің әрі қарай дамуы арқасында 60-жылдары американдық структурализм тіл біліміне *туындаушы грамматика*

(генеративная грамматика) (Лат. generative – туындаушы (порождающая), өзгеріс тудырушы грамматика (трансформационная) [1, 75 б., 386 б.; 2, 45 б.]) терминдерін енгізді. Бұл теориялардың негізін қалаушы – Н. Хомский болды.

Л. Теньердің құрылымдық синтаксисінің американдық құрылымдық синтаксистен, яғни конституенттік синтаксистен айырмашылығы – сөйлемнің құрылымын емес, сөйлемді құрайтын түрлі құрылымдарды зерттеуінде болды [3]. Автор синтаксистің төрт түрлі аспектісін белгілейді: құрылымдық, тізбектік (линейный), категориялық, функционалдық. Құрылымдық аспект сөйлемнің сатылы синтаксистік байланыстарын қарастырады; тізбектік (линейный) аспект сөйлемнің тізбектеле орналасу тәртібін қарастырады. Бұл екі аспект, Теньердің пікірінше, структуралық синтаксисте негізгі орынды алады; категориялық аспект сөйлем құрайтын синтаксистік бірліктердің категориялық (сөз табы) табиғатын бейнелейді; функционалдық аспект бұл бірліктерді сөйлемдегі қызметіне қарай сипаттайды; категориялық аспект пен функционалдық аспект те бір-бірімен тығыз байланысты.


«Л. Теньердің концепциясы коммуникативтік үрдісті бейнелейді: сөйлеу – құрылымдық тәртіпті тізбектік тәртіпке айналдыру (иллокуция), сөйлеуді түсіну – керісінше үрдіс, (перлокуция), тізбектік (формалды) тәртіпті құрылымдық тәртіпке айналдыру, құрылымдық тәртіп сөздердің өзара қарым-қатынасы мен байланысын анықтайды. Мұнда тізбектік тәртіп бір жақты, ал құрылымдық тәртіп көп жақты» [3, 31 б.].

Қазақ тілін зертеуші ғалым Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерін орын тәртібі жағынан және олардың жасалуы жағынан қарастырады [4; 5, 126-140 бб.]. Бұлар қазақ сөйлемдерінің синтаксистік модельдерінің алғашқы үлгілері болып табылады. Сондай-ақ ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап жүйелі, ғылыми тұрғыда қолданыла бастаған статистикалық әдістің алғашқы бастамасы Қ. Жұбанов еңбектерінде кездеседі.

С. Аманжолов өзінің 1936 жылдардағы еңбектерінде сөйлем мүшелерін «жаңаша жіктеу» деп атап, сөйлем мүшелері бар болғаны үшеу: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш дей келе, бірнеше сөйлемдердің құрылысын көрсетеді [6, 243 б.]. Мұнда автор схеманы сөйлем мүшелерін ажыратып және қазақ тіл білімінде алғаш рет сөйлемнің мағыналық құрылымын көрсету мақсатында қолданады. Бұл схемадан сөйлем мүшелерінің орны арқылы сөйлемнің жасалу құрылымын анық көруге болады. Мысалы: *Біз бірінші қазақстандық университетке жүзден аса адамды таңдап алғалы отырмыз* деген сөйлемінің схемасын төмендегідей көрсетеді (1-сурет).

Х. Арғынов бастауышы бар жақты сөйлем мен бастауышы түсіп айтылған жақты сөйлемдерді ажыратып көрсету мақсатында сөйлемдерді схема түрінде берген [7, 100 б.]. Аталған схемалардан сөйлем құрамындағы басты мүшелердің, бастауыш пен баяндауыштың

қиысуын, сондай-ақ баяндауыш сөйлемнің басқа мүшелерін өзі жағына топтастырып, меңгеріп тұрғанын анық көре аламыз.



1-сурет. Сөйлем құрылымының С. Аманжолов жасаған кестесі

Сөйлемдердің осыған ұқсас схемаларын, сөйлем мүшелерінің орнын көрсететін кестелерді М. Балақаев, Т. Қордабаев [8, 173 б.], Т. Сайрамбаевтың [9, 206 б.] еңбектерінен де көруге болады. Қалай болғанда да, авторлар бұл схемаларды оқушылардың қазақ тілі сөйлемдерінің табиғатын нақты көрнекті жағдайда терең түсінуі үшін пайдаланғаны анық. Бұл жерде қазақ тіліндегі сөйлемдер формализацияланған түрде беріле отырып, оның құрылымын модельдеудің алғышарттары жасалған. Ж. Сәдуақасұлы сөйлемнің құрылымдық модельдерін беруде Б-бас мүше, Т-толықтауыш, Т<sub>ж</sub>-жанама толықтауыш, А-анықтауыш, З<sub>1234567</sub> – септік тұлғалары, А.Б. Қайыров N-кез келген есім сөз, S-зат есім, Adj.-сын есім, Num-сан есім, Pron.-есімдік, Adv.-үстеу, Inf.-тұйық етістік, Adv<sub>lok.</sub>, Adv<sub>temp.</sub>, Adv<sub>mod.</sub>, – үстеудің мағыналық түрлері, N<sub>1234567</sub> – есімді компоненттің септік тұлғалары, V-етістік т.с.с шартты таңбаларды пайдаланған [10; 11]. Аталған авторлар сөйлемнің құрылымдық және мағыналық сипаттарын бірлікте қарастырып, бір құрамды және екі құрамды хабарлы жай сөйлемдерді формализациялау арқылы олардың типтерін анықтаған.


Тіл меңгеру саласы бойынша, қазақ тіліндегі мәтіндердің тууы мен жасалуының негізгі формалдық, семантикалық ұстанымдарын тану мақсатында А. Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» және тілдің синтаксистік, семантикалық, статистикалық модельдерін құрастыру мен қолданбалы лингвистиканың фонетикалық аспектілері мен терминтанудың негізгі бағыттары жөнінде баяндалған «Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектер қазақ тілін қолданысқа белсенді түрде енгізуде жоғарғы және орта оқу орындарында оқытудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану

және қолданбалы лингвистика мамандығын даярлау мәселелеріне арналған [12; 5].

Кез келген шет тілін үйрене отырып, оның сөздік қорын меңгерудің қиын емес екендігін аңғаруға болады, бірақ үйренушілердің көбі тілдің сөздік қорын меңгеруден қорқады. Алайда екінші тіл меңгерушіге ең қиын соғатын нәрсе – сол тілдің айтылымдық және мазмұндық құрылымын меңгеру болып табылады. Тіл үйренуге көмектесетін нәрсе – тіл құрылымының негізгі ұстанымдарын түсіну [13, 5 б]. Тіл үйренуші коммуникативтік акт кезінде сөйлемдерді еркін құрастырып, сол тілде еркін сөйлеу үшін сөйлем компоненттерінің байланыс жүйелерін нақты білуі тиіс.

Синтаксистік материяның негізгі белгісі сөйлем мүшелерінің немесе сөз тіркесінің арасындағы байланыс пен қарым-қатынас екені белгілі. Бір-бірімен шартты қатынаста тұратын бұл екі фактор – сөйлемнің компоненттері мен олардың арасындағы синтаксистік байланысты – сөйлемнің құрылымы деген ұғымға сыйғызып, модельдеу әдісінің көмегімен қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеруді жетілдіру мақсатында жай сөйлем құрылымының стеммасын ұсынамыз.

Қазақ және шетел ғалымдарының құрылымдық лингвистика саласында зерттелген еңбектерін, сондай-ақ Н. Хомскийдің туындаушы грамматика теориясын, Л. Теньердің құрылымдық синтаксисін және осы аталған ғылыми теориялар негізінде Ж. Нұршайықова [14] жасаған орыс тілінің алгоритмделген синтаксис теориясын негізге ала отырып, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру мақсатында жасалған жай сөйлемдердің интегралды стеммасы алдымен сөйлемнің терең құрылымын түзуден басталады (2-сурет).




2-сурет – Сөйлемнің терең құрылымының виртуалды стеммасы

Сөйлемнің терең құрылымы – сөйлемнің негізгі құрылымдық және мазмұндық тірегі. 2-суретте N – сөйлемнің субъектісі, V – сөйлемнің предикаты, A – сөйлемнің анықтауышы, O – сөйлемнің объектісі, Adv. – сөйлемнің пысықтауышы. Бұл сөйлем мүшелерін бір-бірімен байланыстырып тұратын синтаксистік байланыстар стеммада барлық сөйлемге ортақ сызықтар арқылы беріледі. Үзік сызық сөйлемнің субъектісі мен объектісінің анықтауышпен қабыса байланысқанын, ал екі жақты бағыты бар үзік сызық матаса байланысуды, субъекті мен предикат арасындағы екі жақты бағыты бар түзу сызық екі мүшенің бір-бірімен қиыса байланысқанын, сөйлемнің предикаты мен объектісі арасындағы объектіге бағытталған түзу сызық предикаттың объектіні меңгеретінін білдіреді. Өзгеріс тудырушы грамматика теориясына

сүйене отырып, сөйлемнің терең құрылымын өзгермелі компоненттердің көмегімен түрлендіріп, сөйлемнің үстірт құрылымын аламыз. (3-сурет)

Өзгермелі компоненттер:  $A_1$  – сөйлемде объекті мен субъектіні анықтап тұратын, сын есімнен, есептік, реттік сан есімнен, сілтеу есімдігінен болған анықтауыштар;  $A_2(O_2)$  – сөйлемнің субъектісі мен объектісін анықтап тұратын, ілік септікті анықтауыштар;  $O_{34567}$  – сөйлемнің объектілері ( $O_3$  – барыс,  $O_4$  – табыс,  $O_5$  – жатыс,  $O_6$  – шығыс,  $O_7$  – көмектес септіктер); Adv. – сөйлемнің предикатын сипаттап тұратын нақтылауыш-пысықтауыш мүше.



3-сурет. Қазақ тіліндегі жай сөйлемнің үстірт құрылымы

Сөйлемдердің терең құрылымы арқылы жай сөйлемнің негізгі базалық конструкциясы анықталып, өзгермелі компоненттердің көмегімен сөйлемнің үстірт құрылымының моделі жасалынады. Сөйлем жасауға негіз болатын сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметі, бір-бірімен синтаксистік байланысқа түсуі мен олардың сөйлем ішіндегі орны стеммалар жүйесінде анықталады. Сөйлемнің үстірт құрылымында олардың өзгермелі компоненттер арқылы сөйлемнің түрленуі көрсетіледі. Сондай-ақ грамматикалық материалдарды берудің алгоритмін жасау арқылы қазақ тілін меңгеруде жетекші болатын қазақ жай сөйлемінің мүмкін болатын толық интегралды стеммасын ала аламыз. Әрине, қазақ сөйлемдерін, оның ішінде жай сөйлемдер құрылымын қарастырсақ, оның табиғатының күрделілігі мен түрлену мүмкіндіктерінің орасан зор екендігін көреміз. Алайда күрделі нәрседен қарапайым нәрсе жасау үшін оны бөлшектеу керек. Тілдің атомдық құрылымы оны үйренуде қолдану үшін бірқалыпқа түсіруге (унификациялауға) мүмкіндік береді. Осыған орай меңгеру мақсатында тіл құрылымын бірқалыпқа түсірудегі міндетіміз агглютинативтіліктің бөлшектерге бөлінуін пайдалануымызда деп ойлаймыз. Агглютинативті тілдерде грамматикалық мағыналар түбірге аффикстердің жалғануы арқылы беріледі. Тілдердің бұл түрінде аффикстердің әрқайсысы



көбінесе бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді де, олар бірінің үстіне бірі жалғана береді. Агглютинативті тілдерде сөздерге аффикстер жалғанып, сөздің морфологиялық құрамы күрделенгенмен, сөз түбірінің дыбыстық құрамы, негізінен алғанда, өзгермей, сол күйінде қалады [15, 492 б.]. Қазақ тілінің агглютинативті қасиеті оның құрылымдарын модельдеуде басқа типті тілдерге қарағанда, өзгешелеп тұрады.

Кесте 1 – Жай сөйлемдерді меңгеру алгоритмі

	Сөйлем түрлері	Сөйлемнің стеммасы
1	Бір негізді субстантивті жай сөйлем Сөйлем (S) сөйлемнің субъектісімен (N) сәйкес	$S = N$
2	Бір негізді күрделі субстантивті сөйлем	$S = A_1N$
3	Сөйлемнің анықтауышы қызметін атқаратын ілік септікті бір негізді сөйлем	$S = A_2(O_2) N$
4	Екі негізді жай сөйлем, баяндауышы зат есімнен, есімдіктен (N N) немесе сын есімнен, сан есімнен болған сөйлемдер (NA)	$S = N V = S = N N$ $S = N A_1$ $S = A_2(O_2) N N,$ $S = N A_2(O_2) N$
5	Баяндауышы жатыс септік тұлғалы зат есімнен, сан есімнен болған екі негізді жалаң және жайылма жай сөйлемдер	$S = N O_5$ $S = A_1/A_2(O_2) N O_5$
6	Баяндауышы шығыс септік тұлғалы екі негізді жалаң және жайылма жай сөйлемдер	$S = N O_6$ $S = A_1/A_2(O_2) N O_6$
7	Баяндауышы етістіктен болған, екі негізді жай сөйлем, ядролық түйіні N V	$S = N V$
8	Екі негізді бір тұрлаусыз Adv. мүшесі бар етістік негізді жай сөйлем	$S = N Adv. V$
9	Объектісі жатыс септік тұлғалы екі негізді жайылма жай сөйлем	$S = N O_5 V$
10	Екі негізді тура объектілі жайылма жай сөйлем	$S = N O_4 V$
11	Объектісі барыс септік тұлғалы екі негізді жайылма жай сөйлем	$S = N O_3 V$
12	Объектісі шығыс септік тұлғалы екі негізді жайылма жай сөйлемдер	$S = N O_6 V.$
13	Объектісі көмектес септік тұлғалы екі негізді жайылма жай сөйлем	$S = N O_7 V$

Сөйлем құрамындағы компоненттердің бөлшектерге бөлінуі және аффикстерінің жалғану жүйесінің бірқалыптылығы ең қарапайым атаулы сөйлемнен сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері түгелдей қатысқан жайылма жай сөйлемнің терең құрылымы мен өзгермелі компоненттері түгелдей дерлік қатысқан құрылымның моделін, яғни интегралды стеммасын жасап шығуға септігін тигізді.

Сөйлемнің моделі көзге көрінбейтін, анық емес пропозиция кезінде пайда болады да, прагматикалық мақсатта синтаксистік құрылымдармен анықталады. Біз ұсынып отырған қазақ тілі жай

сөйлемдерінің стеммалары мен сөйлемдерге жасалған синтаксистік талдау үлгілері арқылы тіл үйренушілер қазақ тілі грамматикалық жүйесінің жұмыс істеу ұстанымдарын тереңірек түсінуіне ықпал жасап, қазақ тілін меңгеруді әрі қарқындытып, әрі жеңілдетеді деп сенеміз. Қазақ сөйлемінің құрылымдық жүйесін, ондағы сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланысу тәртібін неғұрлым қарапайым түрде белгілі бір модельге түсіріп, ол жүйенің жұмыс істеу алгоритмін көрсету арқылы тілді үйренушіге қазақ тілі туралы анықтама беру ғана емес, оның алғашқы кезеңдегі қорқыныш сезімін, психологиялық тосқауылын шектеуге болатыны анық. Сөйлеу әрекетін жасаушы, яғни коммуникант үшін сөйлемнің моделі жол сілтеуші жетекші құрал болып саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі / Под ред. Э. Сулейменовой. – Алматы, 1998. – 540 с.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 330 б.
3. Теньер Л. Основы структурного синтаксиса. – М.: Прогресс, 1988. – 656.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
5. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 б.
6. Гак В.Г. Проблемы структурной лингвистики. – М., 1972. – 599 с.
7. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. Логико-семантические проблемы. – М.: Наука, 1976. – 383 с.
8. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 366 б.
9. Арғынов Х. Жай сөйлем синтаксисінің методикасы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 112 б.
10. Балақаев М. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1971. – 339 б.
11. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Санат, 1997. – 240 б.
12. Садуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері: филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1997. – 305 б.
13. Қайыров А.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі екі құрамды хабарлы жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдері: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 121 б.
14. Нуршаихова Ж.А. Алгоритмизированный синтаксис. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 294 с.
15. Аханов К. Тіл білімі негіздері. – Алматы: Санат, 2003. – 496 б.

## 5.11. Викторина по мировой литературе и культуре

### **Рахима Махмудовна Абдугаппарова**

магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

### **Сауле Хамзеевна Амандыкова**

Кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

### **Назгуль Алдияровна Адырбекова**

магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

### **Жумагуль Токтасыновна Кысмуратова**

магистр филологии, магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

### **Сауле Намазбаевна Кожахметова**

магистр гуманитарных наук, преподаватель кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

### **Мира Базарбаевна Кыркинбаева**

магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры казахского, русского и латинского языков Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии (г. Шымкент, Казахстан)

***Аннотация:** в данной статье дана викторина по мировой литературе и культуре, которую можно использовать на занятиях русского языка и литературы.*

***Ключевые слова:** викторина, игра, литература, культура, искусство, культурология, филология.*

Новая организация общества, новое отношение к жизни предъявляют и новые требования к образованию. Сегодня основная цель обучения – это не только накопление студентом определенной суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка его как самостоятельного субъекта образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность и преподавателя, и, что не менее важно, студента. Именно этой цели – воспитанию творческой, активной личности, умеющей учиться, совершенствоваться самостоятельно, и подчиняются основные задачи современного образования.

Викторина – это игра в вопросы и ответы. Ценность викторин состоит в том, что они расширяют кругозор студентов, помогают выявить их знания, смекалку, содействуют развитию познавательных интересов, интеллектуальных способностей, активизация мышления, они заставляют студента обобщать, систематизировать материал по теме, ведь ответы студентами запомнятся надолго и послужат стимулом для приобретения более глубоких знаний позже.

Предлагаем вашему вниманию викторины по мировой литературе и культуре.

Вопросы данной викторины подобраны на широкую тематику, охвачен целый пласт тем по русской, зарубежной литературе, музыка и живопись, то есть затронуты проблемы культурологии, филологии и искусства.

### **1 тур «Зарубежная литература»**

1. Богословы и философы того времени придерживались мнения, что вечную жизнь и блаженство можно найти только после смерти. Все это нашло отражение в творчестве поэта. Однако он также любил и реальную жизнь, протестовал против ее несовершенства и взывал наслаждаться каждым ее мигот. Любое его четверостишие – это маленькая поэма. Он ограничил форму четверостишия, подобно драгоценному камню, утвердил внутренние законы рубаи, и в этой области ему нет равных.

Знает твердо мудрец: не бывает чудес,  
Он не спорит – там семь или восемь небес.  
Раз пылающий разум навеки погаснет,  
Не равно ль муравей или волк тебя съест? (Омар Хайям)

2. Жизнь его была нелегкой. Хотя он получил неплохое гуманитарное образование, найти применение своим знаниям и способностям долгое время не мог. Он вошел в писательскую среду, но настоящего признания своего творчества при жизни так и не получил.

Всю силу своего гениального дарования он обнаружил лишь на склоне лет, когда создал знаменитый роман-эпопею о Рыцаре печального образа и его верном оруженосце. (Мигель Сервантес де Сааведра)

3. Родившись в семье обедневшего фермера, с детства начал работать продавцом газет, рабочим консервной фабрики, исходил немало дорог в поисках заработка. «Заболев» так называемой «золотой лихорадкой», в 1897 г. поехал на Аляску, где незадолго до этого обнаружили золото. Ему не удалось разбогатеть, но полученные на Аляске впечатления послужили ему материалом для первых увлекательных рассказов о борьбе человека с суровой северной природой.

Автор произведений: рассказы «Северная Одиссея», «Сказки южных морей», «Белое безмолвие». «Любовь к жизни». У писателя есть немало произведений («Белый клык», «Зов предков», «Майкл, брат

Джерри»), где он с глубоким знанием и теплотой изображает животных. (Джек Лондон)

4. Этот итальянский поэт жил и творил в средние века. Образ Беатриче, предельно идеализированный, стоит в центре творчества этого поэта - он поклонялся ей в духе возвышенной любви, отчасти похожую на рыцарскую. Образ этой девушки появляется и в его величайшем создании о загробном мире – "Божественной комедии". (Данте)

5. Родился в небольшом провинциальном городке Стратфорде. В Лондоне поступил в техническую работу в театр, позднее перешел в труппу театра актером. С 1599 года эта труппа выступает в новом большом публичном театре "Глобус". Он служит актером на небольших ролях. Позднее он начинает самостоятельно писать пьесы для театра, в которых достиг величайшей для своего времени глубины в изображении больших исторических и человеческих противоречий. Как зовут этого величайшего драматурга-гуманиста эпохи Возрождения? (Шекспир)

6. Героя этой трагедии - мавра - полководца республики Венеции, полюбила белая девушка, дочь венецианского сенатора. Мужественная и любящая, Дездемона, несмотря на различия в национальности и воспитании, становится его женой. Одному из приближенных – Яго, тайно его ненавидящему, удастся опутать его ложью – уверить в измене Дездемоны. Потрясенный страшным разочарованием в самом дорогом существе, он решается покарать за обман - задушить ее. Уже после гибели он узнает всю правду. Как называется эта трагедия, главный герой которого является синонимом понятия "ревнивый"? (Отелло)

7. Герой романа Д. Дефо заброшен на необитаемый остров. Он оказывается один на один с природой. Он строит хижину, расширяет пещеру, возводит стены на случай обороны от дикарей, приручает коз, возделывает землю. Он не падает духом, одинокий человек на одиноком острове, и словно повторяет путь человечества: охотник, скотовод, земледелец, позднее рабовладелец (хозяин Пятницы), и наконец, хозяин маленькой колонии. (Робинзон Крузо)

8. Автор знаменитых романов "Страдания молодого Вертера", "Фауст", выдающийся представитель Просвещения в Германии, великий поэт и мыслитель. (Гете)

9. Маленькая Дания внесла заметный вклад в европейскую культуру. Этот датчанин в молодости не очень отчетливо представлял, в чем его призвание, но был убежден, что ему есть что сказать людям. Он пробовал стать актером, писал стихи, сочинил романтическую трагедию, которую ему вернули. Первую литературную известность принесли ему путевые очерки и романы. И когда начиная с 1835 года стали появляться его сказки, соотечественники не сразу догадались,

что именно в этом жанре ему дано сказать новое слово. (Ганс Христиан Андерсен)

**10.** Крупнейший представитель критического реализма в западноевропейской литературе, который наиболее полно отразил жизнь французского общества первой половины 19 в., автор романов "Шагреновая кожа", "Гобсек", "Евгения Гранде", "Отец Горио", "Утраченные иллюзии". (Оноре де Бальзак)

**11.** Автор пьес «Марион Делорм», «Эрнани, романа «Собор Парижской Богоматери», «Король забавляется», «Лукреция Борджиа», «Мария Тюдор», «Анджело», «Рюи Блаз», «Бургграфы», «Отверженные». Опубликовал трактат «Уильям Шекспир», сборник стихотворений «Песни улиц и лесов», а также два романа – «Труженики моря» и «Человек, который смеется». (Виктор Гюго)

**12.** Он нашел свое место в жизни без особых трудностей. В отличие от Сервантеса признание своего творчества он получил при жизни. Количество его пьес превышает 800, однако некоторые исследователи называют цифру в 1800. Кроме того, будучи человеком разносторонних дарований, работал и в других литературных жанрах: писал поэмы, романсы, новеллы. Им написаны знаменитые комедии «Собака на сене» и «Глупая для других и умная для себя». Большинство его пьес строятся по единой сюжетной схеме – воссоединение влюбленных, преодолевающих самые разные препятствия. (Лопе де Вега)

## **2 тур «Русская литература»**

**1.** Прожил недолгую, трудную жизнь, хорошо видел беды и несчастья своего народа и пылливо вглядывался в его будущее. Он был убежден, что Россия – «в дороге». С неотразимой мощью этот мотив всепобеждающего движения вперед выражен в первом томе «Мертвых душ»: «Чудным звоном заливаются колокольчик; гремит и становится ветром разорванный в куски воздух; летит мимо все, что ни есть на земле, и, косясь, посторониваются и дают ей дорогу другие народы и государства». (Н. Гоголь)

**2.** Тяжелые воспоминания детства всю жизнь будут преследовать писателя. Образ крутой и властной барыни встречается во многих его рассказах. То это «пухляя, чувствительная и злая» госпожа Зверкова, запретившая горничной Арине выйти замуж за любимого человека («Ермолай и мельничиха»); то капризная барыня, разбившая счастье простодушного глухонемого дворника Герасима («Муму»); Все эти, как и многие другие страшные истории не вымышлены писателем, а разыгрывались на его глазах, мучили и возмущали его своей жестокой несправедливостью. (И. Тургенев)

**3.** Изумителен реализм его басен. Своим зверям, действующим в баснях, сумел придать не только национальный характер, но и жизненную верность. Белинский говорил, что «у него всякое животное имеет свой, индивидуальный характер ... лисица у него везде хитрая,

уклончивая, бессовестная и более похожа на человека, чем на лисицу, «с пушком на рыльце», и косолапый мишка везде добродушно-честный, неповоротливо-сильный, лев – грозно-могучий, величественно-страшный. Столкновение этих существ всегда образует маленькую драму». Недаром Пушкин назвал его «истинно русским поэтом». (Крылов)

4. Почти каждое из его больших произведений не только великое чудо искусства, но и новая ступень в развитии русской литературы. Кроме крупных, монументальных созданий, поэтом написано множество мелких стихотворений. По своей натуре был глубоко непосредствен, жизнерадостен, исключительно отзывчив, исполнен горячего сочувствия ко всему талантливому, благородному. Эти прекрасные черты духовного облика ярко отразились в его лучших лирических стихотворениях, в особенности в стихах о дружбе и любви (стихотворения, посвященные годовщинам со дня основания лицея; послание в Сибирь сосланным на каторгу декабристам; такие жемчужины мировой поэзии, как «На холмах Грузии ночная мгла...», «Я вас любил...», «Зимнее утро», стихотворные обращения к няне и др.). (Пушкин)

5. А.П. Чехов сказал, что ему среди великих деятелей русского искусства принадлежит особое место. Он – наш общий учитель», - утверждал выдающийся французский писатель Анатоль Франс. Больше века прошло после смерти великого русского художника слова, но всемирная слава его продолжает расти. Замечательные рассказы, повести, драмы, и три гениальных романа - «Война и мир», «Анна Каренина», «Воскресение» - никогда не перестанут волновать человеческие умы и сердца. (Толстой)

6. Выдающийся русский писатель, общепризнанный классик мировой литературы. По профессии врач. Почётный академик Императорской Академии наук по Разряду изящной словесности. Один из самых известных драматургов мира. Его произведения переведены на более 100 языков. Его пьесы, в особенности «Чайка», «Три сестры» и «Вишнёвый сад», на протяжении более ста лет ставятся во многих театрах мира. За 26 лет творчества создал около 900 различных произведений (коротких юмористических рассказов, серьёзных повестей, пьес), многие из которых стали классикой мировой литературы. (А.П. Чехов)

7. Я памятник воздвиг себе нерукотворный,  
К нему не зарастет народная тропа,  
Вознесся выше он главою непокорной  
Александрийского столпа.  
Нет, весь я не умру- душа в заветной лире  
Мой прах переживет и тленья убежит-  
И славен буду я, доколь в подлунном мире  
Жив будет хоть один пиит.

Кто автор этих строк? (А.С. Пушкин)

### **3 тур «Музыка и живопись»**

**1.** Австрийский композитор, капельмейстер, скрипач-виртуоз, клавесинист, органист. По свидетельству современников, обладал феноменальным музыкальным слухом, памятью и способностью к импровизации. Он широко признан одним из величайших композиторов. Наряду с Гайдном и Бетховеном, принадлежит к наиболее значительным представителям Венской классической школы. Уникальность его творчества состоит в том, что он не только писал во всех существовавших в его эпоху формах и жанрах, но и в каждом из них оставил произведения непреходящего значения. Произведения: оперы «Свадьба Фигаро», «Дон Жуан» и «Волшебная флейта», симфонии – № 39, № 40 и № 41 («Юпитер») и мн. других. Существует версия, что его отравил Сальери (версия спорная). (Вольфганг Амадей Моцарт)

**2.** Немецкий композитор и пианист, представитель «венской классической школы». Он – ключевая фигура западной классической музыки в период между классицизмом и романтизмом, один из наиболее уважаемых и исполняемых композиторов в мире. Писал во всех существовавших в его время жанрах, включая оперу, музыку к драматическим спектаклям, хоровые сочинения. Когда ему было 34 года, Наполеон отказался от идеалов Великой французской революции и объявил себя императором. Поэтому он отказался от намерений посвятить ему свою Третью симфонию: «Этот Наполеон тоже обыкновенный человек. Теперь он будет топтать ногами все человеческие права и сделается тираном». Из-за глухоты редко выходит из дома, лишается звукового восприятия. Он становится угрюм, замкнут. Именно в эти годы композитор одно за другим создаёт свои самые известные произведения. (Бетховен)

**3.** Великий итальянский скульптор, живописец, архитектор, поэт, мыслитель, один из величайших мастеров эпохи Ренессанса. По характеру своего дарования он был, прежде всего, скульптор. Это ощущается и в живописных работах мастера, необычайно богатых пластичностью движений, сложных поз, отчётливой и мощной лепкой объёмов. Во Флоренции создал бессмертные образцы Высокого Возрождения – статую «Давид», «Пьетá». Он выполнил роспись потолка Сикстинской капеллы, представляющую библейскую историю от сотворения мира до потопа, роспись «Страшный суд». Поражают своей красотой и величиём архитектурные работы – ансамбль площади Капитолия и купол Ватиканского собора в Риме. (Микеланджело Буонарроти)

**4.** Крупнейшая фигура итальянского Высокого Возрождения – прекрасный пример универсального человека, обладателя многоликого таланта: он был не только великим представителем искусства – живописцем, скульптором, музыкантом, писателем, но и ученым,



архитектором, техником, инженером, изобретателем. Появился на свет он неподалеку от Флоренции, в небольшом городке Винчи, где он заявил о себе как великий живописец, а дальнейшее творчество лишь увеличивало его славу. (Леонардо да Винчи)

5. Один из крупнейших музеев в мире. Находится этот замечательный музей в Санкт-Петербурге. Основан был в тысяча семьсот шестьдесят четвертом году. В нем собраны бесценные творения рук человеческих всех народов и времен. Это и картины, и скульптуры, и предметы обихода древних народов, и национальная одежда, и украшения, и мебель, и многое другое. Почти три миллиона памятников культуры и искусства хранятся в нем. (Эрмитаж)

6. Русский художник-живописец и архитектор, мастер исторической и фольклорной живописи, действительный член Академии Художеств. В его творчестве ярко представлены разные жанры: бытописание, сказки, стиль модерн. Главное направление – былинно-историческое – «Витязь на распутье», «После побоища Игоря Святославича с половцами», «Алёнушка», «Иван-Царевич на Сером Волке», «Богатыри», «Царь Иван Васильевич Грозный». Работал над народными сказочными темами, создавая полотна «Бой Добрыни Никитича с семиглавым Змеем Горынычем»; «Кощей Бессмертный». (В. Васнецов)

7. Известный казахстанский скрипач и дирижер. Родился 15 марта 1962 года в Алма-Ате. Дебютировал в 9-летнем возрасте. Лауреат многих премий, включая "Платиновый Тарлан", которую он получил в 2000 году. Большую часть времени живет и работает в Великобритании. The Times назвала казахстанского скрипача "brilliant violin soloist", что в переводе означает "выдающийся скрипичный солист". Заслуженный деятель РК, профессор Бирмингемской консерватории, один из директоров Альянса оркестров Азиатско-тихоокеанского региона AAPRO. (Марат Саметович Бисенгалиев).

8. Русский композитор, дирижёр, педагог, музыкально-общественный деятель, музыкальный журналист, считается одним из величайших композиторов в истории музыки. Автор более 80 произведений, в том числе десяти опер и трёх балетов. Его концерты и другие произведения для фортепиано, семь симфоний (шесть пронумерованных и симфония «Манфред»), четыре сюиты, программная симфоническая музыка, балеты «Лебединое озеро», «Спящая красавица», «Щелкунчик», более 100 романсов представляют чрезвычайно ценный вклад в мировую музыкальную культуру. (Пётр Ильич Чайковский)

9. Казахский живописец и акварелист, народный художник Казахской ССР, основоположник казахского изобразительного искусства. Лауреат премии имени Чокана Валиханова, премии имени Ван Гога. Его именем назван Государственный музей искусств Республики Казахстан, а также улицы в нескольких городах Казахстана,

художественный колледж в городе Шымкент (Казахстан), в 2009 году перед колледжем был открыт памятник художнику. (Абильхан Кастеев)

**10.** Популярный казахский композитор, «король казахского вальса». Является автором многих лирических песен «Ақ сұңқарым», «Қара көз», «Қайықта», «Ақ бантик», «Ақ маңдайлым». Многие песни «Ақ ерке — Ақ жайық», «Сыр сұлуы», «Арыс жағасында», «Арайлым ақ Келес» – родились после поездок по стране. Много популярных его песен было написано на мелодию вальса: «Қуаныш вальсі», «Қайдасын», «Бақыт қушағында». Звание народного артиста республики ему присвоили за два месяца до кончины. (Шамши Калдаяков)

Проектирование ситуации успеха позволяет не только усилить мотивацию обучения, но и увеличивает эффективность образовательного процесса, помогает раскрыть и развить личность, сформировать такие качества личности, как креативность, компетентность, любовь к профессии, открытость к новым знаниям, формирует умение проектировать жизненные ситуации в будущем.

#### **Список литературы:**

1. Грожан Д. В. История мировой культуры. Ростов-на-Дону, 2005.
2. Громов П. Т. История мировой и отечественной культуры. Избранные лекции. В 4-х т. Балашов, 2002.
3. Литературный энциклопедический словарь / Под общ. ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева. Редкол.: Л.Г. Андреев, Н.И. Балашов, А.Г. Бочаров и др. - М.: Сов. энциклопедия, 1987 г.
4. В.Г. Маранцман, С.В. Федоров, Н.М. Свирина. Литература второй половины XIX века. М., Просвещение, 1996 г.
5. М.Г. Качурин, Д.К. Матальская. Изучение русской литературы. М., Просвещение, 1997 г.

### **5.12. Тілдік сана және тілдік тұлға**

#### **Гаухар Тилеукабуловна Ерсұлтанова**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті  
2 курс «Лингвистика» докторанты  
(Алматы, Қазақстан)

Жаңа лингвистикалық парадигмада алдыңғы қатарға семантикалық тіл кеңістігін айқындайтын «тілдік тұлға» ұғымы басты орынға шықты. Тіл табиғатын зерттеудің кешенді сипатының тиімділігі мәтін және дискурс тілін зерттеуде көрінеді. Мәтін мен дискурс лингвистиканың негізгі нысаны. Ал мәтін авторының тілдік тұлғасын анықтауға септігін тигізетін тіл мен сана сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынған зерттеу. Бұл зерттеу “тілдік тұлға”

мәселесімен тығыз байланысты, ал тілдік тұлға өз кезегінде “әлемнің тілдік бейнесі” теориясымен сабақтасады. Тілдік тұлға өз кезегінде тілдік санамен бір тұтас қарастырудың мәнісі зор.

Тілдік сана: 1) тілдік сана адаммен (қоғаммен) тілдің сыртқы әлеммен әрі «сөйлеушінің дүниетанымы мен рухының көшірме бейнесі ретінде» органикалық тұтастығын көрсетеді; 2) тілдік сана диалектикалық құбылыс, ол дамуға және өздігінен жетілуге қабілетті; ол о бастан түйсікпен сипатталады, өмірдің бейсаналық түрі, тілдің жетілу деңгейі адамның (қоғамның) даму деңгейіне, яғни тілдік санаға байланысты; 3) тілдік сана тілдің жетілуін алдын ала анықтайтын ішкі импульс ретінде әрекет етеді; 4) тілдік санада диалектикалық түрде жеке әрі ұжымдық сана біріктірілген; «ұжымдық сана тілдік емес бейнелеулерді тілдік бейнелеумен беру жолдарын және тәсілдерін рефлекстеуге (сыртқы әсерге қарсы тұруға) қабілетті және тілге әсер етудің жеке түріне ие» [1. 52].

Бұрыннан «сана мен тіл арасындағы байланыс идеясын» Гегель терең зерттеген болатын. Оның баяндауы бойынша, «сана табиғи ортадан субъектіні дара бөліп алатын тәсіл және ол сөз арқылы бекітіледі» деп санаған. Әрі қарай бұл идеяны Л.С. Выготский жалғастырып, ол сананы «... белгілі бір адамдар қауымының әлеуметтік және мәдени-тарихи тәжірибесінің жиынтығы» [2. 15] ретінде қарастырады.

Тілдік тұлға «тілдік ортада өмір сүрушінің қарым-қатынас жасауда әрі қалыптасқан мінез-құлықтарына байланысты тілде, тілдік бірліктерде және мәтіндердің мағынасында көрініс тапқан» сананы тасымалдаушы болып табылады. Соңғы айтылған ой тілдік қабілет (адамның психикалық ерекшеліктері), коммуникативтік қажеттілік (адрестік) және сөйлеу әрекеті (адамның мінез-құлқын айқындайтын саналы немесе санасыз түрдегі іс-әрекеттері) сияқты құрамдас бөліктермен қатар «адамның сөйлеу әрекетін ұйымдастыру» болып табылады.

М.М. Бахтиннің пікірі бойынша, нақты тілдік сана әлеуметтік анықталған құбылыс. М.М. Бахтин былай деп жазады: «Сана-ұйымдасқан ұжымның арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас процесінде пайда болатын және жүзеге асырылатын таңбалар белгісі» [3. 17]. Индивид өз санасының мазмұнының иесі ретінде, ойы мен тілектерінің авторы ретінде таза идеологиялық құбылыс болып табылады [4. 21].

Бүгінгі заманауи зерттеулер негізінде, олардың ішінде Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, И.А. Стернин сияқты және т.б. ғалымдарды бөліп атауға болады, лингвистикалық аспектіде тілдік сана тұжырымдамасын сипаттайтын бірқатар қағидаларды атап көрсетуге болады. Бұл қағидалар авторлардың, адресаттар мен оқырмандардың және БАҚ мәтіндері

адресаттарының тілдік санасына беру тұрғысынан алғанда да өзекті болып саналады.

Сананың лингвистикалық түсіну негізін осы санат туралы қалыптасқан психологиялық ұғымдар құрайды (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн және т.б еңбектерінде). Адамның санасы - адамға тән психикалық дамудың ең жоғары нысаны, ол қоғамдық- мәдени және тарихи тұрғыдан анықталған күрделі көп өлшемді құрылым болып табылады, ол адамның ынталану саласына қажеттілігімен байланысты. Мәселен, Л.С. Выготский үшін сананың мәдени-тарихи жанамалық идеясы негізгі болып табылады, өйткені бұл жағдайда тәжірибенің табиғи бірліктерін мағына жүйелерін меңгеру арқылы қайта жүзеге асырады. С.Л. Рубинштейннің айтуы бойынша, мінез-құлықты және ақыл-ой процестерін реттеуге мүмкіндік беретін арнайы ынталандыру құралы ретінде белгіні игеру идеясы « сана мен әрекет тұтастығы» [5. 65] қағидасына негізделген.

А.Н. Леонтьев сананы уәждемелік - қажеттілік және эмоциялық аямен байланысты деп санайды, «сана өзінің табиғилығымен субъектіге ерекше дүниетаным есігін ашатын, сол әлемге оның өзі де, әрекеттері де, сезімдері де кіреді» [6. 47]. Бұл құрылымға тікелей әлемге қатысы бар тіршілік иесі ретінде адамның сана-сезімін сипаттайтын философиялық ұғымдар кіреді. Адам санасы өзгеріп отыруға және бейнеленуге бағытталған іс-әрекеттің мінсіз түрі ретінде қарастырылады.

Сана бірнеше түр мен формаға бөлінеді, ол дерексіз түсінікке, зияткерлік әрекетіне және оның қалыптасу деңгейіне байланысты. Бұқаралық коммуникация саласына қатысты сананың мына түрлері маңызды болып саналады, олар былай топтастырылған:

- ойлау қызметіне қатысты (саяси, қоғамдық, жеке , топтық және т.б.),
- сана субъектісіне қатысты (әлеуметтік, қоғамдық, жеке, топтық және т.б.),
- санаға негіз болып табылатын басым қағидаға байланысты (жаһандық, демократиялық, озық, кертартпа ) [7.35]

Гегельдің ойы бойынша, тілдік сананы тіл арқылы адамның әлеммен қатынастарын реттейтін тетігі деп қарастыруға болады.

Ю.Н. Карауловтың пікірі бойынша, тілдік тұлға құрылымының вербалды бөлігі тілдік сана аясына жатады және «нақты вербалды мағлұматтарды зерттей отырып, оның ауқымын, көрініс табу мен таралу жолдарын анықтауға болады» [8. 75]. Әрі тілдік сана әлеуметтілік ( жеке тәжірибенің әлеуметтікпен сәйкес келуі) сипатқа ие күрделі құрылымдық ұйым ретінде қарастырылады; диалогтық (басқаға бағытталған Мен, бұл бұқаралық коммуникация саласында адресат факторы аспектісінде маңызды); тарихи және мәдени шарттылық; креативтілік; дуалистік (тілдік және менталды, жеке және ұжымдық,

саналы және бейсаналық өзара сіңісу); адамға және оның ішкі әлеміне қатысты сыртқы тараптан анықталуы [9. 25].

Сананың негізі болып білім түрлері және сыртқы әлемді тану түрлерімен белгіленетін рефлексия немесе рефлексивті қызмет қарастырылады.

Тілдік сана тілді бейнелеудің бір тәсілі, тіл, сонымен қатар - жүйе, мәтіндер топтамасы, ассоциалық вербальді желі, себебі тілдің анықтауыш ретіндегі рөлі мынада: «бір тілде сөйлейтін адамдардың белгілі бір қауымдастығының танымдық тәжірибесін бейнелейтін сөздің мағынасы, ол адамға әлемде шартты бағытты табуға мүмкіндік береді» [10. 14].

Тілдік сана қоғамдық сана формасы. «Адам өз табиғатында қоғамдық, әлеуметтік жаратылыс, адамның адамшылығы қоғамда, адамзаттың жасаған мәдениет ортасында қалыптасады», олай болса, адамның санасы « шынайы өмірдің бейнесі, қоғамда өңдеуге ұшыраған тілдік мағына мен түсініктер кездеседі». В.В. Красныхтың пікірі бойынша, жеке адамның санасы тек қоғамдық [10. 17] сана болғанда ғана мүмкін жағдай, олар ментальді бейнелер мен әрекеттер түрінде кездеседі, мұнда сана субъектісі сол бейнелерді іске асыры отырады.

М.Н. Володинаның пікіріне сәйкес «қоршаған орта жайындағы өз көргендерін ерекше таңбалар жүйесі ретінде бекіте отырып, *адам тілді қоғамдағы шартты және тұжырымдамалық құралға айналдырады* ». Демек, нақты тіл - .... өзінше адамның, тілді қолданушының әлеуметтік дамуын реттейтін құрал» [11. 21] .

Тілдік сана - тілдік тұлғаның міндетті сипаттамасы болып есептелетіндіктен және тілді практика жүзінде білуіне негізделгендіктен, ол жанамалау түрінде «барлық нақты нәрсені, материалдық және мінсіз, шынайы нәрсе мен қиялдағыны» (яғни өмір шындығын) өңдеу арқылы бейнелейді деп санауға болады. Ол «ақпаратты қабылдау процесін бір мезгілде когнитивті өңдеуден өткізеді. ... Қандай да бір зат (дерек, оқиға) туралы ақпаратты қабылдай отырып, адам оны анықтайды, қандай да бір жолмен жіктейді және оны өзінде қалыптасқан әлем бейнесінің белгілі бір жеріне «орналастырады»» [11. 24]

Тілдік тұлғаның құрылымдық вариативтік компоненттері, көбіне, бұқаралық ақпарат құралдарына бағытталған белгілі бір топтың тілдік сана арқылы өмір шындығын бейнелеуінде өзіндік табиғаты мен тәсілдерін қолданумен байланысты, ең алдымен, аталмыш қауымның мүшелеріне ойлау әрекетіне қарай (саяси, ғылыми, тұрмыстық, таптық сана); сана субъектісіне қатыстығына қарай (әлеуметтік, қоғамдық, жеке, топтық); санаға негіз болатын басымдық қағидасына қарай (жаһандық, демократиялық, прогрессивті / озық, кертартпа) сананың қандай түрлері тән екенін атап кету керек.

Аталмыш зерттеудің аясында тілдік тұлғаны бұқаралық ақпарат құралдарында публицистикалық дискурс шеңберінде берілетін нақты

бір тіл өкілінің ұлттық дүниетанымында пайда болатын белгілі бір концептер тұрғысынан қарастыру қажет деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Виноградов В.В. О художественной прозе. М., 1930.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. М., 2006, С. 27.
3. Воробьев В.В. Языковая личность и национальная идея // Народное образование. № 5, 1998.
4. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки, № 1, 2001.
5. Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? М., 2003.
6. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы – Алматы, 2007. 432 б.
7. Караулов Ю.Н. Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – 263 с.
8. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... автореф: 10.02.02. – Алматы, 2009. 303 б.
9. Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Академия, 2001. 208 с.
10. Величковский Б.М. Современная когнитивная психология. М., 1983, с. 23.
11. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. М., 2004, с. 22.

### **5.13. Мультимедиялық технологиялардың қазақ тілін оқытудағы тиімділігі**

#### **Ляззат Бегалиевна Бегалиева**

ф.ғ.к., доцент. Алматы менеджмент университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### **Шолпан Кадировна Акимкожаева**

аға оқытушы. Алматы менеджмент университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### **Галия Алишевна Байтилеуова**

аға оқытушы. Алматы менеджмент университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

*В данной статье рассматриваются путь повышения качества национального образования посредством создания единой информационной образовательной среды на основе использования современных мультимедийных технологии.*

*In the article the ways of national education refinement is considered by means of unified informational learning environment on the basis of modern technologies usage.*

Елімізде соңғы кездері білім берудегі негізгі мақсат – бұл қазіргі мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, біртұтас біліми ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім санасын арттыру. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы қоғамның дамуының объективті заңдылығы оның индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға өтуін айқын көруге болады. Бүгінгі таңда әлемнің бірқатар елдерінде қоғамның әр мүшесі жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті шарттарды қамтамасыз ететін ақпараттық қоғам құруға ұмтылуда. Бұл ауқымды өзгерістердің негізі компьютерлік және ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың белсенді дамуы мен дамыған ақпараттық білімдік ортаның құрылуында болып отыр.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың барысында мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісіне енгізу – қазақ тілін жаңа тұрғыдан меңгерту болмақ. Тілді оқытуда әдістемелік тәсілдерді түрлендіруге және көбейтуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар айрықша орын алуында. Осы орайда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлі есту және көріп есту көрнекіліктерімен техникалық құралдарының көмегімен шынайы тілдесім жағдаяттарын құру, тіл үйренушілердің сөйлеу, ойлау қызметін белсенді етудің қызықты тәсілдері, тілдік және сөйлеу дағдыларын, дамытуға бағытталған жаттығулар, оқуға деген қызығушылығын арттыру, меңгертіліп жатқан тілдегі бай елтанушылық материалдар мен көркем әдебиетті, аутенттік мәтіндерді енгізу, топтағы әрбір тіл үйренушінің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндіктері сияқты артықшылықтарын тиімді пайдалану қажет.

Мультимедиялық технологиялар – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интербелсенді бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдердің бірі болғандықтан, оқыту үрдісін оңтайландыру, соның ішінде тілді оқыту жұмыстарын жандандыру тек бір күннің ісі ғана емес, үнемі жалғасын тауып, дамып отыратын әрекет. Қазіргі кезде ақпараттандыру саласы бойынша артта қалудың кез-келген елдің, қоғамның даму қарқынына кері әсерін тигізетінін білеміз. Кейінгі кезде ақпараттардың жаңа рөліне байланысты қоғамды ақпараттандыру үрдісі әлемдік ғылыми–техникалық прогрестің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

Адамзаттың жинаған ғылыми білімін, белгілі бір біліктер мен дағдыларды әрі қарай маңызды міндеттер мен функцияларды атқару үшін меңгерту үрдісі білім беру ісі арқылы қамтамасыз етіледі. Ақпараттар компьютерлік жүйелердің қызмет етуін жүзеге асырады, компьютерлік жүйелер арқылы өңделген ақпарат адамға қайта оралып, одан жаңа білімнің алынуына ықпал жасайды. Қоғамды ақпараттандыру

үрдісінің даму жағдайында білім берудің рөлі де күшейе түседі. Білім берудің әлеуметтік және экономикалық қызметтері қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымын қалыптастырудан тұрады.

Білім беру – адамның өмір сүруінің объективті қажеттілігі. Қоғамдағы адамзат өркениетінің барлық тарихи эволюциялық даму кезеңдерінде білім беру тұлғаны, эстетикалық дүниетанымын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін, адамдық рухани келбетін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан әлемнің бірқатар елдерінде болып жатқан ақпараттық қоғамға көшу үрдісі қазіргі заманғы күрделі де ауқымды мәселенің бірі болып саналады. Ақпараттық қоғамда болып жатқан көптеген өзгерістер, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді дамуы, ұлттық білім беру жүйесіндегі тоқырау тілдерді оқыту мәселелерін де қайта қарастыруды талап етеді. Осыған орай тілдерді ақпараттандыру мәселесі ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырыла басталды.

Шетелдік және отандық тәжірибелер компьютердің осы бағытта тиімді құрал бола алатындығын көрсетіп отыр, дегенмен компьютердің оқыту үрдісін оңтайлы етудегі барлық мүмкіндіктері зерттеліп, толық жүйеленіп болмаған. Шетел ғалымдары мультимедиаға атап айтқанда, төмендегідей түсініктер беріп отыр.

Мультимедия – әртүрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология (D. Little) [1] деп берсе, екіншісінде мультимедия – екі не одан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру (Д.Х. Жонассен) (D.H. Jonassen) [2] жағын қарастырған, үшінші берілген анықтамада мультимедия – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің ақпараттық және бағдарламалық құралдарының кешені (И.И. Косенко) [3] екенін көрсетеді. Дегенмен, бұл бағытта жүргізілген ғылыми–әдістемелік зерттеулерде электрондық оқу басылымдарының бірнеше түрлері айтылып жүр. Солардың негізгілеріне тоқталып өтсек, «Информатика және компьютерлік техника» деп аталатын қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мультимедия ұғымына мынадай түсіндірме берілген: «мультимедия компьютерде дыбысты, ақпаратты тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология». Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді, мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Мәтін түрлі–түсті графика, дыбыс, сөз бен кескін синтезін жасап, ақпараттың өте көлемді мөлшерін жадында сақтап, диалогтік түрде жұмыс істейді. Мультимедия элементтерімен еркін интербелсенді түрде қазақ тілінде қарым-қатынас құруға, дыбыспен сүйемелденетін бейнекөріністерді компьютер экранында көрсетуге, тілдік құрылыммен танысуға, аудиомәтіндерді тыңдап түсінуге толық мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мультимедиялық бағдарламалар сөйлейтін энциклопедиядан бастап, бейнеклиптік мәліметтер базасын жасау жұмыстарына негіз бола



отырып, тіл үйренушілерге қажетті ақпараттық материалдармен толық қамти алады. Мультимедия технологиялары кешенді болғандықтан, бұл технологиялардың жекеленген элементтері өз бетімен терминдермен белгілене бастады, мұндағы «мультимедия» сөзі бастауыш ретінде қолданылады: мультимедия – процестер, мультимедия – жүйелер, мультимедия бағдарламалар, мультимедия – өнімдер, мультимедия – қызметтер.

Мультимедиялық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекетерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Ал, білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интербелсенді формада ұсынатын, дидактикалық ақпараттық-бағдарламалық құрал болып табылады.

Мультимедияның бағдарламалық құралдары – интербелсенді режимде әртүрлі типті ақпараттарды дайындау, өңдеу, ұсыну, жүйелеу, біріктіру, талдау, салыстыру, реттеу секілді іс-әрекеттерді жүзеге асыруға әрі заман талабына сай тіл үйренушіге сапалы білім беруде электрондық оқу құралдарын оқу үрдісінде пайдалану оқытушылардың білім беру ұстанымын қалыптастыруға, жинақтаған әдістемелерін түрлендіруге, тіл үйренушілермен кері байланыс жасауға және жаһандық білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Тілді меңгеруге арналып жасалатын компьютерлік оқу бағдарламалары меңгертілетін тілдің типіне, жүйесіне, құрылымына және оқу курсының мақсаты мен қазақ тілін оқытудың озық әдістемелеріне сай келуі тиіс деп есептейміз. Компьютерлік оқу бағдарламаларының тілдік мәліметтердің көлемді қоры, әрқилы түрдегі және типтегі тілдік ақпарат, тілдік әрекет түрлерін қарқынды ету – бұл технологиялар меңгертіп жатқан тілде вербалды және бейвербалды тілдесімге үйретеді әрі тілдік коммуникацияны имитациялауды, ақпараттық мәліметтерді жан-жақты түсіндіру мен көрнекі түрде ұсынуды толық және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Түрлі оқу жағдаяттары немесе кейстер арқылы қалыптастырылған дағдылар әрі қарай нақты тілдесімдік жағдаяттарға сабақтаса келіп, тіл үйренушілердің ынтасын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Мультимедиялық технологияларды оқытуда пайдаланудың теориялық және практикалық аспектілерін Ю.Н. Егорова [4], дидактикалық аспектілерін Н.В. Клемешова, тұжырымдамалық аспектілерін О.Г. Смолянинова, орта мектептің информатика, математика пәндерін оқытуда мультимедияны пайдалану әдістемесін С.С. Кравцов, Т.Г. Пискунова, жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын дамытудағы мультимедияның мүмкіндіктерін Д.Э. Френки, студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде мультимедиялық технологияларды пайдалану даярлығын

қалыптастыру мәселелерін О.Г. Смолянинова, О.В. Лобач, А.И. Гридюшко, Е.Я. Шипнягова, жоғары оқу орындары оқытушыларының оқу-әдістемелік іс-әрекетінде мультимедианы пайдалану әдістемесін Т.Ю. Волошинова, В.Г. Казаков, мультимедиалық оқыту кешендерін бағдарламалық жабдықтау жолдарын И.В. Голубятников сияқты ғалымдар өз еңбектерінде терең зерттеген.

Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Демек, оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, онан әрі зерттеу маңыздырақ екенін уақыттың өзі көрсетуде. Бүгінгі таңда мультимедия графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппараттық-бағдарламалық құралға айналды. Мультимедиалық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы болғандықтан, білім берудегі мультимедия – біріншіден, таным үдерісінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интербелсенді формада ұсынатын дидактикалық аппараттық-бағдарламалық құрал бола алады. Тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, сабақ барысында мультимедияның бағдарламалық құралдарын кез келген типті ақпаратты интербелсенді режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары ретінде пайдалануымызға болады. Сонымен қатар мультимедиялық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпараттық өнімдерді тиімді пайдалансақ, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын арттыруға бірден бір жағдай жасаймыз. Қазіргі таңда мультимедияның дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік), динамикалық (анимациялық, бейнелік) және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. Сол себепті, мультимедиялық технологияларды пайдалану негізінде жүргізілетін оқыту әдісі оқытудың теориясы мен технологиясын бір-бірімен байланыстырып отыруды үнемі қажет етеді.

Әрбір оқытушы өзінің педагогикалық қызметін жоғары деңгейде көрсетуі үшін мультимедиалық технологияларды пайдалана білуімен қатар, сол аталған технологияларды тікелей оқыту процесінде қолданудың қажеттіліктерін анықтай білуі керек. Бірінші қажеттілік – дәстүрлі оқыту әдісінде тәжірибелік дәлелдеулері жүзеге асырылуы мүмкін емес заңдылықтар мен теорияларды, ұғымдарды, макро және

микроәлем жөніндегі түсініктерді, пәнаралық байланыс сипатындағы күрделі оқу материалдарын оқыту үшін тіл үйренушілер, соның ішінде студенттер мен оқушыларда қажетті білім жүйесінің болуы шарт. Екінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда репродуктивті дағдының қалыптасуы. Мұндай қажеттілік оқу экспериментін жобалау, оқу мазмұнына қатысты мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, жіктеу, талдау секілді іс-әрекеттер кезінде байқалады. Үшінші қажеттілік – студенттерде, тіл үйренушілерде шығармашалық (креативтілік) дағдының қалыптасуы. Бұл қажеттілік күрделі есептерді шешу, зертханалық эксперименттерді жүргізу, объектіні модельдеу, қандай да бір процестің өтуіне әсер етуші факторларды анықтау кезінде байқалады. Төртінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда белгілі бір тұлғалық сапаның қалыптасуы. Бұл қажеттілік әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы жас жеткіншектерді адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу кезінде айқын көрініс береді. Жастарда тұлғалық сапаның болуы оның қоғам алдында жауапкершілігін күшейтеді.

Білім беруде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – ақпарат берудің сөздік-логикалық және көрнекілік тәсілдерінің үйлесуі, яғни, оқытушының сөзбен түсіндіруінің сәйкесті көрнекі құралдармен бекітілуі қашанда қолданыста болғаны бәрімізге анық, дегенмен, мультимедиялық кешенді бағдарламаларды ұтымды пайдаланудың қажеттілігіне көзіміз жетуде.

Көптеген зерттеушілердік айтулары бойынша, үздіксіз монотонды әңгіме тыңдап отырған адамның назары тітіркендіргіштің біркелкілігінен сөйлеушінің даусынан 20 минуттан кейін-ақ басқа жаққа ауа бастайды екен. Егер, әңгіме қандай да бір объектілерді көрсетумен қатар жүрсе, естумен қатар көру анализаторы да жұмыс жасайды. Адамның көз алдына көрнекі образдың пайда болуы ұсынылған материалды толықтай меңгеруге септігін тигізеді. Көрнекілік әдіс «жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген нақылдың бекер айтылмағандығын айқындайды. Мультимедияны пайдаланудың артықшылығы мынада: мысалы, кескін немесе сурет – адамның ой-санасында белгілі бір бейнені, ұғым-түсінікті қалыптастыруға, мәтін және дыбыс қозғалыстағы бейнелік әрекетті онан әрі дамыту негізінде образдың ішкі болмысын аша түсуге, эмоционалдық көңіл-күйдің көтерілуіне әсер етеді.

Қорыта айтқанда, шетелдік және отандық әдістемелік, педагогикалық тәжірибелер көрсеткендей, компьютерді қазақ тілін оқытуда қолдану тіл үйренушілердің тілді үйренуге деген қызығушылығын, құштарлығын арттыра отырып, психологиялық және танымдық жағынан ерекше жағдай туғызады. Оқытуда компьютерді қолдану дидактиканың негізгі қағидаларын кешенді түрде іске асыру үшін өте қолайлы деп санаймыз. Бұның өзі экрандағы сөздердің қимыл-қозғалысы, түрлі-түсті графикалық бейнелер, тіл үйренушінің белсенділігі, жоғары мотивациялық қызығушылығы, саналы түрде, өз

бетінше еш кедергісіз еркін жұмыс істеуінің өзі оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуына жағымды әсер ететінін көрсетеді. Қазақ тілін оқытуда үйреніп жатқан тілдің фонетикасын, интонациясы мен әуезділігін, ырғағын, т.б. дыбыстық ерекшеліктерін меңгертуде мультимедиялық бағдарламамен оқыту өте ыңғайлы әрі тиімді болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Little D. Interactive video and the control of learning. Educational technology. 1991. P. 7-15.
2. Jonassen D.H. Computer in the classroom. Englewood cliffs: Prentice Hall. 1996.
3. Косенко И.И. Изучение мультимедиа в процессе подготовки учителя информатики: дисс. канд. пед. наук. - Москва, 1999, - 119 с.
4. Егорова Ю.Н. Теоретические и практические аспекты мультимедиа-технологий: монография. - Ч.: НАНИ ЧР, 2000. - 189 с.

#### **5.14. Мәдениетаралық қатысым шеттілдік білім берудің нәтижесі**

##### **Гульмайра Абеновна Болтаева**

педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы  
Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті шетел тілдері кафедрасы  
(Алматы, Қазақстан)

##### **Жанат Сабыровна Тулябаева**

аға оқытушы. Академия «Кайнар»  
(Алматы, Қазақстан)

XX-ғасырдың соңы тілді меңгеру сапасына қойылған әлеуметтік талаптарға жауап бере алатын ұтымды әдістемені іздеу тұйыққа тірелу дегенді көрсетпейді. Бұл бүгінгі әлеуметтік тарихи жағдайлармен негізделген шетел тілін оқыту әдістемесінің алға дамуын көрсетеді. Өткен ғасырдың 90- жылдарында тілді мәдениетаралық қатысым құралы ретінде оқытуды талап ету, қатысымдық әдістеменің қалыптасып болмастан жаңа әдіске орын беруі, әдістеме эволюциясында мәдениетаралық қатысымдық кезеңнің басталуына себепкер болды. Шетел тілін оқыту әдістемесінің даму тарихы қалыптасқан объективтік жағдайлардың жаңа әдістемелік теориялары мен мүмкіндіктерін дамуына түрткі болғанын көрсетеді; оқыту практикасы оқытушылардың шығармашылықтары мен жаңаша ізденулері олардың ғылыми негіздемесін басып озатынын көрсетеді.

Осылайша, ғасырлар тоғысында шетел тілін оқыту сапасына деген әлеуметтік сұраныс білімінің ұсынылып отырған сапасынан асып түсті. Халықаралық ынтымқастықтың шетел тілін әлеуметтік маңыздылығының артуы, миграциясының күшеюі шетел тілін оқыту

үрдісінің дамуына түрткі болды. Қарым қатынасқа түсуші әріптестердің әлеуметтік – рухани және ұлтық ерекшеліктердің мәнін білудің маңызды екеніне дау жоқ, осы этнос мәдениетіндегі қайталанбас ерекшеліктердің тіл өкілінің сөзінде бейнеленуі тілді мәдениетаралық қарым қатынас құралы ретінде қолдануы мүмкіндік береді және ол мәдениет өкілдері мен қоғамның бірін - бірі түсінуінің алғышарттары болып табылады. Бұдан шығатын нәрсе, тілге, тілдің мағаналық мазмұнына үйрету керек деген пікірмен келіспеуге болмайды, тіл мәдениетті толық түрде көрсететін бірден – бір құбылыс. Тілдер мен мәдениеттер арасында қаншалықты айырмашылық болса, шетел тілін қарым – қатынас құралы ретінде меңгеру соншалықты күрделі екені аян. Өртүрлі мәдени – тарихи бірліктерге тән болудың әсері оқыту ерекшеліктерін де анықтайды, сондай - ақ ол шетелдік ғылым мен тәжірибеде жаңа әдістемелік бағыттық кескініне ие болып отырған, сонғы уақытта өз үстемдігін ала бастаған шетел тілін оқытудағы мәдениетаралық әдіс деп аталатын дидактикалық тұғырнаманы тандауда да өз септігін тигізеді [1, 49 б.].

Жоғарыда аталған ғылым – дидактикалық мүдделермен бірге қоғам мен мәдениеттің өзара қарым - қатынасы соңғы жүзжылдықта философиялық, тарихи – мәдениеттанушылық, әлеуметтік және этнолингвистикалық, антропологиялық тіл білімі және т.б ғылымдар саласының назарында болды. Олар ұсынған талдаулар біркелкі емес онда шешімін таппаған мәселелер көп, әсіресе мәдениетаралық қатысым аспектінің қолданбалы саласында өз шешімін күтетін сұрақтар бар. «Қарым - қатынас» ұғымы онтогонезінде тарихи тұрғыдан мәдениетаралық қатысым теориясында мәдениетаралық қарым – қатынас құралы ретінде өзінің ғылыми интерпретациялық анықтамасына кеш қол жеткізді, өйткені мәдениетаралық қатысым теориясы дербес ғылыми сала ретінде Америкада ХХ – ғасырдың ортасында ғана көрсетіле бастады. «Мәдениетаралық қатысым» деп аталатын білім аспектісінің пайда болуы мемлекеттер арасындағы байланыстың артуына, көші - қон қатарының ұлғаюына байланысты әлеуметтік - тарихи тұрғыдан негізделеді. Аталған пәннің бүгінгі күннің жағдайына байланысты зерттеушілер келесідей факторларды атап көрсетеді:

- әлеуметтік байланыстар және түрлі мәдени өкілдер мен кең қарым қатынастың қажеттігі;
- антропологиялық зерттеулердегі жинақталған бай ғылыми негіздер, тіл мен мәдениеттің, тұлға мен мәдениеттің қарым қатынас теорияларындағы мәліметтер;
- негіздердің концептуалдық – теориялық тұрғыдан дайындығы және аталған пәннің пәндік - мазмұндық шегі (ХХ ғ.,40-50-ж) - мәдениетаралық қарым қатынасты өзінің зерттеу пәні мен әдістерінің негізі бар қалыптасқан пән деп тану (ХХ – 90жылдарынан осы күнге дейін)

- «қарым қатынас» пен «мәдениетті» біріктірудің өзі мәдениет мен қатысымды байланыстыра отырып зерттеуді терендетудің бимәдени қатысымдық үрдістерді ізденудің қажеттігін көрсетті [2, 25 б].

Мәдениетаралық зерттеулердің әлеуметтік – тарихи аспектілері этностар мен халықтар қатысуымен зерттеу әдісі ретінде осы ғылыми саланың психологиялық және мәдени тұрғыдан бейімделуін психоәлеуметтік - мәдени мәселерін алға тартады. Тілдік санаға тән этномәдени ерекшеліктерді зерттеу және олардың ұлтық - мәдени ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеу отандық психолінгвистикадағы басты бағыт болды. Бұл салада мәдениетаралық қарым - қатынасты менгерудегі психолінгвистикалық әдістің концептуалды теориясы жасалды. Е.Ф. Тарасовтың мәдениетаралық қарым – қатынас теориясы сана теориясының жаңа онтологиясы ретінде деген ұсынысы қалады [3, 51 б]. Осы теорияға сәйкес мәдениетаралық қарым қатынас 1) тілдік қарым – қатынас теориясының дербес құрамдас бөліктері бола отырып; 2) тілдік саламен бірлікте зерттелді; 3) мәдениетаралық қарым - қатынаста қатысымдық акт өзара біріккен әрекеттегі тұлғалардың белсенділік үрдісінде менталдық білім бейнесі ретінде сипатқа ие болады; 4) ал, зерттеу нысаны ұлттық мәдениетке тән жағдайлар мен оның сапалы жағы және мәдениет өкілдері ерекшеліктерінің бейнесі болып табылады.

XX-ғасырдың соңғы жылында қарым – қатынасты әлемдік деңгейде көтеру нәтижесі білім беруде де маңызды сипатқа ие болды. 70- жылдары, әсіресе шетелдік ғылым дәстүрінде мәдениетаралық қатысым мәселелері әлеуметтік мәдениеттану салаларында өзекті болып табылады.

«Мәдениетаралық қатысымның» ұғым ретінде ғылыми теориялық қолданбалы саласы жоқ, оның көп қырлылығы мен аралас ғылымдармен байланыстылығы бүгінгі оның бір ғана классификациясының барлығын көрсетеді, ол қатысым мен мәдениетті зерттеудегі амалдардың типологиясы.

- дәстүрлі әдіс – мәдениетаралық қатысымды зерттейтін әлеуметтік ғылым;

- интерпретативтік әдіс – талдаудың сапалы әдісі бар зерттеудің этнографиялық негіздері;

- мәдениетаралық қатысымның дамуына әсер ететін компоненттер(тарих, мәнмәтін ролі, қалыптасу хронологиясы, коммуниканттардың көзқарастары);

- диалектикалық әдіс – ғылымның өзара байланысты аспектілерінің дамуын диалектикалық тұрғыдан қарастыру болып табылады.

Мәдениетаралық қатысым теориясы шеттілдік білім берудің қазіргі парадигмасын жүзеге асырушы концептуалды практикалық тұғырнама ретінде когнитивтік – лингвомәдени әдіснамаға негізделеді, түрлі кәсіби шынайы жағдаяттарда мәдениетаралық қатысымды қамтамасыз ете

алатын мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыратын әдіснамалық теория сипатына ие болады [4, 58 б.].

Мәдениетаралық қатысымдық қабілеттердің компоненттік векторы мәдениетаралық қатысым субъектінің мәдениетаралық – қатысымдық әрекетіндегі құрылымының негізгі өзегі болып табылады, ол тұлғаның білім, іскерлік үлгісінің компоненттік үлгісіне ауысуын қамтамасыз етеді.

Мәдениетаралық қатысымдық компетенциясы жеткілікті деңгейде қалыптасқан мәдениет диалогының шарттарына лайықты мәдениетаралық қатысымдық мінез құлығы бар бимәдени тұлға секілді «мәдениетаралық қатысымның субъектін» дайындауға бағдарланған қазіргі қоғамның тапсырысы бойынша дәстүрлі түрде социализациялаушы негізі – болашақ «мәдениетаралық қатысымның субъектісінің» мәдениеті мен тұлғасы болып табылады, оның деңгейін шеттілдік білім беру деңгейіне дейін кеңейтіп соған сәйкес шетел тілі пәндік нысандық саланы шетел тілінің пәндік саласының оқыту шеңберінен базалық категория ретінде біртұтас кешен « басқа тіл - басқа мәдениет - тұлға» жеткізетін «лингвомәдениет» деңгейіне шығу қажеттігін негіздейді.

Шетел тілін оқыту әдістемесі лингвистердің тілді оқшауланған жүйе ретінде емес адам қарым - қатынасының құралы ретінде қарастыруына негізделеді. Білім беру мақсаттары сөз әрекеттерінің процессуалдық - әрекеттік қабілетіне өзгеріп жатса да, репродуктивтік сөзде және берілген тілдік актілерде қолданылатын тілдік дағдылар қол жеткізілген нәтижелер ретіндесипатталады.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында халықаралық байланыстардың артуына байланысты шетел тілінің практикалық тұрғыдан шынайы менгеру туралы туындаған әлеуметтік сұранысы шетел тілін оқытуда белсенді қатысымдылыққа бағдарланған әдіс – тәсілдерді іздеу қажеттігін көрсетті. Лингводидакттер атап көрсеткендей шетел тілін өткен ғасырдың 80-жылдарында–ақ көпкомпоненттік құрылым ретінде танылды. Шетел тілін менгеру нысаны ретінде келесідей компетенциялар қатары ұсынылалы: лингвистикалық, қатысымдық этномәдени лингвоелтанымдық және т.б. Ол әдістеме алдында өзекті мәселені қоя білді, яғни қатысымдық деген ұғымды көрсететін оқыту мазмұнының біртұтастығын және біртектілігін, оның құрамдас бөліктерінің дискреттілігін жеңе білу, оқыту мазмұны мен оқыту бірлігіне сәйкес ұғымдарды анықтау қажет болды.

Шетел тілін менгеру деңгейінде қатысымдық нәтижені қамтамасыз етудің әлеуметтік тұрғыдан қажеттігі, шетел тілінің тілдік қарым - қатынас құралы ретінде мақсаттық міндетін ұғыну және негізгі функцияларын нысан ретінде қалыптастыру өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы зерттеудегі тілдік қарым – қатынастың психологиялық – дидактикалық негізін вербалдық қарым – қатынастың функционалды – әрекеттік құрылымдық үрдістерін, ойлау – сөйлеу және ақпараттардың қатысым үрдісінде функционалды – кодталу тұрғыда тасымалдануын,

қайта өңделуін және т.б жеделдетілген түрде жасауға алып келеді. Вербалды қатысымның кешендік құрылымдық мәні оның жүйелі – функционалдық тұрғыдан зерттелуін және шетел тілін оқыту әдістемесі үшін төмендегідей екі бағытта сипатталуын талап етеді:

- вербалдық қарым – қатынастың функционалдық реализациялық регистрі;

- қарым қатынас құралы ретінде тіл функциясының ойлау – сөйлеу үрдістерін дәлелдейтін когнитивті механизмдер.

Әрекет ұғымын тілдік қарым – қатынас туралы теориялық түсінікке енгізу тілдік қарым - қатынастың функционалды үлгісінің пайда болу бағытында дамыды, ол шынайы қатысым жағдаятында сөздің қалыптасуы мен оның функциясының заңдылықтарын ескеретін психолингвистиканың үшінші даму кезеңі (Дж. Серл, Д. Вундерлих және т.б) деп аталатын сөз әрекетінің отандық теориясында бастау алады.

Мәдениет әр аталған қызметі адам тұлғасы мен қоғамға біртұтас әсер етеді. Мәселен танымдық қызмет әр түрлі білім көмегімен әлемнің толық суретін болжауға мүмкіндік береді. Ақпараттық қызмет бір халық ішінде, де, ұлттар арасында да ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибесін жеткізуді іске асырады. [5, 112 б.] Мәдениеттің ақпараттық қызметімен тікелей байланысты коммуникативтік қызмет көмегімен өз елінде басқа адамдар мен басқа ел өкілдерімен қарым-қатынас жасай алады. Мәдениеттің тағы бір қызметі реттеуіштік. Ол адам қызметінің барлық түрінің талаптар мен ережелер жүйесін орнату міндеттерін шешеді. Қоғам тапсырыс берген тұлға үлгісін қалыптастыратын мәдениеттің негізгі қызметі гуманистік қызметі болып табылады. Аталған қызмет тұлғаның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі жүзеге асыру тәжірибесін қалыптастыру басты орын алатын шет тілін оқытудың тұлғалық - бағытталған тәсілмен үндеседі. Көрсетілген қызметтер адам іс-әрекетінің әр алуан аумағы мен жағдайларында жүзеге асып жатады, сол кезде мәдениеттің осы қызметтеріне тұлғаның белгілі бір қатынасы көрініс табады. Мәдениет қызметі аумақтарын белгілеудің шет тілін оқыту мазмұны туралы мәселені шешуге және де осы мазмұнды құрайтын компоненттердің бөлшектердің сапалық сипаттамасына тікелей қатынасы бар.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2011. – 323 б.

2. Привалова И.В. Разнообразие подходов в развитии теоретических основ межкультурного общения. Вестник МГУ. Сер.19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2004. – № 3.

3. Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания. Этнокультурная специфика языкового сознания. – Москва, 1996.



4. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы.

5. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. - Алматы: Раритет, 2005. - 412 б.

### **5.15. Қазақтың тұңғыш «Ақан–Зайра» операсының шығарылу үрдісі: алыптардың шығармашылық қызметтестігі**

#### **Ақлима Қайырденқызы Омарова**

өнертану ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры (Алматы қ., Қазақстан)

1936 жылы (алты ай арақашықтықты сала) баспасөз беттерінде, ішінара «Казахстанская правда» газетінде «Қазақтың тұңғыш операсы» деген атпен мақала жарияланған болатын [1]. Бұл мақалаларда екі бөлек опералардың туындау барысындағы қызу жұмыстың жүргізілуі туралы ой айтылған. Режиссер және композитор – Қ. Жандарбеков пен Брусиловскийдің жариялымы, «Ер Тарғын» қойылымының алданда (15 қаңтар 1937 ж.) алғашқы көрсетілімді құлақтандыру масатында жазылған; бұл спектакль өнертану әдебиеттерінде егжей-тегжейлі көрініс тапқан. Ал, либретто авторларының бірі С. Мұқанов бастамасының ұсыныстары соңына дейін жүзеге асырылмады, оның үстіне жылдар өткен сайын «ұмытылып» та кеткендей болды. Оған қосатынымыз, алғашында екі жоба да «Қыз Жібек» танымалдылық алған кезде (еске түсірсек: бұл музыкалық драманың алғашқы көрсетілімі 1934 жылы 7 қарашада өткен) және мәскеулік декадамен қисынды байланыста қабылданған (1936 жыл) еді.

*...«1936 жыл. Майдың 17 күні Үлкен театрда Қазақ өнерінің онкүндігі ашылып, сахнада “Қыз Жібек” операсы жүріп жатқан. Алдыңғы орындардың бірінде менімен қатар советтік музыка тану ғылымының алыбының бірі, академик Б.В. Асафьев отырды. Ол аса бір назармен спектакльді қарап отыр. Қасындағыларға үн қатпайды. Қазақ халқының өнерін, оның ішінде “Қыз Жібек” сияқты лиро-эпостың шынайы үлгісі бойынша жазылған музыкалы пьесаны бірінші рет көріп отырған болу керек. Құлағы өткір адам қазақтың не бір семіз-семіз әндерін тыңдап, қаластырған мозаикалық музыка суретін, бір нотасын қалт жібермей қарап-тыңдап отыр» [2].*

Ақпараттар шегінде, бұл үзінді қазіргі заман тәжірибесінде өзектілігін жоғалтпаған. Ең алдымен, белсенді сілтеме жасалатын Б.В. Асафьевтің қазақ музыкасы туралы мақалаларына және көпшілік біле бермейтін оның А.В. Затаевичке жазған хаттарына қатысты болады [4]. Фактологиялық материалдың контекстінде олардың ғылыми арнаға тартылғаны қосымша мазмұнды ашып, дәлелдеме ретінде ұғынылады, себебі мәртебелі ғалымның жанама сипаттама ретінде

айрықша назар аударылған реакциясы (келешекте мәтін және ілікпе сөз бойынша) немесе халықтық-кәсіби дәстүрлі орындаушылыққа тереңнен әсері ғана емес, оның үстіне беделді музыкатанушының нақтылы шығармашылық кезеңдегі баспасөз қызметі Қазақстан мәдениетімен соңғы және басты «кездесуі» ғана емес екендігін көрсетеді.

Нұсқалған үрдіске басқада сілтеме жасап өтейік<sup>2</sup>:

<p>«Спектакли театра вызвали восторженные отзывы А.Н. Толстого, Б.В. Асафьева и многих других крупных деятелей литературы и искусства. Б.В. Асафьев выразил желание написать казахскую оперу. Либретто будущей оперы уже было написано, но болезнь помешала композитору осуществить свое намерение» (Е.Г. Брусиловский, 1964)</p>	<p>«Театр спектаклдері А.Н. Толстой, Б.В. Асафьев және басқа да әдебиет және өнердің ірі өкілдерінің таңқаларлық пікірін айтқызды. Б.В. Асафьевтің қазақ операсын жазуға құштарлығын оятты. Келешек операның либреттосы жазылып біткен еді, бірақ композитор дертінің салдарынан ниеті жүзеге аспады» (Е.Г. Брусиловский, 1964).</p>
<p>«Сборник “1000 песен”, названный А. Римским-Корсаковым “громким гимном русской революции”, имел необыкновенный успех. До сих пор не сосчитано, сколько записей этого сборника сейчас же было пущено в обиход концертной и педагогической музыки. Более того, Б.В. Асафьев намеревался на основе записей Затаевича писать оперу. Известно его письмо, где о будущей опере упоминается как о деле решенном, безусловном, имеющем свершиться в скором будущем» (В.П. Дернова, 1983).</p>	<p>А. Римский-Корсаков «орыс төңкерісін жаңғыртқан гимн» деп айтқандай, «1000 ән» жинағы үлкен жетістікке жетті. Әлі күнге дейін, бұл жинақ жазбаларының концерттік және педагогикалық музыка қолданысына енгізілмегенін санап бола алмай жатырмын. Оның үстіне, Б.В. Асафьев Затаевичтің жазбаларының негізінде опера жазуды ниеттенген. Келешек опера туралы, сөзсіз шешілген жұмыс ретінде жақын арада орындалатыны ескертілген хат белгілі. (В.П. Дернова, 1983)<sup>3</sup>.</p>

Ұлттық мәдениеттің жетекші өкілдерінің жеке инициативасымен, «ақпараттық қолдау» сапасымен қатар сол кезеңде ұйымдастыру шараларының әрекет деңгейі тиісті бағасын алмай, сол сияқты жоспарланған басқаларының қатарында, бірақ жүзеге асырылмаған немесе шындыққа келгенде жүзеге аспағанның арасында бұл бастама жоғалтып алу қиынға түспейді.<sup>4</sup>

Бірақ Б.В. Асафьев-композитордың Қазақтанның жазушы-либреттистерімен қызметтестігі туралы сақталған және қолжетімді құжаттардың және куәліктер (тек жанама ғана емес) ауқымы мақсаттың

<sup>2</sup> Мақала қазақ тілінде болғандықтан орыс тіліндегі дәйексөздерді қазақ тіліне аудармасымен бірге келтірдік.

<sup>3</sup> Екі дәйексөз – баспасөз беттерінің ұстамымен жазылған: «Простор» журналы мен «Ленинская смена» газетінен. Екі жағдайда да ақпараттар көпшілік оқырманға бағдарлана нақтылы тарихи дистанцияда берілген.

<sup>4</sup> Мысалы, мәліметтер бойынша, баспасөздегі көп тиражирдылығы, «Абай» операсы бойынша жұмыс істеуге (либреттосын жазған М.Әуезов) РФСКР еңбек сіңірген өнер қайраткері, Кеңес Одағының ірі композиторларының бірі орденді профессор М.Штейнберг шақырылған. [...] «Ақ көл» операсының жазылуын (либреттосын жазған Ә.Тажібаев) біліктілігі жоғары көрнекті ленинградтық композиторларының бірі орденді-композитор Олеся Чишкоға тапсырған. [...] Д.Шостакович пен [...] И.Держинский екеуінің арасындағы жұмыс туралы қазақ театры үшін келесім-шарт болған». (Е.Брусиловский, 1941) [5].

шығайы уақиғасын және олардың маңызына сәйкес талдау үшін қалпына келтіруге жеткілікті. Бірақ арнайы мамандандырылған басылымдарда және ғылыми-зерттеу еңбектерде бұл деректер аталып та өтпеген.<sup>5</sup>

Істі жүргізуге қосылған тұлғалардың беделі, онжылдықтар арасында жоғары кәсіби белсенділігі, олардың тұлғасына және мұрасына зерттеушілердің қызығушылығының тұрақтылығы, олардың шығармашылығын бағалауда тенденциялық орын алған, жоспарланған түпкі ой төңірегіндегі жағдайды өзіндік астарлы мағынасымен қабылдануы қосымша негіздеме берді. Олардың кейбір тұстарын белгілеп көрейік.

Келешек операның либретто авторларының қатарында С. Мұқановпен бірге М. Әуезов болды. Оның 20-томдық шығармалар жинағында пьесаның қазақ тіліндегі прозаикалық мәтіні мазмұндалған, жаңасында, яғни 50-томдықта – ол орыс тіліндегі аудармамен сондай-ақ екі тілдегі поэтикалық мәтіндермен толықтырылған [7]. Бұл ретте, әртүрлі аттарының сақталғаны аңғарылады.

Қосымша деректерді пайдаланған сайын олардың саны күшейюде. Негізгі нұсқаларды атап өтейік (шартты, қолданыстағы, бұрмаланған):

«Ақан сері»	«Певцы степи»
«Дала дастаны»	«Степные были» или «Песни степи»
«Ақан – Зәйра»	«Ахан и Зейра»
«Ақан мен Зайра»	«Ахан и Заира».

Бұл шығарма туралы газета жарияланымдарының хронологиялық тізімдік құрылымы мынадай:

- *Затаевич А.В.* [«Қазақ музыкасы жайында»]<sup>6</sup> (9 ноябрь 1935 г.);
- [«Музыка театрының өсу жолы туралы»] (9 декабрь 1935 г.);
- «Певцы степи» (15 декабрь 1935 г.);
- «Работа над созданием казахской оперы» (18 январь 1936 г.);
- «Певцы степи» (9 апрель 1936 г.);
- «“Ахан и Заира”. Композитор Б.В. Асафьев о своей работе над казахской оперой» (10 апрель 1936 г.);
- *Муканов С.* «Первая казахская опера» (12 апрель 1936 г.);
- «Певцы степи». «Ахан и Зейра». 1 акт. (перевод Вс. Рождественского) (12 апрель 1936 г.);
- «Ақан мен Зайра» (12 апрель 1936 г.);
- «Асафьев жолдас “Ақан мен Зайра” туралы» (12 апрель 1936 г.);<sup>7</sup>

<sup>5</sup> Бұл ретте осы опера либреттосының шығармашылық тарихына қатысты бірін-саран мақалаларды белгілеуге болады [6].

<sup>6</sup> Жариялымның аты жақшаға берілді, келешек операның аталып өткені ғана мазмұндалған.

<sup>7</sup> Қазақ тіліндегі осы және алдындағы мақала (авторы көрсетілмеген) орыс тілінен аударма емес: мұнда өзіне тән сипаттамалар кездеседі.

- Әуезов М. [«Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры»] (5 мая 1936 г.);
- Әуезов М., Мұқанов С. «Ақан – Зайра» (17 мая 1936 г.).

Оған келесі еңбектер қосылады:

- Ауэзов М. «Музыка Казахстана» (21 мая 1936 г.);
- Асафьев Б. «Музыка Казахстана» (27 мая 1936 г.);
- Асафьев Б. «Қазақстанның музыкасы» (10 июня 1936 г.).<sup>8</sup>

Мәтіндерді салыстырып қарастырғанда тұңғыш операны шығару жоспарының мерзімі және нақтылы атқарылған жұмыс кезеңі анықталады. Жарияланған материалдар арасынан осыған сәйкес үзінділерді келтірейік (мерзімді көрсетіп):

9 қараша 1936 ж.: «Оның үстіне Ленинградтағы атақты көркем өнер шебері Б.В. Асафьевке қазақ тұрмысына арнап музыка жазуға Қазақстан оқу комиссариаты заказ беріп отыр»;

15.12 .1935	«Либретто оперы написал драматург Мухтар Ауэзов. [...] Сабит Муканов начал работу над казакским <sup>9</sup> стихотворным текстом оперы, перевод которого на русский язык делает Всеволод Рождественский»	«Опера либреттосын М. Әуезов жазған. [...] Сәбит Мұқанов операның қазақ тіліндегі өлең тармақтарының мәтінімен жұмысты бастап кетті, оны орыс тіліне Всеволод Рождественский аударды»
18.01 .1936	«На днях в Ленинград выезжают казакские писатели Сабит Муканов и Мухтар Ауэзов. Цель их поездки – совместная творческая работа с заслуженным деятелем искусств композитором Борисом Асафьевым по созданию первой казакской оперы. Тема и сюжетно-драматическая основа будущей казакской оперы предварительно оформлены в либретто М. Ауэзова и С. Муканова и уже приняты к работе заслуженным деятелем искусств композитором Асафьевым»	«Жуырда қазақ жазушылары Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезов Ленинградқа шығады. Бұл сапардың мақсаты – қазақтың тұңғыш операсын шығару үшін өнерге еңбегі сіңген қайраткер композитор Борис Асафьевпен шығармашылық жұмыс бірлестігі болып табылады. Келешек қазақ операсының тақырыбы мен сюжеттік-драмалық негізін алдын-ала М. Әуезов пен С. Мұқанов дайындалған және өнерге еңбегі сіңген композитор Асафьевпен іске асыруға қабылданды»
09.04 .1936	«На днях из Ленинграда вернулись в Алма-Ата писатель Мухтар Ауэзов и поэт Сабит Муканов. Вместе с заслуженным деятелем искусств композитором Б.В. Асафьевым и поэтом Всеволодом Рождественским т.т. Ауэзов и Муканов в течение двух месяцев работали над оперой “Певцы степи”. [...] Сейчас казакский	«Жуырда жазушылар Мұхтар Әуезов пен ақын Сәбит Мұқанов Ленинградтан Алматыға оралды. Өнерге еңбегі сіңген қайраткер композитор Б.В. Асафьев және Всеволод Рождественскиймен бірге ж.ж. Әуезов пен Мұқанов екі ай бойын «Дала әншілері» операсын жазу жұмысын жүргізді. [...] Қазір операның қазақша өлең жолдары

<sup>8</sup> Осы авторлар дайындаға «Қыз Жібек» және «Ер Тарғын» туралы жариялымдарды осы қатармен салыстыру ескерлік жағдай.

<sup>9</sup> Мұнда және келешекте келтірілетін дәйексөздерде орфография сақталады.

	стихотворный текст оперы (4 действия, 6 картин) закончен. [...] К моменту отъезда т.т. Ауэзова и Муканова из Ленинграда Вс. Рождественский перевел первое действие. [...] В начале июня автор музыки собирается приехать в Алма-Ата»	(4 бөлім, 6 сурет) бітті. [...] Ж.ж. Әуезов пен Мұқановтың Ленинградтан кетер алдында Вс. Рождественский бірінші бөлімді аударды. Маусымның басында музыка авторы Алма-Атыға келмекші»
12.04 .1936	«Полностью литературная обработка в русском тексте будет закончена Вс. Рождественским к 1 мая. Работа композитора будет завершена к осени. Можно надеяться, что в зимнем театральном сезоне казахские трудящиеся будут видеть и слышать свою первую оперу».	Вс. Рождественский тұтасымен әдеби өңдеуді орыс тіліне 1 мамырда бітіреді. Композитордың жұмысы күзде аяқталады. Театрдың қысқы сезонында еңбекші қазақ өздерінің тұңғыш операсын көріп және тыңдайды деп үміттенуге болады.

Ұлттық құндылықтарды игеру үрдісіне зер салынған назардың болуы заңды.

15.12 .1935	«Далее композитор сообщает, что он изучает по произведениям казахских писателей быт дореволюционного казахского аула [...] и просит прислать ему нотные записи казахских народных песен и мелодий» (о письме, полученном авторами либретто);	«Кейін, композитор қазақ жазушы шығармаларынан қазақ ауылының көтеріліске дейінгі тұрмысын игеретінін мәлімдейді [...] және оған қазақтың халық әндері мен сарындарының ноталық жазбасын жіберуін өтінеді (либретто авторлары алған хат туралы);
09.04 .1936	«Композитор Б.В. Асафьев занят сейчас изучением казахской народной музыки, на которой будет построена опера. Во время предстоящего декадника казахского искусства в Москве композитор прослушает народные песни в исполнении оркестра и солистов Казахской государственной филармонии. В начале июня автор музыки собирается приехать в Алма-Ата» (из публикации по возвращении М. Ауэзова и С. Муканова из Ленинграда)	«Б.В. Асафьев операға негіз болатын қазақтың халық музыкасын игерумен айналысуда. Мәскеудегі қазақ өнері декада кезінде композитор Қазақтың мемлекеттік филармониясының оркестрі мен солистерінің орындауында халық әндерін тыңдайды. Маусымның басында музыка авторы Алматыға келуді жоспарлауда (М. Әуезов пен С. Мұқановтың Ленинград сарпарынан оралғаннан кейінгі жариялым)»
10.04 .1936	«Сейчас я продолжаю изучать поэзию, быт и фольклорные материалы казахского народа по грамофонным пластинкам и напевам моих друзей-казахов. Продолжаю также знакомиться с казахскими народными песнями. Я с нетерпением жду приезда в Ленинград участников декадника	«Қазір мен қазақ халқының поэзиясын, тұрмысын мн фольклор материалдарын грамофондық пластинкалардан және қазақ-достарымның әндеуін естіп, ізденіс үстіндемін. Қазақтың халық әндерімен танысуды жалғастырудамын. Ленинградқа қазақ өнерінің декадасына

<p>казахского искусства, казахских певцов и музыкантов. Непосредственное знакомство с постановками Казмузтеатра и репертуаром казахской филармонии значительно облегчит мне работу над оперой. В июле я собираюсь приехать в Алма-Ата для изучения фольклора на месте с тем, чтобы уже к зиме закончить оперу» (из беседы со специальным корреспондентом «Казахстанской правды»).</p>	<p>қатысатын әншілер мен күйшілердің келгенін тағаттана күтедемін. Қазақ музыка театры қойылымдарымен және қазақ филармония репертуарымен таныстық маған операмен жұмыс жүргізуді жеңілдетеді. Шілде айында мен Алматыға барып, сол жерде фольклор үлгілерімен танысып, қысқа таман операны аяқтауды жоспарлаймын» («Казахстанская правда» газетінің арнайы корреспондент сұхбатынан)</p>
---	---

Кейіпкерлер жүйесінде ортаға тартылған либретттоны ұсынамыз:

Кесте 1.

Кейіпкерлер	
А қ а н С е р і – Ақын және әнші.	Р а м а з а н – көпес, Байсалбай байдың ұлы.
З ә й р а – Керей руынан шыққан, мұсылманша сауатты, шағатай ақындарының өлеңдерін оқитын қыз.	Ә л и м а – Рамазанның бәйбішесі.
А л т ы н – қыздың анасы.	А й ш а – Оның тәтесі.
Ш а й м а р д а қамқоршысы, туысқаны.	Б а к е н – Байсалбайдың кіші ұлы, жуас, ынжық.
н –	Т ө р е – Абылайханның ұрпағы,
Б і р ж а н } ақындар,	бұрынғы офицер,
Ы б р а й } – суырып-салма әншілер.	уезд басшысының
Ш о л а қ } Биржан – олардың үлкені.	аудармашысы.
Н ұ р ж а н } Қалғандары – жастар.	У е з д – басшысы,
– } Кітаби білімді, жанкүйер	көпестердің досы.
Б а й с а л б а й ірі бай, жартылай қала	Б о т п а й – Байсалбайдың
– үлгісінде тұрады,	кеңесшісі және
саудагер.	туысқаны.
Жартылай сайқымазақ, жартылай күлдіргіш және, Байсалбай ауылының есігінде күн көргендер, оның көңілін көтеретіндері. Әйелдер, қыздар, нөкерлер, күзетшілер.	Д о с а н – Кітаби білімді,
	Көпес балаларының
	малайы жанкүйер
	ақын.

Басты кейіпкерлер (әйел – ер) мен қарсыластың (Зәйра – Ақан – Рамазан) және басты кейіпкерлер (әйел – ер) мен күндестің (Зәйра – Ақан – Айша) байланысындағы екі негізгі «махаббат үшбұрышына» зер салсақ, жаңа кейіпкерлер Шолақ, Ыбрай мен Досанның қатысуымен байытылған:




Схема 1. «Махаббат үшбұрышы».

«Мінездеmelerдің даму желісі», сондай-ақ либреттоның «драмалық жағдай жиынтығы», арнай түсініктемені талап ететіні сөзсіз. «Тарихи кейіпкерлер оқиғасынан» келешекте зерттелуі де маңыздылығы кем емес. Аталмыш тараптарға тоқталмай, «Ақан-Зәйраның» кейбір композициялық аспектілерден және «қазақтың бірінші операсының» авторлардың қарама-қарсы пікірлерін ұсынамыз.

Кесте 2.

«Ақан – Зәйраның» композициялық ерекшелігі					
I акт	II акт		III акт	IV акт	
	2 сурет			2 сурет	
Шаймардан ауылы	Шаймарданауылы		Шаймардан ауылы	Байсалбай ауылы	
Айлы түн		Түн			
Дала	Алтынның үлкен киіз үйі	Көл жағасында	Үлкен киіз үй	Үлкен жәе кіші киіз үй	Дала
«Серек құлақ» (ойын)	Айтыс		«Байқау»	«Айтыс»	Бәйге

Либретто жазушылары ағартушы Халықкомиссариат Т. Жүргеновке жазылған хатта композитордан күтілетін жұмыс және қызметтестік үрдіс жайында түсіндірілген болатын. Музыка құрамына қатысты мәселелер ерекше қызығушылықты танытады. Келесі үш тезис ескерерлік жағдай:

Композитордың алдын-ала жұмысына қазақтың тарихи және сол кезеңдегі ән және күйлерін Қазақстанның барлық аймақтарынан, әсіресе либреттодағы негізгі кейіпкер болып отырған әнші-ақындардың музыкалық туындыларымен байытумен жинақтау туралы: *«К той же стадии предварительной работы композитора относится [...] обогащение его [...] накопленными видами казахской исторической и современной инструментальной и вокальной музыки всех областей Казахстана и в особенности музыкальными произведениями тех певцов-поэтов, которые фигурируют в либретто как основные действующие лица»;*

Ария, дуэт немесе хор негізіне қазақтың сазды әндерінен немесе операдағы әнші-ақындардың репертуарынан, немесе жалпы қазақ халқының музыкалық мұрасынан алу қажеттігі жайында: «[...] мы считали бы необходимым в основу отдельных арий, дуэтов или хора брать по выбору наиболее полноценные казахские песни или из репертуара действующих в опере певцов-поэтов, или же вообще из всего музыкального наследия казахского народа. [...] в возможных случаях и речитативную музыку давать с большим включением в нее характерной речитативной свадебно-ритуальной, мелодекламационной музыки и инструментальных мелодий-кюев казахов»;

Увертюра, балет музыкасының соңы, көпшілік көрінісіндегі музыканы шығарған кезде композиторға шығармашылық еркіндіктің керектігі тарапынан: «Тем более творчески свободным должен быть композитор в создании увертюры, концевок, балетной музыки, музыки массового действия – игр, музыкальных пауз, музыкальных фраз, кратких диалогов, помня только необходимость их органической связи с основными ведущими линиями произведения и использованием их хотя бы в отрывках из кюев».

Композитор Б. Асафьевтің «Ақан – Зәйра» либреттосына байланысты толғанысы 1935 жылы 17 қазан күні жазылған хатта көрініс тапқан. Жекелеген үзінділерді дәйексз ретінде келтіре кетейік:

<p>«И сюжетно-драматическая основа, и лиризм, и весь ход действия в смысле его эмоциональной насыщенности и глубокой поэзии мне очень и очень по душе. Здесь много простору для музыки, имеются <u>красивые образы и яркие характеры</u>. Словом, как материал для оперы – я не хочу искать другого»;</p>	<p>«Сюжеттік-драматургиялық негізі, және лиризм, және эмоционалдық қанықтығы мен терең поэзияның көріністер желісі жанымға өте жақын. Мұнда музыка үшін кеңістік жеткілікті, мұнда сұлу бейнелер мен ашық мінездемелер бар. Бір сөзбен айтқанда, операға материал ретінде – басқасын іздегім де келмейді»;</p>
<p>«Вообще хотелось бы не только словами, но и действием, сценическими фактами, ярче оттенить противоречие между торговцами и певцами, а среди последних, в свою очередь, более выпукло расчлнить характеры»;</p>	<p>Саудагер мен әншілердің арасындағы қарама-қарсылықты жалпы айтқанда, тек сөзбен ғана емес, сондай-ақ, көріністермен, сахналық деректермен анығырақ қоюландырып, ал соңына қарай мінездемелерді айқын даралау керек сияқты.</p>
<p>«Очень прошу авторов при переработке текста все время стараться представлять себе, что каждое данное лицо в данный момент делает на сцене»;</p> <p>«[...] не начать ли оперу с какой-то песни одного Ахана среди степной лунной ночи, чтобы сразу стал понятен его величавый образ, его</p>	<p>«Мәтінді өңдеу барысында авторлардан сахнадағы кейіпкер сол сәтте не жасап тұратынын елестетуді сұраймын»;</p> <p>«[...]Ақанның <u>айбынды бейнесі, оның құштарлығы, сонымен қатар, оның жалғыздығы</u> түсінікті болу үшін операны айлы түн даласында Ақанның бір әнімен бастасақ жөн болар ме ед,»</p>



<i>страсть и в то же время его одиночество».</i>	
--	--

Қандай да бір кейіпкердің даму желісінің өзіндік баяндалуында композитордың бірізділігін баса айту маңызды. Оны Айша образының мінездемесіне байланысты хат ескертпелер мәтіні бойынша сұрыптап дәлелдеуге болады.

Кесте 3.

<b>Б. Асафьевтің ұсынысынан</b>		
I акт	«Затем хотелось бы под влияние Айши выдумать – драматургически ярче (может быть, это другая картина), а то простой вход, ничем действительно не мотивированный, удлиняет сцену».	«Сонан соң, Айшаның әсерінен драматургиялық айқындықты ойлап тапқым келді (мүмкін бұл басқа сурет шығар), әйтпесе қарапайым басталуы, шындыққа келгенде дәлелсіз, көріністі созып жіберді».
II акт, 1 сурет	«Перелом во взаимоотношениях З. и Ах. надо подать темпераментнее. Айшу тоже усилить»..	З. мен Ақ. қарым-қатынасындағы өзгерісті қажырлы көрсету қажет. Айшаны да күшейту керек.
IV акт, 2 сурет	«Айшу – не расширить ли? Не должна ли она что-то спеть (мольба к Ахану), перед словами «Ах, так, ну пусть» – чтобы ярче оттенить перелом?»	Айшаны – кеңейтсек ше? «Солай ма, жарайды» деген сөздердің алдында – өзгерісті қоюландыру үшін оның ән айтуы қажет емес пе (Ақанға өтініш)?
	«Далее: надо непременно найти место для столкновения двух героинь Зейры и Айши на почве ли ревности или издевательства. Это можно сделать либо в сцене состязания, либо в пятой картине, перед тем как Айша уговаривает Торсана выдать Зейру за Бекена. Словом, необходим драматический женский дуэт. Тогда образ Айши будет доработанным».	«Әрі қарай: екі кейіпкер Зәйра мен Айша арасындағы қызғаныш пен келемеждеу негізіндегі қақтығысқа орын табу қажет. Оны айтыс көрінісінде немесе бесінші суретте, Зәйраны Бекенге тұрмысқа беру үшін Айша Торсанды көрдіру сәтінің алдында жасауға болады. Бір сөзбен айтқанда, драматикалық әйелдер дуэті қажет. Сонда Айша бейнесі толық біткен болады»
		II акт, 1 сурет IV акт, 1 сурет

Қосарымыз, либреттоны түзету барысында қазақтың прозалық мәтін түпнұсқасынан – оның орыс тіліндегі өлең жолдарына өтпелі кезең арқылы – орыс прозалық және қазақша поэтикалық мәтіннің аудармасынан «жетістіктермен» қатар «кемітулер» болды. Екі поэтикалық мәтіннің шумақтық және өлшем-ырғақтық сәйкестіктерде –

қазақ және орыс тілдерінде – (еске сала кетсек, мәтіннің аудармасы өлшем, ырғақ, буын дәлдігі қатаң сақталған себебі, яғни музыканың «екеуіне бірдей етіп» келетіндей жасалған болатын) – мазмұндық ауытқулар аңғарылады. Мысал ретінде либреттоның қорытынды көрінісіндегі соңғы шумақтарды келтіруге болады (Зәйреге қаратылып айтылған Айшаның сөзі):

*Өмір мұз, мұқыл болдың басар тағаң, Не дала тебе я помощи в пути,  
Жолыңда тәлтіректеп тайғанаған, Помешала верный путь во тьме  
Сүйемей сүріндірген қылмысым бар, найти.  
Имандай сырым бұным, емес табам! Виновата я, о Зейра, пред тобой –  
Я молю тебя – прости меня, прости!  
[7].*

*Жизнь – лед (льдина, айсберг), подкова твоя протерта,  
По дороге, по которой ты ковыляешь, скользкой,  
Имею преступление – вину, я не поддержала.  
Это – чистая правда, признаюсь, не вымысел (не наговор).<sup>10</sup>*

Композитор аяқтап болмаған шығармалар туралы (мақала) жазудың қажеттілі және мұндай іс бос әрекет сынды, музыкатанушылық құмарлықтың «кабинеттік» шабыты жайында сұрақ көтерген М. Сабинина: «А стоит ли вообще писать (статьи) о произведении, которого композитор не написал? Ведь такая затея на первый взгляд кажется праздной, вдохновленной чисто «кабинетным» музыковедческим азартом...» – деген. Бұл саулға жауапты: «иә, қажет» дейсің, өйткені кейде жүзеге асырылмаған шығармалардың нобайында суретшінің ізденіс жолдары жайында соншалықты танымымызды кеңейтетін соншалықты қызықты, батыл және ерекше ойдардың болатыны туралы: «порой черты замысла, которые вырисовываются в набросках неосуществленного сочинения, настолько интересны, смелы и необычны, настолько расширяют наше представление о путях искания художника [...]» – деп түйіндейсің.

«Ақан – Зәйраға» қатысты композиторлық тәжірибе контексінде зерттеу немесе Б.В. Асафьевтің шығармашылық лабораториясы тұрғысынан ғана емес, либреттист ретінде М. Әуезов, С. Мұқанов есімдері, аудармашы В. Рождественскийдің есімдері басқа да опера жоспарлары, ішінара толыққанды жүзеге асырылғандардың қатарында байланысты қарастыру әділетті дейміз.

<sup>10</sup> Мағыналық аударманы өзіміз ұсынамыз. – А.О.



Схема 2.

1930 жылдары қазақтың тұңғыш операсы мәртебесіне үміттенген шығармалармен салыстырғанда аталмыш туынды ерекше қызығушылықты танытады:



Схема 3.

Аяқталмаған «жобаның» қыруар «вертикалды» және «горизонталды» байланыста әрқилы зерттелуі, әр түрлі көзқарастарды дәлелдей ұлттық өнердің даму жолында, тарихи-мәдени үрдісіндегі бұлыңғыр беттерді айқындауға жол салады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Казахстанская правда. 1936. № 236; Казахстанская правда. 1936. № 85.
2. **Жұбанов А.** Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975.
3. **Жубанов А.** Соловьи столетий. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
4. Музыкальная культура Казахстана. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1955; Затаевич А.В. Исследования. Воспоминания. Письма и документы. – Алма-Ата: КГИХЛ, 1958.
5. Казахстанская правда. 1941. № 13.
6. **Омарова А.** Из истории казахской оперы // Вопросы литературы и искусства. – Алматы: Каганат-КС, 1999.

## 5.16. Қазақ сыбызғысын Қытайда жаңғыртқан күйші

### Айнұр Жасанбергенқызы Қазтуғанова

өнертану ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері  
(Алматы қ., Қазақстан)

Қандай шетел болмасын отаннан алыс тұрудың өзі оңайға соқпайды. Ал, жат елде тұратын қандастарымыздың ішінде ең көп тағдыр тәлкегін тартқан Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар десек қателеспейміз. Себебі олар ежелден ата-қонысы атанған Шығыс Түркістанда<sup>1</sup> өмір сүре отырып ғасырлар бойы саяси-әскери қыспақты көріп келген<sup>2</sup>. Тарихи деректерге тоқталсақ бұл өңірде қазақтар екі түрлі жағдайға байланысты қоныстанған. Бірінші жағдайда шекара бөлінген кезде қалып қойған қазақтар болса, екінші жағдайда қазақ жерінде болған тарихи уақиғалар кезінде қудалауға алынған қазақтардың қоныс аударуына тура келген. Бірінші жағдай туралы зерттеушілердің еңбектерінде: «1881 жылы Қытай мен Россия арасындағы келісім бойынша екі елдің шекарасы ажыратылды да, көшіп-қонып жүрген қазақ елі еріксіз екіге жарылып, бөлініп қалды. Шекараның арғы жағында қалған қазақтардың мәдениеті, өнері, тұрмыс-салты бергі жақтағы қазақтарға байланыссыз, өз бетімен дами берді» [1, 12 б.] – деген болса, екінші жағдай туралы академик Р. Бердібай: «Патшалық Ресей 1860 жылдары қазақ жерін тұтастай өз иелігіне алғанда халық ішінде мұндай әділетсіздікке төтеп бере алмай қарсы шыққан Саурық, Тазабек, Шалтабай, Іліпбай, Қожеке секілді батырлар орыс отарлаушыларының жазасына ілікті. Саурық, Тазабектер түрмеде өлтірілді. Қожекелер зорлық-зомбылық, қуғын-сүргінге бой бермей, ел-жұртын орыс бұғауынан құтқармақ болып, өзіне ілескен жиырма бес үймен бірге Алтай, Іле, Тарбағатай өңірлеріне өтіп, ақыры Іле өлкесіне тоқталған соң, артынан ел-жұртынан төрт жүз үйді көшіріп алды» [2, Б. 3-4] – дейді.

Бұл тарихи жағдайлар халықтың рухани мұрасы ән мен күйінде көрініс тапты. Әсіресе, сөзсіз айтылатын аспаптық музыканың дамуы белең алды. Сондықтап тап осы өлке күйшілерінің шығармашылығында тарихи-өмірбаяндық күйлердің, оның ішінде «зарлы» күйлердің басым болуы кездейсоқ емес. Атап айтатын болсақ, «Аңшының зары», «Аққудың зары», «Кемпірдің зары», «Ана зары», «Кедей зары», «Самырықтың зары», «Зар күйі» т.с.с. Қазіргі кезде Қытай Халық

<sup>1</sup> Шығыс Түркістанды «Шыңжаң өлкесі» деп 1760 жылы Қытайдың империялық уәкілдігіне бағынатын аймақ ретінде атаған екен. Қазіргі уақытта Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аудан (ШҰАА) болып есептеледі Оның құрамына Іле қазақ автономиялық облыс кіреді. Бұл облыс Іле, Алтай, Тарбағатай атты үш аймақтан тұрады. Қазір бұл өлкеде бір жарымға жуық миллионға жуық қазақ бар.

<sup>2</sup> Бұл саяси-әскери жағдайлар кейбір қандастарымыздың Қытайдан асып, одан да әрі Түркияға, Моңғолияға, Ресейге көшіп қоныстауын мәжбүр етті.

Республикасында тұратын қазақтардың аспаптық музыкасы қазақтың күй өнеріндегі стильдік жүйенің бір бұтағын құрайды.

Қытай қазақтарының аспаптық музыкасының зерттелуі Кеңес кезеңінде басталды. Қазақ жерінде заманның даму үрдісінде басқа бағыттар қолдауға алынып жатқанына қарамастан, оның үстіне Қытай жерінде «мәдени төңкерістің» қыза түскендігін елеместен Қытайда тұрып жатқан қазақ күйшілерінің шығармашылығына тұңғыш назар аударған күйші әрі зерттеуші Уәли Бекенов болды. Ол өзінің «Күй табиғаты» атты еңбегінде бүкіл Шығыс Түркістанға белгілі болған күйші Раздық туралы жазып, оның тап сол өлкеде туып-өскендігі, өмір сүргендігі жөнінде астарлап қана жазып: «Тау қойнауындағы сарқырып аққан өзеннің жағасында қарағайдан тұрғызған шағын үйшікте Тянь-Шань тауының шатқалынан балапан кезінен қолда өсірген қыран бүркіт саңқылдап отыратын еді. Міне, осы құс баптайтын үйшіктің қасынан кең бір бөлмелі, қарағайдан қаланған шеберхананың ішінде күйші Раздық ала жаздай тыным таппайды» [3, 52 б.] – деген. Оның астарлап жазу себебі, бұл еңбекке дейін 1973 жылы У. Бекеновтің шертпе күй туралы жазған мақаласы үлкен пікірталас тудырған екен. Бұл туралы Т. Әсемқұлов: «Сол жылдың (1973 жылы – А.Қ.) күзінде «Жалын» альманахында Уәли Бекеновтің шертпе күй жайында үлкен зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұл мақала Алматының мәдени өмірінде үлкен пікірталас тудырған. Себебі бұл – қазақ саз өнерінің үлкен бір қапталы – шертпе күй жайында жазылған, сол кездегі қалыптасқан дәстүр талаптарына сай, ғылыми тұрғыдан жан-жақты жарақталған, ал ең бастысы – бұрын зерттелмей көлеңкеде қалып келген үлкен өнер мектебі турасында жазылған алғашқы еңбек еді» [4, 13 б.] – дейді.

Қытай қазақтарының күйшілік өнерін ғылыми, әрі тәжірибелік тұрғыдан игеріліп, жарыққа шығарылуы тәуелсіздікті алғаннан кейінгі жылдары басталды. Бұл ретте ең алғашқы күй жинақтары Д. Бекеновтың «Іле қазақтарының күйлері» мен Б. Мүптекеев пен С. Медеубекұлының «Жетісудың күйлерін» айтамыз<sup>3</sup>. Бұл еңбектердің маңызы зор. Себебі олар келесі шыққан жинақтарға мұрындық болып отырғанын байқаймыз. Мәселен Дархан Бекенов «Іле қазақтарының күйлері» атты күй жинағына тарихи-теориялық тарау берген. Онда Шыңжаң қазақтарының тарихы, этнографиясы, күйшілері және олардың туындыларын жан-жақты қарастырып, сонымен қатар күйлердің көркемдік ерекшелігін талдаған. Бұл жинаққа Қожеке Назарұлының, Әшім Дүңшеұлының, Қамал Мақайұлының, Мәсғұт Тәтеновтің және Уәли Бекеновтың күйлері берілген [1]. Ал «Жетісу күйлері» атты жинақ академик Рахманқұл Бердібаев пен күйтанушы Г. Омарованың кіріспе сөздерімен басталған. Мұнда құрастырушылар күйшілердің

---

<sup>3</sup> Бұл жинақтарға дейін 1984 жылы «Шыңжаң» баспасынан «Күй толқыны» деген еңбек жарыққа шыққан болатын. Мұнда Қожеке күйлерінің біршамасы цифрлық-ноталық нұсқамен берілген.

шығармашылығын үш күйшілік мектепке бөліп, яғни Қожеке, Мергенбай, Сыбанқұл және олардың ізбасарларының күйлерін берген [5].

Кейінгі жылдары бұл жинақтардан басқа осы өлкеде тұратын күйшілердің туындыларына арналған аймақтық және авторлық кітаптардың белсенді шығарылғаны белгілі<sup>4</sup>. Соның нәтижесінде соңғы кездері кандидаттық және әсіресе магистрлық диссертациялар қорғалып жатыр. Бұл еңбектер қазақтың күй өнеріне кіретін үлкен күйшілік мектептің бар екендігін дәлелдейді. Оны қалыптастырған атақты күйшілер Бейсембі, Қожеке, Сыбанқұл, Мергенбай, Қайрақбай, Әшім, Бәзғалам, Раздық және т.б.

Болса, аға буын күйшілердің ізін жалғастырып, дамытқан Кәсімбай Құсайынұлы, Тайыр Белгібайұлы, Әліпбек Мәлікұлы, Рақыш Қожекеұлы, Таңғыт Мұқатұлы, Сетерхан Нұрмұратұлы, Қамал Мақайұлы, Дәулет Халықұлы, Ғизат Сейітқазин сынды т.б. өрелі өнерпаздар болды. Уақыт өткен сайын бұл күйшілердің қатарына жаңа есімдер мен жас толқын домбырашылар қосылуда. Соны ескерген М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері бұл аймаққа екі топқа бөлініп экспедициялық іссапармен барып қайтты. Бұр ретте әкелінген материалдарды айтып өту маңызды себебі, олар бірін-бірі қайталамайды. Мәселен бірінші болып барған А. Тойшан мен Н. Набиолла баспада жарыққа шыққан материалдарды жинақтап әкелген болса, екінші топпен барған музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкері З. Қасимова жеке өнер иелерімен кездесіп, олардың туындыларын ұнтаспаға басып әкелген<sup>5</sup>. Бұл ретте жарыққа шыққан жинақтарды сілтемеде айтып өттік, ал ұнтаспаға басып әкелген жадғаттарға тоқталмағандықтан оларға шолу жасап өтейік. Мәселен, Іле аймағының астанасы Құлжа қаласында белгілі күйші Қамал Мақайұлымен<sup>6</sup> кездесіп, оның төл туындыларымен қатар, ұстазы Әшімнің күйлерін жазып алғанн. Ал Тарбағатай аймағы Дәрбілжің ауданының тұрғыны Асылхан Наурызханұлы Сейфіловтен<sup>7</sup> атасы Сейфілдің тартқан «Зарлық» күйін (авторлығы жөнінде мәлімент жоқ), Шәуешекте тұратын күйші, жазушы Базарбек Ибраһимнен<sup>8</sup> Толы ауданында өмір сүрген Бағай Бөтекеұлының «Заман-ай» күйін,

<sup>4</sup> Осы ретте қытай қазақтарының күй жинақтарын атап өтейік: «Іле қазақтың күйлері» (1998), «Жетісу күйлері» (1998), «Кенес» (2000), «Бейсембі күйлері» (2006), «Кәсімбай ән-күйлері» (2008), «Әшім және Іле аймағының күйлері» (2008), «Алтай-Тарбағатай өңірінің домбыра күйлері» (2009), «Алыстағы шұғыла» (2011), «Кәсімбай шығармалары» (2010), «Шығыстың шыңырау күйлері» (2010), «Жәйсаң» (2010), «Шежірелі шертпе күй» (2013).

<sup>5</sup> Осы ретте жас зерттеуші З.Қасимова ШҰАА-нің Іле және Тарбағатай аймағының аудандарында тұратын күйшілермен кездескен.

<sup>6</sup> Камал Мақайұлы (1926 жылы туылған) – күйші-композитор, Шығыс Қазақстан облысының күйшілік дәстүрінің өкілі. «Іле бойында», «Менің домбырам», «Көркем Тянь-Шань», «Шопан жыры», «Жасыл алқап», «Шат дәурен» және т.б. күйлердің авторы.

<sup>7</sup> Асылхан Наурызханұлы күйші, Дәрбілжің ауданының Желәғаш ауылында 1949 жылы дүниеге келген. Атасы күйші, әкесі ақын, анасы әнші болған, ол өнерге жақын болып өскен.

<sup>8</sup> Базарбек Ибраһимнен – күйші-композитор, Толы ауданының Майлы тауында 18.10.1942 жылы дүниеге келген. Шәуешек қаласының тұрғыны. Бағай күйшінің «Заман-ай» күйін осы күнге жеткізген. Өзі де «Татар қыз», «Көш», «Қош бол, ана», «Кенере», «Біздің бала» атты күйлердің авторы.

Ақымжанның «Құр ойнақ», «Алмажай» атты халық күйлерімен қатар, оның тырнақалды туындылары «Балалық шақ», «Кенере», «Көш», «Қош бол, ана», «Біздің дала» күйлерін, Физат Сейітқазиннің<sup>9</sup> орындауында Бәзғаламның «Жолаушы» күйін, өзінің шығармасы «Дауылпаз» күйін ұнтаспаға түсірген. Ал осы аймақтың Шағантоғай ауданынан Қозыбек Сүлейменұлының<sup>10</sup> орындауында Қайрақбайдың «Майдақоңыр», Тайыр Белгібайұлының «Ақарал», Еркін Еркінұлының «Қоңыр ала саз» күйлерін, сондай-ақ Толы ауданының тұрғыны Айткен Бейісбайұлы<sup>11</sup> Қайрақбай Шәлекенұлының «Болғауыр», Жұмажан Садықұлының «Арманда», Бейісбай Шалғынбайұлының «Шыңырау» күйлерін жазып алған. Бұл іссапарда қалың домбырашылардың арасында сыбызғышылар да кездескен. Осы ретте атақты сыбызғышы Бейілхан Қалиақпарұлы мен оның ұлы Жұмағазы Бейілханұлының орындауында да күйлер жазылып алынған. Осы материалдың негізінде ғылыми зерттеу жұмысымызда қытайдағы қазақ сыбызғышы Бейілхан Қалиақпарұлының шығармашылығына тоқталамыз.

Қытай қазақтарының сыбызғы өнеріне келетін болсақ, Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймағындағыдай көп болмағанымен, атағы шыққан сыбызғышылар аз емес. Оның үстіне Моңғолияға қазақтардың Қытай ақылы өткенін ескерсек бұл жерде сыбызғышылардың болмауы мүмкін емес дейміз. Бұл ретте ең алдымен сыбызғы үнімен бір топ жылқыны үйретін Ақымжан Болдырғанұлы<sup>12</sup> ойға оралады. Бүгін қытайдағы қандастарымыздың арасында сыбызғының аманатын арқалап жүрген өнерпаздардың арасынан Бейілхан Қалиақпарұлын ерекше атаймыз. Себебі оның сыбызғышылық өнері қытай жерінде ғана емес, отанымызда да танымалдылығын алды. Бейілханның орындауында қытай қазақтарының арасында кең таралған бірнеше халық күйлері мен белгілі сыбызғышылардың күйлері «Қазақтың 1000 күйі» CD топтамасына енді (2010). Сонымен қатар, Бейілханның төл туындылары да өзінің және оның шәкірті Талғат Мұқыштың

---

<sup>9</sup> Физат Сейітқазин – күйші-композитор, Толы ауданында 1942 жылы дүниеге келген. Бәзғалам күйшінің туындыларын композиторлық шығармашылығында негізге алған әрі сол күйшінің күйлерін бүгінге жалғастырған шебер орындаушы. Оның «Көркем Жәйір», «Ардагер», «Тоғысқан тілек», «Дауылпаз» сынды т.б. күйлердің авторы.

<sup>10</sup> Қозыбек Сүлейменұлы – күйші-орындаушы, шамамен 1980 жылы дүниеге келген.

<sup>11</sup> Айткен Бейісбайұлы – күйші-орындаушы, Толы ауданында 1942 жылы дүниеге келген. Оның әкесі атақты күйші Бейісбай болған, бірақ ол ерте қайтыс болғандықтан, одан дәріс алып үлгірмеген.

<sup>12</sup> Ақымжан Болдырғанұлы – Алтай, Қобда, жалпы Іле өңіріне әйгілі сыбызғышы. Ақымжан Тарбағатай аймағының Толы ауданына қарасты Барлық тауының Алтын Еміл деген жерінде 1964 жылы дүниеге келген. Ақымжанның шәкірті Жұмақан бір әңгімесінде: «Ақымжан «Айрауықтың ащы күйін» сыбызғыда орындағанда ботасы өлген інгендер сыбызғыға қосыла боздап, көзінің жасы моншақтап тамып-тамып кетуші еді» дейді. Бұл оқиғадан басқа Жұмақан ақсақал Ақымжанның сыбызғыны қалай үйренгені, Мамырбек үкірдайдың ордасында тұрғаны, моңғолдың 30 сыбызғышысымен тартысқа түсіп, олардың арасында моңғолдың әйгілі сыбызғышысы Байынмүшірді жеңгені, т.с.с туралы өмір деректерді баяндап берген. Ақымжан қазақтың «Емен толқыны», «Ертіс толқыны» деген күйлерімен қатар, моңғолдың «Домбыржай», «Доланбүлгін», «Әрбиянның ащы күйі» атты халық күйлерін де орындаған. Ақымжан «Құр ойнақ», «Алмажай». «Сыбызғының қоңыр күйі», «Алтайға сапар шеккенде», «Елмен қоштасу», «Бай екен Алтай қайран жер», «Зар жалған», «Құрбы-құрдас жайда екен», «Сағыныш», «Мамырбектің жол үстінде жылауы», «Жалғыздықтың жаманы-ай», «Қарабас айғыр», «Жылжып өткен дүние», «Таңғыттың қызының көрісі», «Ақтабан шұбырынды» және т.б. күйлердің авторы.

орындауында кірді. Одан басқа Бейілхан 2007-2008 жылдары Қазақстанға барып «Мәңгілік сарын» жобасына қатысып, Шымкенттегі «Айғақ» телеарнасында бір сағат бойы сұхбат берген. Осы ретте оның өмір жолына тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Бейілхан Қалиақпарұлы ҚХР ШҰАР аймағында 1952 дүниге келген. Қазір Үрімжі қаласының Саялы ауылында тұрады. Сыбызғышылық өнер ата-бабасынан жалғасып келе жатқан мұра. Ол сыбызғы аспабын атасы Бөленханнан 8 жасымнан бастап үйренген. Жеті атасы қалдырған дәстүрді берік ұстана өзінің ұлы Жұмағазыға<sup>13</sup> үйретті. Жұмағазыдан басқа ол сол аймақта 7-8 шәкірт тәрбиелеп келеді. Оның үстіне сыбызғы аспабын толық меңгеру үшін Бейілханды түкпір-түкпірден іздеп баратындар да аз емес екен. Олардың қатарында Қазақстаннан арнайы барған Талғат Мұқышұлы мен Еділ Құсайынов та бар. Сыбызғыны үйретудің өзі жеңіл шаруа емес екендігіне көзі жеткен Бейілхан: «Сыбызғыны екінің бірі шерте бермейді. Ол таңдаулы адамдарға қонады. Сыбызғыны орындағанда көмекей, тіл, тіс үлкен міндет атқарады. Оңайлықпен тартылмайтын аспап. Кейде орыдаушылар қоңыр, тәтті үн шығара алмайды. Ысқыра бастайтындар бар. Күйді тартатын қуаты болмайды. Ысырып, ысқырып жалыққаннан кейін аспапты қояды, яғни тастап кетеді. Аспапта шертудің өзі дарып, қонаты өнер» – дейді.

Бейілхан күйлері әртүрлі жағдайға байланысты шығарылғанымен тақырыбы жағынан көне аңыз күйлерге тән аталған. Мәселен күйлердің арасында «Айдандағы аққу» киелі құс аққудың бейнесін суреттейді. Бұл ретте күйдің аты тақырыптық анықтама ретінде шығарманың атында және музыкалық ерекшелігінде өз көрінісін тапқан. Домбыра және қобыз аспабында кең таралған «Аққу» аттас күйлерді зерттеген С.Аманова: «Если соотнести анализ кюев “Аққу” с вышеприведенным анализом кобызовых кюев, то сходство формообразующих принципов домбровых кюев “Аққу” и кобызовых оказывается очевидным. Этот факт позволяет выдвинуть следующий тезис: кюи с названием “Аққу” функционировали в историческом прошлом как культовая музыка. Они относятся к периоду, когда одной из социальных функций искусства была производственная магия, и являются образцами ранних пластов казахской народной инструментальной музыки» [6, 21 б.], – дейді.

Сондай-ақ Бейілханның күйлерінің тақырыбында «Ауылдағы кешкі әуен», «Боғда бұлттары», «Көктегі серуен», «Көлге түскен сағым», «Қоңыраулы көш», «Толқыныдағы желкен» және т.б. кездеседі. Кейбір күйінің тақырыбы астарлап берілгені аңғарылады. Мұндай шығармаға «Боғда бұлттары» атты күйі жатады. Негізінде бұл туындыны Бейілхан

---

<sup>13</sup> Жұмағазы Бейілханұлы – әке жолын жалғастырған сыбызғышы. ҚХР ШҰАР аймағында 1971 жылы дүниге келген. Жұмағазының орындауында халық күйі «Ертіс толқыны», Ақымжанның «Қоңыр», Бейілханның «Көктегі серуен», «Толқындаған желкен» «Боғда бұлттары», Кәлектің «Арман» күйлері жазылып алынған. Өзінің «Жаңа дәуір шаттығы» атты күйі бар.



«Бұлтсыз тау болмайды, мұңсыз адам болмайды» деп, 1971 жылы қайтыс болған әкесіне арнап шығарған екен.

Бейілхан күйлерінің музыкалық ерекшелігіне келетін болсақ, күйлердің әуені табиғи обертондық құрылыстағы дыбыс тізбегіне негізделген. Күйлердің басым көпшілігі орташа және жай екпінде жүреді. Ырғақ және өмшем бірлігі ауыспалы болып келеді. Әуені барлық сыбызғы күйлеріне тән квинталық секірмеден басталады. Күйдің интонациялық құрылысында қайталанатын дыбыстар, секірмелер, әсіресе мелизм түрлері жиі кездеседі. Бейілханның күйлерінің ішінде тек жоғарғы регистрде тартылатын күйлермен қатар, жоғарғы және төменгі регистрде қатар жүретін күйлер кездеседі.

Жоғары регистрдегі жүретін күйлердің музыкалық ерекшелігі көне халық үлгілерге ұқсас болып келеді. Олардың қатарына «Айдындағы аққу», «Көктегі серуен», «Ауылдағы кешкі әуен» және т.б. жатады. Ойымызды дәлелдеу үшін, «Қоңыраулы көш» атты күйді талдап көрсетейік. Күй квинталық секірмеден басталады. 2/4 ауыспалы өлшемде жүретін күйдің әуендік диапазоны шағын, төменгі субквартаға түсетін дыбысты ескермегенде терция аралығын қамтиды. Әуенінде кездесетін қайталамалы дыбыс арқылы субквартаға түсу тәсілі күйдің тақырыбында берілген «Қоңыраулы көшті» бейнелейді. Жалпы күйдің құрылысы қысқа мақамның қайталануына негізделген.

## Қоңыраулы көш

Бейілхан Қалиақпарұлы

Орындаған: Талғат Мұқышев  
Нотаға түсірген: А. Қазтуғанова

С=Н  
Ойнақы

Ал жоғарғы және төменгі регистрде қатар жүретін күйлердің қатарына «Боғда бұлттары», «Көлге түскен сағым», «Қайран шешем» және т.б. жатады. Мысал ретінде «Қайран шешем» күйіне тоқталып өтейік. Бұл туындыны Бейілхан әкесі қайтыс болғаннан кейін бүкіл тағдырдың ауыртпалығын көтерген анасына арнаған екен. Асықпай жүретін күй 2/4 өлшемінде жүреді. Кей тұстарында 3/4 өлшемі кездеседі. Күй әдеттегі квинталық секірмеден басталады. Күйдің диапазоны ауқымды. Жоғарғы және төменгі регистрде жүретінін ескерсек IV және VII дыбыстары түсіп қалған квартдецима аралығын қамтиды. Күй бірнеше әуен жиынтығынан тұрады. Кейде негізгі әуеннің варианты кездеседі. Негізгі әуен III басқыштан басталып, VI басқышқа өріле шығып, V-ге келіп тоқталады. Одан кейін III басқыштан төмен бағытталған әуен төменгі III басқышқа секіреді. Негізгі тақырыптың соңында III басқыштан басталатын толқынды каденцялық қайырым беріліп, негізгі «с» дыбысына келіп тоқтайды. Екінші әуендік желіс III басқыштан субкварта арқылы төменгі III басқысшқа түседі. Бұл ретте төменгі регистр алдыға шығады. Құрылымы жағынан күйді А В А<sub>1</sub> А<sub>2</sub> А<sub>1</sub> В С А<sub>3</sub> А<sub>2</sub> В А<sub>3</sub> С<sub>1</sub>.

## Қайран шешем

Бейілхан  
С=D  
Асықпай

Орындаған Бейілхан  
Нотаға түсірген А.Қазтуғанова

Бейілханның шығармашылығындағы жоғарғы және төменгі регистрде тең дәреже әуеннің жалғасуы оның қолтаңбалық жаңашылдығын көрсетеді. төменгі регистрдегі әуен мелизмдер ретінде қабылдауға болады.

Қорыта айтқанда қазақтың күй жанрында қытайдағы қазақтарының дәстүрлі аспапты музыкасы ерекше орынға ие. Бұл аймақтағы күйлер

бір жағынан дәстүр жалғастығын көрсетсе, екінші жағынан жаңа леп әкелген. Мұндағы домбыра және сыбызғы күйлерінің ХХІ ғасырда қарқынды дамып жатқаны қазақтарының қазақтың күй жанрының жаңа қырынан танылуына мүмкіндік береді әрі ол күй өнерінің даму үстіндегі құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Осы ретте жарыққа шығып жатқан күй жинақтарының, іссапарлар барысында кездескен жаңа тұлғалардың, күй өнеріне қосылған жаңа ағымдардың, домбыра және сыбызғы күйлерінде пайдаланылған жаңа әдіс-тәсілдердің тиянақталуы келешекте тарихи-теориялық тараптан игерілген іргелі ғылыми еңбектің шығарылуын талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бекенов Д. Іле қазақтарының күйлері. – Алматы: Өнер, 1998. – 142 б.
2. Бердібай Р. Өнер мұхитына құйылар өзен // Жетісудың күйлері. – Алматы: Өнер, 1998. – Б.3-6.
3. Бекенов У. Күй табиғаты. – Алматы: Өнер, 1980. – 180 б.
4. Әсемқұлов Т. Күйші Уәли // Дидар. 26.12.2013. – 16 б.
5. Мүптекеев Б., Медеубекұлы С. Жетісу күйлері. – Алматы. Өнер, 1998. – 352 б.
6. Аманова С.Ш. Древние кюи “Аққу” (структура и семантика) // Инструментальная музыка казахского народа. – Алма-Ата: Өнер, 1985. – С. 15-24.

#### **5.17. Дирижерский жест как коммуникативный навык (гендерный аспект)**

##### **Лаура Шариповна Какимова**

Кандидат педагогических наук, доцент. Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

##### **Жанна Зейнуровна Кусенова**

Концертмейстер. Музыкальный колледж имени П.И. Чайковского (г. Алматы, Казахстан)

*Знание о человеке – область, в которой никогда  
нельзя достичь совершенства, и даже опытный  
человек все снова и снова попадает на ошибках.*

А. Шопенгауэр

Результаты социальных, экономических, технологических тенденций развития современного общества позволяет направить изменения гендерной политики в русло положительных преобразований. Стереотипы женского образа, заложенные патриархальным укладом общества того времени и историческими

предпосылками, возродились в культурной модернизации и своеобразным подходом к данному аспекту. Различия между интересами, социальным статусом, иерархией власти, культурными традициями и национальным менталитетом, и другими факторами отразились не только на уровне мировоззрения женщины, положения в обществе, но и на слагаемом, состоящем из ее духовного роста и культурного потенциала.

В научно-исследовательской литературе последних лет прослеживается тенденция обращение к гендерному аспекту посредством профессиональной деятельности. Исследования в области гендерного равенства между мужчинами и женщинами предполагает о возможном равенстве в сравнении с возможностями и потенциалом женщины вести одинаковую роль и значение в социальной, политической, экономической, административной, культурной, образовательной и других сферах, где проявляется ее талант, миссия и характер. Характер, указывается в словаре, это проявление индивидуальности и особенности личности, сложенный из совокупности деятельности и общения, обусловленные способом поведения и назначением в социуме [1]. Поэтому долгое время бытовало мнение, что дирижерская профессия не привилегия женщины. А именно в этой профессии проявляются черты ее характера и неповторимая индивидуальность: личностный смысл, ответственность, реализация своего потенциала, самоуверенность и самокритичность, объективная оценка успешности, признание неудач и прочее.

Исследователи утверждают, что характер определяется от уровня мировоззрения, где на первый план выступают убеждения, моральные принципы, гуманность, честность, открытость. Все вышесказанное имеет место быть в процессе общения с людьми, в процессе коммуникации за дирижерским пультом. Так как личность дирижера – это и наставник, учитель, воспитатель, педагог, организатор, который должен обладать к тому же недюжинным талантом психолога. «Дирижер – это и актер, и режиссер исполнения; он также обучает и воспитывает исполнительский коллектив» [2, с.18]. Важным условием развития своего профессионального мастерства является способность к собственной оценке различных музыкальных явлений, умение критически относиться к воплощению музыкального образа посредством жеста. Деятельность дирижера, - отмечает Л. Безбородова, - заключается еще и в том, что «он способен увлечь исполнителей своей идеей и может создать все условия для творческой работы» [2, с. 18]. Несомненно, в этом проявляется гибкость женского ума и интеллекта, ее артистичность и такт человеческого общения.

В процессе общения, по мнению психологов, если слова могут нести до 10% информации, то в 55% случаев информация поступает через жесты, мимику, а в 38% - через интонацию, высказывается

Франсуа Сюджа, автор книги «Правда жестов». Следовательно, в исполнительстве, как и в любом виде искусства, художественная сторона (замысел исполняемого произведения искусства) и техническая (звучание самого произведения) непосредственно связаны с друг с другом. Об этой тесной связи между художественной и технической стороной музыкального исполнительства указывали выдающиеся музыканты эпохи классицизма, романтизма, представители отечественного и зарубежного музыкального искусства и исполнительства (В.А. Моцарт, Л.В. Бетховен, Г.М. Цыпин и другие).

Исторически сложилось так, что все средства информации можно было разделить на два вида: **акустические** и **визуальные**. С исторической тенденцией развития дирижерского искусства акустические средства постепенно были вытеснены визуальными (стали не использоваться, либо применяться как вспомогательный способ в процессе репетиционной работы). Исполнительская деятельность дирижера, художественно-интерпретационная природа его творчества являются не только содержанием и структурой дирижерской деятельности как таковой, но и параметром профессионального мастерства дирижера. Теоретические изыскания природы дирижерского жеста, как основы всей дирижерской техники, по словам знаменитого дирижера-хормейстера К.А. Ольхова, красной нитью проходит мысль о том, что дирижирование есть искусство общения людей с помощью музыки. Дирижер указывал, что «ведущими средствами управления коллективом исполнителей становятся визуальные способы информации – как **жест** и **мимика**». «Жест намного удобнее показать наглядно, на фоне музыки..., чем описать его словами», - добавлял он [3, с.10]. Но самое главное в специфике дирижерского жеста – это «опережение отражения», предшествование звучанию. Особую важность при этом приобретают средства информации, коим является жест, своего рода «язык», на котором дирижер «говорит» с исполнителями». Так, в своей работе ученый писал: «В основе выразительности дирижерского жеста лежит его ассоциативная связь с выразительностью исполняемой музыки, с одной стороны, и с жизненными движениями – с другой. Жесты обладают огромным диапазоном эмоционально-образной выразительности...», выбор которого «определяется постижением образно-эмоциональной сущности исполняемой музыки» [3, с. 31-32].

Небезызвестно, что музыка активизирует моторно-мышечные ощущения, воздействует на нервные рецепторы, управляющие двигательными реакциями. Наиболее наглядно это проявляется во взаимосвязи музыки и танца: «поток звуков» в «потоке движений», т.е. своеобразного «перевода» языка музыки на язык жестов, где жест – это эмоциональный отклик, выражающий различного рода ассоциации и характер музыки; поэтому жест определяет фразу. Ведущие музыканты в области дирижерской подготовки, указывали, что дирижерские жесты

должны характеризоваться «относительной, а не абсолютной характеристикой жеста» [3]. Жесты должны обладать такими основными свойствами, как сила, размах, скорость /тмп /, пластичность и координированность, гибкость и выразительность; должно быть «соотношение зрительного и слухового образов» [4; 5]. В передаче информации исполнителям в процессе исполнения произведения амплитуда дирижерского жеста также имеет не маловажную роль. Переменность физического напряжения с чередованием напряжения мышц и их расслаблением позволит не напрягать, быть сдержанным, а дирижерский жест – выразительным. В свою очередь, жест как главное средство выражения музыки должен передавать все технические и художественно-выразительные стороны: темп, счетные доли, динамику, характер музыки и прочее [5, с. 12].

Таким образом, дирижерский жест стал языком мимики и жестов. Он визуально отражает движения, передающее информацию об элементах музыкального языка, акустически – передает эмоциональное состояние и переживание музыкой, вызывая различного рода ассоциации на музыку того или иного характера. Метод ассоциаграммы, отражающийся на рисунке 1 позволяет убедиться в том, что информация, идущая от дирижера к исполнителям, касается различных сторон исполнения. Это и понимание нотного текста, знание закономерностей построения музыкального произведения, показ дирижером-хормейстером определенных дирижерских жестов, штрихов, амплитуды и т.п. То есть все три стадии дирижерского замысла, по словам К. Ольхова – информирование, контролирование и корректирование – посредством жеста, передают исполнителям представление о звучании и полноценное воплощение [3, с. 26].

Женщина по природе своей чувственной натуры возможно уже изначально предрасположена к чувственно-эмоциональной стороне искусства. Вспомнить хотя бы первые колыбельные песни для детей или традиционно-обрядовые песнопения в культуре любого народа. Следовательно, можно предположить, что в передаче эмоционально-образного содержания произведения не последнюю роль играет предназначение женщины как дирижера коллектива.



Рисунок 1 – Ассоциограмма дирижерского жеста.

От пластической выразительности дирижера зависит прямая связь исполнителей со слушателями, осуществляемая через звучание хора или оркестра. Известны имена, с которыми связывается статус женщины в музыкально-исполнительской практике, как организатора и руководителя. По этому поводу Т.Н. Бабич [6] в статье, поднимая проблему гендерного подхода к дирижерской профессии и феномену – «женщина-дирижер», отмечает, что: «Женщина, управляющая симфоническим оркестром или хоровым коллективом исполнителей, становится реальностью современного мира... Дирижер становится профессией не мужской и не женской, а профессией характера». Проведя историческую ретроспективу становления женщины как дирижера и руководителя коллектива, она приводит положительные отзывы именитых дирижеров-музыкантов по поводу того, что несмотря на столь порой негативные и предвзятые мнения мужского общества, женщина-дирижер утвердила себя в этой позиции. Стоит отметить имена, стоявшие за дирижерским пультом разных музыкальных направлений и стилей, значимые и известные в области исполнительского искусства, из разных стран XX-го и XI-го веков: Альма Розе, Джейн Еврар, Этель Легинска, Антиониа Брико, Надя Буланже, Сара Колдуэлл, Шин Эдуардс, Мэрин Элсоп, Симона Янг, Сусанна Мялки, Анна Гулишамбарова, Вероника Дударова и многие другие.

Среди женщин, которые практически занимались изучением дирижерского жеста и подготовкой кадров, пожалуй, можно назвать лишь единичные имена: Л. Андреева, Л. Безбородова и другие, исполнительское творчество и педагогическая деятельность которых оставили заметный след в хоровом искусстве и хормейстерской



подготовке. Многие их работы стали настольной книгой в методике преподавания, в котором освещаются тонкости дирижерского искусства, постановка дирижерского аппарата, специфика и индивидуальность дирижерских жестов, но нигде не упоминается вопрос – сколь значима эта профессия для женщины и какова ее роль в современном музыкальном мире [7; 2].

Исполнительское искусство и педагогическая наука Казахстана в области хормейстерской и дирижерской подготовки, где профессия дирижера, как «профессия характер», представлены яркими именами, внесшие значительный вклад в историю развития суверенной республики:

- Гульжазирой Ахметовой – женщиной-хормейстером и дирижером Государственной хоровой капеллы им. Б. Байкадамова;



Рисунок 2 – Дирижер академического фольклорно-этнографического оркестра «Отрар сазы» Д. Тлендиева (<http://ehistory.kazakh.ru/upload/blog/c86/1.jpg>).



Рисунок 3 – Дирижер-хормейстер детского хора «Елім-ай» Л. Романовская (<http://www.np.kz/images/2010/17/cu1.jpg>).

- Динарой Тлендиевой – дирижером академического фольклорно-этнографического оркестра «Отрар сазы» (рисунок 2);
- Ларисой Романовской – дирижером детского хорового коллектива «Елім-ай» (рисунок 3);
- К.К. Мусиной, Л.А. Айдарбековой, Б.Ж. Туякбаевой, С.А. Жакаевой и другими, женщинами педагогами и дирижерами различных хоровых коллективов [8; 9].

Женщине дирижеру, как руководителю и организатору музыкального коллектива, важно наличие не только профессиональных навыков. Это и эрудиция, эмпатия, рефлексия. Такие качества, как мастерство, компетентность, коммуникативность, организаторские способности и другие позволило им утвердиться в мире исполнительского искусства и педагогике музыкального образования, стать неотъемлемой частью общей национальной культуры и достоянием отечественного и мирового искусства. Так как успехи в области музыкального воспитания и образования во многом зависят от музыкально-исполнительского уровня, знаний, педагогического и творческого опыта, внимательного отношения к процессу музыкального обучения, распространения музыкальной культуры.

